

**ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ОЛИЙ ВА ЎРТА МАХСУС  
ТАЪЛИМ ВАЗИРЛИГИ**

**НИЗОМИЙ НОМИДАГИ  
ТОШКЕНТ ДАВЛАТ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ**



**150**  
**ЖЫЛ**  
**Ахмет Байтурсинов**

A decorative green flourish is positioned below the text. To the right of the name 'Ахмет Байтурсинов' are two small green icons: a stack of books and a quill pen in an inkwell.

**AXMET BAYTURSUNOV: TIL VA ADABIYOT MASALALARI**  
xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya  
**25 noyabr, 2022 yil**

International scientific and practical conference  
**AKHMET BAITURSYNOV: QUESTIONS OF LANGUAGE AND  
LITERATURE**  
**November 25, 2022**

международная научно-практическая конференция  
**АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ: ВОПРОСЫ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**  
**25 ноября 2022 года**

**ТАШКЕНТ – 2022**

## ***АХМЕТ БАЙТҮРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

«Axmet Baytursunov: til va adabiyot masalalari» mavzusidagi Xalqaro miqyosidagi ilmiy-amaliy konferensiya materiallari (25 noyabr, 2022 yil) – T: TDPU, 2022.

Ilmiy-amaliy konferensiya materiallari to‘plamida xorijiy va respublikamizning yetakchi olimlari, soha mutaxassislari, ilmiy tadqiqotchilar, magistrlar va talabalarning maqolalari o‘rin olgan.

### ***Tashkilotchi:***

*Nizomiy nomidagi Toshkent davlat pedagogika universiteti*

### ***Taqrizchilar:***

*Burhanova F. – Toshkent davlat pedagogika universiteti, “O‘zbek tili va adabiyoti” kafedrasi mudiri, dotsent, f.f.f.d. Ph.D*

*Tortkulbayeva T. – Nukus davlat pedagogika instituti, “Qozoq tili va adabiyoti” kafedrasi dotsenti, Ph.D*

### ***Mas’ul muharrir:***

*Abduvalitov N.B. – p.f.f.d. Ph.D*

### ***Tahrir hay’ati:***

*Abduvalitov E.B. p.f.d. DSc*

*Duysabaeva D.U. dotsent*

*Bo‘lekbayeva Sh. p.f.f.d.*

*Bayqobilov U. dotsent v.b.*

*To‘plamga kiritilgan maqola va tezislardagi ma’lumotlarning haqqoniyligiga mualliflar mas’uldir.*

*Ushbu to‘plam Nizomiy nomidagi Toshkent davlat pedagogika universiteti Ilmiy texnik kengashining 2022 yil, 18-noyabrdagi, 11-sonli qarori bilan nashrga tavsiya etilgan.*

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

### **КОНФЕРЕНЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ**

**Nizomiy nomidagi Toshkent davlat pedagogika universiteti  
rektori Abdug‘affor Qirg‘izboyev**

**Hurmatli mehmonlar, qadrli ustozlar va aziz talabalar!**

Axmet Baytursunovning 150 yilligiga bag‘ishlangan “Axmet Baytursunov: til va adabiyot masalalari” deb nomlangan xalqaro ilmiy-amaliy anjumanga Xush kelibsizlar!!!

XX asr boshlarida turkiy xalqlar orasida millat birligini mustahkamlash g‘oyasini ilgari surgan ma’rifatparvar insonlar milliy g‘oyani yaratish vazifalarini ham o‘z zimmalariga oldilar. Mustaqil davlat yaratishni maqsad qilgan millat ziyolilari milliy o‘zlikni saqlashni o‘zlariga maqsad qildilar. Binobarin, turkiy xalqlar ziyolilarining ijodlarini yangi davr nuqtai nazaridan qayta o‘rganish va ijodiy g‘oyalarni kelajak avlodlar ongiga singdirish bugungi kunning dolzarb vazifalaridan biridir.

XX asr sobiq sho‘ro davlati hukmronligiga qaramasdan o‘z xalqining yorqin kelajagi uchun kurashgan milliy qahramonlar turkiy xalqlarning har biridan yetishib chiqdi. Jumladan, mana shunday milliy qahramonlarning biri, qozoq millatining jonkuyar farzandi Axmet Baytursunov edi. Davlat va jamoat arbobi, atoqli olim, qozoq tilshunosligi ilmining asoschisi, adabiyotshunos va turkolog olim, shoir, publistist, ustoz, tarjimon Axmet Baytursunovning asarlari hech qachon tarixiy ahamiyatini yo‘qotmaydi.

Bugungi kunda olimning o‘tkan asr boshlarida yozilgan asarlarida ilgari surilgan g‘oyalar qozoq tilshunosligi va adabiyotshunoslik ilmida paydo bo‘lgan yangi yo‘nalishlar bilan chambarchas bog‘liq ekanligi aniqlanmoqda. Axmet Baytursunovning ilmiy merosi milliy ongimizning yuksalishida ma’naviy ozuqa bo‘lishi shubhasizdir.

Mustaqilligimizning sharofati bilan olim ijodini yangicha o‘rganish, ularning g‘oyalarni har tomonlama tadqiq va tahlil qilish imkoniyatiga ega bo‘ldik. Bu boradagi izlanishlar kelgusida ham davom etib, olim merosi yurt manfaatiga aylanishiga ishonchim komil. Albatta, bu ezgu ishlarni amalga oshirishda bizda yetarli kuch bor. Bu ishlarning bosh-qoshida “Qozoq tili va adabiyoti” kafedrasida hamda universitetimizda tashkil etilgan “Abay va o‘zbek adabiyoti” nomli madaniy-ma’rifiy maskan hamisha tashabbuskor bo‘lishadi.

So‘zimizning yakuni sifatida shuni ta’kidlamoqchiman, “Axmet Baytursunov: til va adabiyot masalalari” nomli xalqaro ilmiy-amaliy anjuman ishiga omad tilayman, yoshlarimiz bilim va ilm-fanda muvaffaqiyat qozonib, san’atga, adabiyotga bo‘lgan qiziqishlarining ortishiga tilakdoshman.

## ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ҒӘМ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ

Рақымжан Тұрысбек – ф.ғ.д., профессор  
Қазақстан: Астана-ЕҰУ

**Аннотация.** В статье рассматривается Алаш и духовный мир, наследие А. Байтұрсынулы, история развития и современное состояние казахской литературы в аспекте проблемы духовного мира и традиции. Наследие А. Байтұрсынулы («Маса», «Қырық мысал», «Әдебиет танытқыш» и др.) занимает особое место в истории казахской литературы. А. Байтұрсынулы казахский теоретик искусства, автор множества литературоведческих трудов, в том числе посвященных вопросам становления и изменения различных художественных форм и терминов.

**Ключевые слова:** Алаш, независимость, тема, жанр, эстетичность.

**Annotation.** The article deals with Alash and spiritual world, the heritage of A. Baitursynuly, the history of development and the current state of Kazakh literature in terms of the problem of the spiritual world and tradition. The heritage of A. Baitursynuly (“Masa”, “Kyryk mysal”, “Adebiet tanytkysh”, etc.) occupies a special place in the history of Kazakh literature. A. Baitursynuly is a Kazakh art theorist, author of many literary works, including those devoted to the formation and change of various artistic forms and terms.

**Key words:** Alash, independence, theme, genre, aesthetics.

**Кіріспе.** Ұлт тәуелсіздігінің тарихы мен тәжірибесі арғы арналарға тартады. Жіті ден қойсақ, азаттық арқауы, бостандық таңбасы танылады. Ел бірлігі, жасампаздық жолы, өркендеу өрістері де айқын аңғарылады. Білге қаған тұсында (Ү-ҮІІ ғ.ғ.): «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ» деген арман-аңсарлар алға шықты. Күлтегін ескерткішінде: «Мәңгілік Ел» мұраттары қозғалды. Қазір – «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық тұғырнамасы қалыптасты. «Мәңгілік Ел» монументіне – ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Қазақстан моделі – Бейбітшілік пен келісім! Бірлік пен береке – жасампаздық негізі!

Ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдерінде елдік мұрат-мүддеге қызмет еткен тұғырлы тұлғалар шоғыры жарқырай көрінеді. Арыдағы арналарды айтпағанның өзінде, Қорқыт, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашғари, Қ. А. Ясауи, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынулы, Т.Рысқұлов, М.Шоқай, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсрепов, Ғ.Мұстафин т.б. өмірі мен кезеңі, қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұралары ерен еңбектің, өшпес өнегенің үздік үлгілері. Анығында, ел-жерді қымбат қазына санап, ұлтқа қызмет етуді асыл арман, басты борыш санаған Олар, білім-ғылымның барлық салаларында ерен еңбек етті. Ұлтқа қызмет ету – болашаққа қадам, келелі келешек жолындағы нақты әрекет, сүбелі үлес екенін жан-жүректерімен танып-түсініп, терең сезінді. Осы орайда, Ә. Бөкейханның: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды», немесе А. Байтұрсынулының: «Сөздің ең ұлысы – тарих...Ел - бүгіншіл, менікі – ертең үшін», -деген қағидатты Ғәм қанатты сөздерінде даналық та, ғибратты ұлағат та кең түрде көрініс береді.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

**Зерттеу әдістері.** Ұлттық мұратты ұлықтаған, елдік мүддеге қызмет еткен, Алашты ардақтап, адамдық диханшысы деңгейіне көтерілген - Ахмет Байтұрсынұлы тарих зердесін жаңғыртуға, халық санасын қалыптастыруға, қазақ руханиятын дамыту ісіне ерен еңбек етті. Ұлтқа қызмет ету мұратын, үлгілі үрдісін кең көлемде көрсетті. Хакім Абай дәстүріне адалдық танытты.

Алашшыл жүрегі, елшілдік ұраны – «Маса», «Қырық мысал» еңбектерінен кеңінен көрініс тапты. Ал, «Қазақ» газеті арқылы ел-жер тарихы мен тағдырын, білім-ғылым ісін, мәдени-рухани арналарды, мектеп пен тәлім-тәрбие мәселелерін елдік мұрат-мүдде тұрғысынан сөз етті. «Қазағым – елім!», – дегенді бар дауыспен айтып, жан-жүрегін жайып, көңілін ашық ұстады. Ұлттық сөз өнеріне кең өріс ашып, әдеби-теориялық бағытын айқындады. Біліми-ғылыми һәм шығармашылық мұраларында (мысалы, «Тіл құралы», «Баяншы», «Әліппе», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Ер Сайын», «23 жоқтау», «Қазақтың бас ақыны», «Әдебиет танытқыш» т.с.с.) ұлттық мұратты, елдік мүддені жоғары қояды. Ұлт руханиятына қызмет етуді – асыл мұрат етеді.

Маңыздысы, әрине ұлт руханиятына кең өріс ашты. Елді ағарту жұмысына тартты. Ұлт жаны – тілді тұғыр етті. Бұл бағыттағы: «...біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек», – деген ұстанымға табан тіреді. Нәтижесінде, әліппе дайындап, оқу құралы мен оқулықтар жазып, тіл-әдебиет бағытында ерен еңбек етті. «Ұлт ұстазы» атанды. «Қазақ тіл білімінің атасына» айналды. «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастырды. «Қазақ» газетінің редакторы болды. «Маса», «Қырық мысал» жинақтары - ұлт мұратын, елдік мүддені қозғады.

Ұлт руханиятының корифейі, әлемдік тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы отандық және шетелдік ғалымдар ізденістері мен еңбектерінде кең түрде қарастырылып, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар аясында жан-жақты зерттеле беретіні анық. Ұлт ұстазының мерейтойы – ЮНЕСКО көлемінде және еліміздің барлық өңірлерінде атап өтіледі. Париж бен Ыстамбұлда біліми-ғылыми бағыттар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып, Түркістанда Халықаралық конгресс өтеді. Қостанай облысында инфрақұрылымдық және мәдени-рухани жобалар жүзеге асырылады. Көптомдық еңбектері жарық көрді. Алдағы міндет, мұратты іс – А. Байтұрсынұлы мұрасын жіті зерделеп, ұлт руханиятының асыл қазынасы ретінде оқып-танып, зерттеу кәделі екені анық.

Алаштың қайраткер-қаламгерлері арасында – Ахмет Байтұрсынұлы есімі мен еңбегі, ұлт руханиятына қосқан сүбелі үлесі айрықша аталады [1].

**Талқылау.** Алаш мұратына жіті көз салсақ, А.Байтұрсынұлы мұрасы, оның ішінде ұлт руханиятына қатысты еңбектері ерекше маңызға ие екендігі айқын аңғарылады. Атап айтқанда, «Қазақтың өкпесі», «Қазақтың бас ақыны», «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Қазақ һәм түрлі мәселелер», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» т.т. көсемсөздер тақырып әр алуандылығымен, қоғамдық һәм кезеңдік мәселелерді тап басып

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

көрсетумен, ел-жер, ұлт пен тарих, адам еңбегі мен өмір тұрмыстарын, дәстүр мен дінді сергек саралап, зерделі түйін-тұжырымдар жасауымен мәнді болып табылады. Қазақ руханиятын – А.Байтұрсынұлы қоғамдық, әлеуметтік һәм білім-ғылым ісіндегі ерен еңбектерімен жан-жақты байытты. Ұлт руханиятын біліми-ғылыми тұрғыдан бекітіп, дамыта түсті. М.Әуезовше айтсақ: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [2].

А.Байтұрсынұлының мұрасы, ондағы ұлттық мұраттарға, елдік мәселелерге арналған ерен еңбектері қазіргі кезеңде де ұнамды үрдістермен сабақтастық табатынын айту абзал. Айталық, «Қазақтың өкпесі» – ел-жер тарихы мен тағылымының терең де тәлімді сырларын алға тартады. Халықтық қадір-қасиетіміз еркін көрініс береді. Озат та озық дәстүр өнегелеріміз, тәлімді тәжірибелеріміз көпке үлгі етіледі. Сөйте тұра, қазақ жері, оны игеру мен иемдену мәні, білім-ғылым ісі, өнер мұраты т.с.с. меңгеру мен дамытуға келгенде тым сылбыр да салғырт әрі бейқамдық байқалады. Өзгеге еліктеу, ілгері ұмтылысы да баяу, салғырт-ақ. Көсемсөзде осыған мән беріледі. Оның мән-жайын былай білдіреді: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас, тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп, өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ғылым, өнерді керек қылмаған. Бірімен бірі жауласып, басқа берекелі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан.

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып, тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тартынбайды... беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз...

Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесепаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жаралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты» [3. 138 -140]. Бұл – ел-жер жайы, өмір шындығы, уақыт тынысы еді.

«Қазақтың бас ақыны» – Абай Құнанбаевтың өмірі мен өнегесіне, шығармашылық мұрасына арналады. Ақындық мұрат пен өнер тағлымдары кең көлемде сөз етіледі. Ұлттық сөз өнері – Абайдың ақындық мұрасымен, өмірбаяндық дереккөздерімен, отбасылық, өскен орта ерекшеліктерімен табиғи байланыста баяндалады. Бастапқы тұста: «...Оқып қарасам, басқа



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

ақындардың сөзіндей емес, Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі», – деп ақын мұраты мен мұрасына жіті ден қояды. Сыртқы әсер, ішкі түйсік, мән-мағынасына да баса мән береді. Тіпті: «...Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік», – екеніне де кезеңдік көріністері мен уақыт рухы тұрғысынан назар аударады. Сөз асылын саралап, қадірі мен қасиетін, құдіретті сыр-сипаттарын да анық айтады. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» танып-түсінуге мән береді. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», ақыл-парасатқа кең өріс ашатын қасиет, сырына да еркін енеді. Кезекті тұста: «...Абай өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, ағы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз», – деп өмір шындығы мен уақыт рухын тереңнен толғайды. Ақындық өнердің даналық пен даралықтан тұратынын, сирек құбылыстар қатарына жататынын да тап басып көрсетеді. Білім мен ғылымның мән-маңызын кең түрде ашады. Ой түйінінде: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» дейді. Абайдың мұрасы мен мирасын үлгі етті. Мұның бәрі-баршасы, сайып келгенде – Абайдың ақындық өнерін жан-жақты танып-білу, оқып-үйрену, үлгі-өнеге ету болып табылады. Автор Абай өнерін, шығармашылық мұрасын кең көлемде сөз ету, тағылымды тұстарын баяндау арқылы ондағы құнарлы ойға, көркемдік пен шеберлік сырларына қалың көптің назарын аудару. Сол арқылы ұлттың бас ақынының басым бағыттарын, сөз өнеріндегі орын-үлесі мен ерекшеліктерін жіті бақылап, сергек саралап, байыпты бағалайды. Абай әлемі, ғибратты-ұлағатты ісі жіті көрініс береді.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық мұратты ұлықтаған, елдік мәселелерге еркін бойлаған тұсы – білім-ғылым ісінен көрінеді. Бұл бағыттағы бірқатар көсемсөздерінен («Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» т.т) оқу-ағарту ісінің алыс-жақын жерлердегі түрлі тәжірибелері, артық-кем тұстары, өзекті мәселелері тілге тиек етіледі. Мәселен, «Қазақша оқу жайынан» атты көсемсөзде оқу-ағарту ісінің бастау көздері, бала оқыту мен жас ұрпақ тәрбиесі, мектеп пен мұғалім мәртебесі, оқулық пен қосымша құрал, бағдарлама т.т. келелі мәселелер нақты жағдайларға байланысты сөз болады. Автор алғашқы тұста бала оқытуға қатысты бағдар беретін – бағдарлама (жосық) жайын қозғайды. Елдегі ауыр ахуал, оқу-білімге көзқарастың төмендігі – бағдарламадан тыс әліппенің тапшылығынан, өзге де пәндер(есеп, дін, жағрафия, тарих т.т.) жолға қойылмағандықтан, оқу ісінің қиын тұстары бары көпке жария үлгіде жеткізіледі. Алдымен бала оқытатын кітаптар тізбесі жасалу қажеттілігі көрсетіледі. Оқу-білім ісі, жас

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

ұрпақ тәрбиесі – оқулық һәм оқу құралдары төңірегінде кең өріс алады. Мақсаты мен маңызы айқындалады.

Оқу-білімнің маңыз-мәні – «Оқу жайы» атты көсемсөзде әр бағытта байытылып, адам мен оның еңбегі арқылы кеңінен көрсетіледі. «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» деп (Сонда, 178 бет) оның мысал-дерегі болмашыға бергені, келесі кезекте өзіне әлденеше есе зорайып, қымбатқа түсетінін, әр нәрсенің парқы-нарқы барын назарға алу арқылы оқу-білімнің маңызын ашады. Оның үстіне оқу-білімнің дұрыс жолға қойылмағаны, оқу бағдарламасы мен кітаптардың тапшылығы, мұғалімдердің өмір-тұрмысының төмендігі т.т. өмір, уақыт шындықтарымен сабақтастықта сөз етіледі. Оқу һәм оқыту ісі, қазақша һәм орысша оқу жайы да кезеңдік көріністермен байланысты өріс алады.

Білім-ғылым һәм өнердің танымдық-тағылымды тұстары – «Білім жарысы» еңбегінен көрініп, оның қалың көпке рухани әсері жан-жақты айқындалады. Автор білім бәсекесінің алыс-жақын елдердегі үлгі-өнегесін, адам мен оның өміріне, еңбегіне қатысты тұстарын кең көлемде ашады. Еуропалық үлгілерді, Нобель сыйлығының мәнін кеңінен ашып, сол арқылы адамзат дамуын, білім-ғылым өресін, өркениет ісін алға тартады.

Бұдан басқа – ас, бәйге туралы ойлар ортаға салынады. Онда да байлық, ас та төк әрекеттер алдыға шығатыны ойға оралады. Автор алыс-жақын елдердегі білім жарысын, маңызды тұстарын назарда ұстап, оның ұлтқа қатысты жағына да тоқталады: «Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болуы керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы» екені анық.

Бұдан басқа – «Оқыту жайынан» оқу-білім ісіндегі: байыпты бағдарлама, оқу құралы һәм мұғалім төңірегінен ой қозғайды. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді де негізгі назарда ұстайды. Елдік мұратты қалыптастыру, халықтық қасиеттерді қадір тұту, жас ұрпақ тәрбиесіне ден қою – «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» сынды көсемсөздерде оң бағыт алады. Оқу-білім жүйесі, мектептің халыққа жақындығы, жас ұрпақ білімді – ана тілінде алу қажеттілігі уақыт талаптары тұрғысынан сөз етіледі. Бастауыш мектепте ұлт тілінде оқылатын – оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаралыс жайы айрықша атап көрсетіледі. Қыр мектебі мен қала мектебінің ортақ белгі һәм ерекшеліктері көрсетіледі. Маңызы мен тағылымды тұстары айқындалады.

«Мектеп керектері» – жас ұрпақты ана тілінде оқыту, мұғалім мәртебесін арттыру, оқу бағдарламасы мен құралдарды дайындау жайын кеңінен қозғайды. Мектеп мәселесінде – жас ұрпақты ана тілінде оқыту, кішкене кезден ой-санасына елдік-халықтық қасиеттерді сіңіру отанға, жерге, еңбекке сүйіспеншілігін қалыптастыру т.с.с. аса кәделі, игілікті істер қатарына жатады. Автор мектеп мәселесін көтеру негізінде оны оқу-ағарту



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

орны ғана емес адамдық һәм азаматтық қасиеттердің қастерлі ордасы екеніне мән береді. Игілікті істер мен ізгілікті қадамдардың ортақ арнасы, ең негізгісі жас ұрпақтың елдік мүдде төңірегіндегі алғашқы ұғым-түсінігі қалыптасатын, жастық кезеңі мен достық сырларын, адамгершілік асыл мұраттарды еркін сіңіретін аяулы орта, ыстық ұя екендігі көрсетіледі. Мұның бәрінен, сөз жоқ оқу-білім, өнер мұраттары айқын аңғарылып, қоғамның қымбат қазынасы – адам мен оның еңбегіне құрмет пен тағзым терең танылады. Бұдан, әрине: «Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланған да, Ахмет, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай-күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым-түсініктерін бөлісуді парыз санайды» [4, 108-109]. Маңыздысы: «Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған» [5,29].

Алаш ардағы, ұлт мақтанышы А. Байтұрсынұлының ел әдебиетіне қосқан сүбелі үлестерінің қатарында – фольклорлық мұралары бөлекше арна құрайды. Айталық, «Ер Сайын» жыры (Мәскеу, Күншығыс баспасы, 1923) – Шоқанның досы, орыс ғалымы Г.Н. Потанинге тарту ретінде жарық көрді. «Қазаққа Потаниннің аты ардақты», – деген өлең жолдарынан да жақын тұту, рухтас мұрат пен терең мәнді ортақ сырлар кең көлемде танылары анық.

Ал, «23 жоқтау» (Мәскеу, 1926) – баһадүр батыр, би-шешендер сынды ел ардағына айналған танымал тұлғалардың елдік-ерлік шежіресі мен өмір-тағдырынан тұратын трагедиялық жырларды негіз етеді. Анығында, А. Байтұрсынұлының ұстаз-ғалым, теоретик-эстетик сынды бірегей тұлғасын танытатын басты еңбектері қатарында – «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) кең түрде аталады. Еңбектің тұтас табиғатынан ұлттық әдебиеттану ғылымының бастау арналары, әдіснамалық-көркемдік негізі, жанр жүйесі, терминдер мәні мен категориялары кең орын алады. Сөз сарасы, анықтығы мен дәлдігі, көрнектілігі мен тазалығына терең мән беріледі. Өлең өрісі, ағындары мен айшықтары, буын мен бунақ, тармақ пен шумақ, ұйқас мәні кең түрде көрсетіледі. Эпос – әуезе, лирика – толғау, драма – айтыс түрінде көрініс берсе, ішкі бөліктері – заманхат, өмірбаян, көсемсөз түрінде кездеседі. Халық әдебиеті – аңыз-әңгіме, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, немесе: батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс, өлең, толғау, терме болып бөлінеді. Мақал-мәтел, тақпақ, ділмар сөз (афоризм) жеке берілсе, келесі кезекте – беташар, жар-жар, той бастар, жарапазан, неке қияр бөлек аталып, мәні мен нәріне кең орын беріледі.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу жайы – діндар әдебиеті, сындар дәуір әдебиеті болып жүйе құрайды. Ақиқаты ашылып, маңыз-мәні көрсетіледі.

Діндар әдебиетіне – мақтау, даттау, насихат, мінәжат, хисса, хикаят жатса, сындар дәуіріне: ұлы әңгіме – роман, ұзақ әңгіме – повесть, әңгіме – кірмек болып аталады. Лирика жайынан – толғау, марқайыс толғау,

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

намыстаныс толғау, сұқтаныс толғау, немесе: мазақ, мысқыл, әзіл, сықақ түрлері де кездеседі. Қысқасы, «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған» (Р. Нұрғали). Демек, А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегі арқылы ұлттық сөз өнерін қазақы болмыс аясында қарастырып, мәнді-нәрлі тұстарына ден қойып, жалпақ жұртқа ортақ ұстанымды негіз етіп, нанымды сөз етеді.

**Нәтижелер.** А.Байтұрсынұлының ұлт алдында атқарған қызметі, алашшыл-елшіл жүрегі – ұлттық сөз өнеріне сіңірген сүбелі үлесінен кеңінен көрініс береді. БАҚ жүйесінде де ерен еңбек етті. Осы орайда, «Ақ жол» газетінде елдік мүдде, ортақ мәселелерді өткір көтеріп, қозғауы - маңызды құбылыстардың бірі болса керек. Басылым бетінде Басқарма - «Ақаңның юбилейі туралы» мақала басты. Онда: «...Орысқа жақындасып, Еуропа тәрбиесін алған қазақ оқығандары өз халқына қарамай жатқандығын жеңіл көріп, шын қорқытып, кеңсеге кіріп, хүкіметке жағынып, адам атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың қазақтың ішіне барып, бар білгенін қазақ балаларына үйретуге ынта қылып, қазақтың қара тілін сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ақаң еді.

Ақаң ұлт матбұғатының көзін ашпағанда, ескі елдігімізден ерініп, қоңсы кент «ағайындардың» біріне табынып, табиғи таңбадан атанып кететін едік.

Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап, әліппе шығарып, тіл һәм оқу құралын шығарып, қазақтың жалпақ тілін қаламға үйреткен Ақаң еді. Ұлт ісі дегенді ескерген адам болмай, қазақ қиыншылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», - деп жазды [6]. Жұрт алдындағы ерен еңбегі аталды.

Осы кезде М.Әуезов «Ақаңның 50 жылдық тойы (юбилейі)» атты мақала жазып, ұлт мақтанышы, руханият ісінің көшбасшысы қатарында екенін ашық айтты: «...оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ақаң арналған тұңғыш той. Ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты істің бірі. Әркімнің қалқыған жырмен оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі істің ірісі.

Ақаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде, кешегі күні оқушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестетеді. Ақаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманынан бір ай ұзағанымыз жоқ. Кешегі күндерге шейін, бәріміз де жетегінде келгенбіз.

Қаламнан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ...» [6].

Анығын айтсақ: «...Ахмет Байтұрсынұлы өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті. Кеңес үкіметімен мәмілеге де сол үшін барды. Ақ пен қызылға бөлініп, бір-бірін бүріп тастағалы тұрған үзеңгілестерін аман сақтап қалғысы келді. Бай мен жарлыға бөлініп, барынан айрылып қалғалы тұрған халқының ұйытқысының бұзылмағанын көздеді. Патша кезінде де жан аямай қолға алған ағартушылық реформаны жаңа жағдайда жалғастыра

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

беруге тырысты. Сол үшін де ағарту комиссары болуға келісті. Сол арқылы ұлттық оқу-білім, мәдениет, өркениетті дамыту ісіне ешқашан естен шықпастай мәңгілік үлес қосып үлгерді» [7, 403]. Ұлтқа қызмет ету – «...істің ірісі» (М. Әуезов) еді. Бұдан шығатын түйін, ұлтқа қызмет ету – жанкештілік пен жауапкершілікті қажет ететін, әрі абыройлы, әрі кәделі де сауапты іс. Асылы: «...Ұлттық менталитет – ұлттың санасының биіктігі, өзіндік даналығы, оның жедел дамуының қуат көзі. Қазақстан халқын рух биіктігіне жетелеуге; қазақ қалпын, оның мінезін жаңа заман арнасында көштен қалмайтындай етіп қалыптастыруға, зиялылықты ту етіп, ұлт қамын өз қамымен қатар ойлайтын ел азаматтарының бәрі міндетті. Пассионарлыққа жеткен елдердің құпиясы – адам факторы, таңдау еркіндігі мен оны айқындаудағы сенімділік» [8, 41].

Анығында, А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың бастапқы тұсында азаттық идеясын жақтап, елдік мүддені бар асылдан да жоғары қойды. Ұлт мұраты мен ұрпақ қамын алға шығарды. Елдің азаматтық санасын оятуға қызмет етті. Осы орайда, әрине: «Ахмет Байтұрсынұлов шығармашылығы ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы биік белес болып қала бермек» [9, 82].

Бұдан байқалатыны, Алаш ардақтысы А. Байтұрсынұлының ұлт мұратына адалдығы мен елдік мүддеге шынайы көзқарасы, жауапкершілігі мен жанашырлығы: «...Басқадан кем болмас үшін, біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – кәсіп керек. Күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – деген мәні жоғары, мағынасы терең, тағылымы мол сөздері қазір де өзекті болып табылады. Демек, мұның өзі: «...Еліне, ұлтына, келешек ұрпақ – біздерге осыншама ғибратты ғылыми негізі толық дәлелденген ойларды асыл сөздермен нақтылап берген қазақ ұлтының ұлағатты ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бұл істері зиялы қауымға үлгі болып қала бермек» [10, 199-200].

Тұтастай алғанда, ағартушы-ғалым, түрколог А. Байтұрсынұлы ұлт руханиятының жан-жақты дамып, кең өріс алуына сүбелі үлес қосты. Оқу-ағарту ісін дамытып, білім-ғылым жүйесіне кең өріс ашты. «Білім жарысы» жолға қойылды. «Білімнің бас құралы – кітап» айқындалды. «Оқыту жайынан» сөз қозғап, оқуға керек құралдар, оқу кітаптары көрсетілді. Оқыту ісіндегі шешуші тұлға – мұғалім орны айқындалып, артық-кем тұстары байыпты зерделенді. «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді...Мектептің жаны – мұғалім», – деп ұстаз ұлағатын, оқу-ағарту ісін, тәлім-тәрбие жайын кең түрде қозғады. «Ақжарылқап заман үшін!», – деп қайраткер-қаламгер Ш. Мұртаза анық-қанық айтқан еді. Келесі кезекте: «...Экономикалық байланыс, әрине, ауадай қажет. Ал руханият, мәдениет, ғылым дүниесі байланыспаса, тынысымыз тар, жан дүниеміз кемтар болмақ», – деп бастапқы көзқарасына мықтап табан тіреген-ді [11, 340]. Демек, ұлт руханиятына адалдық танытып, елдік мүддеге қызмет ету – асыл арман, басты парыз болып қала береді. «Арға тартпай – арман тұл, намыс қумай – мақсат тұл» (Ә. Кекілбай) екенін

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

ескерсек, елдіктің басты сипаты да, ерлік шежіресінің құнды қырлары да осыған саяды. Ұлт руханиятының мәні, елге қызмет ету мұраты – Елордада А. Байтұрсынұлының – 150 жылдық мерейтойының ашылу салтанатында да бар қырынан жарқырай көрінді. Қаламгерлер аллеясындағы – «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл қою рәсімі, одан кейінгі – «Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция жұмысында да елдік мүдде мен ұлттық құндылықтар, ұстаным мұраттары мен мәні кеңінен көрініс тапты. Ұлттық тіл мәні мен мұраты да айқындалды. Тіпті: «...Ахаң негізін қалаған тіл ғылымы оның есімін атауға тиым салған кеңес дәуірінде де жаппай қолданыста болды» [12].

**Қорытынды.** Ақын-ағартушы, түрколог-ғалым А.Байтұрсынұлы мұрасы:

- елдік мұрат-мүддеге негізделуімен ортақ мақсаттарға қызмет етеді;
- ұлт руханиятының биік өлшемі – білім-ғылым ісі жоғары тұрады;
- оқу-білім, мектеп ісі – жас ұрпақтың өсіп-есеюінің, арман-аңсарларын жүзеге асыратын бірден-бір баспалдақ екендігі кең көрініс береді;
- адамдық һәм азаматтықтың онды да ұнамды сипаттары – ақыл-парасат арқылы білім нұры мен ғылымның құндылығы айқын аңғарылады;
- мектептің жүрегі, жас ұрпақтың тірегі – мұғалім мәртебесі, руханияттың қайнар көзі – кітап, оқулық хақындағы ойлар мен толғаныстардан жауапкершілік жүгі, «...жұрт ісі» терең танылады.

А.Байтұрсынұлы мұрасының елдік мүддені негіз еткен, көпке ортақ мақсаттар мен руханият ісіне табан тіреген тағылымды тұстары осыған келіп саяды. Асылы, руханият өрісіне жаңа бағыт, кең арна, тың тыныс беретін – ақыл-ой алыптары екені анық. Бұл қатардың бастауында, сөз жоқ ұлт руханиятын биік белеске көтерген, соңына мол мұра қалдырған, азаттықты ту еткен – Ахмет Байтұрсынұлы тұр. Мұны білген жөн. Әрі ел дамуы мен мүддесін ойлаған тұста, назарда болуы тиіс. Ұлттық мұрат, бағыты да осында жатыр.

Ел әдебиеті тарихы мен руханият әлемінде – А. Байтұрсынұлы мұрасы, азатшыл-елшіл ұстанымдары айқын аңғарылып, өміршендігі танылып тұрады. Ой-сөз жүйесін түйіндер тұста, Ахаңа – Ахмет Байтұрсынұлына жүгінер болсақ, асылында: «...ісімізге жөн қарап, жоғымызды іздеуге, барымызды сақтауға» қадам жасау – басты бағыт, негізгі ұстаным болары хақ!

Ахаң айтады: «...Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла тынбай істесек өнеді.

...Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай, кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

...Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы!».

Бұл, Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы айтқан басты ақиқаттардың бірі. Сөз жүйесі, шындық сыры да осыған саяды. Мұның мәні мен мәнісі: бірлік негізі

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

– тірлік! Істі – айқындау, жоқты – іздеу, барды – бағалау болып табылады. Жұрт жұмысын – құмырсқаша жұмылып, бірігу арқылы ерінбей-жалықпай еңбек ету; қолдан келгенше әрекет-қимыл жасап, еңбек көрігін қыздырып, жаңа бағыттарды айқындап, соны да тың тынысын ашу – ұлт дамуының қайнар көзі екенін анық айтады. Нәтижесінде: «Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы!», – деген ақиқатқа табан тіреп, қағидатты ойлардың маңызы ашылып, мәні айқындалады. Кешегі күннің шындығы бүгінгі кезеңнің бағыт, үрдісімен үндесіп, сабақтастық сипат алғаны да аңғарылады. Қазіргі қоғамда: «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін!» ұстанымының алға шығуы, еңбекқорлық идеясын орнықтыру мен адами капитал жоғары болу қажеттілігінің өзектілігі толық танылды. Жұрт жұмысы, еңбек мәні, өмір тағылымы кең түрде көрініс береді. Демек, ұлт руханияты мен А. Байтұрсынұлы мұрасы – елдік мүдде-мұратты айқындайды, тарих пен таным арналарын байытады, білім-ғылым ісіне жаңа жол, кең өріс ашады. Ұлт мұраты мен руханият қайнары, қазыналы биігі де осында болса керек.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ әдебиеті (Энциклопедиялық анықтамалық). – Алматы: «Аруна», 2005. -112-113 бет; Байтұрсынұлы А. – Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 215-248 беттер; Байтұрсынұлы А. – «Алаш» қозғалысы. – Алматы: 2008. - 55-58 беттер; Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Мектеп», 2009. -153-208 бет.
2. Әуезов М. Ахаңның 50 жылдық тойы. – М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағы, 2 том. – Алматы: 1998.
3. Байтұрсынұлы А. Маса. – Алматы: «Раритет», 2005. -138-140 беттер.
4. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: «Білім», 1995. -108-109 беттер.
5. Нұрғали Р. Толғауы тоқсан қызыл тіл. – Алматы: «Үш қиян», 2009. -29 бет.
6. «Ақ жол», 1923, № 270, 4 ақпан.
7. Кекілбаев Ә. Дәуір дауысы. - Астана: Егемен Қазақстан, 2016. - 592 бет.
8. Мырзагелді К. Ұлт жетістіктері оның менталитетіне тәуелді // «Ақиқат», 2016, №11. – 41 бет.
9. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 82 бет.
10. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. - Алматы: Мектеп, 2009. – 199-200 беттер.
11. Мұртаза Ш. Намыс найзағайы. - Астана, 2017. – 340 бет.
12. Әбіш М. Алаштың рухани көсемі ардақталды. – «Егемен Қазақстан», 2022, 28-ақпан.

## **ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМДЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ**

**Сагидолда Г.** – ф.ғ.д., профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан

21 ғасырдағы жаһандану үдерісі әлемдік өркениеттер ықпалдастығын арттырып, технологиялық жетістіктерді адамзат баласының қолдану мүмкіндігін кеңейткенімен, ұлттық құндылықтардың, атап айтқанда, тіл, жазу, дін, діл, ұлттық сана-сезім, рухани мәдени мұралардың жойылу немесе түбегейлі өзгеріске түсу қатерін тудырып, дінаралық, мәдениетаралық қайшылықтарды тереңдетуде. Осындай жағдайда түркі әлемінің барлық



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

саладағы интеграциясын жеделдету, жалпытүркілік ортақ тамырдан нәр алып, тарамдалатын 40 шақты түркі халықтарының әр қайсысының ұлттық рухани-этномәдени құндылықтарын түркі өркениетінің құрамдас бөліктері ретінде әлемдік деңгейде насихаттау, жалпытүркілік тарихи-рухани ортақтықты түркі әлемінің бірегейлігінің коды ретінде сақтап қалу және өскелең ұрпақ санасына сіңіру мәселелері аса өзекті.

Қазіргі әлемдік және аймақтық тұрақсыздық кезеңінде Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекеттерінің бірлігін нығайту, интеграциялық үдерістерді одан әрі дамытып, «түркі факторын» халықаралық қатынастарға әсер ете алатындай факторға айналдыру – түркі мемлекеттері арасындағы тиімді және сындарлы диалог алаңдарының жіті назарындағы өзекті мәселелер болуда [1].

Түркі әлемінің интеграциясы идеясының тарихи бастауында И. Гаспаралы, С. Жантурин, Ю. Акчура, А. Гусейнзаде, А. Агаоғлу, Г. Ибрагимов, А.М. Топчубашев, М. Бигеев, Ш. Сыртланов, С. Максуди, Мұстафа Шоқай және т.б. түркітілдес елдердің көрнекті өкілдері тұрады. Түркизм идеяларын негіздеуге атақты түркологтар Х.С. Ходжаев, Б. Чобанзаде, С. Асфендияров елеулі үлес қосты [2, 123-130 б.].

Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы мен ықпалдастығы Кеңес Одағы ыдыраған сәттен-ақ Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Әзірбайжан Республикалары мен Түркия мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаттарындағы түркі векторының өзегі етіліп, жаңаша сипатқа ие болды. Түркі интеграциясының 90-жылдарды қамтитын алғашқы кезеңінде Түркияның саяси, идеологиялық, экономикалық және мәдени ықпалы басымырақ болса, 2000-жылдардан басталған екінші кезеңде Қазақстанның саяси, қаржылық, ұйымдастырушылық, мәдени-гуманитарлық рөлі арта бастады [3, 27-30 б.]. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен Түркі кеңесі, Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы (Түрк ПА), Түркі сауда-өнеркәсіп палатасы, Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ), Түркі академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры тәрізді түркіаралық ынтымақтастықтың институционалдық құрылымдарының құрылды. 2021 жылы қараша айында Ыстамбұл қаласында өткен Түркі республикалары басшыларының кезекті Саммитінде Түркі кеңесінің «Түркі мемлекеттер ұйымы» болып өзгеруі және ұйымға Өзбекстан мен Түркіменстанның мүше болуы түркі әлеміндегі заманауи интеграциялық үдерістерге тың серпін берді. Қазіргі кезде түркі мемлекеттері арасындағы саяси-экономикалық жақындасу мәдени және ақпараттық компоненттермен толықтырылып, интеграциялық процестер түркі республикаларының біртұтас күшке айналуына ықпал етуде [4, 147-151 б.].

XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясын жеделдету ең алдымен алты бірдей түркітілдес мемлекеттердің тіл саясаты мен ұлттық идеологиясында мемлекеттік тілге қатысты сындарлы жаңа міндеттерді алға тартып отыр.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Түркітілдес мемлекеттердің тіл саясатындағы басты бағыт – жазу жүйесін латын графикасына көшіру жолындағы реформалармен тығыз байланысты болып келеді. Бұл мәселеде Түркияның әліпби реформасына қатысты іс-тәжірибесін және түрік тілін дамытудағы қол жеткізген айтулы жетістіктерін, түрік тілінің статусын халықаралық деңгейге көтеру бағытында жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды посткеңестік түркітілдес республикалардың тіл саясаттарында алға қойылып отырған сан түрлі міндеттердің шешімін табуда назарға алудың маңызы зор. Мұнда латын әліпбиіне негізделген мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту (Өзірбайжан), жазу жүйесінде орын алып отырған «кирилл-латын» екіұдайылықтан арылу (Түркіменстан, Өзбекстан); қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын жетілдіру (Қазақстан) мәселелерін түркітілдес мемлекеттердің тіл саясатындағы басты міндеттер қатарына жатқызуға болады.

XXI ғасырда түркі интеграциясын жеделдетуге қатысты алға қойылып отырған маңызды міндеттердің бірі – түркі тілдерінің ғылыми терминологиясын біріздендіру, соның негізінде ортақ терминологиялық қор құру.

Түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын молайту бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Мәселен, 1924 жылдың маусым айында сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынборда өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» терминологияны дамыту мәселелері де сөз болды. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы бастаған бүкіл Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысты. Съезд бекіткен қағидаттардың бірі қазақ терминологиясына қатысты болды: «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер, жалпы, түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» деген қағидат қабылданды. 1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінде» қаралған мәселелердің бірі түркі тілдерінің терминологиясы (пән сөздерінің жүйесі) болған еді. Бұл съезде терминология мәселелеріне арналған баяндаманы Қазақстан тарапынан А.Байтұрсынұлы жасады. Қазақ зиялылары бұл бағыттағы жұмыстарын жалғастыра алмады. Бакудегі түркология съезінен кейін, көп ұзамай, 20-жылдардың аяғына қарай Алаш зиялылары қуғындала бастады. Олардың түркі халықтарының өзара термин алмасу мәселесін жолға қоюға бағытталған жұмысы 30-жылдардан кейін жалғасын таппай қалды[5, 147-151 б.].

Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерді біріздендіру мәселесі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай орыс тілі негізінде ұлтаралықтандыру бағытында жүргізілді. Мұнда көзделген басты мүдде жалпысоветтік терминологиялық қор құру болғандықтан, КСРО көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

бір орталықтан басқару ісі басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде Мәскеудегі Ғылыми-техникалық терминология комитеті тарапынан үйлестірілді. Нәтижесінде Одақ құрамында болған көптеген халықтардың тілдерінің терминологиялық қорында орыс тілімен ортақтандырылған терминдер үлесі 70-80 пайызды құрады.

Түркі терминқорын жақындастыру мәселесі тек КСРО ыдырап, тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін ғана қайта көтеріле бастады. 1996-1997 жылдары Халықаралық қазақ-түрік университетінде түркітілдес елдердің терминологиясының мәселелеріне арналған мәжіліс өтті. Бұл жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұрстан, Қарақалпақстан елдерінің тілші-ғалымдары қатысты. Ғалымдар көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасауға келісіп, бұл бағытта біраз жұмыс істелгенімен, басталған іс аяғына толық жетпей қалды [5, 147-151 б.].

2011 жылы Астанада өткен «Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері» атты Халықаралық конференцияда жасаған баяндамасында белгілі түрколог М.Закиев ғылымның барлық салалары бойынша көптілді терминологиялық сөздік жасау үшін жазба әдеби тілі қалыптасқан түркі тілдерінің терминқорларының әлеуетін қажетке жарату керектігіне тоқталған болса, С.А.Садыкова әзербайжан терминологиясын түркі тілдеріне ортақ және басқа тілдерден енген терминдер деп топтай отырып, ортақ терминдер санын арттыруда түркі тілдерінің өзара тәжірибе алмасуының маңыздылығын атап көрсетеді [6].

Қазіргі таңда түркі мемлекеттері арасындағы ғылыми ықпалдастықты арттыру мақсатында көтеріліп отырған терминологияны біріздендіру мәселесі түркі тілдерінің тарихи және қазіргі кезеңдегі даму үдерісіндегі терминжасам үлгілерін ортақтастыруды, көптілді терминологиялық сөздіктер жасауды кешіктірмей қолға алуды талап етеді. Бұл мәселеде А.Байтұрсынұлының өткен ғасырдың 20-шы жылдары ұсынған тілтанымдық ұстанымдары мен терминжасамдық концепцияларын басшылыққа алудың маңызы зор.

Осы орайда А.Байтұрсынұлының ақталуы мен А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлттық білім-ғылымымыздың көшбасшысы екенін таныту, ең алдымен, академик Р.Сыздық есімімен тығыз байланысты екенін айтпай кетуге болмас, сірә. А.Байтұрсынұлының мұрасы туралы емес, ұлы тұлғаның есімін айтудың өзі «саяси қате» саналатын тұста, яғни 1970-80 жылдары «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, оның бұл қызметі ХХ ғасырдың 10-жылдарынан басталады» деген тұжырымды алғаш рет айтқан да, бүгінде «Ахметтану» деп аталатын ғылыми саланың іргетасын қалап, мақсат-міндеттерін айқындап берген де академик Р.Сыздық болды.

Р.Сыздық «Ахметтану қалай басталды?» («Ана тілі» газеті, 1991, 6 маусым.), «Ахметтану: бүгіні мен болашағы» (Қазақ әдебиеті. 1993, 12 қараша), «А.Байтұрсынұлов және қазақ жазуы» (Қазақстан жоғары мектебі.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

1997, №2) мақалалары арқылы А.Байтұрсынұлының қазақтың тілтану, әдебиеттану, әдістеме ғылымдарының негізін салушы ретіндегі орнын бағамдап берді. А.Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту жолындағы жасаған еңбектерінің жүйелілік сипатын Р.Сыздық: **«А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін «Тіл – құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші сауат аштыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншы»мен «Әліп-би астарын» жазған»** деп танытады [7].

Қазақ халқының мәдени өмірінде ХХ ғасыр басынан бері аса көкейкесті проблемалар болып келе жатқан қазақ жазуы мен терминологиясының өзегін А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы құрайтыны туралы Р.Сыздық былай дейді: «А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы – әр тілді өз өз табиғатынан шығарып сипаттау. Жалпы лингвистикалық мектептің негізі бір болғанымен, көптеген таным-принциптерінде Ахаң қазақ тіл білімінің өзгешеленетін тұстарын дұрыс көрсетті. Байтұрсыновтың тіл туралы ғылым саласындағы баға жетпес тарихи мәнді қызметінің бірі – оның терминдер түзіп бергендігі десек, мұнда да ғалым нағыз шығармашылықтың классикалық үлгісін көрсетті» [8].

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық концепциясы туралы белгілі Ахметтанушы ғалым М.Джусупов былай дейді: «А.Байтұрсынұлының термин жасау процесінде негіз тұтқан ұстанымдары мыналар: 1) терминнің оқушыға түсініктілігі; 2) терминнің ана тілі негізінде жасалуы; 3) көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданданыстан шығау; 4) қажет болған жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен). Демек А.Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық концепциясында жат тілдік бірліктерден жасалған терминдердің қазақ тілінде қолданылуының қажеттілігін жоққа шығармайды» – дейді [9, 49 б].

Қазақ терминологиясының қағидаттарын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған Ш.Құрманбайұлы 1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» Елдес Омаровтың ұсынған қағидаттары «сол кезде термин мәселесінің басы-қасында жүрген А.Байтұрсынұлының тікелей басшылығымен жасалғандығын» айта келіп, А.Байтұрсынұлының термин жасау қағидаттарына: 1) термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу; 2) ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу; 3) жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек; 4) қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек деген ұстанымдарды жатқызады[10].

А.Байтұрсынұлы бұл қағидаттардың жалпы түркі терминологиясы үшін де маңызды екенін 1926 жылы Бакуде өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінде» жасаған баяндамасында былайша түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям [11].

«А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын жасаған кезде ғылыми мектептер, ғылыми терминдер қалыптаспаған еді. Сондықтан А.Байтұрсынұлы алдында екі үлкен мәселе тұрды: а) қазақ тіл білімінің, әдебиеттанымының, тілді оқыту әдістемесінің ұғымдарын анықтау; ә) сол ұғымдарды терминдермен таңбалау. Мұнда А.Байтұрсынұлы жат тілдердегі терминжасамдық үлгілерді қазақ тіліне көшіріп өткізбеді, олардың ғылыми-әдістемелік бағытын зерттеді, жетістіктеріне талдау жасады, яғни қазақша терминжасамдық шығармашылығында қазақ тілінің сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық ішкі және сыртқы мүмкіншіліктерін толық пайдаланды. Тек осындай көзқарастың нәтижесінде А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер нағыз ұлттық сипатта болып шықты» – дей келе, М. Джусупов және Қ. Ибраймовтар А.Байтұрсынұлының тілтанымдық терминдері тіл білімінің барлық салаларында (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, фонология, сөзжасам т.б.) қолданылып, моностильдік те, полистильдік те (нақты ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық, ресми) қызмет атқаратынын айтады. «А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер қазіргі заманғы тілтаным ғылымының биік талаптарына жауап береді, себебі олар терминология теориясының – салалық терминология, метатіл, терминдер номенклатурасы т.б. ұғымдарына толық сәйкес түсіп жатады» – деп баға береді[9, 36 б].

А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіл білімі саласының терминдерінің өміршеңдігі туралы Р.Сыздық: «осы күні қазақ тілі грамматикасына қатысты қолданылып жүрген «зат есім», «сын есім», «етістік», «есімдік», «одағай», «үстеу», «бастауыш», «баяндауыш», «жай сөйлем», «құрмалас сөйлем», «қаратпа сөз» деген сияқты сан алуан терминдердің баршасы А.Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар. Мұны бұлардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі айқындайды» – дейді [7].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін термин жасауда ұтымды пайдаланудың озық үлгісін көрсетті. Ғалым жасаған терминдерде сөзжасамның семантикалық (*жұрнақ, жалғау, буын, рай, мүше, әдіс* т.б.), морфологиялық (*жақша, көсемше, есімше, жалғаулық, есімдік, демеу, жалғау, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш және т.б.*), синтаксистік (*дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс,*



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл нысықтауыш, мекен нысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, т.б.) тәсілдері кеңінен қолданылады.

Сөзжасамның бұл тәсілдері тек қазақ тіліне ғана емес, барлық түркі тілдеріне тән болғандықтан түркі терминжасам үдерісінде ортақтықтар молынан кездеседі.

Қазіргі түркі тілдерінің морфология саласында қолданылатын терминдерге көз салсақ, олардың А.Байтұрсынұлы ұсынған терминжасамдық қағидаттармен толығымен сәйкес келетіні, тіптен, кей жағдайларда бірнеше түркі тілдері арасында тұлғалық-мағыналық тұрғыдан ортақ терминдердің орын алатыны байқалады. Мәселен, қаз. *қос сөз* // қырғ. *қош сөз* // өзб. *қўшма сўз*; қаз. *қысқарған сөз* // қырғ. *қысқарған сөз* // әзірб. *qısaldılmıř sۆz* // түрік. *kısaltılmıř sۆz* // түркім. *ғысгалдылан сөз* // өзб. *қисқартмирилған сўз*; қаз. *туынды сөз* // қырғ. *туунду сөз*; әзірб. *tۆrәтә sۆz* // түрік. *türemiř kelime*; түркім. *ясама сөз* // өзб. *ясама сўз*; әзірб. *sۆz birlәřmәsi* // түркім. *сөзлер бирикмеси* // өзб. *сўз бирикмаси*; қаз. *қос сөз* // қырғ. *қош сөз* // өзб. *қўшма сўз*; қаз. *көптік* // қырғ. *көптүк* // түркім. *көплүк* // өзб. *кўплик*; қаз. *зат есім* // қырғ. *зат атооч*; қаз. *сын есім* // қырғ. *сын атооч*; қаз. *сан есім* // башқ. *һан* // ққалп. *һан* // қырғ. *сан атооч* // түркім. *һан* // өзб. *һан*; қаз. «шылау» мәнін беретін қырғ. *байламта* // әзірб. *baғlayıcı* // түрік. *baғлаç* // түркім. *бағлайжы* // өзб. *тенг боғловчи* және т.б. терминдер түбір – негіздері, ұғымдық-мағыналық және терминжасамдық тәсілдері тұрғысынан келгенде жалпытүркілік ортақтықтың қазіргі түркі терминологиясындағы сақталу, ары қарай қатарласа дамуын көрсететін болса, енді бірқатар терминдер түркі тілдері сөздік құрамының араб-парсы кірме қабатындағы ортақтықтарға негізделеді. Мысалы: қаз. *зат есім* – башқ. *исем* // әзірб. *isim* // түрік. *isim*; қаз. *сын есім* – башқ. *сифат* // әзірб. *sifәt* // түрік. *sifәt* // түркім. *һыһат* // өзб. *сифат*; қаз. *етістік* – әзірб. *fel* // түрік. *fiil* // өзб. *һеһл*; қаз. *шырай* – башқ. *дәрәжә* // ққалп. *dәreje*; қаз. *үстеу* – әзірб. *zәrf* // түрік. *zarf*, ал башқ. *рәүеш* // ққалп. *ráwish* // өзб. *рәвиш*; қаз. *еліктеуіш* – әзірб. *tәqlidi (sۆzlәr)* // түрік. *taklidi (sۆzler)* // тақлидий (сўзлар) және т.б. Мұндай ортақтықтар түркі тілтаным ғылымының морфология саласының метатілін қалыптастыру және терминдер номенклатурасын жасау барысында түркі тілдері арасында терминологияның бірізденуіне алып баратын терминалмасым үдерісі орын алғанын айғақтайды.

Қорыта айтқанда, қазіргі түркі тілтаным ғылымының терминологиялық аппаратында орын алып отырған бірізділік А.Байтұрсынұлының қазақ және түркі терминологиясына қатысты қағидаттарының өміршеңдігін көрсетеді, сонымен қатар түркі тілдерінің салалық терминологиясын біріздендіруде түркі тілдеріне ортақ лексикалық қор мен ортақ терминжасам модельдерінің әлеуеті ерен екенін танытады.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Қазақ тілі	Қырғыз тілі	Әзірбайжан тілі	Түрік тілі	Түрікмен тілі	Өзбек тілі
біріккен сөз	бирикме	birləşmə söz	bitişik (söz)	бириген сөз	бирга қўшилган (сўз)
қос сөз	кош сөз	qoşa (söz)	çift (söz)	гоша, жұбт	қўшма сўз
қысқарған сөз	қысқарған сөз	qısaltılmış (söz)	kısaltılmış (söz)	ғысгалдылан	қисқартирилган (сўз)
түбір сөз	уңгу сөз	əsas, kök	kök	дүйп сөз	узақ
туынды сөз	туунду сөз	törəmə (söz)	türemiş kelime	ясама сөз	ясама (сўз)
сөз тіркесі	сөздердүн айкалышы	(söz) birləşməsi	takım	сөзлер бирикмеси	сўз бирикмаси
көптік	көптүк	чәм, чәм саж	çoğul	көплүк	кўплик
зат есім	зат атооч	isim	isim	ат	от
сын есім	сын атооч	sifət	sıfat	сыпат	сифат
сан есім	сан атооч	say	sayısifatı	сан	сон
есімдік	ат атооч	əvəzlik	zamir	чалышма	олмош
етістік	этиш	fel	fiil	ишлик	феъл
үстеу	тактооч	zərf	zarf	хал	равиш
шылау	байламта	bağlayıcı	bağlaç	баглайжы	тенг боғловчи
еліктеуіш сөздер	окшогон сөздөр	təqlidi sözlər	taklidi sözler	өйкүнме, меңзетме сөзлер	тақлидий (сўзлар)
одағай	сырдык сөз	nida	ünlem	үмлүк	ундов сўз

### Әдебиеттер:

1. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтың Егемен Қазақстан газетіне берген сұхбаты. Жарқын болашақты бірге құрамыз // Egeмен Qazaqstan. №231 (302110). – 4 Желтоқсан, 2021.
2. Телебаев Г.Т. Тюркская интеграция: история осмысления и инициативы Елбасы // Вестник ҚазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. №2 (76), 2021. – 123 – 130 б. <https://bulletin-philopolit.kaznu.kz/>
3. Иембекова М.О. Қазақстан және түркі әлеміндегі ықпалдасу үдерісі // Білім – Образование. № 4, 2011. – 27– 30 б.
4. Парубочая Е.Ф. Интеграция тюркского мира на современном этапе // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2016, № 6(68): в 2-х ч. Ч.1. – С.147-151. <https://www.gramota.net/materials/3/2016/6-1/>; cyberleninka.ru
5. Құрманбайұлы Ш. Терминдерді біріздендіру түркі тілдері арасында жүйелі жүргізілуі тиіс // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/7894%206>
6. Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Астана, 2011.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

7. Сыздық Р. Ұлттық білім-ғылымымыздың көшбастары // Қазақстан мектебі, 1998. № 6.
8. Сыздық Р. Ахметтану: бүгінгі мен болашағы // Тіл және ұлттық мәдениет. – Түркістан, 2005. -31 бб.
9. Джусупов М., Ибраймов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: Ғылымтаным. Терминжасам. Стилистика. – Алматы: «Әлем», 2015. -215 бет.
10. Құрманбайұлы. Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Астана, 2004.
11. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992, 425-бет.

### А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СӨЗЖАСАМЫ

Қасым Балқия Қасымқызы – ф. ф. д., профессор  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
қ. Алматы  
bkasym\_gosyaz@mail.ru

**Түйіндеме.** Мақалада А.Байтұрсынұлының тіл ғылымының салаларына қосқан тұжырымдамалары туралы қарастырылады. Солардың ішінде тіл жүйесінде, қазақ сөзжасамы туралы қағидалары мен мағына, семантика мәселелері талданады. Ғалымның семантиканың заңдылықтары, оның жасалу жолдары туынды сөздерде тілдік құралдармен берілу тәсілдері, түрлеріне талдау жасалынады.

**Кілт сөздер.** Сөзжасам, семантика, тілдік құрал, сөзжасамдық мағына, уәждеме.

**Аннотация:** В статье дается обзор основных концепций А. Байтурсинова, связанных с проблемой казахского словообразования и в том числе анализируются проблемы в языковой системе значения и семантики. Анализируются концепции и выводы ученого исследовательских подходов к изучению глубинных закономерностей значения и семантики производного слова. Представлены основные лингвистические средства, служащие для вербализации семантики.

**Ключевые слова.** Словообразование, семантика, языковые средства, словообразовательное значение, мотивация.

**Abstract:** The article provides an overview of the main concepts of A. Baitursynov related to the problem of Kazakh word formation, and also analyzes the problems in the language system of meaning and semantics. The concepts and conclusions of the scientist's research approaches to the study of the deep patterns of the meaning and semantics of the derivative word are analyzed. The main linguistic means used for the verbalization of semantics are presented.

**Keywords.** Word formation, semantics, language means, derivational meaning, motivation.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Жас ұрпақ бойына ана тілінің ұлттық ерекшеліктер мен қасиеттерін дарытып, дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар, болашаққа бағыт-бағдар сілтеп, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру қызметін де атқарады. Тіл – халықтың даналығын, танымы мен талғамын көрсететін, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасын жас ұрпақтың бойына сіңірудің әдіс-амалдарын мектептерде, семинарияларда бала оқытта жүріп әдістемесін жазды, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында ұрпақ тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогика мәселесін жан-жақты зерделеді, ұстаздықты ұлт мүддесіне бағыштады. Ол «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

категориялардың әрқайсысына ғылыми қазақша атау ұсынды. Қазіргі тіл ғылымында қолданылып жүрген *зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, туынды сөз, мағына, рай, шақ, жіктеу, зат есімнен туған сөздер, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, жаттығу, дағдылану, есте сақтау, әдіс, әдісқой* т.б. лингвистикалық атаулық терминдер не бұрынғы байырғы сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар, ғылыми терминдер. Олар күні бүгінге дейін қазақ лингвистикасында ғылыми айналымда қолданылып келеді.

**Сөздердің жасалуы** – жаңа ұғымды таңбалау тұрғысынан сөзжасам заңдылықтар, үлгілер мен ереже-анықтамаларының негізінде жүзеге асатын жалпы заңдылықтардың жиынтығы. Сөзжасам мәселесін алғаш сөз еткен тілші-ғалым – А.Байтұрсынұлы. Ол «Тіл тағылымы» атты еңбегінде қос сөздерді туынды сөз деп көрсетеді. Әрі бұларды бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөздер деп атайды. Күрделі сөздерге байланысты да теориялық мәселелер алғаш ғалым еңбегінде жүйеленді. Алғаш «қосарлы сөздер», «күрделі сөздер» деген термин қазақ тіл ғылымы жүйесіне енгізілді. Сөзжасамға арналған зерттеулерде сөз таптарының сөзжасамдық жұрнақтарының құрамы, жұрнақтардың мағынасын, туынды түбір сөздің морфемдік құрамын анықтау, жұрнақтардың өнімді, өнімсіздігін белгілеу, түбір мен негіз сөздердің сөз табына қатыстылығы сияқты мәселелерге назар аударылған. Жекелеген кейбір еңбектерде жұрнақтардың этимологиясына мән берілген. Түркологиядағы грамматикалық еңбектерде негізінен синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөздің жасалуына назар аударылған.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселелері туралы мәліметтер алғашқы грамматикалардан басталған. А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралы» (Орынбор, 1914) [1, 154] атты оқулығында сөз тұлғалары беске белінген: 1) түбір сөз, 2) туынды сөз, 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Оқулықта туынды сөзге мынадай анықтама берілген: «Туынды сөз дегеніміз – бастаяқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөз: мәселен, *бастық, тастақ, шашақ, қолтық*. Қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылған сөздер: мәселен, *аяқ-табақ, киім-кешек, төсек-орын, жүн-жұрқа, бала-шаға, құрт-құмырсқа, түйе-мүйе*» [1, 154].

Тілдегі сөздердің түрі ретінде айтылғанмен, мұнда сөзжасамдық бірліктер туралы айтылған. Бұл – қазақ тілінде жазылған тұңғыш оқулықта сөзжасамға қатысты айтылған тұңғыш пікір. Тілші сөз тұлғасына жатқызған қосымшалар мәселесіне қосымшаларға анықтама беріп, оның екі түрі: «Біреулері жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейді, екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, яки мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар тысқары жалғаулар я тікелей жалғау деп аталады; екінші қосымшалар ішкергі жалғаулар я тікелей жұрнақ деп аталады» деп көрсетеді [1, 154]. Бұл қазақ тіліндегі жұрнаққа берілген алғашқы түсінік, анықтама, тілшінің бұл тұжырымын тілдік дерек арқылы түсіндірген: мысалы, «*жылқы*» деген сөзді һам «*шы*», «*ның*» қосымшаларды. «*Жылқы*» деген сөзге «*шы*» қосымшаны да, «*ның*» қосымшаны да қосып байқайық: қайсысы жалғау, қайсысы жұрнақ болып шығар екен. *Жылқы-*

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

*жылқышы, жылқы-жылқының, «жылқышы»* дегенде сөздің бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгертілді, яғни *«жылқышы»* деген сөз енді малдың есімінің көрсетпейді, адамның есімін көрсетеді. *«Жылқының»* дегенде, сөздің тұлғасы өзгертілді, мағынасы өзгерген жоқ, яғни *«жылқының»* деген сөз бәрібір малдың есімін көрсетіп тұр. Бұл айтылғыннан пікірден: *«шы»* қосымша жұрнақ екендігі, *«ның»* қосымша жалғау екендігі анық пайымдалған. Жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөзде ғана болады» [1, 154].

Бұл келтірілген деректер қазақ тіл білімінде сөзжасамдық жұрнақтардың нақты танылғанын көрсетеді. А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал» еңбегінде «Жұрнақтар» бөлімінде бірнеше жұрнақтарды көрсетіп, олардың түбір сөзге қалай жалғанатынына мән берген. Мысалы: *«-Шы»* жұрнақ. Бұл жұрнақ жуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғанып, бірдей жазылады. Бірақ жуан сөзде жуан айтылады, жіңішке сөзде жіңішке айтылады; Мәселен, *мал-малшы, ел-елші, жылқы-жылқышы, түйе-түйеші, ылау-ылаушы, егін-егінші»*. Жалпы жұрнақтар туралы сөз құрамындағы құрылымдық жүйесі, үндесім заңдылығы, туынды сөздердің жасалуы, сөз мағынасын өзгертетіні туралы түсінік берілген. Жұрнақтың құрамында зат, сын, сан аталымдарының сөзжасамдық жұрнақтары жалпы қамтылған, олар: *-лық, -шы, -шыл, -лас, -лы, -лау, -сыз, -ғы, -еке, -ыншы, -у, -ғыш, -ғын, -ық, -ақ, -ыс, -м, -ынды, -ма, -ыншы* т.б. Мысалы, *ылау – ылаушы, өтірік – өтірікші, тілек – тілектес, ата – аталас* т.б. [1, 184-189].

Жұрнақтарды топқа жіктеуде А.Байтұрсынұлы олардың қай сөз табынан туынды сөз жасайтынын негізге алған. Қазіргі тілмен айтқанда, негіз сөздің сөз табын көрсеткен. Оны мынадан керуге болады. «Тіл-құралдың екінші кітабында» (Орынбор, 1915) мынадай тақырыптар берілген: «І.Зат есімнен туған сөздер» [1, 212-217]. «Сын есімнен туған сөздер» [1, 221-222]. «Етістіктен туған сөздер» [1, 254-256]. «Одағайдан туған сөздер» [1, 262].

А.Байтұрсынұлы оқулықтарында сөзжасам мәселесінің ішіндегі туынды сөз туралы:

- қосымшалардың бір түрінің туынды сөз жасайтыны;
- сөз жасайтын қосымшаны арнайы терминмен атау;
- туынды сөздердің жұрнақ арқылы жасалатыны;
- сөзжасамның өзіндік жұрнақтары болатыны;
- сөзжасам жұрнақтарының құрамын анықтау;
- туынды сөз жасауға түрлі сөз таптарының сөздері негіз болатыны.

Бұдан шығатын қорытынды – қазақ тілінің сөзжасам мәселесінің зерттелуі синтетикалық тәсілмен жасалғая туынды сөздер мәселесінен басталған. Алайда туынды сөздің бір түрі қос сөздер ғалым еңбегінде сөз тұлғаларының бір түрі деп қана көрсетілген. Мәселен, С.М.Исаев: «Қосымшалардың мағыналары бірдей емес. Бірі, сөзжасам қосымшалары, с өзжасам мағыналарын, яғни жаңа лексикалық мағынаны білдірсе, екіншісі, мысалы, *сөзтүрленім* (форма тудырушы) қосымшалары, грамматикалық немесе лексика-грамматикалық мағыналарды білдіреді, ал үшіншісі, *функциялы қосымшалар*, контекстік лексика-грамматикалық мағыналарды білдіреді.



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Сонымен бірге сөзжасам қосымшаларының да, сөзтүрленім қосымшаларының да бір тобы ғана мағына білдіріп, *моносемиялық* қосымша деп бөлінсе, екінші бір тобы бірнеше (екі я одан да көп) мағына білдіріп, *полисемиялы* қосымша болып бөлінеді» - дейді [2, 100-105]. Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы: «Туынды мағына әдетте сөзжасам тәсілдерімен байланысты қарастырылады. Туынды мағына өзін тудырған сөздің мағынасымен байланысын үзбейді. ... Сөйтіп, тудырушы мағына мен одан шыққан туынды мағыналарды бір-бірінен сөздердің екі жақты байланысы деп қарауға болады» [3, 80-81]. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы атты оқу құралында оқулық авторлары түпкі мағына мен туынды мағынаның байланысын былай түсіндіреді. А.Қалыбаева мен Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесінде» қосымшалар жоғарыда аталғандай үш топқа жіктеледі де, сөз тудыратын қосымшалар – *жұрнақ*, форма тудыратын қосымшалар – *жұрнақша*, сөз байланыстаратын қосымшалар – *жалғау* болып беріледі. Қосымшаларды морфемалар тұрғысынан түбір морфемалар мен сөз тудырушы жұрнақтарды лексика-грамматикалық морфемалар, жалғауларды грамматикалық морфемалар, форма тудыратын жұрнақшаларды лексика-грамматикалық морфемалар мен грамматикалық морфемалардың аралығындағы морфемалар деп жіктейді [4, 85-87].

Түбірдің лексикалық мағынасы негізінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағынасы (бұл – сол сөздің, түбірдің қандай грамматикалық топқа яғни сөз табына жататынын айқындайтын категориялық бірінші басты белгі) сөзжасам процесінен кейін (яғни семантикалық процеске түскеннен кейін) бүтіндей өзгеріп кетеді немесе бір грамматикалық топ шеңберінде болғанымен, екінші тілдік процесс арқылы бүтіндей жаңа дәрежедегі грамматикалық мағынаға ие болып шығады. Мысалы, *ой-ла*, *мал-шы*, *бес-атар*, *өнер-тапқыш* сияқты жаңа туындыларды алайық. Бір қарағанда, кейбір ғылыми еңбектерде айтылып жүргендей, *ой* деген зат есімге *-ла* жұрнағы жалғану арқылы етістік жасалған, *мал* деген зат есімге *-шы* жұрнағы жалғану арқылы жаңа зат есім жасалған, *бес* деген сан есім мен *атар* деген етістік, *өнер* деген зат есім мен *тапқыш* деген сын есімі (оның өзі тап деген етістіктен *-қыш* жұрнағы арқылы жасалған) бірігу арқылы жаңа зат есім жасалған деген пікір, теория орынды-ақ сияқты көрінгенімен, бұнда лексика-семантикалық және грамматикалық процестердің аражігі ашылып, айқындалмаған. Шындығында бұнда әртүрлі тілдік үдеріс бар. Әрі олардың аражігін ажыратып, нақтылауға болады. Мысалы, *ой* деген негізгі сөзге *-ла* қосымшасы жалғану арқылы ойлау іс-әрекетін білдіретін *ойла*, *мал* деген негізгі сөзге *-шы* жұрнағы жалғану арқылы малды бағатын адам мәніндегі *малшы*, *бес* және *атар* деген негізгі сөздердің бірігуінен жаңа мағыналы сөз, яғни *бесатар* деген мылтықтың бір түрінің атауы пайда болды. Жаңа сөздің мағыналары оны жасауға негіз болған сөздердің мағыналарына белгілі дәрежеде қатысты, олардан мүлде бөлек жаңа сөз, жаңа ұғым атауы жасалды. Сөзжасам үдерісі *аталыммен*, жаңа сөздің пайда болуымен аяқталады. Екіншіден, түбір мен қосымша немесе түбір мен түбірдің, (біріккен,

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

қосарланған, тіркескен күрделі сөздерде) сөздің морфологиялық құрамы жағынан грамматикалық сипатын яғни қай сөз табына жататынын, сол арқылы ол сөздер қандай тұлғада тұрып, қандай грамматикалық мағына білдіретінін де қоса айтып көрсетуге болады. Бұл қасиет сөзжасам шеңберіне енбейді, яғни сөзжасам үдерісінің бастауын, міндеттілігін қамтамасыз ететін заңдылық емес. Ол – түбір мен қосымшаның, сөз бен сөздің арасындағы тіркесімділік сипат негізінде іске асатын семантика-грамматикатық сипат. Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдары негіз сөздің мағынасы мен ол арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты және сөз жасауда үнемі сақталатын заңдылық екендігін дәлелдейді. Ал, тізбектегі туындылар бірінен-бірі жасалған туындылар болғандықтан, олардың мағыналарының байланыстылығы да осы заңдылыққа жатады. Ол заңдылық тек тізбектегі туынды сөздерге ғана емес, бүкіл бір ұядағы туындылардың бәріне де қатысты. Өйткені, ұядағы туындылар бір түп негізден жасалған, бірінен-бірі туындаған туынды түбір сөздер. Сөзжасамдық тізбектің мағыналық құрылымының жасалуында түп негіз сөздің лексикалық мағынасы өзінен кейінгі туындаған сөздердің мағыналарының өзегі болады.

Сөзжасам аспектісінде *туынды сөз* термині барлық сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалған жаңа мағыналы жаңа аталымды тану үшін қолданылады [5]. Яғни туынды сөз тек жұрнақ жалғанған сөздер ғана емес, сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, семантиканың өзгерісі арқылы жасалған жаңа екінші мағыналы аталым таңбаларының бәрінің атауы. Сөз тудырудың грамматикаға да, лексикологияға да қатысты екені, сөзжасау тәсілдері жағынан грамматикамен, сөздік құрамды толықтыруы жағынан лексикологиямен ұштасып жатыр. Бірақ сөз тудыруды тек грамматикада, болмаса лексикологияда қарастыруда оның өзіне тән ерекшелігінен туатын аспектілері назардан тыс қалады. Ғалымдардың көрсетіп жүрген 5 түрлі сөзжасам қызметі: *атауыштық*, *конструктивтік* (сөздің құрылымын өзгерту), *компрессивтік* (*атаулардың жинақталуы*), *экспрессивтік және стильдік* қызметтері бір деңгейдегі тілдік құбылыстар емес, сөзжасамның *атауыштық* сипаты (қызметі емес), басты, мәнді қасиеті де, басқалары сөзжасам нәтижесінің (жаңа туындының) семантикалық құрылымдық, функциялық ерекшеліктерінен туындайтын қасиеті болуға тиіс.

*Туынды сөздерді* құраушы түбір сөздің семемасы барлық туынды сөздер мағынасында сақталады, бұл *түбірлес сөздердің бір семантикалық өрісте* жатуының басты шарты саналады. Сондықтан олар тек тұлғалық жағынан ғана емес, ішкі семантикалық құрылымы жағынан да жақын болып келеді. Түбірлес сөздер қатарына барлық сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған атаулар толықтай ене алады. Түбірлес сөздердің *сандық жағынан өсуі, дамуы түбір мағынасының сапалық тереңдігімен* байланысты. Мысалы, *асау* сөзі арқылы төмендегідей туынды сөздер жасалады: *асаулық, асаудай, бас асау, асаудайын, асаулан, асауша* т.б. **Семантикалық өріс: КЕРh=**

**1. Созу=** Бір нәрсені тартып созу, жазу.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

Қолтығының қытығы келген құла тай арқанды *кере тартып*, шыр көбелек шапқылап жүр (С.Жүнісов, Ақан сері). [ҚӘТС, 7-том, 635-б.]

1.1 **Тарту, ұзарту.** *Бір нәрсені тарту, ұзарту.* Рамазан екі құлағын қолымен басып ұстап алған, атам ыза болғанда құлақтан *созатын* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

1.2 **Ұсыну.** *Бір нәрсені ұсыну.* Сатай жамаулы ақ кесесін Гүлияға қарай *созды* (С.Сейфуллин, Әңгім. повес.).

1.3 **Жалғастыру.** *Жалғастыра түсу, сабақтастыру.* Мұны баласы сезді де ойын әрі созама деп үміт етіп, аз мүдіріп еді, шал тіл қата қоймады (З.Шашкин, Сенім).

1.4 **Бітірмеу.** *Бір істі уақытында бітірмеу, кешеуілдету.* Сол ауылға барып келуді *созып кеттің-ау*, - деп, райком хатшысы маған екі рет ескертіп еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). [ҚӘТС, 13-том, 635-б.]

**2 Сыймау, толып кету= Тол= ет.** 1. *Бір нәрсенің іші деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу.* Қазан тола қаймағымын, қарын тола майымын, ұйытса – айранымын, адамға бар жағынан пайдалымын (Ө.Тұрманжанов, Адам.). [ҚӘТС, 15-том, 232-б.]

**3 Тіреу= Тіре етістігінің қимыл атауы;** бір нәрсені сүйеп ұстап тұру. Көр де ұзын Құмарды, Көр бұталған шынарды. Жарайды ол үй тіреуге, Жетпейді оған біреу де (Қ.Мырзалиев, Алуан.) [ҚӘТС, 14-том, 627-б.]

3.1. **Таяп қою, тақау, сүйеу.** Рахмет қолымен ағашты тіреп, кейін шегінді (С.Ерубаев, Менің құрдаһ.). Әмина есікті қақты. Қаттырақ итеріп еді, сыртынан тіреп қойыпты (Ж.Молдағалиев, Сарарқа.)

3.2. **Істің ретін, бағытын бір нәрсеге апарып нұсқау, ыңғайлау.** Өзім де ақшаға тірейсің-ау деп отыр ем (Ү.Уайдин, Ендігі.). Әшірбек сөз соңын Елдостың өзіне тіреді. (А.Байтанаев, Қансонар). [ҚӘТС, 14-том, 624-б.]

**4 Шалқайту= Шалқайт етістігінің қимыл атауы.**

4.1 **Шалқайт.** Басты артқа қарай қайқайту. Қыз басын шалқайтып, көзін ашып алды (С.Еркебаев, Жолдар.).

4.2 **Есікті, түндікті барынша аңқайта, айқара ашу.** Сағынған әне үн шықты. Шалқайта ашты түндікті, Қарт шаңырақ кәрі үйім (Н.Шакенов, Желбіре.). [ҚӘТС, 15-том, 223-б.]

**5 Тарту= Тарт- етістігінің қимыл атауы.**

5.1 **Бір затты өзіне қарай жұлқу, сүйреу, жылжыту.** Жіберді әлгі қапты жерге атып, Антұрған шал дәулетке қалды батып, Қап жерге түскеннен соң дінсіз кәпір Арқанды алып кетті жұла тартып (Абай, Тол. жин.).

5.2 **Орау, байлау.** Мамырлы тандай албырап, лаулап нұр жүзің, Биіктен жанып жұлдызың, Алғашқы жауған ақ қардай Орамал тартып басыңа, Келдің сен менің қасыма (М.Шаханов, Ғасырлар.).

5.3 **Керу, ұстату.** Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түтінсіз темір труба биік дөңнің бетінде тұр (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.) [ҚӘТС, 14-том, 7-б.]

**6 Созу, ұзарту.** *Қысқа күйден ұзын қалыпқа келу, түсу.* Екі қолын екі жаққа *созып жіберіп*, Сапар шалқасынан түсіп, ұйықтап жатыр (М.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Иманжанов). Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса, Күнді уақыт қызартып, Көкжиектен асырса (Абай). [Синонимдер сөздігі, 478-б.].

**Сөзжасамдық мағына** – бірнеше туынды сөзде қайталанып отыратын ортақ мағынаны *сөзжасамдық мағына* деп атайды. Мысалы, *Жазу-шы, теру-ші, оқу-шы, тергеу-ші*, т.б. сөзжасамдық жұптарда қайталанып отыратын бәріне тән ортақ мағына: *мамандық, кәсіп*. Осы мамандық-кәсіпті білдіретін мағына сөзжасамдық мағына болып табылады. Сөзжасамдық мағына сөз табының ішінде жекелеген сөз табын ғана қамтиды, яғни белгілі бір қосымшаның бір топтағы сөздерге қосатын ортақ мағынасы. Мысалы, зат аталымдарының сөзжасамдық мағынасын жұрнақтың білдіретін мағынасына қарай топтап беруге болады. *Сөзжасамдық мағына*:

1. Мамандықты, кәсіпті білдіретін қосымшалар: -шы (*етікші*), -кер (*қаламгер*), -маш (*тілмаш*), -кеш (*арбакеш*), т.б.

3. Сөзжасамдық мағынасы құрал-сайман, заттың атын білдіретін қосымшалар: ғыш (*басқыш*), -дық (*мұрындық*), -уыш (*түйреуіш*), -уық (*тістеуік*), -у (*егеу*), -қа (*тұтқа*), -уыр (*шымшуыр, қандауыр*), т.б.

3. Орын-жайды білдіретін қосымшалар: -ым (*жайылым*), -ыс (*қоныс*), -стан (*Қазақстан*), -хана (*асхана, дәріхана*).

4. Тағам аттарын білдіретін қосымшалар: -ме (*кеспе, сүзбе*), -дақ (*қуырдақ*) -мақ (*құймақ*), -мал (*саумал*), -сын (*сусын*), т.б.

5. Сөзжасамдық мағынасы абстрактылы-жалпылама заттың атын білдіретін: -қын (*тасқын*), -ынды (*қорытынды*), -ім (*білім*), -ыс (*алыс, тұрыс*), -сы (*аласы, шағасы*), т.б. [6].

**Негіз сөз** – *сөзжасамдық уәждеме* туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын сөз. Мысалы, *кәсіпкер, қаламгер, аңшы, жезді, жасырын, бағыныш, абайла, астық, бағала* туынды мағынасы *кәсіп, қалам, аң жез, жасыр, бағын, абай, ас* деген негіз сөздердің мағынасынан жасалған, сондықтан олардың мағынасы байланысты. Жалпы туынды түбір атаулының бәрінде осы заңдылық сақталады. Бұл ғылымда әдетте туынды түбірмен байланысты айтылады. Сөзжасамдық уәждеме туынды сөздердің жасалуына негіз болатын сөз. Бір сөзжасамдық ұяға кіретін түбірлес сөздердің өз ішінде бірнеше сөзжасам негізі болуы мүмкін. Мысалы: **өкін** сөзінен жасалған *өкіну, өкініш, өкінішті, өкінішсіз, өкінісу* т. б. – бір ұядағы сөздер, бірақ олардың бәрі бірдей тікелей **өкін** сөзінен туып тұрған жоқ. Мысалы: *өкінішті, өкінішсіз* сөздерінің тікелей тудырушы негізі **өкін** емес, *өкініш* сөзі. *Сөзжасамдық уәждеме* – түбірлес сөздердің өзара қарым-қатынаста болуы. Сол арқылы олардың біреуінің жасалуына екіншісі арқау болады, біреуінің мағынасы екіншісі арқылы анықталады (*заң – заңгер*): Түбірлес сөздер лексикалық мағынасы бар негіз сөзден сөз тудырушы қосымшалар арқылы туады. Туынды түбірлердің мағыналары қашанда оларға негіз болған сөздердің мағынасы негізінде өрбиді. Сол себепті *тудырушы негіз* → *уәждендіруші* сөз, ал *туынды сөз* → *уәжденген* сөз деп аталады. Сөйтіп, *Сөзжасамдық уәждеме* → *уәждендіруші* сөз бен *уәжденген* сөздің өзара



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

қарым-қатынас бірлігінен тұрады. Уақыт өте келе сөздің атау болып қалыптасуындағы *бейнесі, уәжі* солғынданып, тіпті, бұрынғы мағынасы тасаланып, ұмытылады. Сондықтан көнерген атауларды да басқа тілдік құбылыстардан ажырататын негізгі белгілерін уәжділік теорияларына сүйеніп, анықтауға болады [6].

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
2. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 2007. – 336 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997.
4. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 192 б.
5. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002.
6. Қасым Б. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Қарағанды: Medet group ЖШС, 2019. – 228 б.

## **ЖОЛ СІЛТЕДІМ, ЖАҚЫНҒА ЕМЕС, АЛЫСҚА НЕМЕСЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ**

**Абдувалитов Е.Б.** – п.ғ.д. DSc

**Адуллаева Б.** – 4-курс студенті

**Бегалиева Ж.** – 4-курс студенті

Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақ халқының ұлы ғалымы, ақын, ағартушы, қайраткер А.Байтұрсынұлы араға жарты ғасырдан астам уақыт салып, туған халқымен қайта табысқанына отыз жылдан астам уақыт өтті.

Осыдан шамасы тоқсан бес жыл бұрын Ахмет Байтұрсынұлының елу жылдық тойына арнап жазған мақаласында Мұхтар Әуезов: “Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұран – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылатқан қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын” – деген екен. Шындығында бәрі де дәл келді емес пе?! Біз әлдеқашан ұмытқан едік, күшпен ұмыттырды ғой. 1929 жылы қамауға алынып, 1937 жылы “Халық жауы” деп атып жіберді. Атын атау мұң болды, тыйым салынды. Бірақ, тарих ұмытпаған екен. Қазір Ахмет Байтұрсынұлының артында қалған рухани мұрасы жинақталып, қайта жарияланды, жан-жақты зерттелді. Туған ауылында мұражай ашылып, оқу орындары Ахмет Байтұрсынұлының атымен аталды. Алматыдағы Тіл білімі институты А.Байтұрсынұлы атына ие болды. Оның Ташкент қаласында өткізілген қызықты мезеттерін қолға алып, жан-жақты зерттеліп, лайықты бағасын алса, халық игілігіне айналуына сеніміміз кәміл. Бұл Ахмет Байтұрсынұлына деген құрмет деп білуіміз керек.

Екі ғасырдың тоғысында еңбек жолын бастаған ол мектеп қабырғасында бас-аяғы алты жыл оқығанына қарамастан, қоғам өмірінің, халықтың мұң-мұқтажының ең өзекті мәселелеріне терең бойлап, етене араласады.

Алғашқы өлеңдерінің бірінде:



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Адамдық диқаншысы – қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ, қырға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көтеруге құр халықтың, –

деп өзі айтқандай, Ахметтің басты мақсаты ең алдымен оқу-білімнің дәнін, нәрін егіп, халықтың сауатын ашу болды. Осы жолда ол оқу бітірген 1895 жылдан 1907 жылға дейін Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектеп, училищилерде ұстаздық етеді. 1920-1921 жылдары Қазақ оқу-ағарту Комиссары және өкіметтің мүшесі, әрі 1921 жылы ашылған Академиялық орталықтың төрағасы болды. 1921-1926 жылдары Орынборда Қазақтың халық ағарту институты деп аталатын оқу орнында, 1926-1928 жылдары Ташкентте, ал 1928-1929 жылдары Алматыда қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып істейді.

А.Байтұрсынұлы ұстаздық еңбекті әдеби, ғылыми шығармашылықпен шебер ұштастырып, сабақтастыра білді. Ол ағартушылық бағытта жазған “Қырық мысал” (Петербург, 1909), “Маса” (Орынбор, 1911) кітаптарындағы өлең, мысал аудармаларында халыққа тәлім-тәрбие беріп, сана-сезімін оятуды бірінші мақсат етіп қояды:

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,  
Жол сілтедім, жақын емес, алысқа  
“Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, –  
Дедім, – сен де қатарыңнан қалыспа!” – деп, “Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан сары маса” болып шаншыла, ашына жыр етеді:

Қазағым елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді, оянып  
Қанған жоқ па әлі ұйқың,

Ұйықтайтын бар не сиқың, – деген өлең жолдарында, ұтымды ой, отты сезімнің ұшқындап тұрғаны анық байқалады. Сондықтан да Мұхтар Әуезов 1918 жылы “Абайдан соңғы ақындар” атты мақаласында “Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсынұвтікі, Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңды, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса да халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар...” – деген толғамды байлауын білдіріп, жоғары бағасын береді.

Ал “Қырық мысалдағы” өлеңдері автор халық арасындағы жан-жануарлар дүниесіне байланысты айтылатын ортақ мысал, тұспал сюжеттерді Эзоп, Крыловтың ізімен қазаққа тән табиғи төл туынды

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

дәрежесіне жеткізе алған. Әр мысалға ақын өзіндік түйін-тұжырым жасап отырады.

А.Байтұрсынұлы 1912 жылдан бастап әр түрлі басқыш мектептерге арнап “Оқу құралы” атты қазақ тіліндегі тұңғыш әліпби, “Тіл құралы”, ересектерге арналған “Сауат ашқыш”, мұғалімдерге арналған “Баяншы”, “Әліппе астары”, “Тіл жұмсар” сияқты әдістемелік кітаптары, “Әдебиет танытқыш” (1926) теориялық зерттеу еңбектері 1929 жылға дейін үзбей жарияланып, жас ұрпақты сауаттандырып, санасын арттыру ісіне үздіксіз қызмет етумен келді. “Мәдениет тарихы” атты сүбелі еңбегі қолжазба күйінде жоғалып кетті.

1929 жылы өз қолымен жазған өмірбаянында автор: “1901 жылдан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөге тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің ықпалынан тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ проза тілін (яғни іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне ыңғайлау үшін, ғылыми терминдерді жасаумен және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым. Бұлар өзім жазған оқулықтар және редакторлық еткен “Қазақ” газеті арқылы жүзеге асты”, – деп жазады.

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында Ахмет Байтұрсынұлы жасаған термин атаулар соншалықты көрнекті де өрнекті. Сөз таптары мен сөйлем мүшелерінің: етістік, есімдік, есімше, көсемше, атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері, тағы сол сияқты атаулары өлең жолдарындай әсем ырғақпен мөлдіреп құлпырумен қатар өз сыр-сипаттарын өздері ашып, айқындап та тұрғандай. Мәселен: атау – не?, ілік – ненің ілігі?, барыс – қайда барады?, табыс – нені табады?, жатыс – неде жатады?, шығыс – қайдан шығады? деген сияқты көңілге бірден құйылып, ұялай кетеді.

А.Байтұрсынұлы оқулық, ғылыми еңбектер жазумен қатар оқу-ағарту саласында, ғылыми оқулықтарда басшылық жасаған кездерде Алаш орыстары: Ә. Бөкейхановтың биологиядан, М. Дулатовтың математикадан, М. Жұмабаевтың педагогикадан, Ж. Аймауытовтың психологиядан, М.Әуезовтың әдебиеттен оқулық еңбек жазуына да әсер-ықпалын тигізгенін атап өткен жөн.

Ақынның ағартушылық, әдеби-ғылыми еңбегі саяси қайрат-керлігімен ұштасып жатты. Ел қамы, ел мұңы, халқының тәуелсіз бостандығын терең толғанған ол ұлт азаттық қозғалысының бел ортасындағы жетекшілерінің бірі болғандығы белгілі. 1905 жылы патша өкіметіне қазақтың әлеуметтік теңдігі, жер мәселесі, басқару орындарына жолдаған петициясынан бастап,

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

түрмеде төрт-бес рет отырып шыққанына қарамай, өмірінің соңына дейін қазақтың елдігін сөйлеумен өтті.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлан-ғайыр қызметінің ішінде халықтың қоғамдық-әлеуметтік тыныс-тіршілігін өсіріп өркендетуде “Қазақ” газетінің алатын орны өте жоғары. Өткен ғасыр басындағы қазақтың әлеуметтік, мәдени тарихындағы «Қазақ» газетінің дәуірі деп атаған. М. Әуезов 1923 жылы: “Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп. Күзгі таңның салқын желіндей ширақтырған, етек-жеңін жиғызған “Қазақ” газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді?. Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ міндетті мойнына міндей қылып алған Ахаңның екпіні болатын “Қазақ” газетінің сол заманынан бері талай өмір өткен сияқты. Жылдай саусақпен санағандай аз жыл болсада, болып өткен оқиғаларына қарағанда, көп заманға жауап ұратын төлқанды заманының бірі», – деген салмақты да саналы тұжырымын ортаға салады. Бұл сөзсіз, Ахмет Байтұрсынұлының ұлы еңбегіне ұрпақтардың, тарихтың берген әділ бағасы болып қалды:

Асықпаңдар, артымызда қазы бар,

Терген талай, сүйектерің қазылар, – деп өзі айтқандай, қазіргі тарихи әділеттілік орнамағанда, өмір бойы абақтыдан абақтыға қайта-қайта жауып, жан азабын тартқызып, ақыр аяғында «халық жауы» деп атып жіберсе, енді халық көсемі болып ортамызға оралып отыр. Сондықтан да біз тарих сабағын еш уақытта естен шығармауға тиіспіз.

Ұлы қайраткер бір өлеңінде:

Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес, дарға асқаны, атқаны,

Маған қиын осылардың бәрінен,

Өз аулыңның иттері үріп-қапқаны, – деген жолдары да өсиет-өнеге етін айтқан екен. Біз үшін бұл да есте мықтап сақтар тәлім-тәрбие болса керек.

### **АҚЫМЕТТІ ТАНУ – ТҮРКІ ӘЛЕМІН ТАНУ**

**Молдасанов Е. М.** - ф.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

**Аннотация:** Мақалада А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі саласындағы рөлі мен еңбектері туралы ақпарат беріледі. Сонымен қатар, тіл біліміндегі грамматикалық төл терминдердің қалыптасуы мен жасалу тәсілдері туралы сөз қозғалады.

**Кілтті сөздер:** ұлт, ұлтшыл, Ахмет Байтұрсынұлы, ар, патша заманы, халық намысы, ұлт намысы, ұлттың ары, халықтың ары, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз.

**Аннотация:** В статье представлена информация о роли и заслугах А. Байтұрсынова в области казахского языкознания. Кроме того, речь пойдет о способах формирования и создания грамматических терминов в языкознании.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

**Ключевые слова:** нация, националист, Ахмет Байтұрсынулы, царские времена, честь народа, честь нации, за народом, за народом, существительное, прилагательное, глагол, местоимение, Союз, наречие, наречие, начальное, повествовательное, простое предложение, составное предложение, крпратное слово.

**Abstract.** The article presents information about the role and merits of A. Baitursynov in the field of Kazakh linguistics. In addition, we will talk about the ways of forming and creating grammatical terms in linguistics.

**Keywords:** nation, nationalist, Akhmet Baitursynov, Tsarist tenses, honor of the people, honor of the nation, for the people, for the people, noun, adjective, verb, pronoun, Union, adverb, adverb, initial, narrative, simple sentence, compound sentence, carat word.

Міржақып Дулатов ... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» – десе, Ахмет Байтұрсынұлының 1923 жылғы мерейтойына орай жариялаған, машинкаға басылғанда көлемі үш-ақ беттей болатын шағын мақаласында «Ахмет Байтұрсынұлы... оқығандардың арасынан халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі», «ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді» – дей отырып, халық намысы, ұлт намысы, ұлттың ары, халықтың ары тіркестерін бірнеше жерде қайталап қолданады-дейді. [1, 30]

Әр ғасырда туылған ұлт болашағын ойлайтын, әр халықта тұлғалардың бар екеніні саусақпен санарлықтай. Қазақ қоғамында да ХХ ғасырдың басында ұлт үшін туған, оның басына туған қиыншылықтан шығуға жол тапқан, азаттық үшін, болашақ үшін құрбан болған алаш зиялылығын айтуға болады. Ара-жігі ажыраған түркі халқы, өзіндік әліпбиін, тарихын жазуда өзіндік дара жолдар таңдады. Сол тұлғалардың бірегейі, әрбір қазақ тағзым етуге тиіс ойшыл, данышпан қазақ, орыс, араб, парсы, жапон тілдерін жетік меңгерген тұлға Ақымет Байтұрсынұлы. 1905 жылдан Ә.Бөкейхан, Ж.Ақпаев М.Дулатовтармен бірге «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастырушылардың бірі болды. Бұл Қазақ қоғамында тың серпіліс, тарихи бетбұрыс еді. Осы кезден Ақыметтің саяси өмірі, қаламгерлік, ғылымдық, ұстаздық, ағартушылық жолы басталды деуге болады. Ақымет халықтың санасын ояту мақсатында «Қырық мысал», «Маса» жинақтарын және осы уақытта «Қазақ газетін» шығарып, Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде тәуелсіздік үшін өз өмірін арнап, күреске шықты.

Ақмет осы уақытта бүкіл түркі әлеміне: қайраткер, ғалым, қаламгер ретінде танылып үлгерді. Түркі әлемі Ақыметті қазақ тіл білімінің, қалыптастырушысы, атасы – деді. Яғни, «Оқу құралы» 1912 жыл, «Тіл құралы» 1912-1925 жылдарық көрген еңбегі, жаңа құблыс болды. 1914-1915 жылдарда қазақ балаларының және бірнеше буынды тәрбиелеген, ана тілінің табиғатын танытқан құнды еңбектердің бірі болды.

Ақымет Байтұрсынұлының «Тіл құралда» тілдің дыбыстық жүйесін, лексикалық сөз байлығын, сөз таптары мен сөз тұлғаларын, сөз қолдану мен сөйлем құраудың ерекшеліктерін, қазақ тілінің терминалогия саласын

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

жасаудағы орасан зор еңбегін айтуға болады. Сонымен қатар әдебиеттану саласында да терминдер қалыптастырып, оқулықтар жазды. Оның «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліп –би астары» мен мақалалары ұлттық тілді игерудің, тіл табиғатын түсіндіру амалдары мен әдістерінің негізін салған алғашқы оқулықтар болды.

Ақыметтің 1929 жылға дейін әрі осы уақытқа дейін Шетел қазақтары қолданылып жүрген араб әріптерін негізге ала отырып, қазақтың жаңа төл әліпбиін өмірге әкелуі тың құблыс болды. Осы жазу арқылы қазақ баласы білім, ғылым үйренетіндігінің алғы шарттары екенін түсінді. Бұл әліпби қазақ сөзін дәл бере алды. Бұл әліпби арқылы «Қазақ» газеті шығып, қазақ жерінде және шетелдегі қазақтар тың ақпараттар алып, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов шығармаларын оқып, тани бастады. Ақыметтің басты ұстанымы ұлтты топтастырудағы басты белгі, адам руханиятындағы басты нәрсе тілдің өмір сүруі болды. Ол өзінің «Қазақ» газеті мақалаларында үнемі тілді сақтауды, дамытуды көтеру арқылы, «Тіл ұлттың жан дүниесі, әрі саяси- әлеуметтік өміріндедегі негізгі құралы» екендігіне мән беріп, ұлттың жоғалуына да, сақталуына да себеп болатын ең қуатты күштің бірі тілі екенін жетік түсінді. А. Байтұрсыновтың өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады. А. Байтұрсыновтың арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, ... өз ағаттықтарын түсіне бастады... – дейді М. Дулатов.

Қазақ тіл білімінде Ақымет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» (Қазақ тілінің сарфы) Орынбор – 1914 еңбегі өте құнды еңбектердің бірі. Онда біз сөз еткен тіл – сөйлесудің, жазудың негізгі негізгі қаруы екенін айта келіп, «сөйлеу қалай керек болса, жазуа білу одан да артық» – дейді. Егер халық өзі мың жылдап келе жатқан сөздерін, сөз жүйесін дұрыс, бір-бірімен қиыстырып сөйлесе, қазіргі Ноғайша оқыған жастар ноғай сөз жүйесінде сөйлеп, жазуға дағдыланған, ендеше мектепте өз тілінде сөйлеп, жазып дағдыланғанан кейін басқаша оқыту болар деген ой айтады. ...«Тіл – құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанмыз: Сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер; Қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар; үйткені, «Тіл – құралдағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе, бірінші жыл оқылатын «Тіл – құралы» тіл білімінің негіз болғандықтан нық үйретілерге керек. Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) Түбіршік тіл. 2) Жалғамалы тіл. 3) Қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай һәм



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

иапон тілдері. Жалғамалы тіл – сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан жалғамалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей аяғына жалғау қосылып өзгеріледі. Жалғау екі түрлі: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағанасын өзгертпейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады. «Құлақ» деген сөзге «-тың» деген жалғау қоссақ, «құлақтың» болады. Тұлғасы өзгерілді, мағынасы өзгерілген жоқ. «Құлақтың» дегенде бастың мүшесінің атын көрсетеді. Егерде «құлақ» деген сөзге «-шын» деген жалғау қоссақ, «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағанасы да өзгерілді. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетуші еді, «құлақшын» болған соң, басқа киетін киімнің атын көрсетіп тұр. Міні, сондықтан «-тың» тысқарғы, «-шын» ішкергі жалғауболады.

Сөз мүшелері

Сөйлеу һәм сөйлем

1) Жер жұтуға тоймайды; От отынға тоймайды; Құлақ естуге тоймайды; Кісі ойға тоймайды; Бөрі қойға тоймайды.

Бұл сөйлеуде бес сөйлем сөз бар.

Сөйлем һәм сөз

Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады. Мәселен, «Аш бала тоқ баладай ойнамайды» деген сөйлемнің ішінде бес сөз бар: 1) аш, 2) бала, 3) тоқ, 4) баладай, 5) ойнамайды.

Сөз һәм буындар

Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады. Мәселен, ат деген сөзде бір-ақ буын бар. А-та дегенде екі буын, а-та-лар дегенде үш буын; а-та-лар-ға дегенде төрт буын; а-та-ла-ры-ма дегенде бес буын. Сөз буын санына қарай бір буынды, екі буынды, үш буынды, төрт буынды, онан көбі көп буынды сөз деп аталады.

Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері

Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Олардың харіфтері мынау:

(а) ا) б) ب) п) پ) т) ت) ж) ج) ш) چ) д) د) р) ر) з) ز) с) س) ғ) غ) к) ق) к) ك) г) گ) . ы) ي) (о) و) (у) و) (и) ي) (е) ع) (и) ي) (у) و) (о) و) (н) ن) (м) م) (л) ل) (л) ل) (ң) ن) (г) گ)

Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді.

Дауысты харіфтер: а, о, ұ, ұ, ы-и, ы, ө, е.

Ақымет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегі қазақ тілін ана тілі ретінде тануымыздың басы болмақ. Оның ««Тіл – құрал», «Оқу құралдарының» бүгінгі ғылым үшін мәні жоғары ғылыми еңбектердің бірі екені даусыз. Термин жасаудағы осы күні қолданылып жүрген қазақ тілі грамматикалық атаулары: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген енгізген терминдер атауын бүгін көптеген түркі халықтары қолдануда.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғалымның еңбектерінде тіл білімі саласына байланысты 310 термин кездеседі. Фонетикаға байланысты 108, лексикология бойынша 11, морфологияға байланысты 109, синтаксиске байланысты 64, жалпы тіл білімі бойынша 18 термин сөздер бар. [2, 348-353]

Ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, рай т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен; жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен; ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш т.б.терминдер. [3.]

«Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес», – деп Ақмет атамыз айтпақшы, қазақ халқының өз ана тілінде білім алып, сауатты, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу ұлт болып қалыптасуы қоғам қайраткері үшін басты мәселе болды. Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі Ақмет Байтұрсынұлы шығармаларын қолға алып зерттеу, талдау. Сонымен Ақметті тану арқылы – түркі әлемін тану болмақ.

### **Әдебиеттер:**

1. Міржақып Дулатұлы «Әдебиет порталы».
2. А.Байтұрсынұлы «Ақ жол» Алматы, «Жалын» 1991.
3. [https://el.kz/news/archive/a-bayt-rsynovty-\\_til\\_-\\_ral-\\_o-uly-y\\_turaly/](https://el.kz/news/archive/a-bayt-rsynovty-_til_-_ral-_o-uly-y_turaly/)
4. <https://www.soyle.kz/book/>

## **ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ БЕЙНЕСІ**

**Матчанов С.М.** – п.ғ.д., профессор  
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті  
**Абдувалитов Н.Б.** – п.ғ.ф.д. Ph.D  
Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация:** Мақалада қазақтың рухани көсемі А.Байтұрсынұлының қазақ поэзиясындағы бейнесі сөз болады. Ғұламаның дара тұлғасын, бітім-болмысын өз шығармаларына арқау еткен ақындарымыздың өлеңдеріне, атап айтсақ С.Торайғыровтың «Таныстру» поэмасы, С.Мәуленовты «Ахмет Байтұрсынұлы», Ғ.Қайырбековтың «Ахаң туралы ой» атты өлеңдеріне талдау жасалады.

**Кіліг сөздер:** поэзия, ақын, жазушы, әдебиеттану ғылымы, поэма, өлең, әдеби бейне, тілтану және әдебиеттану ғылымы.

**Аннотация:** В статье рассматривается образ казахского духовного лидера А. Байтұрсынұлы в казахской поэзии. Проанализированы стихотворения наших поэтов, которые основывали свои произведения на личности и характере ученого, в частности поэма С.Торайғырова «Таныстру», С.Мауленова «Ахмет Байтұрсынұлы», Ғ.Хайырбекова «Мысль об Ахане».

**Ключевые слова:** поэзия, поэт, писатель, литературоведение, поэма, поэма, литературный образ, языкознание и литературоведение.

**Annotation:** The article deals with the image of the Kazakh spiritual leader A. Baitursynov in Kazakh poetry. The poems of our poets, who based their works on the personality and character of the scientist, are analyzed, in particular, the poem of S. Toraigyrov "Tanystru", S. Maulenov «Akhmet Baitursynov», G. Khairbekov "The Thought of Akhan».

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

**Key words:** poetry, poet, writer, literary criticism, poem, poem, literary image, linguistics and literary criticism.

Қазақ поэзиясында танымалы тұлғалар мен тарихи адамдардың бейнесін жырға қосу үрдісі кеңінен етек жайды. Қазақ поэзиясының майталмандары қазақ тарихының елеулі оқиғалары мен көрнекті өкілдерін өз шығармаларына арқау етуде. Бүгінде қазақ поэзиясында көрнекті ақын-жазушылардың тұлғасын бейнелеген туындылар мол. Осындай қазақ поэзиясында өзінің кең тынысты өмірімен, өскелең бейнесімен ерекше жырланатын тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов.

Туған елін күллі түркі дүниесіне танытқан Ахмет Байтұрсынов сөзінің ойы терең, оты күшті. Қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет еңбек жазып, сол арқылы қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан кемеңгер ғалым. Ахмет Байтұрсынов басып өткен өмір жолы мен атқарған қызметі, жазған еңбектері қазақ халқы үшін қаншалықты маңызды екені бүгінде ешкімге сыр емес. Ол ұлттың оянуына дәнекер болып, кешегі күннен бүгінгі күнге аман жетуіне себепкер болды.

Ахметтің бейнесін үлгі тұтқан, ұлттың ұстазы ретінде жырларына арқау еткен ақындар бірталай. Олар барынша Ахмет бейнесін қазақ поэзиясының ең биік шыңына көтере алды. Ахмет бейнесін өз шығармаларында алғаш суреттеген ақындардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ақын өзінің «Таныстыру» атты поэмасында қараңғы қапаста жатқан туған халқының еркіндігін, азаттығын аңсайтын Абай, Шәкәрім сынды ұлы данагөйлерімен қатар есімдері алты Алашқа мәлім болған алаш зиялыларын таныструды мақсат етеді. Поэманың стилі – арнау өлең. Поэма бастан-аяқ диалогқа құрылған. Яғни, оқыған адам мен қара қазақ ортасында сұраққа құрылған диалогтан тұрады. Қара қазақ сұрқия заманда кімге сеніп, кімге сүйнерін білмей, оқыған адамға сұрақ қояды. Оқыған адам оған жауап береді. Поэманың өн бойында Байтұрсынов есімі үш рет кездеседі. Алғашында, Алаш зиялыларын оқырманға таныстыруда тілге тиек етіледі.

Ақын:

Басында ол қарағым тұр ғой дайын,

Тек ұзақ өмір берсін бір Құдайым.

Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,

Білемін бұл үш ердің айтпай жайын

Кешегі қара күнде болмап па еді,

Қазақ үшін шам қылған жүрек майын, [1, 31] – деп жырға қосқан.

Одан соң, өткен ғасырдың басында көптеген жастардың жанашыры, жұмсақ жүрек, мейірбаны бола алған Нәзипа Құлжанованы елге таныстыруда оның даңқын елге жайған атақты Байтұрсынов болды дейді.

Және бар әйелге хас нәзік сезім,

Танын бір көргенде-ақ істің нарқын.

Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,

«Н-ға» деп өлең жазып, жайған даңқын.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Ақын, Абайдың сүйікті шәкірті, көзі ашық, көкіреге ояу, ерте оянған кісінің бірі – Шәкәрім есімі алты Алашқа ертенден мәлім екенін айта келіп, кезінде Алаш зиялыларына ұстаз бола алды деп таныстырады.

Ерте оянған кісінің беруі осы,  
Бұл жұртың түзейсін деп антұрғанын.  
Бір жолмен Байтұрынов, Бөкейханға,  
Ақсақал бола алғандай осы кәрің.

Поэманы оқи отырсақ, ақын замандасы Ахмет Байтұрсыновты қазақтың рухани көсемі, ол аға буын өкілдерін өзіне ұстаз тұтты, өз тұсында және өзінен кейінгілерге ұстаз бола алды деп суреттейді.

Ахмет Байтұрсынов туралы қазақтың шыншыл да, сыршыл ақыны Сырбай Мәуленов «Ахмет Байтұрсынов» атты арнау өлең жазды. Ахмет көзі тірісінде-ақ абыз атанды. Ол өзінің ғибратты сөздері мен істеген істерімен көпшіліктің көңілінен орын ала білді, көпшілікті талантына табындырды. Лирик ақын Сырбайда Ахмет Байтұрсынов бойындағы бұл қасиеттерін жасырмайды.

Ахметті елінің әулие ақсақалына балап, сауатсыз адамдардың зердесіне нұр шапағын шашты деп жоғары баға береді.

Жасынан шырқап шыққан жақсы атағы  
Елінің әулиедей ақсақалы.  
Қараңғы адамдардың зердесіне,  
Тараған таң нұрындай ақ шапағы.

Бұл жыр жолдарынан Ахметтің тұлға ретінде бітім-болмысын, туған елінің алдындағы адал қызметін тани аламыз.

Сырбай ақынның арнау өлең арқылы Ахмет Байтұрсынов рухы қашанда ел тарихында, мәдениетіміз бен әдебиетімізде мәңгі жасайтынын білуімізге болады.

Теңізбен, жермен, шөппен байланысып,  
Халқының тірлігіне айналысып,  
Рухы Ахметтің ел үстінде,  
Жүр деді арманындай айнала ұшып – дейді.  
Немесе,  
Осындай ол жайында аңыздар көп,  
Ол айтты деген жыр мен уағыздар көп.  
Қарыздар болмай кетті ол халқына,

Ал халқы қалды оған қарыздар боп [2, 15] – деп ой түйеді, оның даңқын көкке көтереді. Өлең жолдарына мұқият көңіл бөлсек, Ахметтің басып өткен сара жолы бүгінде қазақтың болашақ бағдаршамы іспетті. Ахмет Байтұрсынов өзі жасаған тұсында халқы үшін аянбай еңбек етті, оның өршіл рухы өз халқымен мәңгі жасайды. Ендігі міндетіміз, ақын қалдырған мол әдеби мұраны қайта тереңінен зерттеп, зерделеп бүгінгі ұрпаққа таныту.

Әрине, Ахмет бейнесін, бітім-болмысын көркем тілді кестелеу үшін қандай ақын болсада оңай емес. Ахметтің бейнесін ашып беретін тағы бір өлең – Ғафу Қайырбековтың «Ахаң туралы ой» атты өлеңі. Ақын бұл өлеңінің

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

алғашқы шумағында Торғай топырағынан шыққан ұландардың саны аз емес, бірақ солардың бастығы, ел таныған – Ахмет Байтұрсынұлы дейді.

Жаралып асыл Торғай топырағынан

Қазаққа болып кеткен ортақ ұлан.

Ұлдар көп, ең бастығы Байтұрсынұлы

– Ахаң – деп, өз ағам деп ел таныған.

Ақын бұл ойын мына жыр-шумақтары арқылы толықтыра түседі.

Әуелден бас болуға жаратылған.

Жарқырап жарық жұлдыз дара туған

Әр сөзі Пайғамбардың тасбиығы –

Әр тасы дұғаменен таратылған – дейді.

Ақын бұл өлеңінде Ахаңның басып өткен ауыр да, асыл жолдарына ерекше назар аударады, «А» деген әліппенің бастау бұлағы, Ахаң жаратқан әліппе қазақ түгіл, түркі дүниесіне танымалы болды, дейді. Ахмет жаратқан әліппе өзі жасаған тұста халықтың сауатын ашуда негізгі оқу құралы міндетін атқарғаны бүгінде ешкім жоққа шығара алмайды.

Ақын Ғафу Қайырбеков:

Алламен аты қатар Ахаң еді, –

Бүгін де алғысымен атар елі, –

Атыңнан мен де айналдым, қайран атам, –

Әрқашан тастамасын батаң мені – дей келе, Ахаң есімі бүкіл рухани өміріміздің қалыптасуында орсан зор еңбек еткен ғұлама, елінің мақтан тұтар азаматы екенін мойындататынын айтып, өз ойын аяқтайды.

Ахмет Байтұрсынұлов – тілтану мен әдебиеттану ғылымында, жалпы қазақтың өнері мен мәдениетінде өшпестей із қалдырғаны баршаға мәлім. Бұл жайлы қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов былай депті: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны - «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын».

Ия, биыл Ахмет Байтұрсынұловтың туғанына – 150 жыл толып отыр. Ахметтің есімін ел жадында мәңгі сақтау, өмірі мен шығармашылығын тереңінен зерттеу мақсатында Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде түрлі іс-шаралар мен конференциялар өткізіліп келуде. Сондай-ақ бұндай іс-шаралар көршілес мемлекеттермен қатар шет елдерде жоғары дәрежеде атап өтілгенінің куәсі болып отырмыз. Осындай игі істердің басында тұрған, А.Байтұрсынұловтың өмірі мен мұрасын кең насихаттау мақсатында Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінде «А.Байтұрсынұлы: тіл және әдебиет» тақырыбында халықаралық конференция өткізілді. Коференция жергілікті ахметтанушы ғалымдармен қатар шет ел ғалымдарының белсенді қатысуымен өтті. Конференцияда А.Байтұрсынұловтың өмірі мен шығармашылығына қатысты сүбелі ойлар мен тың мәліметтер айтылды. Конференцияда жарияланған



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

материалдар болашақта тілтану және әдебиеттану ғылымының дамуына ықпал жасайды деген ойдамыз.

### **Әдебиеттер:**

1. Дәуір ақыны: Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады / Құраст. Ф.Қ. Бектұрбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 255 бет.
2. Мәуленов С. Шығармалары (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2013. Т.4: *Өлеңдер, аудармалар*. – 320 б.
3. Ғафу Қайырбеков. Көп томдық шығармалар жинағы. Тоғызыншы том. Алматы: «Қазығұрт», 2013. – 410 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: «Санат», 2002.
5. Abduvalitov The Functional Education In The Process Of Literary Education. Journal of Pharmaceutical Negative Results: Volume 13: Special Issue 5: 2022.

## **АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҒӘМ ТҮРКІ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАСЫ**

**Тұрсын Е.Қ., Мақсат К., Қайрат А.А.**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан  
e-mail: er-1496@mail.ru

**Аннотация:** Ақымет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің төл жазу жүйесін қалыптастырған ғалым. Оның 1912 жылдан бастап кең қолданылып, ел арасында «төте жазу» атанған графикасы қазақ, тіпті тұтас түркі тіл біліміндегі ең озық жазу болғаны даусыз. Ғалым түркі тілдеріне тән сингармонизм заңдылығын негізге ала отырып, түркі халықтары қолданып келген араб графикасын кемелдендірді, жазу жүйесі мен қағидаларын оңтайландырды. Ғасырлар бойы араб-парсы емлесінің құрсауында болған түркі жазуын басы артық әріптерден, қажетсіз емле ережелерінен тазалады. Ғалымның емлені тілге ыңғайлап жасау ұстанымының нәтижесінде тілдегі дыбыстар жеке әріптермен таңбаланып, фонетикалық талаптарға сай таңба жасалды. Сингармонизм заңдылығының логикасы негізінде жазу ықшамдалды. Нәтижесінде жазуды меңгеру жеңілдеді, оқыту процесі жеделдетілді. Автор А.Байтұрсынұлының «төте жазуын» араб графикасын пайдаланатын өзге түркі тілдерімен (Ауғанстан өзбектері, Шыңжаң ұйғырлары, Қытай қырғыздары) салыстыру арқылы, жазу жүйесінің артықшылықтарын көрсетеді. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлының графикасы мен Қ.Тыныстанов, И.Арабаев реформалаған қырғыз жазуының байланыстарын анықтайды.

**Кілт сөздер:** А.Байтұрсынұлы, жазу жүйесі, сингармонизм, араб графикасы, төте жазу.

**Аннотация:** Ахмет Байтұрсынұлы – реформатор национальной письменности, основоположник казахской лингвистики. Бесспорно, его графика, широко используемая с 1912 года и получившая в среди народа название «төте жазу», была самым передовым письмом в казахском языке. Ученый, опираясь на характерную для тюркских языков закономерность сингармонизма, совершенствовал арабскую графику, используемую тюркскими народами, оптимизировал систему и принципы казахского письма. Тюркское письмо было очищено от лишних букв и орфографических правил. На основе логики сингармонизма письмо было оптимизировано. В результате стало легче овладеть письмом, был ускорен процесс обучения. Автор статьи показывает преимущества системы письма, сравнивая «төте жазу» А. Байтұрсынұлы с другими тюркскими графиками, использующими арабскую письменность (узбеки Афганистана, синьцзянские уйгуры, китайские кыргызы). Также выявляют связи между графикой А. Байтұрсынұлы и реформированной кыргызской письменностью К. Тыныстанов и И. Арабаева.

**Ключевые слова:** А.Байтұрсынұлы, система письма, сингармонизм, арабская графика, төте жазу.

**Annotation:** Akhmet Baitursynuly is a reformer of national writing, the founder of Kazakh linguistics. Undoubtedly, his graphics, widely used since 1912 and called among the people "tote zhazu", was the most advanced writing in the Kazakh language. The scientist, relying on the pattern of

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

synharmonism characteristic of the Turkic languages, improved the Arabic graphics used by the Turkic peoples, optimized the system and principles of Kazakh writing. The Turkic letter was cleared of unnecessary letters and spelling rules.. Based on the logic of synharmonism, the letter was optimized. As a result, it became easier to master writing, the learning process was accelerated. The author of the article shows the advantages of the writing system by comparing A. Baitursynuly's "tote zhazu" with other Turkic graphics using Arabic script (Uzbeks of Afghanistan, Xinjiang Uighurs, Chinese Kyrgyz). Connections between A. Baitursynuly 's graphics and K. 's reformed Kyrgyz script are also revealed . Tynystanova and I. Arabaeva.

**Keywords:** A.Baitursynuly, writing system, synharmonism, Arabic graphics, tote zhazu.

**Кіріспе.** Түркі халықтарының тереңнен тамыр алатын жазу дәстүрі, жазба тілінің тарихы туралы сөз еткенде, ең алдымен, байырғы түріктердің «руникалық» (шартты түрде) әліппесіне жүгінеріміз анық. Бұл әліпби ішкі жазу логикасының қисындылығымен, графикалық жүйелілігімен, тілдің дыбыстық құрамын анық беруімен әлемдік жазу жүйесінде айрықша орын алады. «Руникалық» графиканың орнын басқан манихей, ұйғыр-найман, брахми т.б. әліпбилердің әріптік жазу болғандығы – түрік халықтарының фонемаграфиялық жазу жүйесінің ертеден дамығандығын көрсетеді.

Түркі тілдерінің жазу тарихының ең ауқымды бөлігін араб жазуы иемденеді. XI ғ. бастап Түркістан, Шығыс Түркістан аймағында өрістеген бұл жазудың өміршеңдігі сондай, бүгінгі күнге дейін қолданыстан шыққан жоқ. Араб графикасы, графика негізінде жасалған жазба дәстүрі ортағасырлық, тіпті жаңа кезеңдегі түркі жазба әдеби тілдерінің дамуына негіз болды. Алайда, араб жазуы түрік тілінің төл графикасы болмағандықтан, тілдің ішкі қажеттіліктерін толығымен өтей алмады. Бұл графиканың басты кемшіліктерін төмендегідей тізбелеуге болады:

- түркі тілдерінің дыбыстық құрамын толығымен таңбаланбады;
- тілге жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер көп болды;
- жазуда бірнеше тілдің емлесі қатар пайдаланылды;
- кірме сөздерді тілдің ішкі заңдылықтарына сай бейімдейтін емле нормасы болмады.

Араб жазуын түрік тілдерінің тілдік ерекшеліктерін ескере отырып жетілдіру өте баяу түрде жүзеге асты. Дей тұрғанмен, графикалық жүйені толығымен өзгертуге бағытталған жазу реформасы болмады дей алмаймыз. Бұл үдерістің бастауында Байтұрсынұлы Ақыметтің тұрары анық.

**Тақырып таңдауды дәйектеу, мақаланың мақсаты мен міндеттері.** Жазу – адамзаттың тілден кейін тапқырлаған ең ұлы мәдени құндылығы, зияткерлік табысы. Жазу күрделі қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған қоғамдық, әлеуметтік қажеттіліктен туындады. Жазу – тілдің дамуының, жаңғыруының басты факторы. Өркениет өресіне шығуға ұмтылған әрбір ұлт төл жазуын қалыптастыруға тырысты. Жазу идеологиялық, рухани басқыншылықтың құралы да болғаны шындық. Жазу жүйесін жетілдіру немесе жетілген графикаға көшу мәселесі бүгінгі күн тәртібінен түскен жоқ. Аталмыш мәселе қазіргі түркі тілдері үшін де өзекті. Өзбек тілінің латын графикасына көшірудегі сәтсіздіктер, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу үдерісін бастауы, ұйғыр, татар тілдерінің латынға көшу

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

ұмтылысы – түркі тілдерінің жазу жүйесіндегі қордаланған мәселелерден хабар береді. Бұл ретте Байтұрсынұлы Ақыметтің жазу жүйесіндегі тәжірибесін ескеру, қолдану – күрмеуі қиын мәселелердің шешуі болуы бек мүмкін.

Байтұрсынұлы Ақыметтің жазу жүйесі түркі тілдерінің басты ерекшелігі – үндесім заңдылығына негізделеді. Ғалымның бұл қағидатын тыңнан ашқан жаңалық деуден гөрі түркі тілдерінің көнеден келе жатқан жазу дәстүрінің желісін жалғасы дегеніміз жөн. Себебі, көне руникалық жазу тілдегі қатаң фонетикалық үндесімге (сингармонизм) негізделді. Руникалық жазу жүйесінде үндесім заңдылығы дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке таңбалану арқылы жүзеге асса, Ақымет жазуында бұл мәселе дәйекше арқылы реттеледі. Яғни, қос жазу жүйесінің логикалық байланысын анық аңғарамыз. Төте жазу сонымен құнды, сонысымен кемел, сонысымен өміршең.

**Ғылыми зерттеудің әдіснамасы.** Зерттеу жұмысында сипаттамалы, салыстырмалы талдау әдістері пайданылды.

Ғалым еңбектері ХХ ғасыр басында-ақ А.Н.Самойлович, Е.Поливанов, Н.Яковлев, А.Кононов сынды Ресей академиктері тарабынан жоғары бағаланған. Қазақ тіл білімінде Н.Уәли, Ә.Жүнісбек, М.Жүсіповтың зерттеулері арқылы Ақымет жазуының ғылыми маңызы айқындалды. Мақала авторы жұмысты орындау барысында аталған ғалымдардың ғылыми пікірлері мен тұжырымдарын басшылыққа алды. Төте жазу жүйесін арабнегізді өзге түркі жазуларымен салыстыруда автор келесідей материалдарды пайдаланды:

1) қырғыз тілі бойынша Қ.Тыныстановтың «Оқу-жазу біл», «Біздің тіл» және ғалымның 1925 жылы Мәскеуде басылған жыр жинағы;

2) арабнегізді өзбек жазуы бойынша Р.Жұманиязовтың «Ескі өзбек жазуы», О. Қазиззаданың «Әліппе сырлары» әліппесі;

3) Әнсаридің 1924 жылы Ташкентте басылған ұйғыр әліппесі;

4) татар тілі бойынша Ж.Миңнуллин, Э.Сәлахованың «Ескі татар жазу» оқулығы.

**Негізгі бөлім.** Түркі тілдеріндегі араб жазу жүйесін шартты түрде 2 кезеңге бөліп қарастыруға болады: қадым және жәдид. Қадым жүйесінде 35 таңба болды. Оның 28-і араб әліпбиіне сәйкес, 4-і парсы ( ج (же), گ (ге), چ (че) پ (пе) әліпбиінен, 2-і түркі ( ك (ке), ق (ке), 1-і ауған жазуынан ( ڭ (иа-мәжһул, е) алынды. Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар жүйесі араб жазуында 3 белгімен берілді. Ол фонемалардың ашық, қысаң, дифтонг белгілеріне қарап топтастырылды: фатхамен [а], [ә], [е], кәсрамен [ы], [і], [е]; даммамен [о], [ө], [ұ], [ү]. Қадым жүйесінің басты ерекшелігі дауысты дыбыстардың таңбаланбауы болды. Бұл араб тілінің әсерімен байланыстырылады. Аталмыш кезеңдегі графиканы меңгеру, оқу өте қиын еді. Себебі мәтінді буындап, немесе әріп арқылы оқу мүмкін емес-тін. Себебі жазу логикасы сөздің мәнмәтіндегі мағынасына қарай қажет дауыстыларды қолдануға негізделді.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Әліпбиде араб-парсы тілінен енген кірме сөздерді дұрыс оқу мен таңбалауға қажет әріптердің барлығы болғанымен, түркі тілдерінің дыбыстық құрамын айқындайтын таңбалар тапшы болды. Мәселен, [y],[ʏ],[ʉ],[o],[ə] дыбыстары бір ғана *و* әрпімен таңбаланды. Бұл әсіресе бірбуынды сөздерді оқуда қиындық тудыратын. Мәселен, «он», «өн», «үн», «үн» сөздері жазбада бірдей таңбаланып (اون), тек мәнмәтіндегі мағынасы арқылы ажыратылатын. Сондай-ақ қазақ тіліне жат ортағасырлық оғыз-қарлық жазу жүйесіне тән қосымшаларда ерін үндестігін сақтап жазу секілді архаикалық элементтер де ұзақ уақытқа дейін сақталып келді. Мәселен, алғашқы буын езулік дауыстылардан жасалса да оларға жалғанған қосымшалар еріндік дауыстылардан болды (барұб, келүб). Архаикалық элементтердің қатарына қазақтың ауызша сөйлеу тіліне жат [с] орнына [ш], [ш] орнына [ч], [ж] орнына [и] әріптерінің қолданылуын да жатқызуға болады. Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде ассимиляция құбылысы ерекше дамыған тілдердің бірі. Ақыметке дейінгі жазу жүйесінде қазақ тілінің бұл ерекшелігі ескеріле бермеді. Мысалы, қазақ тіліндегі көптік жалғауының 9-нұсқасының (-лар, -лер, -лөр, -дар, -дер, -дөр, -тар, -тер, -төр) тек 1-і (-лар) таңбаланды. Түбірдің соңы қандай дыбыс болса да қосымша ұяңнан не үндіден басталған. Сөз басында дауысты дыбыстардың алдына «оқылмайтын әліп» (l) белгісімен қосарлап жазу да графикалық экономияға нұқсан келтірді. Әліптен басталатын сөздерді айыру үшін басы артық ереже енгізуге тура келді, яғни дыбыстық мәні бар әліпті таңбалау үшін мадда белгісі (l) қолданылды. Бұл жазу жүйесінің ең басты кемшілігі – араб-парсы кірме элементтерінің түпнұсқа тілдің емле ережесіне сай жазылып, оқылуы еді. Бұл жазуды меңгеруде қиындық тудырып қана қоймай, тілдің фонетикалық жүйесіне нұқсан келтірді. Жат дыбыстардың көптігінен кейбір түркі тілдерінің фоно-иммунитетінің жүйесі ыдырап, жат дыбыстар тілдің фонетикалық құрылымына нықтап бекіді.

Аталған мәселелер ғасырлар бойы қордаланып, жазудың жаппай қолжетімді болуына кері әсерін тигізіп келді. ХХ ғасырдан бастап Ресей бодандығындағы шығыс елдеріндегі жәдидшілдік идеясының өрістеуі жазу жүйесіне де әсер етті. Түркістан (Орта Азия) халықтары жазуларын оңтайландыру, ықшамдау, жеңілдету істері кең қанат жайды. Қазақстанда бұл үдерістің басында, сөзсіз, Байтұрсынұлы Ақымет тұрды.

Ғалымның жазу жүйесін реформалаудағы ғылыми концепциясын төмендегі тұжырымымен жеткізуге болады. 1913 жылы «Шора» журналына басылған «Қазақша сөз жазушыларға» мақаласында: «Дұрыс емле мен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар деймін: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады» (Байтұрсынұлы, 2013:271). Түркі тілдерінің өзге тілдерден айырмалайтын табиғаты – үндесім заңдылығы.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Үндесім заңдылығы арқылы Байтұрсынұлы Ақымет әліпбидегі әріп санын қысқартып, жазу емлесін жеңілдетті, сол арқылы жазу экономиясын жасауға болатынын дәлелдеді.

Қазақ, сәйкесінше түркі тілдерінің тілдік табиғатының негізі ретінде сингармонизм заңдылығын қарастыру жөнінде фонолог ғалым Ә.Жүнісбек: «Қазақ тілінде (түркі тілдерінде) үнді-еуропа тілдеріне тән фонема жоқ. Ендеше, сол тілдерге тән аллофон да жоқ. Себебі үнді-еуропа тілдері – екпінді (акцентті) тілдер, ал қазақ (түркі) тілі – үндесім (сингармониялық) тіл. Түркі (қазақ) тілдерінің үнді-еуропа тілдерінің ізімен талданып жүргендігі бұған дейінгі тілтанымдағы еуропаөзімшіл (еуропацентристік) ұстанымның басымдылығынан болып отыр», – деген пікір білдіреді. (Жүнісбеков, 2013: 29). Яғни ғалым фонема терминінің орнына «үндесім фонема~сингармофонема~сингема» терминін ұсынады. Төте буын үндестігі негізінде жасалады. Әуез қатысына қарай жұп құрайтын дауыстыларды (а-ә, ұ-ү, ы-і, о-ө) дәйекше таңбасы (ء) арқылы ажыратады: ар- ار, әр-اء, ор-ور, өр-ور, ыс-س, іс-س. [e] және [к] дыбыстары тек жіңішке буын құрауға қатысады. Сондықтан сөз құрамында бұл дыбыстар кездесе – дәйекше белгісі қойылмайды. Сыңар дауыстылардың бірдей таңбаланып, тек үндесім заңдылығына қарай жуан не жіңішке дыбысталуы – байырғы түркі тіліне тән жазу дәстүрі. Мәселен, √ таңбасы езулік тіл арты [а] және тіл алды [e], √ таңбасы [ы], [і] дыбыстарын қатар белгілейді (Айдаров, 1971: 83). Тек байырғы түркі тілінде үндесім заңдылығы дауыссыз дыбыстарға негізделсе, төте жазуда дәйекше арқылы дауысты дыбыстарға негізделді. Осылайша, Байтұрсынұлы Ақыметтің жазу жүйесі көне түркі графикасынан кейінгі үндесім заңдылығына негізделген бірден-бір жазу түрі.

Ә.Жүнісбектің дұрыс графикаға қоятын алғашқы шарты: «Жазу сөздің дыбыс құрамын дәл бейнелегенде ғана дұрыс жазу болады. Ендеше, қазақ жазуы қазақ сөзінің үндесім әуезін дұрыс көрсетіп отыру керек, басқаша айтқанда, жуан айтылатын сөздің таңбасы мен жіңішке айтылатын сөздің таңбасының арасында көрнекі айырма болсын». Бұл талапқа толығымен сай жазу, сөзсіз, Ақыметтің төте жазуы (Жүнісбеков, 2013: 83).

Төте жазудың және бір ұтымды тұсы – қазақ тіліндегі дыбыстарды толықтай таңбалануы. Соңғы фонологиялық зерттеулер бойынша қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс анықталды. К/к, г/ғ дыбыстары бір дауыссыздың жуан/жіңішке үндесім варианты ретінде қарастырылады (Жүнісбек Ә. 84). Ақымет жазуында 19 дауыссыз дыбыс дұрыс анықталады. Сондай-ақ, ғалым қазақ тілінде кездеспейтін, алайда әліппеден орын алған басы артық араб әріптерін графикадан алып тастайды. Олар: غ, ف, ص, ح, خ, ث, چ, ظ, غ, ط. Аталмыш әріптермен жазылған сөздер қазақ тілінің дыбыстық құрамында бар төл дыбыстарды таңбалайтын әріптермен жазылды. Мәселен, фил (فیل) – піл (پیل), афт (افت) – апат (اپات), сьфат (صفت) – сыйпат (سببیات), з'ат (ذات) - зат (ذات), з'алим (ظالم) - залым (زاليم), мис'ал (مثال) – мыйсал (مبیسال), хәбәр (خبر) - қабар (قابار).



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Төте жазу қазақ тіліндегі сөздердің буын құрамын бұзбайды. Тасымал ережелері де бұзылмайды. Мұның басты себебі – қазіргі у, и әріптерінің айтылым ережесіне сай тарқатылып жазылуы. Бастапқы «Оқу құралдарында» у әрпі қос ұу әріптерімен берілсе, кейінгі «Сауат ашқышта» үнді [y] дыбысы үшін арнайы таңба (ؤ) беріледі. Сәйкесінше и әрпі де [ий]بي, [ій]بيءболып тарқатыла жазылады.

**Нәтижелер мен талқылама.** Байтұрсынұлы Ақыметтің алғашқы әліппесі 1912 жылы «Оқу құралы. Қазақша әлифба» атауымен Орынбор қаласында басылып шықты. Кейін 1922 жылы Ташкентте қайта басылады. Әліппенің келесі бір нұсқасы 1926 жылы «Әліп-бій. Жаңа құрал» атауымен Қызылордада жарық көреді. Әліппенің соңғы жүйеленген нұсқасы «Сауат ашқыш» атауымен 1926 жылы Қызылордада шығады. Оқулықтарда ұсынылған әліпбилер арасында айтарлықтай айырма бар. Мәселен, 1922 жылғы «Оқу құралында» [ы], [і] дыбыстары жазбада ескерілмейді: брнші (ءبرنجی), кітап (كتب). А/ә-ден басталатын сөздер маддалы әліппен жазылады: ала (آلا), Арал (آرال). О, ұу дыбыстары ۋ-мен беріледі: тор (تور), арұу (اروو). [ш] дыбысты төл сөздерді ч арқылы таңбалайды: алаш (آلاچ), қашан (قاچان). [ғ] дыбысы ғ әрпімен таңбаланады. [е] дыбысы сөздің бастапқы буынында ي, ортаңғы һәм соңғы буындарда ۋ әріптерімен жазылады: ел (ايل), менде (مينده). Үнсіз әліп жазу жүйесінде сақталған: үй (ءاوى), ойын (اوين). Төтенің осы тектес кейбір ескі емле ережелерін сақтауы – сол кездегі қазақ жазуын реформалаудың алғашқы фазасы деп түсінгеніміз жөн. Ғалым кезең-кезеңімен жазу жүйесін жетілдіріп отырған. Бірінші кезеңде жазу жүйесіне сөз құрамындағы дауыстыларды жіңішкелендіретін дәйекше белгісі қосылды. Басы артық араб-парсы әріптері әліппеден алынып тасталды. Реформаның 2-кезеңінде жоғарыда көрсетілген барлық ескі емле нормалары өзгертілді.

Байтұрсынұлы Ақыметтің алғашқы жазу реформасының өзі сол кезеңдегі жазармандар мен оқырмандар үшін қолайлы болғаны анық. Бұл әліпбидің және бір артықшылығы – туыстас тілдердің жазу емлесіндегі бірлігі. Мәселен, қырғыз бен қазақ оқырмандары үшін екі тілде жазылған мәтінді оқу еш қиындық туғызбайтын. Жырларын қырғызша да, қазақша да қатар жазған Қ.Тыныстановтың мына бір өлең жолдарына назар аударсақ:

اويان جاسدار، اويلان جاسدار.

قاراب جاتبا، كوزگدى آچ!

سال آياقدى، ءارى آدمدا،

(تينستان ۋۇلۇ، 10:1925) اۋمتل اهندى آلغا باس!

Өлең жолдары қазақтілді де, қырғызтілді де оқырман үшін әбден түсінікті. Ач сөзін қазақтілді оқырман «аш» деп оқыса, қырғызтілді «ач» деп оқи береді.

Үндесімге негізделген араб жазуының жазу принциптерін, логикасын сақтап қалған жалғыз тіл – қазақ тілі. Оның өзінде ҚХР мекендейтін этникалық қазақтардың ұлттық әдебиеті есебінде төте жазу өз өмірін жалғастырып келеді. Алайда, Қытай қазақтарының әліпбиіне А.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Байтұрсынұлы алып тастаған ф, ч, в, һ дыбыстары қосылумен қатар, и, у әріптері қазіргі қазақ тілінің емле ережесі негізінде жазылады.

Қырғыз әліпбиінің негізін қалаушылар Қ.Тыныстанов, И.Арабаевтар алаш ағарту қозғалысының өкілдерімен тығыз байланыста болғандығы тарихтан белгілі. Сондықтан, төте жазу принцибіне негізделген қазақ және қырғыз жазуының айырмашылықтары аз. Қырғыз тіліндегі [ч] дыбысын таңбалайтын چ әрпі ش-мен алмастырылса, [й] дыбысы қырғыз тілінде – ې, қазақ тілінде – ې. Қазіргі қырғыз тілінде таңбаланбайтын [қ],[ғ] дыбыстары сәйкесінше ق, غ әріптерімен беріледі (Тыныстанов, 2001: 361). Қалған әріптер құрамы қазақ төтешесінен еш айрымаланбайды. Қытайдағы қырғыздардың ұлттық жазуын қалыптастыру барысында үндесімге негізделген төл жазу жүйесі есепке алынбай, жаңа графика жасалды. Бұл әліпбиде дауыстылар дәйекше арқылы ажыратылмай, жеке таңбалармен белгіленді. Мәселен, [ө] дыбысы қырғыз төтешесінде و (дәйекшелі О) болса, кейінгі арабнегізді графикаға و таңбасы енгізілді. [ү] – ة (дәйекшелі У) ة әрпі арқылы таңбаланды. Дәл осындай жағдай арабнегізді ұйғыр әліпбиінен де байқалады: ү – و, ө – و, в – و, у – و. Ауғанстан өзбектерінің графикасында: ү – و, в/у – و, й/и – ى, ә\е – ې. Қазіргі арабнегізді түркі жазуларында айқын алақұлалықты байқауға болады.

1-кесте: араб негізді қазіргі түркі халықтарындағы графикалардағы әріптер сәйкестігі

Қазақ	Қырғыз	ұйғыр	өзбек
Е ە	ە	ې	ې
Ә ۋ	-	ە	ا
Ө ۋ	و	ۆ	ؤ
Ү ۇ	ۇ	ۇ	و
Ұ ۇ	-	-	-
У ۇ	ۇ	ۇ	ۇ
В ۆ	ۆ	ۆ	و

**Қорытынды.** Байтұрсынұлы Ақыметтің жазу реформасы тек қазақ тілінің емес тұтас түркі жұртының жазу жүйесінің дамуына зор ықпал етті. Ғалымның замандасы Е.Омаров: «Все эти реформы А.Б. вместе с предложенным им новым звуковым методом обучения грамоте были приняты читающей публикой без всяких возражений, не вызывая почти никакой реакции среди широких слоев на селения, лишней раз доказавшего этим, насколько слабы в нем не только религиозный фанатизм, но даже самый обывачный консерватизм – приписываемая всем тюркским народностям косность. Если слабая степень фанатизма и косности в сознании массы киргизского народа являлась не обходимым условием столь быстрого признания ею новой азбуки и нового метода, то непосредственные причины

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

такого успеха предложенных А.Б.»(Елдес Омаров: 12-13), – деп Ақыметтің еңбегін жоғары бағалайды. Ақымет үндесім заңдылығына негізделген түркі жазу жүйесін жаңғыртты. Тілдегі дыбыстарды санын нақты анықтап, оларға жеке таңба берді. Әліпбиді басы артық әріптер мен емле ережелерінен тазартты. Қорыта айтқанда, ғалымның жазу реформасы байырғы түркі кезеңіндегі жазу дәстүрінің идеясын жаңғыртып, заманауи тілдік қажеттіліктерді толығымен қанағаттандырды.

### Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері – Алматы: «Абзал-Ай», 2018. – 368 б.
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
4. Тыныстанов К. Алғачқы эмгектер. – Бишкек: Сорос фонду, 2001. – 372 б.
5. 110 ب 1925ق. قاسيمنن ايرلارنن جينناغى. - ماسكو: س.س.س. ر.خ.ب.م.، - 110 ب 1925ق.
6. Елдес Омарұлы шығармалары. 1-том. – Алматы: – «Лұғат» қоғамдық қоры. – 2018. – 297 б.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ЛИНГВИСТ ҒАЛЫМ

### Бақбергенова Роза Қожабайқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Қазақстан/Алматы  
roza7713@mail.ru

**Аннотация:** Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, қазақ мәдениеті тарихын тереңінен игерген Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның ой-пікірлері қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымын, қазақ ағарту ісін одан әрі зерттеуге негіз болды. Оның автордың қазақ әліпбиін жасау жөніндегі идеялары қазіргі уақытта қазақ графикасының латын әліпбиіне көшуде де негізге алынып отыр.

**Кілт сөздер:** ұлттық ғылым, ұлттық терминология, грамматология, лингводидактика, ана тілі.

**Аннотация:** Байтұрсынұлы – основоположник казахского языкознания и литературоведения, реформатор национальной письменности, просветитель, тонкий знаток истории казахской культуры внес бесценный вклад в развитие казахстанской науки. Его идеи легли в основу дальнейших исследований казахского языкознания и литературоведения, казахстанского образования. Его авторские идеи по созданию казахского алфавита в настоящее время переживают «второе рождение» в связи с переходом казахской графики на латиницу.

**Ключевые слова:** национальная наука, национальная терминология, грамматология, лингводидактика, родной язык.

**Abstract:** Akhmet Baitursynov, the founder of Kazakh linguistics and literary criticism, a reformer of national writing, an educator, a connoisseur of the history of Kazakh culture, made an invaluable contribution to the development of Kazakh science. His ideas formed the basis for further studies of Kazakh linguistics and literary criticism, and Kazakh education. His author's ideas on the creation of the Kazakh alphabet are currently experiencing a «second birth» in connection with the transition of Kazakh graphics to the Latin alphabet.

**Key words:** national Science, national terminology, grammatology, linguodidactics, native language.

Әлем кеңістігінде өз дәуірімен бірге аталатын өзі ғұмыр кешкен кезеңмен бір ұғым, бір құбылыс болып кететін ұлы тұлғалар есімі жеткілікті.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

Қазақ ғылымы да қашан да ғұлама ғалымдарымен танымал, текті тұлғаларымен тұғырлы. Сақ дәуірінен басталған даналық жол орта ғасырлардағы Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Мұхаммед Хайдар Дулатилар арқылы толығып, Абай, Шоқан, Ыбырай тұсында кемелдене түскені анық. Қазақ руханияты өркендеуінің ренессанс кезеңі – жиырмамыншы ғасырдың басында ғұмыр кешкен әмбебап ғалымдарымыздың ұлттық ғылымның дамуына сіңірген еңбегі өлшеусіз екені ақиқат. Сексенінші жылдардың соңына қарай еліміздің еркіндігі мен елдігін, тәуелсіздігі мен бостандығын көксеген, саналы ғұмырын арнаған, саяси репрессияға ұшыраған Алаш зиялылары ақталды. Қазақ елі қоғам қайраткерлерінің ұлт мүддесі үшін еткен еңбектерімен қайта қауышты. Ұлыларымыздың сара жолы тәуелсіздігіміздің отыз жылында жаңғырып, жаңарып келеді.

Кеңес үкіметінің бастапқы кезеңінде А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кемеңгерұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Қожанов, С. Сейфуллин, М. Әуезов секілді т.б. ұлт зиялыларын алаңдатып, қатты толғандырған ұлт пен тілі мәселесі еді. Кез келген халықтың ұлт ретінде жойылып кетуі тілдің жойылуымен байланысты екенін кезінде Алаш азаматтары жақсы түсініп, ұлттық тіліміздің сақталып қалуына ерен еңбек еткен болатын. Алаш ардагері Ахмет Байтұрсынұлы: *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы Һеш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»*, – деп айтып қана қоймай, қазақ ұлты мен ана тілінің сақталуы жолында ерен еңбек етті. Қасіретті ғасырлардың тоғысында өмір сүрген қазақ түркітану ғылымының көсемі Ахмет Байтұрсынұлының қазақ руханиятындағы орны қандай?

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде, ЮНЕСКО аясында атап өтілуде. *«Ұлы дала тұлғалары» Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының тағлымы* тақырыбында ғылыми конференциялар өтуде. Қазақ руханиятында ғана емес, түркі әлемінде биік тұғырлы тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының орнын тағы анықтасақ, ұлттық ғылыми орта былай деп жауап береді: *Ахмет Байтұрсынұлы – мемлекет қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тілтанымының негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы. Энциклопедист ғалым Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні, ұлттық ғылымымыз бен мәдениетіміздің көсемі. Ұлағатты ұлт ұстазының қасіретті тағдырының өзі жоғары адамгершілік рухпен тарих сабақтарын үйрететін тағлым.*

Ахмет Байтұрсынұлы – мемлекет қайраткері. Ұлт ұстазы, Алаш қайраткері Қазақстанның автономиялық республикасының тұңғыш халық ағарту министрі (комиссары), ғылыми-әдеби комиссияның председателі, Бүкілресейлік ВЦИК-тің мүшесі, Кирвоенкомның мүшесі, КазЦИК мүшесі,

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

сондай-ақ Академиялық Орталықтың председателі ретіндегі қызметтерді аса зор жауапкершілікпен орындады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы. Неге? Басқа ұлттың ғалымдары (орыс ғалымдары): «Қалайша мектеп оқулықтарын ғылымның басы дейсіз?» – деп таңғалады. Әрине, бұрыннан оқу-жазуы бар, ғылымы бар, университеттері үш жүз, төрт жүз жыл бұрын ашылған халықтар үшін ғылымның негізін мектептен бастау оғаш көрінетін шығар. Шындығында, қазақтың нағыз ұлттық ғылымы – қазақ тілі туралы ғылым, қазақтың әдебиеті, қазақтың тарихы туралы ғылым [1.12].

Ғалымның бұл айтылған пікіріне дәлел: Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең елеулі, тарихи оқиғалардың бірі – Кеңескезеңінде оқуға рұқсат етілмей, тыйым салынған кітаптардың ашылуы, бүгінгі ұрпаққа оралуы болды. 1991-1992 жылдары ҚР Ұлттық кітапханасының «Арнаулы сақтау» деп аталатын жабық қорында жатқан, «СХ» («спецхран») деген мөрі бар басылымдар Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына ауыстырылды. Бұл қорда 1930-38 жылдары репрессияға ұшыраған алаштың асыл тұлғаларының жойылып, тәркіленген еңбектерінің біразы сақталған екен. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1913, 1914, 1920-1923, 1925, 1927); «Тіл – құрал» (1914, 1915, 1918, 1920, 1922, 1928); «Қазақ тілі грамматикасы» (1922, 1924); «Әліппе үлкендер үшін», «Сауат ашқыш» (1926); «Әліп-би» (1924, 1926-1928); «Жаңа әліппе» (1927); «Тіл жұмсар» (1928, 1929) т.б. ғылым салаларындағы еңбектері сирек қорға өткізілді. Біз бұл жерде ғалымның тек лингвистика ғылымындағы еңбектеріне тоқталып отырмыз.

*Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің құрылымдық жүйесін тұңғыш зерттеген ғалым.* Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілігі бар іс болып отыр. «Оқу құралы» арқылы балаларды сауаттандырып алғаннан кейін қазақ тілін жеке пән ретінде оқытудың құралын жазады. Ғалымның «Тіл – құрал» атты оқулығы – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. “Тіл – құрал” қазақ жұртшылығы үшін тілтаным ғылымында жазылған ең тұңғыш оқулық, тың дүние екендігін Ахмет Байтұрсынұлының өзі де ескертеді. Оқулықтың алғы сөзінде: “Тіл - құрал” деген ат қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын”, – деген пікірін жазады.

Бірнеше бөлімнен тұратын бұл оқулықтың әр бөлігі жеке-жеке «Тіл – құрал» деген атпен жариялана бастайды. 1914 жылы шыққан II бөлімі морфология құрылымына арналған. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын талдау, сөздерді топқа біріктіру, сөздердің тұлғаларын ажырату, сөздердің септелуі мен көптелуі, тәуелденуі, жіктелуіне қатысты тұжырымдары қазақ тілінің құрылымдық жүйесі саралап береді.



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

1915 жылы фонетика арналған I бөлімінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі қамтылды. содан кейін синтаксиске байланысты III бөлімі ұсынылады. “Тіл – құрал” еңбегінің үшінші бөлімінде синтаксис мәселелері, сөйлем мен сөйлем жүйесі қарастырылған. Ғалым қазақ тілінің құрылымын жүйелеуде, біздің байқауымызша, орыстың лингвистикалық ілімін негізге алғанымен, оның қағидалары мен жіктеулерін көшіріп алмаған. А. Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы – әр тілді өз табиғатынан шығарып сипаттау. Осы мақсатты ұстанған ғалым қазақ тілінің фонетикалық жүйесін айыруда ол орыс тілінің құрылымын негізге алмады, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін ескерді. А. Байтұрсынұлы когнитивті грамматика, коммуникативті грамматика, функционалды грамматиканың қазіргі кездегі терминдерін қолданбаса да, ғалымдық интуициясымен, ғалымдық талантымен жаңа бағыттарды негізін қалады.

А. Байтұрсынұлының грамматикасына дейін түркі тілдерін, оның ішінде қазақ тілін зерттеген еңбектер болды. Түркітану ғылымында Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, В.В. Радлов, М. Терентьев, И. Лаптев, В.В. Катаринский сынды түркітанушы ғалымдардың еңбектерінің маңыздылығын ерекше атағанымыз орынды. Н.И. Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда басылған «Материалы к изучению киргизского наречия» атты кітабы қазақ тілінің грамматикалық жүйесін танытқан тұңғыш еңбек. Автор қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен (автордың сөзімен айтқанда, татар тілінен) ерекшелінетін тұлғаларын көрсету мақсатында жазылған.

П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген атпен I бөлімі (фонетика және этимология) 1894 жылы, II бөлімі (синтаксис) 1897 жылы шыққан құнды еңбегі – қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ғылыми негізде жүйелі түрде баяндаған тұңғыш зерттеу. Аталған еңбектер түркі тілдерін зерттеушілерге арналған құнды еңбек. Орыс тілінде жазылған ғылыми сипатты еңбектер қазақ лингвистикасының негізі бола алмайтындығы белгілі тілші ғалымдардың еңбектерінде дәлелденген. Академик Р.Сыздық: *“Әзірге көзіміз әбден жеткен бір ақиқат: ана тіліміздегі ғылым саласы ХХ ғасырдың 10-жылдарынан басталғандығы және оның іргетасын қалаған – Ахмет Байтұрсынұлы екендігі”* – деп тұжырымдайды.

**Қазақ түркітану ғылымының ұлттық терминологиялық жүйесін қалыптастырған – Ахмет Байтұрсынұлы.** Қазіргі “термин” сөзінің орнына ғалым жиырмамыншы жылдары “*пән сөз*”, “*пән сөздері*” атауларын кеңінен қолданғандығын еңбектерінен көреміз. Аталған терминдерге қоса “*пән атаулары*”, “*атау*”, “*аталым*”, “*атаусөз*”, “*ұғымсөз*”, термин сөзінің қазақшаланған нұсқалары “*термін*”, “*термен*” біршама уақыт қолданыста болғанымен, қазіргі қазақ тіл білімі ғылымында “*термин*” сөзі қолданыста. Қазақ терминологиясының негізі өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш» атты іргелі еңбектерінде берік қаланды. Ғалым оқулықтарды жазу барысында әрбір ұғым, түсінік, нәрсе, затқа, әсіресе грамматикалық

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

категориялардың әрқайсына қазақша термин беріп, алғаш қолданысқа енгізді. Қазақ тілтанымында қазақ терминологиясының негізін салып, қағидаларын анықтап берді. Ахмет Байтұрсынұлы профессор Щербаның еңбектеріне сілтеме жасай отырып, түркі тілдерінің жазу тәртіптерін орыс тілі фонетикасы заңдылықтармен салыстырып, тұжырымды талдаулар жасай білген.

1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының I съезі мен 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың I құрылтайында жасаған баяндамаларында: *«Как мы, казахские научные и литературные работники, строим терминологию для литературы народа, и во-вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии»* [3.279], - тұжырым білдіріп, терминжасамның негізгі қағидаларын ұсынды:

- алдымен, ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі алынуы керек;
- ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөзді туыстас тілдерден алу; кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкесөзгертіліп алынады;
- қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін өзге тілден енген сөздер қазақша айтылуына сәйкес өзгеруі тиіс [3.45-46]. Ғалымның терминжасамдағы негізгі қағидаларынан “тіл мен ұлт” сабақтастығы ұстанымын ұстанғандығын байқаймыз.

«Ана тілі» атауын алғаш енгізген Ахмет «Тіл – құрал» оқулықтарында 310 лингвистикалық термин қолданыпты. Оның ішінде 108-і фонетикаға, 11-і лексикологияға, 109-ы морфологияға, 64-і синтаксиске, 18-і жалпы тіл біліміне қатысты [4.14-15]. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі 300-ден аса лингвистикалық терминнің 120-ға жуығы қазіргі қазақ тіл білімі ғылымында қолданылып келеді. Лингвист ғалым ұсынған тілтанымдық терминдер өте ұғынықты, қарапайым, түсінікті және дәл, әр термин қазақ тілінің байырғы сөз байлығы негізінде жасалынған. *Дыбыс, буын, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, тіл, түбіршік тіл, қопармалы тіл, жалғамалы тіл, жалғау, жұрнақ, түбір сөз, туынды сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш, есімдік, есімше, көсемше, рай, мүше, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем* т.б. терминдер терминжасам талаптарына сәйкес, өте ұтымды жасалынған. Аталған терминдердің авторының атын тарихтан сызып тастаған кезеңдердің (1929-1988) өзінде қазақ тілтанымында әлі күнге қолданыста. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде *фонетика, морфология, синтаксис* салаларын *дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі* деп қолданғанмен, аталған интернационалдық терминдерді қазақ тіліне аудармай, әлемдік лингвистикадағы қолданысын сақтап қалған. Ұлттық терминжасамның негізгі қағидаларынан “*тіл мен ұлт*” сабақтастығы ұстанымын ұстана отырып, ана тілімізге өте ұтымды,

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

өміршеңдігі мен жасампаздығы, табиғилығы мен танымдылығы айқын лингвистикалық терминдерді енгізгендігін байқаймыз.

*Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінде грамматологияның (жазу ғылымының) негізін салған ғалым.* Түркі халықтары қолданылып отырған араб таңбаларын икемдеп (реформалап), қазақ ұлттық әліпбиін ұсынды. Түркі тілдерін зерттеуші орыс, татар ғалымдары “Байтұрсынұлы жазуы” деп бағаласа, Ахмет Байтұрсынұлы “Қазақ жазуы”, ал қазақ халқы әлі күнге “төте жазу” ретінде аталып келеді. 1924 жылы ресми түрде қабылданған ұлттық жазу әліпбиі жұртшылық, мұғалімдер тарапынан тез қолдау тапты. Қазақ жазуының маңызыдылығы неде болды? Қазақ елін бірлесіп, ұйымдасқан түрде сауат ашуды іске асырды. Қазақ елінде ұлттық сана мен ұлттық мәдениетіміз дамыды. Орыс тілінде, орыс қарпімен оқытылып келген мектерде ұлттық төл жазуымыз қолданыла бастайды.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Бакуде өткен түркологиялық съезде Ахмет Байтұрсынұлының араб алфавиті негізіндегі жаңа жазудың артықшылығын дәлелдеп, латынға қарсы шыққандағы бір себебі – бұл жазудың Қазақстанда іс жүзінде қолданыс тауып, жаппай сауатсыздықты жоюдағы атқарған нақтылы қызметі болатын. Қазақ ұлтына білім, ғылымды меңгерту мақсатында араб әліпбиін негіз ете отырып жасаған қазақ ұлттық әліпбиін Қытай халық республикамыздағы қандастарымыз бен шетелдік қазақтарымыз да әлі күнге дейін қолданып келеді.

*Қазақ тілтанымы ғылымының пунктуациясының негізін салушы.*

А. Байтұрсынұлы әдеби тілдік норманың негізі – пунктуациялық норма мәселелерін де назардан тыс қалдырмады. Коммуниканттардың сөз мәдениетінде пунктуацияның қызметі өте маңызды. Ғалым қазақ жазу үлгісіндегі тыныс белгілерін «Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап, біреу олай, біреу былай деп атайтын еді», – дей келіп, негізгі тыныс белгілеріне алғаш төл терминдерді ұсынды: «тыныстық (.), жапсарлық (.), қосарлық (=), тастарлық (–), дәлдеулік (««»), сұраулық (?), лептеулік (!)» [2, 337]. Қазақ пунктуациясындағы *тыныс белгі, қосу (+), сұраулық, лептік белгі, нүкте, үтір* т.б. терминдері қазіргі уақытта да қолданыста.

*Ахмет Байтұрсынұлы және ұлттық лингводидактика.* Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салған “ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТ ҰСТАЗЫ” лингводидактика саласында 1910 жылдан басталған тәжірибесін жинақтап, 1920 жылы Қазанда тіл үйренудің жүйелі әдістері баяндалған “Баяншы” әдістемелік құралын шығарды. 1921 жылы Ташкентте әдістемелік құралын бастырды.

А. Байтұрсынұлының инноваторлығы тілдің құрылымдық моделін білім ретінде беру бағыты антропоцентристік парадигмаға негізделіп, яғни, екі бағыттың синтезделген жүйесі түрінде болуы қажеттігі әдіснамалық ой тұжырымдарында терең қарастырылады. Лингвистика ғылымындағы теориялық ақпараттар коммуникативтік бағытта, яғни, тілдік *қатысымдық (коммуникативтік) құзіреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

калыптастыруға бағытталу қажеттілігін дәйектейді. Ғалымның әдістемелік еңбектерінде қазіргі әлемдік білім беру жүйесіндегі *дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, кешенді оқыту технологиясы, коммуникативтік оқыту технологиясының негіздері* толық көріністепқандығын дәлелді түрде айта аламыз.

А. Байтұрсынұлының оқу-әдістемелік кешендері қазақ тіліндегі теориялық материалдарды практикамен ұштастырып, білім алушылардың коммуникативтік, лингвомәдени, когнитивтік және әлеуметтік-тұлғалық құзіреттіліктерін жетілдіруге негізделген. Лингводидактикалық еңбектерінде этнопедагогика, этнопсихология ғылымдары негізінде қазақ ұлт мектебінің тұжырымдамасын жасап, даму қағидаларын нақтылап көрсете білді. А. Байтұрсынұлы еліміздегі қазақ мектептері мен мұғалімдеріне көмек көрсету, халықтың сауат ашу және өнер-білімге тарту мәселелерімен мақсатты түрде айналысты. Ұлт мектептерінде ана тілімен қатар сол халықтың рухани мәдениеті мен тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмысы мен салт-дәстүрлері негізінде жүйелі білім беру мәселелері жөнінде айтқан ұтымды ой тұжырымдары қазіргі уақытта да құндылығымен ерекшелінеді. Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігінде әдіскер ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер тарапынан ұтымды технология ретінде құнды болып саналып отырған сын тұрғысынан ойлау ұстанымының құндылығын А. Байтұрсынұлы сол кездің өзінде-ақ дәлелдеген болатын.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 384 б.
2. Алаштың тілдік мұрасы. - Алматы, 2009.
3. Ахметтану бастамалары. - Алматы, 2005.

## **ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ**

**Жылқыбай Г. Қ.** – ф.ғ.к., доцент

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz

**Жанзакова М.** – докторант

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Қазақстан, Түркістан

**Түйіндеме.** Қазіргі таңда толығып, алуан салада өсіп-өрбіп, кемел болып отырған, ғылыми деңгейде зерттеле бастағанына жүз жылдан асқан ғылымымыздың алғашқы бұлақ-бастауларын А.Байтұрсынұлов секілді тіл білімпаздарының еңбектерінен бастау алғандығы мәлім. «Қазақ тіл білімінің атасы» атанған бұл тұлғаның татымды ой-толғаныстары мен тұжырымдарының уақыт өткен сайын құндылығының жойылмай, керісінше жоғарылап бара жатқанынын мойындамасқа болмайды. Мақалада әліпби түзуде, тілді оқыту мен үйретуде, бала тәрбиесінде, оқыту ісінде, еңбекқорлық пен ұйымшылдық жөнінде, ел басқару ісінде ақыл беріп, жол көрсетудегі ұлылығы мен кемеңгерлігі «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттың ұлы ұстазы» деген атқа лайықты екенін айғақтап тұрғандығы өзінің нақыл сөздері негізінде дәйектеледі.

**Резюме.** Как известно, первые родники нашей науки, которые на протяжении более ста лет изучались на научном уровне, восходят к творчеству таких лингвистов, как Ахмет Байтұрсынұлов. Нельзя не признать, что с течением времени ценность этих умозаключений, ставших «отцом

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

казахского языкознания", не исчезает, а, наоборот, возрастает. В статье обосновывается, что величие и гениальность в построении алфавита, в обучении и обучении языку, в воспитании детей, в деле обучения, в трудолюбии и сплоченности, в умственном и направленном руководстве страной свидетельствуют о том, что «Ахмет Байтұрсынулы - великий учитель нации» достоин своего звания.

**Abstract.** It is known that the first sources of our science, which are more than a hundred years old, began to be studied at the scientific level, which are now replenished, growing and improving in various fields, began with the works of linguists such as A. Baitursynov. It is impossible not to recognize that over time, the value of the thoughts and conclusions of this person, who became the "father of Kazakh linguistics", does not disappear, but, on the contrary, increases. The article is based on the proverbs of Oz, which indicate that "Akhmet Baitursynuly is the Great Teacher of the nation", his greatness and wisdom in the formation of the alphabet, teaching and teaching the language, raising children, teaching, hard work and organization, wisdom and guidance in the management of the country.

Қазақ тіл білімінің туып, қалыптасуы, бүгінгі кемел шағына жетіп, биіктерге көтерілуі оның іргетасын қалап, қазақ тілін ғылым ретінде қалыптастырған ардақты есімдермен тығыз байланысты екені даусыз. Қазақ тіл білімінің тарихында оның ғылыми-теориялық негізін салған ғалымдардың әрқайсысының орны ерекше.

Бүгінде туғанына 150 жыл толып отырған Ахмет Байтұрсынұлын әлем біліп, танып, бағалап, қадір тұтып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ үшін қасиетті есім. Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. ретінде жақсы біледі.

Бүгінгі мақсатымыз Ахмет Байтұрсынұлының қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытумен байланысты. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл деректері арқылы тіл білімінің үлкен ғылыми мәселелеріне тереңдей барып, өзіндік ой-тұжырымдарын әлемдік деңгейде қалыптастырғаны анық. Сондықтан да баршамыз оны қазақ тіл білімінің атасы дейміз.

«Ахмет Байтұрсынұлының бұл саладағы үлкен ізденістерінің басы – 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралы» болды. 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет басылған құрал, бұдан кейінгі жарық көрген «Тіл құралдары» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс еді. Ахмет Байтұрсынұлы тілді игертудің, тіл табиғатын түсіндірудің амал-тәсілдері жайына да ден қойып, ұлттық әдістеменің де негізін салды» [1, 2-3 б.].

А.Байтұрсынұлы оқулықтары негізінен мектеп оқушыларына арналып, 1912-1929 – жылдар аралығында бірнеше рет басылып шығып отырғаны белгілі. Ғалымның еңбектері мен кейінгі оқулықтарды өзара салыстыра отырып, көптеген категориялардың А.Байтұрсынұлы еңбектерінде басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. «Оның сыры неде?», «Не себепті тілдік категорияларды сипаттауда елеулі алшақтықтар орын алған?» деген сұраққа жауап іздеу барысында ғалымның бүгінгі таңда жаңа бағыт ретінде танылып жүрген когнитивті тіл білімі, функционалды грамматика мәселелерін сол кездің өзінде сөз етіп, терең талдаулар жасағанын байқаймыз.



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

Тілге осыншама қызмет ету үшін ұлтын соншалықты сүйе білу керек. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтын сүйюі, ұлтының тілін сүйюі оның айтқан әрбір сөзінен байқалып тұрады:

*1. Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Негұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы (А.Байтұрсынұлы).*

Осы тұста әліпби күдіретін жанымен де, тәнімен де сезінген, тар жол, тайғақ кешуінен өткен А.Байтұрсынұлының араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазу» жасаудағы қызметін ғалымдар пікірімен атап өткен жөн.

1920-1923 жылдар аралығында кеңестік түркі республикаларының барлығында латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты пікірталастар жүрді. Қазақстандағы әліпби реформасының басталуы жайлы М. Ескеева: «Латын әліпбиіне көшу туралы әңгіме Қазақстанда 1923 жылдың аяғында Мәскеу, Орынбор, Ташкент тәрізді ірі қалалардағы зиялы азаматтар мен сол жерлерде білім алып жүрген қазақ жастары тарапынан көтерілді. Бұл мәселенің көтерілуінің негізгі себебі, сол кезде Кеңес Одағының жүргізіп отырған саясатына орай, КСРО қарамындағы барлық түркі халықтарында латын жазуына өту жайлы сөз бола бастаған еді, сондай-ақ өркениетті Еуропа елдерінің латын жазуын қолдануы, Түркияның латын әліпбиіне көшуі де себепші болды. Олар өз ойларын баспасөзде жариялап, араб жазулы қазақ әліпбиін ауыстыру жөнінде Қырғыз (қазақ) білімпаздарының 1924 жылы жазда болатын тұңғыш съезінде талқылауды ұсынды» [2, 68-6.] – дейді.

1924 жылы қазақ тілімен қатар, бірқатар түрік тілдерін жақсы меңгерген және кеңестік үкіметтің орыстандыру саясатынан хабардар Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуына өзгерістер енгізе отырып, қазақ әліпбиін жасап шығарды. Халық арасында «Ахмет әліпбиі», «Төте жазу» деген атпен тараған бұл әліпби, шындығында, араб жазуының қиындықтарын азайтып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделген жазу саналатын. Бұл әліпбидің ғылыми негізделіп, лингвистикалық, педагогикалық және баспа шарттарын есепке ала отырып жасалғанына сол тұстағы белгілі түркологтар Н.А.Баскаков, Е.Д. Поливановтар жоғары баға берген болатын.

Кеңестік түркі халықтарының әліпбиін қалыптастыру ісіне зор үлес қосқан ғалым Е.Д. Поливанов «Новая казак-киргизская/Байтурсыновская орфография» деген мақаласында былай дейді: «1924 жылы қазақ-қырғыз графикасы қабылдаған бұл соңғы форманы, мен қалай дегенде де түзетуді қажет етпейтін және ұлттық жазуды тарихи қалыптастырудағы соңғы қадам болып табылатын ірі мәдени жеңіс ретінде толығымен мақтануға қақысы бар құбылыс деп есептеймін» [3, 103 б.].

Латын графикасына көшуді жақтаушылар мен оған қарсы шығушы адамдардың мақалалары бірінен кейін бірі шығып жатқан тұста қоғамда бұл мәселенің бір нүктесін қою қажет болды. Осы мақсатта 1924 жылдың 12-18 маусым аралығында Қазақ АКСР-нің астанасы Орынбор қаласында Қазақ-

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

қырғыз интеллигенциясының тұңғыш съезі өтті. Съезге Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қанаш Қазанғапұлы, Ишанғали Арабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Нұртаза Ерәліұлы, Манан Тұрғанбайұлы секілді қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерімен қоса, Кеңес Одағына белгілі ғалымдар мен Қырғызстан мен Башқұртстаннан арнайы делегаттар қатысып, негізінен, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің сан қилы мәселелерін ортаға салды. Осы съезд жайында «Еңбекші қазақ» газеті 1924 жылғы мамырдың 23-індегі санында былай деп жазды: «Бұл жиылыс еріккеннің ермегі емес, топалаң уақытындағы той емес, мектептерде оқу ана тілінде жүргізіліп, кітаптар жанданып, жазу машинасы шығып, мекемелерде іс қазақ тілінде жүріп жатқан дәуірде үлкен сапырылыс болып, пікір, өрнек, жазу-сызу, програмдар, жобалар майданы ашылған дәуірде өмір тілегімен болып жатқан жиылыс. Бұл жиылыс – ой, сөз жиылысы» [4].

Дәл осы съездің қазақ тарихындағы алар орны ерекше. Себебі, осы съезде Ахмет Байтұрсынұлы әзірлеген араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін қабылдау мәселесі қаралған болатын. Бұл жөнінде белгілі ғалым Р. Сыздықова: «А.Байтұрсынұлының қазақ жазуына икемдеген араб алфавиті қазақ жұртшылығы, оның ішінде мұғалімдер тарапынан қолдау табады және іс жүзінде солай оқытыла, оқулықтар мен мерзімді баспасөзде қолданыла бастайды. Дегенмен А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ графикасы ресми түрде тек 1924 жылы ғана Орынборда қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде қабылданады. Бұл тәжірибені өзге түркі тілдерінің кейбірі /өзбек, татар/ қолдап, өз жазуларына өзгерістер енгізе бастайды» [5, 24 б.].

Қазақтың әліпби мәселесімен шұғылданған зиялыларының Сталиндік қуғын-сүргінге ұшырауы туралы Бақытжан Хасанұлы: «Қазақ тіл білімінде қуғын-сүргін алдымен жазу (жазба тіл) саласында көрініс берді. Тілге тиек етер ұлтшылдық белгісін іздеу, жала жабу үш бағытта қатар жүргізілді. Олар: әліпби (сөз дыбысын жазу жүйесі, орысшасы – алфавит), графика (1. Жазу-сызу белгілері (графема), тыныс белгілері, екпін белгісі т.б.; 2. Графема мен фонема ара қатынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы) және емле (Жазу тілінде қолданылатын тарихи қалыптасқан бірыңғай жазу жүйесі); 3. Бірыңғай жазу жүйесі ережесін шығаратын тіл білімінің бір саласы, оның өзге тілден бізге енген атауы – орфография) – дей келе: «Әліпби ауыстыру, сайып келгенде, тіл саясатындағы ана тілінен жеруге әкеліп соқтырды, сол арқылы шовинист басшылар аңсаған ұлттық қосылу процесі мейлінше тез жүрді. Әлбетте, жазуды тездетіп ауыстыруға жергілікті ғалымдар мен ұлт кадрлары қарсы болды. Олар он жылда екі әліпби ауыстыруға (араб жазуынан латынға көшуге), одан үшіншісіне (орыс жазуы кириллицаға) көшуге немесе әліпбидің біреуін қабылдауға ашық қарсы болған қуғын-сүргінге ұшырады» [6, 104 б.] - деп мәлімдейді.

*Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау (А.Байтұрсынұлы).* Тілдің қадір – қасиетін, тілдің

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

міндетін осылай ақыл, қиял, көңіл әуенімен салмақты да әуезді етіп нақтылап көрсету А.Байтұрсынұлының қолынан келе алған! Тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Тіл – ойды жарыққа шығарудың құралы.

Сол себепті А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге.

**Ақыл ісі** – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, **қиял ісі** - меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; **көңіл ісі** – түйю, талғау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [7, 343].

*1. Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс (А.Байтұрсынұлы).*

А.Байтұрсынұлы сол заманда саралап айтып кеткен дүниені қаперге ала бермей, тілді үйретуде әлі ақсап жүрген жоқпыз ба? Ереже жаттатудан ұзап кете алмай жүрген жоқпыз ба?

*2. Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек (А.Байтұрсынұлы).* Осыған қарсы айтар уәжіміз бар ма? Уәжіміз жоқ, бірақ оқытпасқа амалымыз жоқ, өйткені бастауыш сынып бағдарламасында шетел тілін оқыту белгіленген. Керек десеңіз, бала бақшада шетел тілі оқытылады, тілі енді шығып келе жатқан бала қай тілдің өз ана тілі екенін, қай тілдің шетел тілі екенін шатастырып алатын жағдайға жетті.

*3. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал (А.Байтұрсынұлы).* Білім - бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді (А.Байтұрсынұлы). Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді (А.Байтұрсынұлы). Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек (А.Байтұрсынұлы). Осы айтқан сөздерінен оқыту әдістемесіне ерекше мән беріп, оқу-тәрбие жұмысының маңыздылығын баса айтып кеткендігін мойындаймыз. Білімі көп адамның оқыту барысында артықшылығы мен мүмкіндігінің де көп екенін алға тартады. Расында да солай екендігін күнделікті өмірден көріп те жүрміз.

*4. Бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе – шапшаң да жақсы істер еді (А.Байтұрсынұлы).* Жұрт жұмысы – құмырсқаның илеуіндегі жұмысқа ұқсайды: құмырсқаша жабыла тынбай істесе өнеді (А.Байтұрсынұлы). Ғылым мен өнер көбейген сайын – бейнет кемиді (А.Байтұрсынұлы). Оқусыз халық қанша бай болса да – біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді (А.Байтұрсынұлы).

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

*Неше түрлі ғылым, өнер - бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рахатын молайту үшін шығарған нәрселер (А.Байтұрсынұлы).*

Білімді де іскер адамның қарым-қабілетін, еңбекқор адамның, ұжымшыл адамның ісінің өнімді болатындығын тілге тиек ете келе, ғылым мен өнер жетістігінің түбінде адам өмірін жеңілдететінін болжайды. Ғылым мен білімнің адамға қызмет ететінін айтады. Расында да солай емес пе? Қазіргі ғылым мен білімнің нәтижелерінің көрсеткіштері болып отырған небір техникалық құрал-жабдықтар, күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген үй жағдайындағы құрал-жабдықтардан бастап ғылыми-техникалық үдерістегі әр алуан механизмдер, телефоннан бастап ақылды үй аралығындағы сан жетпес дүниелер - бәрі де тіршілікті жеңілдету мақсатын көздегені емес пе?!

*5. Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер! (А.Байтұрсынұлы). Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істеңдер! Сендер адассаңдар – арттарыңнан алаш адасады: арттарыңнан ергендердің обал - сауабына сіздер қаласыздар (А.Байтұрсынұлы).*

Ел алдында жүрген, ел басқарып жүрген басшыларға ел тағдырын аманаттағандай сөздер емес пе? Ұлт көсемдері адасса, оларға сенген, артынан ерген қарақұрым ел адаспай ма? Адасудың арты неге апарып соғады? Соның жауапкершілігін ескертіп сақтандырып тұр емес пе? Осы сөздерге қарсы бірдеңе деп айта алу мүмкін бе?

Әліпби түзуде, тілді оқыту мен үйретуде, бала тәрбиесінде, оқыту ісінде, еңбекқорлық пен ұйымшылдық жөнінде, ел басқару ісінде ақыл беріп, жол көрсетудегі ұлылығы мен кемеңгерлігі «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттың ұлы ұстазы» деген атқа лайықты екенін айғақтап тұр.

Ендігі мақсат, Ахмет Байтұрсынұлов зерттеулеріндегі басты ой-қорытындылары мен зерделеген ғылыми қағидаларының әлемдік маңызын анықтап, талдап, жүйелеп, ғалымның биігін таныту болмақ.

### **Әдебиеттер:**

1. Тілешов Е. Қазақ руханиятының көсемі, қазақ тіл білімінің атасы. // Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. 2-3-бб.
2. Саиров Е., Әбдіғали Б., Жабелова Т., Әлібек Д. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 616 б.
3. Ержәнібекұл А. Көне түркі елінің мәдени мұрасы // С. Аманжолов оқулары-2004: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен. 2004. – 158 б.
4. Еңбекші қазақ. – 1924. – 23 мамыр.
5. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлов. – Алматы, 1990. – 24-28 б.
6. Хасанұлы Б., Қ, Жұбанов мұралары: отандық, жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін. - Ақтөбе, 2000. – 119 б.
7. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
8. <https://bilim-all.kz/figure/27?posts=quotes>

**СОВРЕМЕННЫЙ АНАЛИЗ ПЕРЕВОДЧЕСКИХ  
ТРАНСФОРМАЦИЙ, ИСПОЛЬЗОВАННЫХ АХМЕТОМ  
БАЙТҰРСЫНОВЫМ ПРИ ТВОРЧЕСКОМ ПЕРЕВОДЕ БАСНИ  
И.КРЫЛОВА «ЛЕБЕДЬ, РАК И ЩУКА»**

Джолчибекова К. Ж. – Ph.D, доцент  
Таразский Региональный Университет им.М.Х.Дулати  
Тараз, Казахстан  
kulandam@mail.ru

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются вопросы приема переводческих трансформаций при переводе А.Байтұрсыновым басни И.Крылова «Лебедь, рак и щука» с русского на казахский язык. Материалы и результаты статьи могут быть применены как образец практического переводческого анализа для студентов переводческих специальностей.

**Аннотация:** Бұл мақалада И.Крыловтың «Аққу, шортан және һәм шаян» ертегісінің А.Байтұрсынұлының орыс тілінен қазақ тіліне аудармасындағы аударма трансформациясын қабылдау мәселелері қарастырылады. Мақаланың материалдары мен нәтижелерін аударма мамандығының студенттері үшін практикалық аударма талдауының мысалы ретінде пайдалануға болады.

**Abstract:** This article discusses the issues of application of translation transformations in the translation by A. Baitursynov of I. Krylov's fable "Swan, Cancer and Pike" from Russian into Kazakh. The materials and results of the article can be used as an example of practical translation analysis for students of translation specialties.

Ахмет Байтұрсынов (1872-1937) с детства стремился к знаниям, а затем посвятил всю свою жизнь просвещению своего народа. Возможно, наука ему была ему ближе, чем политика, но он понимал, что недостаточно учить науке, нужно менять жизнь людей, поэтому политическая борьба была важной частью его жизни. Живя в критические времена, А.Байтұрсынов никогда не изменял своим принципам, хотя он знал, что это опасно. Так он писал о своем предназначении: «Адамдық диқаншысы қырға шықтым, Көлі жоқ, көгалы жоқ, құрға шықтым. Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім, Көңілін көтеруге құл халықтың» – «Поднялся я на горку. Нет ни речки, ни зелени, голо вокруг. Посеял я семена человечности, чтобы хоть как-то поднять дух униженного моего народа!» [1]. Не случайно Мухтар Ауэзов назвал его «вождём казахской интеллигенции» [2, 196].

Кроме своей основной деятельности А.Байтұрсынов также занимался переводом литературных произведений с русского языка на казахский. Один из шедевров его перевода рассматривается в данной статье с точки зрения использования различных переводческих трансформаций. Если внимательно проанализировать смысл переведенных басен, все они имели отношение к политической и экономической обстановке в стране в то время.

Сборник начинается с перевода басни И.Крылова «Лебедь, рак и щука», где во главу угла ставится проблема разобщенности, что было наиболее актуально в то время, так как внутренние распри всегда были бедой казахского народа. Крылов пишет как раз о разобщенности и ее последствиях.



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

Как предполагается, в то время А.Байтурсинов не задумывался над использованием приемов перевода, и делал так называемый «творческий перевод», который в поэтической форме передает основной смысл оригинала.

Универсальной классификации переводческих трансформаций не существует: для имеющихся классификаций характерна либо широта, либо относительная узость подхода. Начинаящий переводчик может взять за основу одну из них а, в дальнейшем творчески ее переосмыслить и дополнить. Среди имеющихся классификаций в статье рассматривается классификация Л.С.Бархударова, который свел трансформации к пяти основным типам изменений: *перестановки* (в наиболее простом виде – изменение порядка слов в предложении); *замены* (частей речи, слов с более общим значением словами с более частным значением, антонимические замены); *добавления* (обычный случай – лексические добавления в качестве компенсации утраты грамматических средств выражения тех или иных значений), *опущение* (действие, обратное добавлению) и *модуляции* (замена реалий языка оригинала собственными средствами языка перевода) [3, 240].

Давайте рассмотрим некоторые примеры. В таблице 1 представлены оригинал и творческий перевод басни «Лебедь, рак и щука».

Таблица 1

И.Крылов	А.Байтурсинов
<b>«Лебедь, рак и щука»</b>	<b>Аққу, шортан һәм шаян</b>
<p>Когда в товарищах согласья нет, На лад их дело не пойдет, И выйдет из него не дело, только мука.</p> <p>Однажды Лебедь, Рак, да Щука Везти с поклажей воз взялись, И вместе трое все в него впряглись; Из кожи лезут вон, а возу все нет ходу!</p> <p>Поклажа бы для них казалась и легка: Да Лебедь рвется в облака, Рак пятится назад, а Щука тянет в воду.</p> <p>Кто виноват из них, кто прав,- судить не нам; Да только воз и ныне там.</p>	<p>Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн, Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.</p> <p>Тартады Аққу көкке, Шаян кейін, Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.</p> <p>Бұлардың машақаты аз болмады, Жұмысы орнына кеп мәз болмады.</p> <p>Тартса да бар күштерін аямай-ақ, Аслан жүк орнынан қозғалмады.</p> <p>Оншама ол жүк артық ауыр емес, Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес.</p> <p>Жүк бір ақ әлі күнге орнында тұр, Бырыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.</p>

На первый взгляд, так как оба текста состоят из 12 строк, возникает мысль, что это практически дословный перевод, что опровергается при детальном рассмотрении. На самом деле автор перевода применяет *перестановку*, когда начинает басню не с вступления «Когда в товарищах согласья нет...», а с основной части «Однажды Лебедь, Рак, да Щука (Жүк

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн)». В этой же строке наблюдаем еще одну перестановку, когда обстоятельство времени «однажды», которое стоит в начале предложения в оригинале переставляется в конец строки «бір күн», что объясняется возможностью рифмования его с выражением «дүркін-дүркін». Далее опять применяется *перестановка*, и *конкретизация* так как в казахском варианте автор сразу пишет о главных персонажах «Тартады Аққу көкке, Шаян кейін, Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін», тогда как в оригинале пишется об общих действиях трех персонажей «И вместе трое все в него впряглись». В следующих строках мы наблюдаем другой переводческий прием – *добавление*, где А.Байтұрсынов добавляет информацию от себя, которой нет в оригинале. Здесь одна строка «Из кожи лезут вон, а возу все нет ходу!» переводится четырьмя

«Бұлардың машақаты аз болмады,  
Жұмысы орнына кеп маз болмады.  
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,  
Аслан жүк орнынан қозғалмады.»

с добавлением смысла первых трех строк оригинального текста (*опущение, перестановка*):

Когда в товарищах согласья нет,  
На лад их дело не пойдет,  
И выйдет из него не дело, только мука.

При переводе строки «Поклажа бы для них казалась и легка» был применен *антонимический перевод* «Оншама ол жүк артық ауыр емес», так как в казахском варианте наречие «легко» заменено на отрицательную форму «ауыр емес».

Необходимо отметить мастерство А.Байтұрсынова как творческого, смыслового переводчика, который отталкивается от оригинального текста, осмысливает ситуацию и производит смысловой перевод. Так, строка «Кто виноват из них, кто прав, - судить не нам» полностью переформулирована для достижения цели коммуникации «Кұрсырттан «пәлен» деу де тәуір емес»; при этом в переводе взяты реалии - языковые единицы присущие и понятные казахскому народу. Данный прием перевода, который называется *модуляцией*, применяется фактически к переводу всей басни, каждая строка которой является оригинальным произведением А.Байтұрсынова, что подтверждает его выдающиеся качество поэта и баснописца. Последняя строка перевода басни «Бырыңғай тартпаған соң бәрі тегіс» является фактической интерпретацией первых двух строк оригинала:

«Когда в товарищах согласья нет,  
На лад их дело не пойдет»

Здесь мы также можем наблюдать полную трансформацию оригинала с целью творческого, смыслового перевода, так как в казахской версии сказано все то же самое, что и в оригинале, но, другими словами.

Таким образом, Ахмет Байтұрсынов использовал ряд переводческих трансформаций при переводе басен И.Крылова. В основном были

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

использованы *перестановки*, которые обеспечили творческий характер перевода. Вторым по мере употребления является *модуляция* – употребление собственных средств казахского языка для передачи значения лексических единиц. Данный прием также способствует творческому формату перевода. Также можно наблюдать такие трансформации как опущение, добавление, конкретизация и антонимический перевод. Данный анализ еще раз подтверждает необходимость использования переводческих приемов и трансформаций для обеспечения адекватного выбора эквивалентов.

### **Список литературы:**

1. <https://bilimsite.kz/olender/11440-adamdyk-dikanshysy.html>
2. Ақтайлақ, Б.С. Ахмет Байтұрсынұлының өшпес ізі // Роль выдающихся исторических личностей в становлении государственности на территории Казахстана: научно-методическое пособие. – Астана, 2012. - Б. 195-200.
3. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). М., «Международ. отношения», 1975. - 240 с.
4. Сейтказина К.О. (т.ғ.к., доцент). Ахмет Байтұрсынұлов еңбектеріндегі жер мәселесі / К.О. Сейтказина, Т.Т. Сағадатов// «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»: XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. - Нұр-Сұлтан, 2021. - Т. 2. Б. 274-277.

## **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**

**Алкебаева Д.А.** – ф.ғ.д., профессор  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
*e-mail: alkebaeva@mail.ru*

**Аннотация:** Мақала қазақтың біртуар тұлғаларының өкілі А. Байтұрсынұлының публицистикасына арналған. А. Байтұрсынұлының қазақ халқының қоғамдық санасын қалыптастыру жолындағы атқарған сан алуан қызметінің барысында публицистикалық шығармаларының маңызы зор. Ахмет Байтұрсынұлының сан –салалы қоғамдық қызметтерінің ең маңызды бөлігі оның публицистикалық шығармалары. Ахмет Байтұрсынұлы және де басқа қазақ зиялылары осы публицистикалық шығармалары арқылы қазақ халқының әлеуметтік және идеяологиялық сұранысын қажет ететін өзекті мәселелерді тек баспасөз арқылы халыққа жеткізу мүмкіндіктерін жақсы түсінген болатын. Мақалада «Қазақ», «Ұшқын» газеттеріндегі, «Айқап» журналындағы саяси-әлеуметтік мәні бар публицистикалық мақалаларына талдау жасалынады.

**Түйін сөздер:** публицистика, мемлекеттік саясат, прагматика, тіл, тәуелсіздік, ұлттық мүдде, ұлттық рух, ұлттық сана.

**Аннотация:** Статья посвящена изучению публицистики выдающегося представителя казахской интеллигенции А. Байтұрсынова. Публицистическое наследие А. Байтұрсынова играют важную роль в формировании общественного сознания казахского народа. Публицистические произведения А. Байтұрсынова представляют собой важную часть его многосторонней общественной деятельности. Ахмет Байтұрсынов и другие представители казахской интеллигенции ясно осознавали, что наиболее актуальные социальные и идеологические потребности казахского народа возможно передать посредством прессы. В статье осуществлен анализ публицистических трудов, опубликованные в таких социально-политически значимых газетах, как «Қазақ», «Ұшқын», а также журнале «Айқап».

**Ключевые слова:** публицистика, государственная политика, прагматика, язык, независимость, национально-освободительное движение, общественное сознание.

**Abstract:** The article is devoted to the study of the journalism of the outstanding representative of the Kazakh intellectuals- A. Baitursynov. The journalistic heritage of A. Baitursynov plays an important role in shaping the public consciousness of the Kazakh people. The journalistic works of A. Baitursynov are an important part of his many-sided public activity. Akhmet Baitursynov and other representatives of

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

the Kazakh intellectuals clearly realized that the most pressing social and ideological needs of the Kazakh people could be conveyed through the press. The article analyzes the journalistic works published in such socio-politically significant newspapers as "Kazakh", "Ushkyn", as well as the magazine "Aykap".

**Key words:** journalism, public policy, pragmatics, language, independence, national liberation movement, public consciousness.

Алаштың көрнекті қайраткерлері – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатұлы және т.б. қазақтың 20-ғасыр басындағы зиялылар қауымы қазақ елінде кең етек алған демократиялық – ағартушылық, қоғамдық-саяси әлеуметтік қозғалыстың көш бастаушыларының публицистикалық шығармалары туралы айту өте маңызды. Қазақ зиялыларының оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде алғашқы басылымдарды шығарумен де, қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Дүниені дүр сілкіндірген 20-ғасыр қазақ қоғамы үшін де тарихи саяси оқиғалардың ең маңызды кезеңдерін бастан кешірді. Оқу-ағарту саласында да саяси-әлеуметтік және экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер, атап айтқанда отарлау саясатына қарсы саяси-әлеуметтік күш дербестіктерінің ұйымдасуы, оның саяси сипаты мен сандық және сапалық деңгейге жетуі, ұлттық сана мен қоғамдық көзқарастарды қалыптастырды. Қазақ халқының бірлігі мен тірлігі үшін оның ел болып мемлекет болып тұтастыққа жету жолындағы саяси мәнді ықпал ету үшін жазылған мақалаларға қазақ қоғамы өте зәру еді.

Ахмет Байтұрсынұлының сан-салалы қоғамдық қызметтерінің ең маңызды бөлігі оның публицистикалық шығармалары. Ахмет Байтұрсынұлы және де басқа қазақ зиялылары осы публицистикалық шығармалары арқылы қазақ халқының әлеуметтік және идеяологиялық сұранысын қажет ететін өзекті мәселелерді тек баспасөз арқылы халыққа жеткізу мүмкіндіктерін жақсы түсінген болатын. Жартылай феодалдық, жартылай жаңа өмірге ұмтылған қазақ халқын оқу-білімге қол жеткізуге, қоғамдық санасын қалыптастыруға, ұлттық мүдде – мақсат мұраттарына жеткізу жолында публицистикалық шығармалардың алатын зор ролін түсінген еді. Қазақ зиялылары сол кезде қоғамдық ойға қозғау салу, бұқара арасында саяси хал-ақуалды қалыптастыру мәселесінде ұлттық газеттер мен журналдар, түрлі тақырыптар бойынша жинақтар шығарудың маңызын өте жақсы түсінді. Олардың барлықтары жалындаған тамаша публицистер еді. Олар 1911 жылдан бастап шыға бастаған «Айқап» журналы және 1913 жылдан жарық көрген «Қазақ» газеті беттерінде жалпыұлттық мәселелерді көтеріп, қоғамдық ойға қозғау салу мен халықтың саясатқа деген ынтасын арттырумен айналысты. Публицистикалық стильдің тақырыптық диапазоны өте кең: саясат, идеология, философия, экономика, мәдениет, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің проблемалары, қазіргі уақыттың кезектегі міндеттері, ағымдағы саясат мәселелері, әлемдегі, қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістер (публицистиканы «қазіргі кезең жылнамалары» деп бекер айтпайды) т.б. Р. Сыздық А. Байтұрсынұлов публицистикасы көбінесе мақалалар түрінде көрінеді (очерк, фельетон жоққа тән) – дейді [1, 46 б.].

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

Қазір атақты афоризмге айналып кеткен газет туралы айтқан «...газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», - деген сөзі баспасөздің халық өміріндегі айырықша маңызын көрсетті [2]. Халықтың көзі, құлағы һәм тілі бола білген қоғамдық-саяси – «Қазақ» газеті болды. «Қазақ» газеті (1913 жылғы 2 ақпан) Орынбор қаласында басылып шықты. Газеттің бастырушысы - «Азамат» серіктестігі, бас жазушысы (редакторы) Ахмет Байтұрсынұлы, ал М.Дулатұлы өкілетті өкілі болды. «Қазақ» газетін шығарудағы А.Байтұрсынұлының ерен еңбегін М.Дулатұлы аса жоғары бағалап: «А.Байтұрсынұлы публицист ретінде 1913 жылы Орынбор қаласында қазақтың тұңғыш басылымы, шын мәнінде де солай «Қазақ» газетін шығарып, оның беттерінде туған халқының мұң-мұқтажын батыл алға тарта бастады» [2], - деп бағалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық өмірдің алуан саласында саяси-әлеуметтік, мәдени, экономикалық қарым-қатынастарды көрсетуге қызмет етеді. Публицистикалық стильдің екінші бір ерекшелігі бар: ол – ұлттық әдеби тілдің толығына зор ықпал етеді әрі әдеби тілдің лексикалық-грамматикалық жүйелеріндегі даму ерекшеліктерін көрсете алады.

Публицистикалық стильге газет, журнал, радио, теледидар, деректі фильмдер тілі жатады. Ахмет Байтұрсынұлының публицистика саласына жасаған қызметтерінің бірі қазақ радиосын ашуға күш жұмсауы еді. Алайда ол басқа әңгіменің арқауы болады. Публицистикалық стиль (мемлекеттік мәні бар мәселелер бойынша) хабар, ақпарат жеткізу, үгіт-насихат, ақыл-кеңес беру, ой қозғау мақсаттарында да жазылады.

Ахмет Байтұрсынұлының сонымен қатар қазақ зиялыларының публицистикалық шығармалары арқылы ұлттық мүдде, бостандық, теңдік идеяларымен ұлттын қаруландыру еді. Публицистикалық стильдің негізгі мақсаты өмірдегі оқиғалар мен фактілерді бағалау, философиялық дүниетанымдық көзқарас тұрғысынан пайымдау мен түйін жасау болып табылады.

«Қазақ» газетінің беттерінде қазақ зиялылары қоғамдық-саяси өмірдегі ғасырлық артта қалушылықпен, кертартпалықпен байланысты жайттарға зор көңіл бөлді. Қазақ қайраткерлері «Қазақ» газетінде жер мәселесін талқылауға қатысты маңызды тұжырымдары қамтылған көптеген мақалаларын жариялады. Публицистикалық стиль хабар, ақпарат жеткізу, үгіт-насихат, ақыл-кеңес беру, ой қозғау мақсаттарында да жазылады. Публицистикалық стиль тілдің бірнеше қызметін атқарады, бірі – хабар беру, екіншісі ықпал ету. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ зиялылары осы публицистикалық стильде жазылған мақалалары арқылы ұлт мүддесі жолында қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамыту жолын, ұлттық мәдениет пен оқу –ағарту саласының дамуы үшін халыққа хабар беріп қана қоймай олардың санасына ықпал етуді дүниетанымдық көзәрастарын қалыптастыру жолында аянбай



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

тер төкті. Ұлт тарихымен бірге жасасып, саяси-әлеуметтік өмірдің қайнаған ортасынан табыла білді. Қазақ қайраткерлері «Қазақ» газетінде оқу –білімге, мәдениетке шақыратын, қазақ елінің ауыр тұрмысы мен өмірін өзгертуге ықпал ететін публицистикалық мақалаларының маңызы зор болды. Публицистикалық стильдің ерекшелігі, яғни жалпы тілдік қабаттың лексикалық қазынасының барлық қатпарларын пайдаланады.

Публицистикалық стильдің субъективті-объективті мәнін анықтауда лингвостилистикалық ерекшеліктерін қалыптастыруда “автор” деген ұғымның атына да көп жағдайда қатыстылығы айқындалып отырады. Қазіргі публицистикалық стиль түзуші автор “жұмсақтық, адамгершілік қасиеттерге” көп көңіл бөлгендіктен, өзінің ойы мен сезімін қатар ұстап, ойшылдық, көрегенділік, бақылағыштық қасиеттерді қайта електен өткізетін өз құқығын нақты пікірмен ұштастыратын тұлға ретінде танылады. Ахмет Байтұрсынұлы да қазақ өмірінің қоғамдық – саяси өмірінің сан алуан мәселелерін қамтуда қоғамдағы оқиғаларға бағалау, сараптау, сынау, тәрбиелеу мәселелерге көп көңіл бөлді. А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы ұлы Абайға арналады. Ол алғаш рет ұлы ақын Абайды халыққа таныстырды, оның тарихи – әлеуметтік миссиясының мәнін атап көрсетті, өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық сипаты мен сөз өнеріндегі алатын орнын айқындады. Осы мақаласында ол өзін публицист және әдебиетші ретінде көрсетті. Публицистикалық мәтіннің авторы тағы бір жеке тұлға ретінде танылады, яғни ол – әлеуметтің адамы, ол – саяси өмірдің барлық қыр-сырын әлеуметтің назары мен көзқарасының жиынтығы тұрғысынан қарайды, сондықтан ол шындық болмысқа реалды түрде белсене араласады. Автор публицистикалық стильде риториканың тәлімін, тәсілдерін, аргумент теориясын полемика, саяси-әлеуметтік әдіс-тәсілдің мәніне талдау жасау мәселесіне көңіл аударады. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың өкпесі» (1911) атты мақаласында: Жоқты барға теңгерген ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз...» Осы ғылым мен өнерді керек қылатын «қазақтардың» көбеюі Ахмет Байтұрсынұлының ойынша халықты тығырықтан шығаратын сара жол болып табылады.

Мысалы, «Өз бетімізше өмір сүру үшін бізге білімге және жалпы мәдениетке аянбай ұмтылу керек; бұл үшін бірінші кезекте ана тілімізді дамытумен шұғылдануымыз керек. Өз бетінше өмір сүруді үміт еткен жұрт ең әуелі өз тілінде сөйлеп, өз әдебиетін иеленуі керектігін ешқашанда ұмытуға болмайды», – деп ескертеді Ахмет Байтұрсынұлы [4, 192б].

Сол кездегі газеттердегі мақалардың көбі жер саясатына қатысты еді. Патша әкімшілігінің жер саясаты қатысты жазылған «Жер жалдау жайынан», «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шаруа жайынан», «Қазақ һәм жер мәселесі», «Аңдаспаған мәселе» турасында және т.б. мақалаларында Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жері қазақтың иелігінен кетіп бара жатқанына күйзеле отырып, жер бөлудегі патша саясатының шынайы мәнін айқын ашып көрсетеді. Жерден айырылса, қазақтың халі неге ұшырайтынын ұлт жанашыры сол кезде-ақ көре білген.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

А. Байтұрсынұлының саяси тұлға ретінде танылуының ең басты көрсеткіштері оның саяси мәндегі мақалаларынан да толық көрініс табады. Атап айтқанда, «Тағы да народный сот қақында», «Земство», «Бұл заманның соғысы», «Жәрдем комитеті», «Закон жобасының баяндамасы», «Билікті орнына келтіру», «Қазақ халқын билеу туралы 1868-ші жылы шыққан уақытша положение», «Торғай справка», «1891-ші жылы 25 мартта шыққан степной положение, яғни осы күнгі положение», «Сайлау және партия ережесі», «Осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктер», «Сот ісіне хакімдердің қатысы», «Билікті орнына келтіру», «Көшпенді қазақтардың сотын өзгертудің лебізі», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек», «Таптық әм кеңес құрылысындағы рушылдықтың әсері», «Ов туралы» атты мақалаларында қоғамдық-саяси өмірдегі ғасырлық артта қалушылықпен, кертартпалықпен байланысты жайттардың мәніне терең үңілуімен ерекшеленеді [3]. Өзінің бар өмірін қазақ халқының бостандығы мен ерікті ел тәуелсіздігі жолында жанқиярлықпен тер төккен А. Байтұрсынұлы өмірі ұрпақтан –ұрпаққа үлгі-өнеге. Қазақ халқы азаттықтық арманына жететіне ол үлкен тәуекел мен жомарт жүрекпен талай азапты да қасіретті күндерді бастан кешірсе де, қасқайып қарсы тұра білді. «Бұл заманның соғысы», «Жәрдем комитеті», «Закон жобасының баяндамасы» 1914 және 1915 жылы жазған мақалалары үшін штраф – айып пұл төлеген. «Таптық әм кеңес құрылысындағы рушылдықтың әсері» атты мақаласында қазақ арасына таралған рушылдықтың жұрнақтары туралы баяндады.

«Шаруа жайы» мақаласында «Шаруаның қай саласын болса да түзету үшін, түрлендіру үшін білімге қоса шыдамдылық керек. Бақытсыздығымызға орай, шыдамдылық қазақ қанына толық сіңбеген әдет. Қазақта әлі жалқаулық, тұрлаусыздық мол, шыдамдылық жоқ: бірі істі бастаса аяғына жеткізбей тастай береді. Бірақ жалқаулық пен тұрлаусыздық бір жола шегеленген, «қияметке шейін қалмайды» деп ұғынуға жарамайды. Табанды тәрбиемен, заманның айдауымен шыдамдылық тұмақшы» - дейді, Бұл мақаласында қазақ халқының өзіне тән кейбір қасиетпен болмысына тән кемшіліктерге оның қыр-сырын әлеуметтің назары мен көзқарасының жиынтығы тұрғысынан қарайды, айналадағы шындық болмысқа реалды түрде өз көзқарасын бағалау арқылы салыстыру мәнінде айтады.

«Сүтті сиырдың белгілері» атты мақаласында да сиырдың сүтінің құнарлылығы туралы айтады. «Дүние қандай» мақаласында дүние мен жерді салыстырып, біз өмір сүрген жерді Ай, Сатурн, Күн планеталарымен салыстырып дәлелдейді. Оқырманға астронмиялық білім береді.

А.Байтұрсынұлының публицистикасын қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де жазған. Бұл туралы Р. Сыздық «Жизнь национальностей» журналында «Революция және қазақтар» (1919), «Тағы да Қазақстандағы аштық жайында» (1921) мақалалары жарық көрді дейді [4, 29 б]. «Оқу жайынан» мақаласында «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі; бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймай, ауытқымай, түзу жүреді. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай күшті

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

болуымыз керек Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек» – дейді. А. Байтұрсынұлының мақалалары қазақ елінің отаршылдықтағы мүшкіл халін, қоғамдық дамуындағы кем-кетігін көзімен көріп, жан-тәнімен сезінген оның семсер сөзі ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту идеясына жаңа рух берді. Ояну дәуірінің жетекші күшіне, ұйыстырар өзегіне айналды. Бодандық бұғауындағы, ұлттық езгідегі елінің «Ноқталанғанша һәм ноқталанғаннан кейінгі істелетін істер басқа-басқа» («Жауап хат») немесе «басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай күшті болуымыз керек Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек» екенін әлеумет санасына сіңірумен болды.

Ол өзінің саяси-әлеуметтік мәселерге қатысты жазған публицистикалық мақалаларында тұрмыс мәселесі туралы да оның қоғам өмірінің негізгі бөлшектерінің бірі екенін де назардан тыс қалдырмады. Мысалы, «Тұрмыс мәселесі – тоқсан түйіннің тоғысып шиеленісетін жері. Тұрмыс мәселесі деп айтатын айтылатын шын адамшылық мәселесі, яғни өмір бақытты болу мәселесі, оның басының, жұрт қамының, мемлекет жайлылығының, дүние тыныштығының мәселесі [5, 99 б]. Ол мақаласында қазақ әлеуметтік ортасындағы тұрмыс мәселесінің адам баласы үшін маңызына назар аудартып оның сипатына талдау жасайды». Ұсақ уақиғаның бірден-ақ ұлы уақиғаға себеп болатын жерлері де бар. Үлкен үйге кішкене кілт жол ашатын сияқты үлкен іске көбіне кіші де кілт болады, кіп-кішкене ұшқыннан үп-үлкен өрт шығады. Аз нараздық көңілден үлкен ұрыс, төбелес, соғыс шығып кетеді. Сол сияқты адам қателескен бір ғана ісінен өмірлік тұрмысын ауырлатып алуы ықтимал – деген қанатты сөздерінде тұрмыс мәселесінің адам тіршілігіндегі басты орынын көрсетуді анықтап береді. Тұрмыс мәселесі де – адам баласының өмір сүруінің алғышарттары адам капиталының негізгі көрсеткіші қоғамдық-саяси өмірдегі ғасырлық артта қалушылықпен, кертартпалықпен байланысты жайттарға зор көңіл бөлудің мәнін түсіндірді. Мына сөзінің мәні қарапайым болса да адам өз бойындағы мінін көру арқылы соны түзету керектігіне тәрбиелейді. Адамға өз бойындағы үйреншікті міні – мін болып көрінбей өз үйіндегі кемшіліктер – кемшілік болып керінбейді. Жұртқа да солай. Салтындағы, қалпындағы, ғұрыптағы жаман әдет – жамандық болып көрінбейді. Бойдағы мін бойында міні жоқ біреуді көргенде байқалады; үйдегі кемшілік кемшілігі жоқ үйді көргеннен кейін көзге түседі; жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді», - деген ойы да астарлы маңызы қазақ халқы үшін жазылмаған заңдар сипатына ие.

Публицистикалық стильдің хабарлама функциясы тілдің құрылымдық жүйесінің, бейтарап сөздердің қабатын құрайды. Олар – ұлттық тілдің сөз байлығы, стандарт сөздердің лексикалық қатарлар тізбегі. Мәдени коммуникацияда стилистикалық амал-тәсілдер хабарлама жеткізу үшін ауызша және жазбаша тілмен берілетін шығарманың стилистикалық нормасы жасалу қажеттігі бірінші орынға қойылады. Тілдің стилистикалық әсер ету

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

және прагматикалық мақсат ету функциясынан концептуалды сөздер (бағалаушы лексика), көркемдік тәсіл, сөйлем құрамы, сөйлемдердің компоненттерінің құрылымдық ерекшеліктері айқындалып отырады. А. Байтұрсынұлының жазған мақалаларында хабарламалық және әсер ету функциясының өзара ортақ қызмет бірлігінен сөздің экспрессивтігі және стандартты сөз үлгілері публицистикалық стильдің негізгі стильдік базасын құрайтындығы мен ықпал ету қызметінің осы жанрдың қоғамдық қызметінің әмбебаптық ролін арттыруға ықпал еткенін көрсетеді. А.Байтұрсынұлының мақалалары хабар беру мен ықпал етудің әлеуетін көтеруде ауызекі сөйлеу тілі бірліктері, қанатты сөздер, бейнелі тұрақты тіркестер, тілдің көркемдік амал-тәсілдерін де пайдаланған, алайда сол кездің қабылдау мен пайымдауларына қарай да қарапайым сөздер, сөз тіркестері де жиі ұшырасады.

Публицистикалық стиль арқылы жаңа сөздер енеді, сөз мағынасы кеңейеді, тарылады, тіпті қолданыстан шығып қалады, терминдермен толығыады, жаңаша, мәндес тіркестер пайда болады, сондықтан қазақ тілінің жан-жақты дами түсуіне зор ықпал етеді. Қазақ тіл ғылымының барлық салаларына қатысты көкейтесті мәселелерінің негізгі түйін, қорытындыларын публицистикалық стильде жазылған шығармалар беретіндіктен,

А. Байтұрсынұлының публицистикасының қазақ әдеби тіліне және публицистикалық стильдің дамып толығыуына ықпал еткенін белгілі. А. Байтұрсынұлының публицистикалық мақалалары арқылы саяси көзқарасын қалыптастырды, қайраткерлік дәрежеге көтерді. Оның жазған публицистикалық мақалалары қазақ публицистикасының жанрлық дамуына, толығыуына, баюына үлкен ықпал етті, оның мақалаларының өзектілігі мен өміршеңдігі бүгінде маңызды. Ахмет Байтұрсынұлының мақалалары – қазақ халқының саналы, мәдениетті, білімді мемлекет болу жолындағы саяси рух бергенін, рухани жағынан толысуының қайнар көзі.

### **Әдебиеттер:**

1. Сыздық .Р. Ахмет Байтұрсынұлы. Алматы: Қазақ ССР «Білім қоғамы».1990.52-бет.
2. Қазақ. – 1913. - №1.
3. Байтұрсынұлы. А Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу/құрастырған Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. 464-бет.
4. Байтұрсынұлы .А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том.-Алматы: - «Алаш», 2004. 480 б.
5. Байтұрсынұлы. А «Тіл тағылымы». Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбегі. Алматы, «Ана тілі» , 1992, 448-бет.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том.-Алматы: - «Алаш» - 2004.480 б.

**А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САН ЕСІМДІ ТОПТАСТЫРУҒА  
ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ**

**Жұбай О.** – ф.ғ.д., профессор м.а.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
*alm-ornai@mail.ru*

Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсінуі, когнитивті қабылеті көрініс табады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Ғалым «зат есім» метаконцептісін «нәрсе» концептісі тұрғысынан айқындаған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды», – дейді [1, 27-б.]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сан есім нәрселердің нәрселердің есебін, іретін көрсететінін айтады. Ғалым сан есімнің екі мағыналық тобын көрсетеді: есептік сан есім, реттік сан есім. Бұлардан басқа нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететін сөздер (*жарты, жарым, шійрек*) бар екенін ескертіп, «Тіл – құралдың» **1920 жылғы басылымында телімдік, 1923 жылғы басылымында жарнақ, 1927-1928 жылғы басылымдарында бөлшек** деп атайды. Есептік сан есімнің өзін іштей екіге (*жай, жадағай*) бөледі. Жай есептік сан есім ретінде *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жыйырма, отыз, қырық, еліу, алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың, т.с.с.* атаса, жадағай сан есім ретінде бүгінгі таңда «жинақтық сан есім» деп аталып жүрген *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу* деген сан есімдерді атайды. Сан есімдерден кейін зат есім тіркесе алатынын (*бір бала, екі кітап, бесінші сынып, т.с.с.*), ал *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу* сан есімдерінен кейін зат есім тіркесе алмайтындықтан (*біреу бала, бесеу оқушы* деп айтылмайды), оларды «жадағай сан есімдер» ретінде көрсетеді. Алайда оларды арнайы мағыналық топ ретінде жеке шығармайды. Себебі бұлардың саны шектеулі (7-ге дейін ғана) әрі олар есептеу үшін қолданылатындықтан, есептік сан есімнің ішінде сипатталған. Бүгінгі таңда бұл сан есімдер орыс тіліндегі «собирательные числительные» деген атаудың калька жолымен аудару салдарынан «жинақтық сан есім» деп аталып жүр. Дұрысында, *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу* сан есімдерінде жинақтау мәні жоқ. *Біреу* сан есімі бір ғана затты көрсетсе, қалай жинақтауы мүмкін? Оқушылар атауын негізге алып, жинақтық сан есім мен топтық сан есімдерді шатастырып жатады. Яғни бұл сан есімдерді «жинақтық сан есім» деп атаудың орнына А.Байтұрсынұлының ұстанымдарын негізге ала отырып, «жадағай сан есім» деп атаған жөн әрі оны жеке мағыналық топ ретінде ерекшелеудің қажеті



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

жоқ. Себебі есептеу барысында жадағай сан есімдер жетіден кейін жай есептіктерге ауысып кетеді.

Кейінгі еңбектерде тұлғаға ғана мән беріліп, мағыналық ерекшелігі назардан тыс қалса, А.Байтұрсынұлы оқулықтарында тұлғалардың мағынасы, қызметі, қолданысы ескеріліп, соған сәйкес жіктелген. Бүгінгі грамматикаларда сан есімнің алты түрі көрсетіліп жүр. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан есімнің екі түрі ғана аталған. Қазіргі оқулықтардағы болжалдық сан есімдер ғалымның еңбектерінде жеке мағыналық топ ретінде берілмейді. Себебі А.Байтұрсынұлы: «Нәрсенің дәл **санын** білуге сұрағанда **«неше?»** деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл санын білуге емес, **шамасын** ғана білуге сұрағанда **«қанша?»** деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін» – деп жазған еді [1, 27-б.]. Яғни *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жыйырма, отыз, қырық, еліу, алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың*, т.с.с. сан есімдердің бәрі дәл санын білдіретіндіктен, «неше?» деген сұраққа жауап береді. Ал «болжалдық сан есім» деп атап жүрген *қырық шақты, үш-төрт, мыңға жуық, жүзге тарта*, т.с.с. сөздер шаманы, мөлшерді білдіретіндіктен, «қанша?» деген сұраққа жауап береді. Сол себепті олар бірге қарастырылады. Себебі есептік сан есім «неше?» деген сұрақпен қатар «қанша?» деген сұраққа да жауап береді. Алайда қазіргі кезде **неше? қанша?** сұрау есімдіктері синоним ретінде, бірінің орнына бірі қолданылып келеді. Соның салдарынан тілімізде *қаншанышы, қаншасынышы (Қаншанышы сыныпта оқисың? Қаншасынышы орын алды?), қаншауы (Қаншауы келді? Қаншауын аламыз?)* т.с.с. қазақ тілінің нормаларына қайшы қолданыстар етек алып барады.

Ақымет Байтұрсынұлы еңбектерінде *жиырма* сөзінен жасалған реттік сан есім бүгінгідей *жиырмашынышы* түрінде емес, *жиырманшынышы* түрінде берілген:

Ретін көрсететін сөздер; мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алтысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, миллионыншы*. Бұлар **реттік** деп аталады [1, 27-б.].

10) **Жұрнақ «ыншы»**. Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болып айтылады. Мәселен, *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, ... оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы ...* [1, 27-б.].

Дұрысында, қазақ тіліндегі реттік сан есім тудыратын жұрнақ дауыссыз дыбыстардан соң **-ыншы/-інші** түрінде жалғанғанмен, дауысты дыбыстардан кейін жалғанғанда қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалады: *екінші, алтыншы, жетінші* т.с.с. (*екісінші, алтысыншы, жетісінші* емес). Осы үлгі бойынша *жиырма* сөзіне де жұрнақ жалғанғанда *жиырманшынышы* түрінде жалғануы тиіс. Бұл орайда тіліміздің заңдылықтарын

жетік білетін Ақымет Байтұрсынұлы сынды ғалымдарымыздың тұжырымдарын әрдайым есте ұстау қажет.

А.Байтұрсынұлы ұстанымдарын негізге алған Қ.Кемеңгерұлы [2], Т.Шонанов [3], Қ.Жұбанов [4] еңбектерінде де болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылмайды. Қ.Жұбанов есептік сан есімдерді «реттік сан есім» деп атап, оларды өз ішінен тең үлес түрі (*екі-екіден*, т.б.); болжал түрі (*бес-он; бестер, он шақты*, т.с.с.) деп жіктегенмен, жеке мағыналық топ ретінде көрсетпейді. Кейін І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, т.б. зерттеушілер топтау және болжалды сан есімдерді жеке мағыналық топ ретінде атап, сан есімнің 6 түрлі мағыналық тобын көрсетеді. Бұл ұстаным қазіргі қазақ тілінде де сабақтастық тауып келеді. Соның нәтижесінде «Современный казахский язык» (1962), «Қазақ тілінің грамматикасы» (1967), А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» (1974), «Қазақ грамматикасы» (2002), т.б. еңбектер мен мектеп оқулықтарында болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылып, топтау сан есімдері мен болжалды сан есімдер сан есімге көптік қосымшасы, шығыс септік жалғауы, **-лап/-леп** тұлғаларының қосылуы арқылы жасалатыны туралы айтылады. Сан есімге **-нікі, -дағы/-дегі, -дай/-дей, -сыз/-сіз, -лы/-лі, -лық/-лік**, т.с.с. қосымшалар да жалғанады. Алайда ол қосымшалар жалғанған сөздің бәрін сан есімнің мағыналық топтарына қоса беруге болмайды. Кейінгі оқулықтарда **«топтау сан есімдері»** деп танылған *екеулеп, бір-бірден, он-оннан, бір-бірлеп* т.с. с. сөздер үстеу ішінде де сөз болып, *топтау (я саралау) үстеулері*, кейде *мөлшер үстеуі* ретінде беріліп жүр [5, 549-б.]. Яғни бір форма екі түрлі сөз табының аясында қарастырылуда. Дұрысында, «топтық сан есімдері», «топтау үстеулері» деген арнайы топ жасаудың қажеті жоқ. Себебі *он-оннан, үштен, екі-екіден, бес-бестен*, т.с.с. қолданыстар сан есімнің затсымақтануы нәтижесінде пайда болған: *он-он кітаптан, екі-екі баладан, бес-бес студенттен*, т.с.с. Мұнда зат есім түсіп қалғандықтан, оның жалғауы сан есімге жалғанып, сан есім зат есімнің қызметін атқарып тұр. Сонымен қатар *екеулеп, бір-бірлеп*, т.с.с. қолданыстар жадағай (жинақтық) сан есім, есептік сан есімдерге **-ла/-ле** етістік тудыратын қосымшалар жалғанған, одан кейін **-ып/-іп** көсемше жұрнағы қосылған. Көсемше етістіктің алдынан келіп, пысықтауыш қызметін атқара алады. Бірақ соған байланысты жеке мағыналық топ етіп, ат қойып, айдар тағудың қажеті жоқ. Қазақ тіл білімінде өзіндік із қалдырған ғалым – Ы.Маманов көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контекске немесе түбір сөздің мағынасына байланысты әртүрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (*бестен, бес-бестен*) мен көптік формасын (*ондар, жүздер*) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызудың ғылыми тұрғыдан негізсіз екендігін айтады [6, 83-84-б.].

А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның «морфологиялық концепті» деген атауды қолданбаса да, оның табиғатын, өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Грамматика мен лексиканың өзара қатысын

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

сипаттай келіп, ғалым тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құрайтынын түсінген. Ғалымның сан есімдер табиғатына қатысты ұстанымдарын зерделей түсу бүгінгі тіл білімінде қалыптасқан тұжырымдарға жаңаша қарап, шынайы табиғатын түсінуге көмектесетіні анық.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. – Семей, 1927. – 27-32 б.
2. Кеменгерұлы Қ. Оқу құралы. I кітап. – Ташкент, 1928. – 134 б.; II кітап. – Қызылорда, 1929. – 194 б.
3. Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских. – Қызылорда, 1929. – 113 с.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
5. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. – 783 б.
6. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ БІРЫҢҒАЙ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ**

**Әділбек А.М.** – ф.ғ.к., доцент,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан  
*amangul\_ab9@mail.ru*

**Аннотация:** Мақалада қазақ тіл біліміндегі бірыңғай сөйлемнің мүшелерінің зерттелуі және бірыңғай сөйлем мүшелеріне қатысты А.Байтұрсынұлының ғылыми тұжырымдары қарастырылады.

**Кілт сөздер:** қазақ тіл білімі, бірыңғай сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, жалғаулықтар, зерттеу.

**Аннотация:** В статье рассматривается исследование однородных членов предложения в казахском языкознании и научные выводы А. Байтурсынова относительно однородных членов предложения.

**Ключевые слова:** казахское языкознание, однородные члены предложения, подлежащее, сказуемое, предложения, союзы, исследования.

**Abstract:** The article reviews the research on homogeneous members of sentences in Kazakh language and the scientific conclusions of A. Baytursynov regarding homogeneous members of sentences.

**Keywords:** kazakh linguistics, homogeneous parts of a sentences, a subject, a verb, a conjunction, research

XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің дамуы мен қалыптасуында маңызды орын алатын ұлы тұлға, алаш зиялысы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – мемлекет қайраткері, ақын, публицист, ағартушы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Сыздық Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімін дамытудағы еңбегі турасында: «А.Байтұрсынұлы өзіне жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі қазақ жазуын («Байтұрсынұлы жазуын») түзген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазған. Одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

«Тіл – құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші, сауат аштыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншы» мен «Әліп-би астарын» жазған. Міне, бұлар – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектері, осы салалардағы орнын көрсететін үлесі, Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық білім-ғылымының көшбастары дегізетін тарихи мұра» – десе [1.7], ғалым Ө.Айтбаев: «Қазақ тілі жайында А.Байтұрсынұлынан бұрын да зерттеулер болған. Бірақ олардың бәрі де орыс тілінде жазылған еді. Олардың бірде-бірін де (Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский т.б.) қазақ тілінің өзіне тән табиғаты жүйелі түрде ашылған емес. Және олар орыс тілінде жазылғандықтан, қарапайым халықтың сауатын ашуға пайдасы аз болды. Міне, сондықтан да біз Ахаңды қазақ лингвистикасының бастауында тұрған басты тұлға деп есептейміз. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы» деп бағалайды [1.16]. Ғалымдардың бұл пікірлерінен Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әліпбиінің, грамматикасының және әдебиет теориясының ғылыми негізін қалаушы тұлға екендігін танимыз.

Қазақ тілі білімінде жалпы сөйлем мүшелерінің зерттелуі 1920 жылдардағы оқулықтардан бастау алады. Алғаш сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер ретінде жіктеп, анықтама берген лингвист ғалым – А. Байтұрсынұлы. Ғалым сөйлем мүшелері жайында «Тіл – құралдың» «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші кітабында сөз етеді. Ол үшін кіріспе ретінде «Сөйлем жүйесі» атты тақырыпша беріп, онда сөйлемнің анықтамасын былайша білдіреді: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады» [2, 263].

Сөйлем мүшелері жеке қолданылуымен қоса топ-тобымен де қолданылады. Оларға бірдей сұрақ қойылып, бірдей синтаксистік қызмет атқарады. Тіл бірліктерінің бірыңғайлық қызметі сөйлем және сөз тіркесі, сабақтас және салалас қатынастар, синтаксистік қызмет және семантика-синтаксистік қатынас сияқты тікелей іргелі түсініктермен байланысты болғандықтан синтаксистің күрделі мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының пікірінше, «Құрмалас сөйлемдер өз ішінде сыйыса және қиыса құрмаласқандар болып бөлінеді. Сыйысулы сөйлемнің белгісі бірнеше мүшелері бірөңкей болу және олардың аралары кіші тыныспен (үтірмен) айырылады деп мысалдармен дәлелдеген [2, 301].

Тіл жүйесіндегі мұндай заңдылыққа А. Байтұрсынұлынан басқа Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Р.Әміров, М.Балақаевтар назар аударған. Аталған ғалымдар өз еңбектерінде А.Байтұрсынұлының «сыйысқан» деген терминін қолданып отырған. Мәселен, С.Аманжолов: Өткен түнде қар жауып

еді. Бүгін жаңбыр жауады деген сөйлемді сыйыстырып, Өткен түнде қар, бүгін жаңбыр жауды деп қысқартып айтуға болатындығын көрсеткен [3, 312].

30-жылдардағы қазақ тілі туралы зерттеулерде алғаш рет Қазақ тілі грамматикасында (1934) тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер, бірыңғай мүшелер, олардың тыныс белгілері туралы барынша талданып, сараланады [4, 14]. Сондай-ақ қазақ ғалымдары Х.Басымов баяндауыштардың дара, күрделі бірыңғай түрлері туралы, С.Аманжолов бірнеше анықтауыштардың, пысықтауыштардың қатар келуін бірыңғай анықтауыштар, бірыңғай пысықтауыштар деп, олардың тыныс белгілерін түсіндіреді.

Тіл білімінде сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің ерекшеліктерін, байланысу тәсілдерін түсіндіруде А.Байтұрсынұлы зерттеулерінен бастау алып, қалыптасқан пікірлер мен көзқарастар баршылық. Қазақ тіл білімінде сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне мынадай анықтама беріледі: «Бірыңғай деп грамматикалық қызметі жағынан, грамматикалық формасы жағынан, грамматикалық байланысы жағынан ыңғайлас келген мүшелерді айтамыз» [5,159].

«Жай сөйлемде бастауыш біреу болып, баяндауыш бірнешеу болуы да немесе тұрлаусыз мүшелер бірнешеу болуы да мүмкін. Осындай түрлі сөзбен қайталап айтылған кейбір мүшелердің, біріншіден, сұраулары ортақ болады, екіншіден бәрі бір ғана мүшеге байланысады. Сөйлемдегі бір-ақ сұрауға жауап беріп, бір-ақ мүшемен байланысып тұрған сөздерді сөйлемнің бірыңғай мүшелері дейміз» [3, 259-б.].

Қазақ тіл білімінде бірыңғай мүшелерді байланыстыратын жалғаулықтардың табиғатын жан-жақты қарастырған Р.Әмір жалғаулықтарды былай топтайды:

1. Ыңғайластық жалғаулықтар: мен, және, әрі, да, де, та, те.
2. Қарсылықтық жалғаулықтар: бірақ, сонда да, алайда.
3. Талғаулықтық жалғаулықтар: не, немесе, болмаса, я, біресе.

Жалғаулықтар бірыңғай мүшелерді байланыстырғанда, олардың арасындағы мағыналық қатынасқа сай жұмсалады. Ал әр мағыналық топтағы жалғаулықтардың да өзара жұмсалу ерекшелігі бар. Ерекшелік жалғаулықтардың даму, қалыптасу тарихына, белгілі бір синтаксистік міндетке бейімделуіне сай пайда болған деп түсіндіреді [6, 176]. Сонымен, жоғарыда айтылған ғалымдар пікірін басшылыққа алып, оларға тән мына үш белгіні атауға болады:

1. Сөйлем мүшелерінің бірдей қызмет атқаруы;
2. Бірдей қызмет атқаратын сөздердің салаласа байланысуы.
3. Өздеріне ортақ сөзбен сабақтаса байланысу;

Осы басты үш белгісі сөйлемнің бірыңғай мүшелерін анықтайды. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері грамматикалық жағынан бір-біріне тәуелді емес, бірақ бірдей дәрежеде үшінші сөйлем мүшесіне тәуелді, яғни олар өзара салаласа және бірдей семантикалық-синтаксистік қызмет атқара отырып белгілі бір сөзге тәуелді болады. Олар бірдей синтаксистік қызмет



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

атқарғандықтан, бірдей грамматикалық формадағы сөз таптарынан жасалады. Мысалы:

Ол судан да, мұздан да қорықпайды (Тар жол тайғақ кешу 466).

Ыстықтан тершіп, күлісіп, сөйлесіп жігіттер келеді (Сол жылдарда, 8).

Менің туып-өскен жерім таулы, орманды, бұлақты, өзенді жер (Тар жол тайғақ кешу, 333).

Бұлар бірыңғай мүшелі сөйлемдер. Бірінші сөйлемдегі *судан, мұздан* бірыңғай жанама толықтауыштар, екінші сөйлемдегі *тершіп, күлісіп, сөйлесіп* бірыңғай амал пысықтауыштар, үшінші сөйлемдегі *таулы, орманды, бұлақты, өзенді* бірыңғай анықтауыштары бір мүшенің маңына топтасып бірыңғай тізбек құрап тұр. Бұл бірыңғайлардың тұлғасы бірдей, бірінші сөйлемде зат есімнен болған толықтауыштар, бір баяндауышқа бағынып, екінші сөйлемде *-іп, -ып, -п* тұлғалы көсемшеден жасалған бірыңғай пысықтауыштар баяндауышты, үшінші сөйлемде *-ты -ті -лы -лі -ды -ді* жұрнақты туынды сын есімнен болған анықтауыштар бір бастауышты анықтап тұр. Осындай бір сөйлем мүшесі бірыңғайлық қатар құрап, басқа бір мүшеге қатысты болу арқылы сөйлемдегі ой кеңейіп саралана түседі.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы айтылған тұжырымдарды қорытындылай келе, бірыңғай мүшелердің тіл дамуының көне кезеңінен қазіргі заманымызға жеткен тарихи синтаксистік категория екендігін анықтауға болады. Бірыңғайлық ерекше синтаксистік категория ретінде салаластық және сабақтастық байланыстың екі түрінің өзара әрекетінде пайда болады. Сөйлемдегі екі немесе бірнеше сөйлем мүшелері бірдей синтаксистік қызмет атқара отырып, өзара салаласа, басқа мүшелермен сабақтаса байланысады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдер күрделенген сөйлем түріне жатады, олар өзіне тән құрылымдық ерекшелігімен, әр түрлілігімен, семантикалық жағынан күрделенуімен жай сөйлемнен ажыратылады.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің қалыптасуы, зерттелуі мәселелеріне айтылған пікірлері әлі де өзектілігін жоймаған. Көрнекті ғалым, ұлт жанашырының қазақ ғылымы мен біліміне қосқан сүбелі үлесі – ірі теоретик ретінде қазақ тіл білімінің негізін қалағаны деп білеміз.

### Әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2017. – 396 бет.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1994. – 320 б.
4. Қоянбаева С.Б. Қазақ тіл біліміндегі сөйлем мүшелері проблемасының зерттелуі тарихынан. Филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 24 б.
5. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1983. – 168 б.
6. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1998. – 192 б.

## А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Әміров Ә.Ж. – ф.ғ.к.

Дәрменқұлова Р.Н. – ф.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан

**Аннотация:** Қазақ терминологиясы жөнінде сөз болғанда ең алдымен А.Байтұрсынұлының есімі аталып жатады. Өйткені ол көптеген ұлт тіліндегі терминдердің жасалуына, олардың қолданысқа енуіне үлес қоса білді. Мақалада А.Байтұрсынұлы қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдары, сол еңбектерде ұсынылған терминдер, олардың жасалу тәсілдері, ғалымның термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндіктерін сарқа пайдалана білгендігі, ол терминдердің басым көпшілігінің қазіргі кезде де тұрақты түрде қолданылып жүруінің басты себептері және т.б. жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлының бір ғана ғылым саласы емес, бірнеше ғылым саласы терминдерін жасап бергендігі де нақты мысалдар арқылы дәлелденіп көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** термин, терминология, қазақ терминологиясы, терминжасам тәсілдері, термин қалыптастыру.

**Аннотация:** Когда речь заходит о казахской терминологии, в первую очередь упоминается имя А. Байтұрсынұлы. Потому что, ему удалось внести свой вклад в создание национальных терминов, и их использования. В статье подробно рассматриваются учебники и учебные пособия, представленные в этих работах, термины, способы их создания, умение ученого использовать возможности нашего языка в терминостроении, основные причины, по которым подавляющее большинство терминов используется сегодня как постоянные термины. Также на конкретных примерах доказываем, что А.Байтұрсынұлы создал термины не одну область науки, а несколько областей науки.

**Ключевые слова:** термин, терминология, казахская терминология, способы терминообразования, формирование термина.

**Abstract:** When it comes to Kazakh terminology, the name of A. Baitursynuly is mentioned first of all. Because, he managed to contribute to the creation of national terms, and their use. The article discusses in detail the textbooks and manuals presented in these works, terms, ways of creating them, the ability of a scientist to use the capabilities of our language in terminology, the main reasons why the vast majority of terms are used today as permanent terms. It is also proved by concrete examples that A.Baitursynuly created the terms not in one field of science, but several fields of science.

**Keywords:** term, terminology, Kazakh terminology, methods of term formation, term formation.

А.Байтұрсынұлы қаламынан туындаған еңбектердің барлығының дерлік өзіндік орны ерекше десек артық айтқандық емес. Бұл тұрғыда 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралын» (қазақша әліфби), 1914-16 жылдар аралығында және одан кейін де бірнеше рет басылып шыққан үш бөлімнен тұратын «Тіл құралы» оқулығын және т.б. еңбектерді атап айтуымызға болады. Бұл еңбектерді жазу барысында ғалым тіл білімі саласына қатысты көптеген терминдерді жасап берген болатын. Мәселен, *әріп, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын, жұрнақ, жалғау, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау, одағай, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш, қыстырма сөз, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем* т.б. толып жатқан лингвистикалық терминдер А.Байтұрсынұлы қаламынан туындаған. Бұл арадан байқалатыны ғалым жасаған терминдер тіл білімінің барлық салаларына, атап айтқанда фонетика, морфология және синтаксиске қатысты. Бұл жөнінде терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы былай дейді: «А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

жиынтығын, дәлірек айтқанда терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде» [1, 189]. Демек, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы ғалым ретінде танылады. Сондай-ақ расында да ғылымның бір орында, бір қалыпта тұрмайтынын, үнемі жетіліп, дамып отыратынын ескерер болсақ, онда бұл жағдайда тіл білімі саласында да жаңа ұғымдар пайда болатынын айта аламыз. Бұған қазіргі қолданыстағы терминдер айғақ бола алады.

А.Байтұрсынұлы тіл білімі саласының терминдерін жасаумен ғана шектеліп қалмаған, ол сонымен қатар әдебиеттану, қазақ тілін оқыту әдістемесі салаларына қатысты да көптеген терминдерді жасағаны белгілі. Сондай-ақ Р.Сыздықованың айтуынша жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынұлов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпыхалықтық кәнігі сөздер болып кеткен [2, 21].

Ғалым жасаған әдебиеттану саласының терминдері өзі құрастырған «Әдебиет танытқышта» кездесіп отырады: *арнау, алмастыру, ауыстыру, әсерлеу, әсірелеу, бейнелеу, бернелеу, бүкпелеу, көріктеу, кейіптеу, кекесіндеу, дамыту, түйдектеу, меңзеу, айшық, шумақ, тармақ, бунақ, байымдама, сауықтама, зауықтама, сарындама* т.б.

Ал әдістемеге қатысты *әдіс, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалқылау-жалпылау әдісі* терминдерін кездестіреміз. Бұл тұрғыда А.Байтұрсынұлының «Баяншы» (1920 жылы) деген атпен әдістемелік құралы және басқа да бірнеше мақалалары жарық көрген. Байқап отырғанымыздай ғалым термин жасауда негізінен оларды ұлт тілінде жасап, қалыптастыру бағытын ұстанған. Яғни, шет тілі сөздерін тілімізге енгізгенде оны аудармай, сол қалпында қолдана беруге болмайтынын, егер аудармай қолдана беретін болсақ, уақыт өте келе тілімізден айырылып қалуымыз ғажап емес екендігін, сондықтан шет тілі терминдеріне әуестенбей, өз тілімізден балама тауып қолдануымыз қажеттігін айтады.

Мұны автордың өз сөзімен нақтылар болсақ: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [3, 51].

А.Байтұрсынұлының көрегендікпен айтқан бұл пікірі өз кезегінде белгілі нәтижеге ие болған. Яғни, ғалым өз ойларын айтып қана қоюмен шектелмей, оны іспен дәлелдеп көрсеткен де. Оған автордың еңбектерінде берілген терминдер дәлел бола алады. Әйтсе де ХХ ғасырдың бас кезінде айтылған мұндай дұрыс әрі қажетті пікірлер еліміз егемендігін алып, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған уақыттан бері де толығымен жалғасын тауып отыр дей алмаймыз. Өйткені кеңестік кезеңді айтпағанның өзінде

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

қазіргі кезде де халықаралық терминдерді мүлде аударуға болмайды, оларды сол қалпында қолдану қажет деген ұстанымды ұстанып отырған ғалымдарымыз әлі де баршылық. Соған қарағанда олар кезіндегі А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының тіл үшін, тілдің ұлттық сипатын арттыру үшін күресіп, сол жолда өздерін құрбан етуге даяр болған әрекеттеріне бей-жай қарайтындай. Бұл бір. Екіншіден, олар халықаралық терминдерді аударып қолдануға болады деген және оны түрлі дәлелдермен дәлелдеп жүрген бүгінгі таңдағы терминолог ғалымдарымыздың пікірлерімен келіскісі, санасқысы әрі оны түсінгісі де келмей, сол кешегі кеңестік санадан арыла алмай отырған сыңай танытады. Ал бұл сияқты кертартпа әрекеттер тіліміздің құлашын кеңге жая отырып одан әрі еркін дамуына, терминдеріміздің ұлт тілінде жасалып, қалыптасуына кері әсерін тигізері хақ.

Жалпы А.Байтұрсынұлы термин жасау барысында сөзжасам, терминжасам тәсілдерін пайдаланады. Оның ішінде семантикалық тәсіл арқылы жасаған терминдері мыналар: *әдіс, рай, буын, шақ, түбір* т.б.

Ол морфологиялық тәсіл арқылы да көптеген терминдерді жасаған және осы тәсілмен жасалған терминдерінде негізінен *-ша/ше, -уыш/уіш, -ыс/іс, -дама/деме, -у, -лық/лік, -ма/ме, -ба/бе* сияқты жұрнақтар орынды қолданылған. Мәселен *-ша/ше* жұрнағы арқылы *есімше, көсемше, қосымша; -уыш/уіш* жұрнағының көмегімен *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш; -ыс/іс* арқылы *азаптаныс, әлектеніс, марқайыс, сұқтаныс* сияқты әдебиеттану терминдерін, сондай-ақ қазіргі кезде де белсенді жұрнақ ретінде қолданылатын *-у* жұрнағының көмегімен *алмастыру, ауыстыру, арнау, әсерлеу, әсірелеу, бейнелеу, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, жалғау, үстеу, кейінтеу, кекесіндеу, түйдектеу* т.б. толып жатқан терминдерді жасауы автордың терминжасам барысында жұрнақтарды тиімді пайдаланғандығын көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының синтаксистік тәсіл арқылы жасаған терминдері де аз емес. Оның ішінде сөз сөз тіркесі арқылы жасағандары: *дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, дыбыс жүйесі, ашық буын, атауыш сөз, қос сөз, зат есім, сын есім, сан есім, одағай сөз, көптік жалғау, септік жалғау, оңаша тәуелдік, салт етіс, сабақты етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, шартты рай, қалау рай, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, құрмалас сөйлем* т.б. Оның осы синтаксистік тәсілмен жасаған, бірақ қазіргі күнде қолданылмайтын терминдері де кездесіп отырады. Мысалы, *беделді етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс, шығыс етіс, азалы рай, билік рай, ереуіл рай, реніш рай, мұң рай, қайрау рай, теріс рай* және т.б.

Жалпы А.Байтұрсынұлының терминдерді ұлт тілінде жасауының өзіндік себептері болды. Ол ең алдымен, сол кездегі қоғамдық-саяси, мәдени өзгерістерге байланысты еді. Нақтырақ айтар болсақ, оның бір көрінісі сол кездегі қазақ мектептерінің ашыла бастауы болып табылады. Қазақ мектептерінің ашыла бастауы қазақ тілінде оқулықтар жазуды қажет ететіндігі белгілі. Ендігі бір себебі ретінде ғылым-білімнен онша хабары жоқ

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

сол кездегі қалың бұқараның ғылыми атауларды еркін түсіне алуына мүмкіндік туғызу әрекетін айтар едік. Ал түптеп келгенде бұл әрекеттердің барлығы да қазақ тілінің ұлттық сипатын арттыру, қазақ тілін таза сақтау негізіне келіп саяды. Сондықтан да бұл сияқты көп себептер А.Байтұрсынұлын ғылыми ұғымдардың атауларын қазақша беруге, қазақша атауға жетелеген деп білеміз. Нәтижесінде ғалым жасап берген ғылым салаларының терминдерінің түгелге жуығы ХХ ғ. бас кезінде жасалғанына қарамастан қазіргі күнге дейін тұрақты түрде қолданылып келеді. Бұл орайда айта кететін жайт совет кезінде, яғни терминдерді қазақша аударып қолдану әрекетінен гөрі совет халқына ортақ термин қалыптастыруды мақсат еткен кезеңнің өзінде-ақ А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер сол қалпында, өзгеріссіз қолданылып келгендігі. Бұл дегеніміз ғалым ұсынған терминдердің негізінен өте сәтті шыққандығын көрсетсе керек.

Әрине термин жасау кез келген адамның қолынан келе бермейтін, оңай шаруа емес екендігі мәлім. Оның үстіне ғылым салаларының терминдерінің жасалуы енді ғана қолға алына бастаған тұста (ХХ ғ. бас кезі) тіптен де қиын болғаны аян. Бірақ соған қарамастан ғалым жасаған терминдердің сәтті шығуы олардың (термин) терминге қойылатын талаптар тұрғысынан келуіне, яғни терминдік талапқа сай жасалуына себеп болған. Яғни, А.Байтұрсынұлы ХХ ғ. бас кезінде-ақ мұндай талаптарды ескере келе, соның үдесінен шыға отырып ғылыми ұғымдардың атауларын жасап берген. Нақтырақ айтқанда, ғалым жасаған терминдер ұғым мазмұнының дәл берілуі, терминдердің жүйелі, қысқа да нұсқа келуі, не сөзжасам заңдылықтарына сай жасалуы, не болмаса эстетикалық және басқа да талаптар тұрғысынан бағаланады. Ал термин жасау кезінде бұл сияқты талаптардың үнемі басшылыққа алынып отырылуы терминдердің сәтсіз жасалуына алып келмейді, керісінше ұтымды шығуына итермелейді. Сондықтан ұғымға ат қою кезінде мұндай талаптардың әрдайым ескеріліп отырылуы оң нәтижеге жетелейді.

Жинақтай келе, ғылыми терминологияны қалыптастыруда А.Байтұрсынұлының өзіндік үлесі, өзіндік орны ерекше. Ол ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білді.

### **Әдебиеттер:**

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. – 952 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлов // Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 33 б.
3. Байтұрсынұлов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.



# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

**Бекбаева Т.А.** – т.ғ.к., аға оқытушы

Академик Т.С. Садықов атындағы «Қазақстан тарихы» кафедрасы  
*t.a.bekbaeva@mail.ru*

**Муратказин М.М.** – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан  
*muratkazin@bk.ru*

**Андатпа:** Баяндамада, қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың баспа саласында атқарған қызметі мен оның әдеби мұрасындағы тәуелсіздік идеясы туралы айтылған. Әсіресе, А. Байтұрсыновтың «Қазақ» газеті шығармашылығында қазақ зиялыларының еңбектерін жарыққа шығарудағы мақсаты туралы баяндалған. Баяндамада қазақ қоғамында баспа ісін дамытуға қосқан А.Байтұрсыновтың қызметі сараланған. Сонымен қатар, оның балалық шағынан бастап, алғаш қамауға алынған жылдары тікелей кеңестік идеология негізінде жүзеге асырылғандығы туралы айтылған. А. Байтұрсыновтың өмір соңына дейінгі қызметіндегі қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен жолы сараланып, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаған ұстаз ретінде бағаланған. Баяндамада, А. Байтұрсыновтың ақталуынан кейін оның әдеби мұрасы қазақ халқы үшін қолжетімді болғандығы, әсіресе Қазақстан республикасының тәуелсіздік алған жылдарынан кейін ғана жаппай басылымдарда жарық көруінің себебі анықталған. Бүгінгі қазақ жастарын патриоттық, ұлтжандылық және отансүйгіштікке тәрбиелеуде А. Байтұрсыновтың мұрасындағы тәуелсіздік идеясы маңызды орын алатындығы жүйелі түрде қарастырылған.

**Кілтті сөздер:** қазақ зиялысы, баспа ісі, тәуелсіздік идеясы, болыстық, халық жауы, автономия, Алаш идеясы.

**Аннотация:** В докладе рассматривается, деятельность казахской интеллигенции Ахмета Байтурсынова в области издательского дела и идея независимости в его литературном наследии. Особенно газета «Казак» редактором которого был А. Байтурсынов опубликовались статьи и произведения казахской интеллигенции о независимости казахского народа. В докладе освещается деятельность А.Байтурсынова, внесшего вклад в развитие издательского дела в казахстанском обществе. А также в докладе рассматривается детство А. Байтурсынова и его годы первого ареста, его проводили прямо на почве советской идеологии. Борьба Байтурсынова А. за независимость казахской страны до конца жизни и дана оценка ему как педагог, заложивший основы казахского языка и литературы. В докладе описывается, что после оправдания Байтурсынова была определена доступность его литературного наследия для казахского народа, тем более что оно было опубликовано в массовых изданиях только после получения независимости Республики Казахстан. Воспитание современной казахстанской молодежи в духе патриотизма, духовного наследия важное место занимает идея независимости в наследии Байтурсынова А.

**Ключевые слова:** казахская интеллигенция, издательство, идея независимости, волюсь, враг народа, автономия, идея Алаша.

**Abstract:** The report discusses the activities of the Kazakh intelligentsia Akhmet Baitursynov in the field of publishing and the idea of independence in his literary heritage. Especially the newspaper "Kazakh" edited by A. Baitursynov published articles and works of the Kazakh intelligentsia on the independence of the Kazakh people. The report highlights the activities of A. Baitursynov, who contributed to the development of publishing in the Kazakh society. And also the report examines the childhood of A. Baitursynov and his years of the first arrest, he was carried out directly on the basis of Soviet ideology. The struggle of A. Baitursynov for the independence of the Kazakh country until the end of his life, and he was assessed as a teacher who laid the foundations of the Kazakh language and literature. The report describes that after Baitursynov's acquittal, the availability of his literary heritage for the Kazakh people was determined, especially since it was published in mass publications only after the independence of the Republic of Kazakhstan. The education of modern Kazakhstani youth in the spirit of patriotism, spiritual heritage occupies an important place in the idea of independence in the heritage of Baitursynov A.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

**Key words:** Kazakh intelligentsia, publishing house, idea of independence, volost, enemy of the people, autonomy, idea of Alash.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы өмірі заманауи қазақстандық мемлекеттіліктің негізіне айналған тарихи тұлғалардың мұрасын халыққа қайтарды. Кеңестік заманында, Қазақстанның бірқатар қоғамдық-саяси және мәдениет қайраткерлерінің ар-намысы тапталған уақытта ұмыт болған не әділетсіз қараланған қазақ зиялыларының мұрасын зерттеу отандық тарихнамада «ақтандақтар» бетін ашуға септігін тигізді. Олардың қатарында қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынов та бар, ол ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамының нығаюына зор үлес қосты. А.Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде ұлттық мәдениетті табысты жаңғырту, білім мен ғылымның заманауи жүйесін құру қажеттіліктер туралы жазды. Әсіресе, А.Байтұрсынұлы қазақ халқының өз дәуіріне сай кәсібі болуы керектігін, қазақ ұлты өз жерінің игілігі үшін білімі жағынан жоғары дәрежеге көтерілуі тиіс әйтпесе, өзге елдің отарына айналып, басқа мемлекеттерге тәуелді болу қаупі бар екендігін болжай білді.

А.Байтұрсынұлы – ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері. А. Байтұрсынұлы 1873 жылы қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек ауылында дүниеге келген және ауыл мектебінде сауатын ашқан. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алады. 1895-1897 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде мұғалім болып қызмет атқарған. 1907 жылы А.Байтұрсынұлы тұтқынға алынып, Қарқаралы абақтысында отырып, 1909 жылы уақытша босатылады.

1909 жылы шілдеде қайта тұтқындалып, 1910 жылға дейін Семей түрмесінде отырады. Одан соң оған қазақ даласынан сыртқа жер аударуға жарлық етеді. 1910 жылдан бастап 1917 жылға дейін қазақ жеріне келуге құқықсыз А. Байтұрсынұлы Орынборға тұрақтайды. 1910 жылы Орынбор қаласында өзінің қызметін жалғастырады. 1913-1918 жылдары өзі ұйымдастырған «Қазақ» газетінің редакторы болып, газет бетінде қазақ зиялыларының қазақ халқын тәуелсіздікке үндеген еңбектерін жүйелі түрде шығарды.

А.Байтұрсынұлының мұрасындағы тәуелсіздік идеясы қазақтардың өзін-өзі анықтауына, мәдениетін, білімін және ғылымын дамытуға, ұлттық рухын көтеруге бағытталғандығымен анықталады. Қазақ жазушысы М. Әуезов А.Байтұрсынұлының баға жетпес еңбектерін ескере отырып, оны «қазақ зиялы қауымының көсемі» деп таныған [1].

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін елге оралған А.Байтұрсынов қазақ халқының тәуелсіз мемлекетін құруды мақсат еткен қазақ зиялыларының бірі болды. «Қазақ» газетінің редакторы болып жұмыс істей жүріп, баспагер ретінде үлкен тәжірибе жинақтады. А.Байтұрсынұлы Қазақ мемлекеттік баспасының негізін қалады және сол арқылы қазақ халқының рухани

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

мұрасының қалыптасуына негіз болды. Ол Қазақ Автономиялық Республикасының Білім халық комиссары, кейін ғылыми әдебиет комиссариаты комиссиясының төрағасы және Қазақ облыстық революциялық комитетінің мүшесі, Қазақ облыстық зерттеу орталығының (қоғамының) құрметті төрағасы, Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшесі болды. 1919 жылы Орынборда ұлттық баспахана ашуға байланысты ұйымдастырылған конференция А. Байтұрсынұлының төрағалығымен өтеді. Онда «Ұшқын» газетін шығару туралы шешім қабылданады. Газеттің редакциялық алқасына Халил Исенбаев, Ишмұхамед Бегалиев, Таминдар Сафиев, Әмірғали Менешев және Бернияз Кулиев мүше болып сайланады. Аталған газет кейіннен «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ» (қазақ жұмысшысы) және «Социалистік Қазақстан» деп өзгертіледі. Ол қазіргі таңда «Егемен Қазақстан» газеті.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі кітаптар мен газеттер шығарудағы басты мақсаты тәуелсіз қазақ мемлекетін құру болды. Соның жолында қазақ зиялыларының тәуелсіздік туралы мұрасын топтастыра білді. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы кеңесінің 1920 жылғы 4-12 қазандағы съезінде «ағарту комиссариатының қызметін ұйымдастыру қажеттілігі туралы» мәселе қаралды. Аталған жылдың 3 қарашасында оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін Қазақстанның орталық атқарушы комитеті Ұлттық баспагерлердің белгілі бір құқықтары мен міндеттері анықталған ұлттық баспа құру туралы ереже қабылдады. Баспаның редакциялық алқасының құрамында А.Байтұрсынұлы, Б.Бөкейханов, Х.Болғанбаев, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытовтар болды [2].

Белгілі тарихшы М. Қойгелдиев: Алаш идеясы ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды десек, онда сол орасан мақсатты орындау үшін қазақтың тілі мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тарихы мен салт-дәстүрі, айналып келгенде, қазақты ел ететін, мемлекет ететін рухани олжасы Қазақстанда айрықша орынға ие болу керек. Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстанатындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал деп, жазды [3].

Академик М.Қозыбаев атап көрсеткендей, мәдениет тарихын зерттеген уақытта кейбір методологиялық мәселелерге көңіл бөлу керек. Ұлы революция кезінде сол тұстағы өкімет басшысы ескі интеллигенцияның білімін, өнерін, талабын, ұйымдастырушылық қабілетін социалистік қоғамды құру ісіне пайдалануға шақырған. Қазақ социалистік мәдениетінің іргетасын қалауға жан-тәнін сала кіріскен, қазақ ревкомының құрамасына кірген А.Байтұрсынұлының және оның шәкірттері 1925-ші жылдары билік тарапынан қудалауға ұшырады [4]. Осындай күрделі жағдайда да қазақ ғылымы дамыды, оған баспа ісінің ұйымдастырылуы мен қазақ зиялыларының атқарған істері мысал бола алады. Ғылыми көпшілік бағыттағы мақалалар қазақ баспасөз беттерінде де жарияланып тұрды. Олардың қазіргі кезде маңызы зор, өйткені Қазан төңкерісінен кейін

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

қазақтарға қарсы большевиктер тарапынан «басып алу саясаты» жүргізілгендігі қазіргі кезде дәлелденуде.

Кеңес өкіметінің озбыр саясаты кезінде А.Байтұрсынұлы 1929 жылы жазықсыз ұсталып, ұзақ уақыт түрме мен лагерь азабын тартты. 1936 жылы елге қайтып оралғанымен, 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы атылады. Алаш қозғалысының көсемі ретінде «халық жауы» деп атылған А.Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін қазақ қоғамы үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін А.Байтұрсынұлы шығармаларының жинағы (1989), «Ақ жол» кітабы (1991) жарық көрді. А.Байтұрсынұлының мұрасында көтерілген тәуелсіздік идеясы халықтың ұлттық сана-сезіміне әсер етті және оны азаттыққа шақырды. Ол өзінің шығармаларын қазақ қоғамын өзгертуге арнады. А.Байтұрсынұлының мұрасындағы концептуалды деңгейі және саяси маңызы бойынша өз заманының рухына жауап беріп қана қоймай, сондай-ақ Қазақстанның тәуелсіздігінің идеялық көзі болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогика, әдебиет пен саяси қызметтің дамуына зор үлес қосты және қазақ әліпбиін жасаушы. Әдебиеттегі «Абайтану» деп аталатын бағыттың негізін салушы да А.Байтұрсынұлы екенін ұмытпаған жөн. Оның қымбат үлесі қазақ халқының тарихында терең із қалдырған санаулы тұлғалардың қатарында. А.Байтұрсынұлы өте маңызды мәселелер бойынша азаматтық ұстанымының белсенді болғандығын көптеген құжаттар растайды. Мысалға, атақты Қарқаралы петициясының материалдары (1905 ж. маусым). Бұл кезде, жалпы қазақ халқының көкейтесті мәселелерін айта отырып, патша әкімшілігімен қазақ халқына қойылған шектеулері туралы жазды. Петицияда қазақ балаларын білім алу мүмкіндігінен айырмау және оларды шәкіртақымен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтылған [6]. Қазақ зиялыларының мұраларында осы кезден бастап азаттық идеясы көтерілгендігін, олардың шығармаларынан оқып білеміз.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының әрқайсысы қазақтың ұлттық сана-сезімін дамытуға, оның білім беру мәдениетін арттыру жолында қарқынды белсенділік танытып, ғылыми басылымдардың қазақ тіліне аудармасын жасады, кең бұқара арасында қазақтардың тарихы мен мәдениетін терең зерделеді және саяси және құқықтық мәдениетін көтерді [6]. Соның ішінде А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы келешек ұрпақ үшін 1989-2009-шы жылдар арасында баспадан көптеп шығарылды.

Кеңес үкіметі кезінде қазақ тілі мен әдебиеті қатаң бақылауда болғандықтан А.Байтұрсынұлының мұрасы қазақ халқы үшін қолжетімді болмады. Мемлекетіміздің тарихын білу – бұл әрбір қазақ азаматының туған еліне, жеріне, тарихына лайықты көзқарас қалыптастыру деген сөз. Қазақ халқының рухани мұрасы негізінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды қазақ жастарын тәрбиелеуде әлемдік деңгейге көтеру маңызды. Осы орайда, А.Байтұрсынұлының мұрасын оқыту арқылы жастарға тәрбие беру – келер

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

ұрпақ үшін күрес құралы болса, ондағы міндет жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде өз халқына деген сүйіспеншілігін ояту. Ал отаншылдық сезім, адамға туа біткен қасиет емес, ол адам өміріндегі тәрбие мен психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс негізінде туындайтыны белгілі. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарын пайымдайтын, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке, дербестігін сақтауда адамға үлкен күш береді.

### **Әдебиеттер:**

1. История Казахстана в 5-ти т. – Алматы, 1996. - Т.1. – 544 с. (384)
2. Учредительный съезд Советов Киргизской (Казахской) АССР, 4-12 октября, 1920. Протоколы. – М., 1936. – 127 с.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.- Алматы: Санат, 1995. – 368 б. (4)
4. Қозыбаев, М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 272 б. (36)
5. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Т.1. – Алматы: Алаш баспасы, 2004, С.37, 39.
6. Абдығалиев Б. Алаш Орда // Мысль. №5 – 2013, мамыр. – Б. 46.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ВА ҚОЗОҚ ТИЛШУНОСЛИК ТЕРМИНОЛОГИЯСИ**

**Қодирова Б. И.** – доцент, Ph.D  
Самарқанд давлат университети  
kodirova.b86@gmail.com

**Аннотация:** Мазкур илмий мақолада қозоқ халқининг жонкуяр фарзанди Ахмет Байтұрсинов ва унинг фаолияти ҳамда терминология, хусусан, тилшунослик терминологияси соҳасидаги қилган ишлари тадқиқ этилган. Қозоқ тили тилшунослик терминологиясининг шаклланиши ва ривожланишида ҳам Ахмет Байтұрсиновнинг роли алоҳида аҳамиятга эга. У қозоқ миллий илмий терминологиясининг асосчиси ҳисобланади.

**Калит сўзлар:** Ахмет Байтұрсинов, ұлт ұстазы, “Тіл – құрал”, алифбо, термин, терминология, лингвистик терминология, тилшунослик терминлари.

XX аср собиқ совет давлати ҳукмронлиги йиллари бўлишига қарамасдан ўз халқи ва унинг маданияти учун курашган миллий қаҳрамонлар, шубҳасиз, собиқ совет давлати таркибида бўлган қардош республикаларнинг ҳар бирида етишиб чиқди. Мана шундай миллий қаҳрамонлардан бири қозоқ халқининг жонкуяр фарзанди Ахмет Байтұрсинов (1872-1937) эди. У ҳар бир халқнинг жаҳонда мавжуд эканлигини кўрсатиб турувчи миллий тил учун курашган илк тарихий шахслардан бири бўлди ва шунинг учун ҳам қозоқ халқи орасида “миллат устози” (“ўлт ўстазы”) номини олди.

Маълумки, Ахмет Байтұрсинов алифбо масаласида бир қанча ишларни амалга ошириб, миллий ёзувнинг шаклланиши кераклигини таъкидлайди ҳамда халқни саводли қилишга уринади. Шунингдек, илм-маърифат зарурлигини халққа тушунтириш билан чекланиб қолмай, таълим-тарбия ишини бошлашга ҳаракат қилади. Бу ҳақида унинг таржимаи ҳолидан ҳам билиб олиш мумкин: “...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім;



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым” [4].

Олимпнинг терминлар яратишдаги фаолияти фақат битта фан соҳаси билан чегараланмасдан, турли соҳаларни қамраб олади ва қозоқ терминологиясининг шаклланишида унинг алоҳида ўрни борлигини кўрсатади [3]. Хусусан, қозоқ тили тилшунослик терминологиясининг шаклланиши ва ривожланишида Ахмет Байтурсиновнинг роли алоҳида аҳамиятга эга. У қозоқ миллий илмий терминологиясининг асосчиси ҳисобланади [2, 9]. Олимп қозоқ тилини рус ва нуғай тиллари билан қиёслар экан куюнчаклик билан: “Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс” [1, 6], деган фикрларини билдирган ва қозоқ мактаблари учун қозоқ тилини фан сифатида ўкитадиган биринчи дарслик – “Тіл – құрал”ни ёзган. Ушбу китобида *сөз мүшелері, сөйлем, буын, дыбыс, жұрнақтар, атауыш сөздер, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз* каби тилшунослик терминлари ва уларнинг изоҳлари ҳақида қимматли фикрларини келтирган. Жумладан, лингвистик терминларга берган таърифлари ҳозирда ҳам ўз аҳамиятига эга бўлиб, тилшунослик соҳасида фойдаланилмоқда. Ахмет Байтурсинов томонидан ишлатилган тилшунослик терминлари (фонология, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, қиёсий типологияга доир) қозоқ тилшунослигида терминлар яратишнинг мукамал намунасини кўрсатди ҳамда термин яратишнинг услубий ва назарий асосига айланди. Ўша даврда яратилган тилшунослик терминлари бугунги кунда қозоқ тилида фаол терминлар сифатида ишлатилиб келинмоқда.

Тилшунослик терминлари тадқиқини ўрганиш натижасида айтиш мумкинки, Қозоғистонда терминология масалалари бугунги кунга қадар сезиларли даражада ривожланиб тараққий этган. Гарчи совет даврида миллий маданият ва миллий тил масалалари ҳукмрон совет мафқурасига бўйсундирилиб, унинг устидан назорат ўрнатилган бўлишига қарамасдан XX асрнинг дастлабки 20-30 йилларида қозоқ тилшунослик

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

терминологияларининг атоқли вакили Ахмет Байтұрсиновнинг миллий терминологияни ривожлантириш ҳаракатини олиб борганлиги маълум бўлди.

### **Адабиётлар:**

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы, 2009. – Б. 6.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - Б. 9.
3. Қаранг: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева Научная библиотека. “Ақын, әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлы туғанына 150 жыл”/ Библиографическая запись. 2022.
4. <https://z-taraz.kz/mirin-aza-tilinde-o-uly-tar-zhazu-a-arnady/>

### **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛ БІЛІМІНЕ ӘСЕРІ МӘСЕЛЕСІ**

**Құттымұратова Ы. А.** – доцент, Ph.D

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институты

М. Әуезов осыдан 70 жыл бұрын – қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі мен ұлттық бірлігі үшін жан аямай тер төккен және сол мақсатқа жету жолында жанын пидә еткен ғұлама азаматтың ғұмырын зор бағалап, «Ахаңды оқыған азаматтарды тұңғыш көсемі» деп көрсеткен болатын. Ахаңның қазақ халқы үшін атқарған істерін, армандаған мақсат-мұратын жеке адам мүмкіндігінің өлшеміне сыйғызуға болмайды. Оны жан дүние байлығы, рухани құдіреті – оның көрегендігінде. Ахаңның сонау заманның өзінде-ақ, көтерген проблемалары, жазба мұрасының мән-мазмұны бүгінгі таңда тәуелсіздік алып отырған мемлекетіміздің күн тәртібіндегі көкейкесті мәселелерге жазыш кеткен жауаптай көрінеді.

Ахмет Байтұрсинов қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», сөз жүйесін «морфология», сөйлем жүйесін «грамматика» етіп қалыптастырған.

XX ғасырдың басында оқу-ағарту, ғылым жолында өте биік тұлға Ахмет Байтұрсинов болды. Ол алдымен, бастауыш сынып оқулықтарының авторы, екіншіден, алдыңғы қатарлы әдістемелік оқулық жазуды ғана қолданып қоймай, қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тұңғыш ғылыми еңбек жазды. А.Байтұрсынұлына дейін қазақ оқыту әдістемесінен ғылыми еңбек жазған ғалым болмаған. Сондықтан А.Байтұрсынұлы әдістеме заңдылықтарын оқулықтар жазуда іс жүзінде қолданған және әдістемені ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым дейміз. Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына Кемал Ататүрік, Ысмайылбек Гаспыралы есімдерімен қатар мәңгі өшпестей болып, алтын әріптермен жазылды. Қазақ халқының тарихында өзінің рухани сана-сезімі мен парасаты және жалпы болмысы жағынан айрықша орын алатын ол – фольклорист, ақын-жазушы, публицист, аудармашы, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаушы, ірі

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

филолог, лингвист- ғалым, түрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, қазақтың тұңғыш реформаторы, профессор, «Алаш» партиясын құрушы, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, оқулықтар жазудың білгір маманы, қазақ елінің тәуелсіздікке жетуі үшін жан аямай күрескен ер азаматы, қоғам қайраткері, өз халқының жалындап жанған адал перзенті. Коммунистік-тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін атауға тыйым салынғаны белгілі. Сөйтіп, 70 жыл бойы Ақаңның рухани мұралары мен оның есімі тарихтан алынып тасталды. Әйтсе де, Ақаң есімі бүгінгі таңда қайта тіріліп, тыныс алып, халқының рухани өміріне өлшеусіз серпіліс әкеліп отырғаны да тарих шындығы.

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын оқу құралын жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрген. Тіл құралы – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соңғы құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әр қайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсынұвтікі. Оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу т.б. деп саралап тұңғыш тыңнан ғылыми жол салуында болып отыр. Әрі аудармашы, әрі ақын, әрі қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым А.Байтұрсынұвтың сан салалы еңбегіне арнап оның 50 жылдық тойына жазған мақаласында М.Әуезов былайша баға берген еді. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер – білім, саясат жолындағы қажымас қайратты...Тарих ұмытпайтын істер болмақ. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ интеллигенциясы Ахаңның еңбегінің өнімді болуын тілеуден жалықпайды».

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көш басшысы А.Байтұрсынұвтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім-тәрбие оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Қарап отырсақ, А.Байтұрсынұлының педагогика, методика, филология салаларында еңбегі зор. Осы жөнінде С.Мұқанов былай дейді: «Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай калмақ емес. 1920 жылы «Баяншы»

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

атты кітабы Қазанда жарық көрді. Еңбек – бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің ең тұңғыш үлгісі. «Баяншы» еңбегі екі бөлімнен тұрады. 1-бөлім қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері, 2-бөлім дыбыспен жаттығу деп аталады. Еңбектің 1-бөлімінде А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы мағлұмат береді. Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дыбысты. Дауысты және дауыссыз дыбыстар деп екіге бөледі. Жуан және жіңішке дыбыстарға толық тоқталады.

Дыбыс пен жаттығу деген бөлімде дыбысты қалай оқыту қажет деген мәселе төңірегінде әдістемелік ой қозғайды. Дыбысты меңгеруге байланысты мұғалімдерге бірнеше ақыл-кеңес береді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл әдістемелік еңбектері мұғалімдерімізге, әсіресе бастауыш мектеп ұстаздарына таптырмайтын әдістемелік құрал десек артық айтқанымыз емес.

Қай заман болмасын өзінің еліне адал қызмет етіп, ағартушылық іс-әрекеттерді атқара отыра ұлтының тарихы мен ежелден бергі қазақ мәдениетінің арнасын бүгінге мұрағат етіп қалдырған ұлы ұстаздарымыз баршылық. Солардың ішінде ерекше атауға тұрарлық ғасыр жүгін арқалаған, заманының дүбірлі аламанында жас ұрпақты білім мен тәрбиенің кәусар бұлағынан сусындатқан – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ел тағдыры, өз халқының болашағы үшін бүкіл ғұмырын арнап, Тәуелсіздік таңы атуын арман еткен ұлы тұлға дәрежесіне көтерілді. Сондықтан да оның шығармалары мен ұлт үшін жасаған ерең еңбегі ұрпақтарының мәңгі ұлағатында. Бүгінгі күнде біздің Өзбестанымызда да, яғни ондағы Қарақалпақстан Республикасындағы Жоғары оқу орындары мен мектептерде да Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен жастарға қалдырған патриоттық, тәрбиесі мол туындылары оқытылып келінеді. Әсіресе көп ұлтты Республикамызда білім беру 7 тілде жүргізілетін болса, соның ішінде қазақ тілінде білім алушылар алдыңғы орынды иелеген. Себебі, Республикамыздағы 6 Жоғары оқу орындары мен 500 ге жуық мектептерде тәлім қазақ тілінде жүргізіледі. Міне осы тәлім қазақ тілінде жүргізілетін оқу орындарының бәрінде де Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері терең үйреніледі. Сондай-ақ, Қарақалпақ тіліндегі әліппе оқулығының алғашқы таңбаларын таңдаған С.Мажитов та, әліппе оқулығының тұңғыш авторларының бірі болған профессор Ж.Қайырбаев та өз еңбектеріне арқау етіп, А.Байтұрсынұнов ұсынған әліппе негізінде қарақалпақ әліппесін жаратқан және ең алғашқы қарақалпақ әліппесі мерекесін ойлап тапқан. Мұндағы әрбір дыбысқы сипаттаманы өлең жолдарымен балаларға арнап жазған. Қарақалпақ тілі фонетикасының негізін қалаған алғашқы зерттеушілер Ж.Аралбаев, академик А.Даулетовтер де Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін терең үйреніп, өз зерттеулеріне үлгі тұтқан. Қарақалпақ әдебиетінің 50-жылдардағы классиктері Қ.Айымбетов, Н.Дауқараевтар да Ахмет зерттеулерінен күш алып, өз халқының әдебиетін дамытуға мейлінше ат қосқан. Жалпы, Ахмет Байтұрсынұновтың еңбектері Қарақалпақ тіл білімі мен

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

әдебиетінің өркендеуіне де кезінде септігін тигізгені сөзсіз. Бұл әлі де терен зерттеуді қажет етеді.

### **Әдебиеттер:**

1. Kuttimuratova I. The influence of the karakalpak language on the speech of Kazakhs of Karakalpakstan // Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 73-2. – С. 39-40.
2. Kuttimuratova I., Bazarbaeva G. Dialectological peculiarities of the kazakh language of Kungrad region in Karakalpakstan //Chief Editor.
3. Kuttimuratova I., Mambetkerimov G. Overview of toponymic names in Kungrat district // Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 74-2. – С. 46-48.
4. Kuttimuratova I., Bazarbaeva G. Dialectological peculiarities of the kazakh language of Kungrad region in Karakalpakstan //Chief Editor.
5. Kuttimuratova I., Mambetkerimov G. Onomastic term of kungrat district of Karakalpakstan //Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 74-2. – С. 43-45.
6. Quttimuratova I. A. Lingua-geographical study of the lexical dialectology of the kazakhs in the Republic of Karakalpakstan //Theoretical & Applied Science. – 2019. – №. 12. – С. 674-677.
7. Abdiraxmanovna, Q. I. (2016). Professionalisms connected with fishing in the language of the Kazakh people in Muinak and Kungrad regions of Karakalpakstan. Austrian Journal of Humanities and Social Sciences, (5-6), 34-37.
8. Куттымуратова Ы. А. Изучение лексики казахского говора Кунградского района в лингвогеографическом аспекте //Вестник Челябинского государственного университета. – 2011. – №. 13. – С. 84-86.
9. Taubaevich, Koblanov Zholaman, and Tortkulbaeva Tursynay Abdigaziyevna. "The Role Of William Shakespeare's Work In The Development Of European Literature." Journal of Positive School Psychology 6.8 (2022): 299-304.
10. Zholaman Taubaevich Koblanov, Tursynay Abdigaziyevna Tortkulbaeva, Yrysty Abdirakhmanovna Kuttymuratova, Kuvondik Ayitbayevich Kadirov, Akmaral Nurkodjaevna Otarova, Raushan Maratovna Kametova Taubaevich K. Z. The Role Of William Shakespeare's Work In The Development Of European Literature //Journal of Positive School Psychology. – 2022. – Т. 6. – №. 8. – С. 299-304.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІНІҢ ҚАРАҚАЛПАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНА ЫҚПАЛЫ**

**Тортқұлбаева Т. А.** – доцент, Ph.D

Әжанияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институты

*ttabdigaziqizi@mail.ru*

Ахмет Байтұрсынов қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ілімінің негізін салушы, негізін салып қана қоймай, жетілдіруге, өркендетуге, термин мәселесіне қазақи тұрғыдан аса ден қойған қайраткер-ғалым.

Бүкіл түркі халықтарының болашағы, мәдениетінің сақталып, өсіп-өркендеуі – белгілі бір деңгейде ортақ терминологиясын, ортақ ғылым тілін қалыптастыруға байланысты. Олай болмаған жағдайда, олар бөлшектеніп, бірте-бірте дамыған мәдениеттерге сіңіп, жұтылып кетуі ықтимал. Осындай үлкен мақсат жолында әрбір түркі елінің іргелі мемлекетке айналып, тұтас



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

түркі әлемін қалыптастыру үшін түркі тектес жұрағаттарымыздың парасат биігінен көрінетініне сеніміміз мол [1,315].

1924 жылы Орынборда өткен съезде сөйлеген сөзінде және 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың бірінші құрылтайында «Пән сөздерінің жүйесі туралы» жасаған баяндамасында Ахмет Байтұрсынов түркітілді халықтардың терминология жасаудағы негізгі ұстанымдарын айқындап, нақтылап берді. Терминжасаудағы Ахмет ұстанған міндеттер төмендегіше болды:

- а) қазақ тіліндегі сөздерге басымдық беру;
- ә) қазақ тілінде мұндай сөздер табылмаған жағдайда туыстас тілдерден алу;
- б) кеңінен қолданылып жүрген әлемдік терминдер қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертіліп, алынады;
- в) қазақ тілінің табиғатына сәйкес келе бермейтін барлық шет сөздер қазақ тілінің айтылуына орай дыбыстық, грамматикалық жағынан толық өзгеріске түсіп қана қабылданады [2, 45-46].

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ принциптер ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздеген түркітанушы екендігін көруге болады.

Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне ең жақын тіл қарақалпақ тілі. Қарақалпақ әдебиеттануында бұл ерекшеліктер көп байқалады. Әсіресе, қарақалпақ әдебиеттануының термин жасауында жоғарыда А.Байтұрсынов айтқандай, ортақ белгілер бар.

Қазақ әдебиеттануына Ахмет енгізген фольклорлық терминдерден ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш, батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, толғау, терме; Мысал, ділмар сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел; Тойбастар, жар-жар, беташар, жоқтау, жарапазан, бата. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыр сияқты көптеген әдебиеттануға қатысты терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Бұл терминдердің көбі қарақалпақ әдебиеттануында да термин есебінде осылай аталып келеді. Мысалы, қарақалпақ фольклорлық терминінде жаңылтпашқа мынатай анықтама береді:

Жаңылтпаш – халық деретпесинің бир кең таралған түрлеринин бири. Жаңылтпаш қайсы халықта болмасын бар хәм бәринде де тез сөйлеуге, тил өсирийге жәрдем беретуғын, адамды шалт сөйлеуге әдетлендиретуғын усылдың бири сыпатында қаралады Жаңылтпашлар рифмласқан болған менен, мелодиялық характерге ийе емес. Егерде айтыушы адам оны бузбай тез айтып шықса, ол сыннан өткен болып табылады, ал иркилип қалса, айта алмаса ол кулките қалады. Характерли нәрсе сонда жаңылтпашты бузып алса, оннан уятка қалдыратуғын сөзден шығыуы мүмкин. Жаңылтпашлар - салт

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

әдебиатының түрине киреди хәм искусствоны үйрениўге мәжбүрлейтуғын әдебиаттың бир тури. Өйткени, өткен уақытларда отырыспада қосық айта алмаған жаслар жаңылтпаш беретуғын болған [3,33].

Ал, Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» жаңылтпашқа берілген анықтамаға қарақалпақ фольклорлық терминіндегі пікір мазмұн жағынан ұқсас келеді.

Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, я тіл келмейтін, я тіл басқа сөз қылып бұрып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма-жаңылтпаш деп аталады [4,113].

Сонымен бірге, қазақ-қарақалпақ халықтары тарихы тағдырлас елдерден саналады. Себебі, екі халық тарихында да туған елінен, жерінен айрылып, көшу, қоныс аудару бар. Осы оқиғаларға байланысты толғау өлеңдерде кеңінен айтылады. «Толғау» терминіне қарақалпақ әдебиетінде төмендегіше анықтама беріледі:

Толғау – өз характери жағынан термеге жақын поэманың үлгиси. Ол көбинесе ойланыў, кеўил күйин билдириў сыпатына ийе болады. Егер терме кунделикли турмыс мәселелери хәзил, ақыл, нәсият сыпатында ушырасса, толғау - терең сиясий жәмиетлик, тарийхий темаларды жырлайды. Жийен жыраўдын «Посқан ел» шығармасы Ормамбет бийдің атына байланыслы шыққан толғаулар усындай. Толғауда жыраўлардың ўақыяға қатнасы, кеўил күйи анық сезилип отырады [3,95].

А.Байтұрсыновта: Толғау (яки мұңды өлең) деп көңілдің неше түрлі күйін шешетін өлеңдер айтылады. Мәелен, ғашықтық, сағыныш, қайғы, күйініш, кейістік, кіжініс, өкпе, наз сияқты көңіл күйлерін білдіретін өлеңдер [4,120]. Демек, толғауға берілген анықтама да қарақалпақ әдебиетінде Ахаң жазып кеткен анықтамаға жақын. Мазмұн жағынан үндес келеді.

Ал, «қысса» сөзі қарақалпақ әдебиеттануында араб тілінен алынғандығын, түркі тектес халықтарға шығыстық дастандар арқылы енгендігін дәлелдеп тұр. Қарақалпақ әдебиетінде:

Қысса- / араб сөзи, гурриң повесть, ертеқ мәнини аңлатады / Турк тиллес халықларда суйиўшилиқ дәстанларының атамасы. Қысса өзиниң сюжети жағынан бир - бирин суйискен жаслардың ямаса шығарма қахарманларының тәғдирин баянлайды. Көбинесе жазба түрде таратылады. Ол қыссаханлар тәрәпинен даўысқа салып оқылынады. (Орта Азия халықлары арасында кең таралған «Ғәрип - ашық», «Юсуп – Злейха», «Саятхан - Хәмире» т.б. ) [3,54].

Ахаң қыссаны: Өлеңмен жазылған, көбинесе діндар әңгімелер. Бұл әңгімелер қазақ тұрмысынан алынған сөздер емес, басқа жұрттардың ертеқтері [4,145] – деп қарақалпақ терминжасаушыларына үлгі болғандай пікір айтады.

Ең бастысы, қазақ халқының фольклорлық терминдері мен қарақалпақ халқының терминдерінің көпшілігі сөзбе-сөз тендей аталады. Енді қарақалпақ ауыз әдебиетіндегі жұмбақ жанрына келсек, жұмбақ - қарақалпақ халық фольклорында тараған ритмлик гәп. Ол ерте ўақытлары дәреседе, куни бүгінге шекем раўажланып киятыр. Жұмбақлардың шығыў тарийхы барлық

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

халықта бір болған менен онда хәр бір халықтың турмыс тиришилиги, кун көрийү жағдайы, турмысқа көз қарасы сәўлеленген болады [3,6] – дейді.

А.Байтұрсынов «жұмбақ» деген сөздің келіп шығуына дейін нақтырақ, қарапайым түрде анықтама береді. Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан: яғни қолдың ішінде бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені ойда бүгіп айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ-зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе. Жұмбақтың негізі тәріздеу, яғни нәрсенің сипатын тәріздеп айту [4,112].

Демек, кітаптің бір бетінің екі жағы сияқты, тілі, әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, тарихы жағынан ұқас қарақалпақ халқының әдебиет терминдері сол Ахмет Байтұрсынов негіздеп берген үлгіден бейхабар деп айту қиын.

XX ғасыр басында, әдебиетке, мәдениетке деген ұлттық көзқарастар дәуірінде түркі халықтарынан шыққан әрбір зиялының құнды пікірлері, халық үшін жасаған қызметтерін жатсынбай үйрену, үлгі алу әрқандай ұлт үшін де пайдасы тимесе, зияны тимегенін уақыт өткен сайын саралап, ой жеткізуге болады.

«А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болуымен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды» [5,275] екендігі «Әдебиет танытқыш» еңбегінің ғылыми тереңдігі мен зерттеушілік стратегиясының ауқымдылығынан хабар білдірсе керек.

Біз Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының ірге тасын салумен бірге, түркі халықтарының әдебиет, тіл мәселелеріне де ықпал жасағандығын, ғылым атаулыға жанашырлығын танытқан ұлт қайраткері, тұлға екендігіне тағы да тәнті боламыз. Ахаң ілімі, Ахаң салған сара жол уақыт өткен сайын жарқырап, биіктігін паш етіп отыр.

### **Әдебиеттер:**

1. Ө.Айтбайұлы. Тілтірес. Алматы. 2014, 315-бет.
2. Алаштың тілдік мұрасы. Алматы. 2009, 45-46-беттер.
3. С.Ахметов. С.Бахадырова. Фольклорлық терминлердің қысқаша сөзлігі. Нөкіс. Билим. 1992, 33-бет
4. А.Байтұрсынов Әдебиет танытқыш. Алматы, Атамұра. 2003. 113-б
5. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана, 2003. 275-бет.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

### **А. БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАСЫ: БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАР – ТІЛДІК УНИВЕРСАЛИЙЛЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ**

**Ауганбаева М.А.** – педагогика және психология магистрі  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз, Қазақстан

**Анафинова М.Л.** - ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан

**Аннотация:** Қазақ баспасөзінің қалыптасуы 20 ғасырдың басындағы ағартушы, тілтанушы, терминолог, әдебиеттанушы, түркітанушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты, ол қазақ тіліндегі газеттің жарыққа шығуының негізін қалаушы. Мақала қоғамдағы жаппай бұқаралық ақпарат құралдары тіліне тән жалпы белгілерді, тілаларлық байланыстар мен тілдегі кездесетін ортақ қасиеттерді айқындаудың когнитивті аспектісін қарастырады.

**Кілт сөздер:** Ахмет Байтұрсынұлы, тілдердің өзара байланысы, тілдік универсалийлер, медиа.

**Аннотация:** Становление казахской прессы ассоциируется с именем просветителя, языковеда, термиолога, литературоведа, тюрковеда, общественного деятеля начала XX века Ахмета Байтұрсынұлы, основателя газеты на казахском языке. Статья посвящена когнитивному аспекту определения общезыковых особенностей, межъязыковых отношений и общих черт в средствах массовой информации.

**Ключевые слова:** Ахмет Байтұрсынұв, взаимодействие языков, языковые универсалии, медиа.

**Abstract:** The formation of the Kazakh press is associated with the name of the educator, linguist, terminologist, literary critic, Turkic scholar, public figure of the early XX century Akhmet Baitursynov, founder of the newspaper in Kazakh language. The article is dedicated to the cognitive aspect of defining common language-specific peculiarities, interlingual relationships and common features in mass media of society.

**Key words:** Akhmet Baitursynov, interaction of languages, language universals, media.

Жалпы қазақ тіл білімінің дамуына және оның қалыптасуына, зерттеу жүргізіп, оны танып білу үшін тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» алар орны айрықша. Қазақтың ұлы ғұламасы А. Байтұрсынұвтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Артына өшпес із қалдырған, Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес.

Қазақ ағартушысы, XX ғасырдағы көрнекті қоғам қайраткері, тіл жанашыры, түркітанушы, ақын-әдебиеттанушы А.Байтұрсынұлы – өз халқының сан қырлы тұлғасы, рухани көсемі. Оның мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде және қалдырған ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым.

Ахмет Байтұрсынұв қазақ халқының рухани көсемі бола отырып, қазақты бейбіт аспан астындағы болашақ өмір үшін білімге, ағартушылыққа шақырды. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 2 ақпандағы бірінші санында қазақ

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

даласына халықаралық, бүкілресейлік, сондай-ақ ішкі жаңалықтарды дер кезінде жеткізу қажеттігі туралы Ахмет Байтұрсынұлының мақаласы жарияланды. Онда Ахмет Байтұрсынұлы: «1907 жылғы халық санағы бойынша Ресейде 2173 газет-журнал шығады. Оның 1396-сы орыс тілінде, 867-сі басқа тілдерде басылған. 867 басылымның ішінде бізге жақын татар тілінде отыз газет шығады. Бізде бірде-бір жоқ...». [1,25]

«Қазақ» газетінің алғашқы санындағы «Құрметті оқушылар» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы баспа басылымының қажеттілігі туралы айта отырып, оның негізгі төрт себебін атап көрсетті. Бұл мақаланың негізгі идеясы – «Газет – халықтың көзі, оның құлағы һәм тілі» қазақ баспасөзінің ұранына айналды. [1,26]

Жалпы «Қазақ» газеті өте жоғары ғылыми деңгейге жетті [4]. «Қазақ» газетін шығара отырып, оның құрылтайшылары ғылыми ғана емес, сонымен бірге саяси мақсаттарды да алға қойды. Газеттің маңызды мақсаттарының бірі – халықтың этникалық атын қорғау, осы орайда газет атының «Қазақ» деп қойылуы дәлел.

Газет беттеріндегі барлық жарияланымдарда қазақ халқының тәуелсіздігі мен жанқиярлық идеясы жалпыға ортақ, оның басты шарты – халықтың мәдени жағдайын жақсарту. Газет қазақ қоғамындағы демократиялық идеяларды дамытудың өзіндік бір арнасына айналып, ұлттық болмыстың жан-жақты қалыптасуына ықпал етті. Ұлттық газеттің қазақ зиялылары арасында танымал болғаны сонша, жарыққа шыққан бірінші жылдың аяғында жазылушылар саны үш мыңнан асты, оқырмандарды мемлекеттік тілдегі мерзімді басылымдарға дағдыландыру. Жазушы өз шығармашылығымен отандық әдебиетті жаңа деңгейге көтере білді. [4, 7]

Бүгінгі таңда Қазақстанда 5283 БАҚ тіркелген, оның 3715-і мерзімдік басылым, 191-і телеарна, 84-і радио, 1017-і ақпараттық агенттіктер мен интернет-басылымдар. Мұның бәрі ұлттық жаңғыру идеясының жүзеге асқанының айқын дәлелі – Қазақстан бүгінде баспасөзі еркін, тәуелсіз мемлекет, ұлттық баспасөздің негізін қалаушылардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлыдан бастауын алады.

Бұқаралық ақпарат мәтіндері немесе медиамәтіндер, қазіргі тұрмыстық тілдің ең кең тараған саласының бірі болып табылады, олардың жалпы жиынтығы (жиыны) адамдар қызметіндегі басқа салалардағы сөйлеу түрлерінің жалпы жиынтығынан әлдеқайда асып кетеді. Осыдан мәтінде жиынтығы (қазіргі лингвистикалық тіл қолданудың әртүрлі саладағы барлық мәтіннің жиынтығын білдіретін қолданыстағы термин) деп аталатын термин пайда болды, оның БАҚ арналарында күнделікті қолданылып, беріліп отыратын түрлері мен үлгілерінің мөлшері артып қана қоймай, күн сайн өсе түсуде. [5, 76]

Осыған байланысты қазіргі жаһандану заманында әртүрлі экономикалық және тілдік ресурстарға үлкен бәсекелестік байқалатын көптілді қоғамда тілдік кеңістік көптеген әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-тілдік мәселелердің күрделілігін ашуға көмектеседі. Яғни



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

лингвистикалық кеңістік дегеніміз тіл мен қоршаған ортаның өзіндік байланысын көрсететін контекстуалданған құбылыс. [6, 3]

Осы орайда, тілдік универсалийлердің когнитивті аспектісін зерттеуге БАҚ-дың маңызы өте зор. Соңғы жылдары Қазақстанда когнитивтік лингвистика және лингвистикалық концептуализация саласында көптеген зерттеулер жүргізілуде. Когнитивтік лингвистика – тіл мен сананың арақатынасын, дүниенің концептуализациясы мен жіктелуін, таным процестеріндегі тілдің рөлін және адам тәжірибесін жалпылауды, адамның жеке танымдық қабілеттері мен тілдің арақатынасын, сонымен қатар тіл білімінің бір саласы. олардың өзара әрекеттесу формалары ретінде. Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың дамуының алғы шарттарын А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен табуға болады; Е.Н. Аманжолова, Е.Н. Жанпейісова, А.Т.Қайдарова, М.М.Копыленко, Е.Д.Сүлейменова, Р.Г. Сыздықова және т.б., қазақ тіл білімінің негізгі өкілдері. Қазақ тілінің танымдық бағытын дамытуда этнолингвистикалық зерттеулер ерекше рөл атқарды: Е.Жанпейісов, Х.Жұбанов, Ә.Қайдаров, М.М. Копыленко, А.К. Қайыржанова, Ж.А. Макеева, Г.Н. Смағұлов және т.б. еңбектері этнолингвистика үшін ғана емес, танымдық саланы білу үшін де үлкен құндылыққа ие. Лингвистика ғылымының заманауи бағыттарын зерттеген А.Е. Бижкенова, К.К. Дүйсекова сынды қазақ ғалымдарының жұмысы осыған дәлел. [7]

Мәселен, медиа дискурста әмбебап ұғымдар кездеседі – «бостандық», «бейбітшілік», «демократия», «әділеттілік», «білім», «билік», «соғыс» т.б. мәдениеттер диалогын қажет ететін көпұлтты әлемде, ұлттық ұғымдармен қатар жалпыадамзаттық мәнге ие ұғымдар да қалыптасады. Әлемнің тілдік бейнесі қазіргі тіл білімінің іргелі зерттеу нысаны болып табылады және оны зерттеу жалпы тіл білімінің дамуымен де, оның жекелеген салаларымен де, атап айтқанда лингвомәдениеттанумен де байланысты болатын күрделі процесс.

Мәселен БАҚ жиі кездесетін «Мемлекет» ұғымын бейнелеуде қолданылатын метафоралық ұғымдар жиынтығын әртүрлі тілдерде салыстыратын болсақ сәйкестіктер кездеседі. Салыстырылатын тілдердің бірінде ғана қолданылатын метафоралық концептілері кездеседі (мысалы, «Государство - это Изделие из ткани» метафоралық ұғымы тек орыс тілді БАҚ дискурсынан табуға болады).

Белгілі бір тілдерде метафоралық ұғымдарды және олардың концептуалды компоненттерін қолдану жиілігінде шамалы айырмашылықтар бар (мысалы, орыс тілді медиа дискурсында «Мемлекет – бұл механизм» немесе «Мемлекет – бұл құрылым», ал басқа тілде «Мемлекет – бұл соғыс», «Мемлекет-дос», «Мемлекет – серіктес» метафоралық тұжырымдамасында қолданылады)

Қорытындылай келе, лексика жүйесіндегі универсалийлер - бұл тіл бірлігі ретінде сөздің қасиеттеріндегі және тілдердің лексикасындағы ұқсастықтар, сонымен қатар әлем тілдеріндегі лексикалық семантиканың

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

кейбір ерекшеліктерінің ұқсастықтары. Ұлттық-мәдени ерекшелік дүниетанымдағы жалпыадамзаттық бірлік фонында ғана белгіленетінін мойындау керек: тіл фактілерін талдау арқылы дүниенің ғаламдық инварианттық бейнесіне, оның үлгісіне қол жеткізу, онда біртұтас әмбебап мәдениетаралық кеңістігінің ұғымдары ерекшеленеді. Ендеше, соңғы жылдары елімізде жарық көрген еңбектерге шолу жасау қазақ ғалымдары мен тіл мамандарының когнитивтік лингвистиканың дамуына лайықты үлес қосып келе жатқанын көрсетеді. Бұқаралық ақпарат мәтіндері немесе медиамәтіндер тілдік универсалийлерді зерттеудің негізі деп айта аламыз.

### Әдебиеттер:

1. Субханбердина У., Даутов С. «Қазақ», «Алаш», «Сары-Арқа». А.: 1993.
2. Қазақстан тарихы. 5 томдық. 3 Том. А., Атамұра, 2010.
3. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті., 1993.
4. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Анықтамалық. Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009.
5. М. Дулатов, А. Байтұрсынов. Биографиялық очерктер. Орынбор, 1926.
6. А. Аманжолов. Қазақтың әдеби тілі. А., 1985.
7. Ш. Жарқынбекова. Қаланың лингвистикалық ландшафты мультимодальды мәтін ретінде.- Екатеринбург, 2021.
8. А.Е. Бижкенова, К.К. Дүйсекова. Современные направления лингвистической науки. Алматы 2017.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ КЕЙБІР МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС СЕПТІК ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айтбаев Д. Т. – ф.ғ.к., доцент

Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация:** Бұл мақалада қазақ тілінің септіктері туралы, септіктер тікелей өзі немесе басқа формалармен бірлесіп келіп, зат пен қимыл я зат пен зат арасындағы субъектілік-предикаттық, тура және жанама объектілік, меншіктік-қатыстық, мекендік, мезгілдік, құралдық, көлемдік сияқты қатынастарды білдіруі жөнінде пікір қозғалады. Ахмет Байтұрсыновтың «Алтын әтеш» мысал өлеңіндегі шығыс септік жалғаулы сөздердің лингвистикалық ерекшеліктері талданады.

**Аннотация:** В данной статье представлено мнение о падежах казахского языка, падежи идут непосредственно сами по себе или в сочетании с другими формами и выражают такие отношения, как подлежащее-сказуемое, прямое и косвенное дополнение, притяжательно-относительное, местное, временное, объемный. Анализируются языковые особенности слов из исходных падежей в образце стихотворения «Золотой петух» Ахмета Байтурсынова.

**Abstract:** In this article, there is an opinion about the adverbs of the Kazakh language, the adverbs come directly on their own or in combination with other forms and express relations such as subject-predicate, direct and indirect object, possessive-relative, local, temporal, instrumental, volume. Linguistic features of Eastern adverbial words in the sample poem "Golden Rooster" by Ahmet Baitursynov are analyzed.

Қазақ тіліндегі септіктер – сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып, олардың арасындағы синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге заттық ұғымға қатысты грамматикалық мағына үстейтін қосымша болып саналады. Септіктер тікелей өзі немесе басқа формалармен

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

бірлесіп келіп, зат пен қимыл немесе зат пен зат арасындағы субъектілік-предикаттық, тура және жанама объектілік, меншіктік-қатыстық, мекендік, мезгілдік, құралдық, кө-лемдік сияқты қатынастарды білдіреді. Септіктер, негізінен, зат есімге тән түрлену формасы болып табылады. Олардың мағынасы да, қызметі де, формалық ерекшеліктері де заттық ұғыммен байланысты екендігі ғылыми-теориялық мәліметтерде анық берілген. Сын есім, сан есім, етістіктің кейбір формалары септелгенде, ол сөздер заттанады да зат есімнің орнына жұм-салады.

Септік жалғаулары, негізінде, зат есімдерді және зат есім қызметін атқаратын өзге сөздерді сөйлемдегі етістік мүшелермен байланыстырады. Тек қана ілік септігі етістік мүшемен тікелей байланыспай, тәуелдік жалғаулы есім сөзбен ғана байланысып келеді. [1, 2005]

Тіл біліміндегі грамматикалық категориялардың бірі – септік категориясы. Ал туыстас түркі тілдеріндегі олардың ортақтығын дәлелдейтін, тектестігін көрсететін мәселенің бірі де – септік жалғаулары. Кез келген тілдің даму, қалыптасуында өзгешеліктің болатыны сияқты көне ескерткіштерде жеті септік ретінде көрінген септік жалғауларының саны қазіргі тілдерде алтыдан тоғызға дейін болып отыр және олардың жалпы сипатына қатысты да ортақтықтармен қоса, айырмашылықтар да орын алған.

Қазақ тілінде септік жалғауының жеті түрі бар, олар – атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғаулары. Қазақ тіліндегі, септік жалғауларын, негізінен алғанда, грамматикалық септік жалғаулар және кеңістікті білдіретін септік жалғаулары деп аталатын екі топқа ажыратылады. Мұның грамматикалық деген тобына *атау, ілік, барыс, табыс* жалғауларын жатқызады да, кеңістікті білдіретін деп атап отырған тобына *жатыс, шығыс* жалғауларын жатқызады. Бұлайша көрінудің сыры грамматикалық септік жалғауларының, көбіне, сөйлемдегі сөздердің өзара грамматикалық қатынасын, ал кеңістікті білдіретін септік жалғауларының кеңістік ұғымын аңғартуынан.

Септіктің грамматикалық деп аталып отырған тобына жататын жалғаулардың негізгі қызметі – бастауышты білдіру (атау септік), тәуелділікті білдіру (ілік септігі), іс-әрекеттің нысанын білдіру (барыс, табыс септігі), ал кеңістікті білдіретін жалғаулар іс-әрекеттің, қимылдың қай жерден басталғандығын, қай жерде болып жатқанын, бір сөзбен айтқанда, жалғаулардың бұл тобының қызметін, істің, қимылдың мекенін білдіру деп атауға болады. Сондықтан да өзбек тілінде шығыс септігін «ўрин-пайт» септігі деп атайды. Бұл септік «мезгіл-мекен» деген мағынаны аңғартады. Сөйлемдегі орын тәртібі жөнінен алғанда септік жалғаулы сөздер кейбір инверсияны қажет ететін жағдайда немесе үнемі өзін меңгеретін сөзден бұрын тұрады. Септік жалғауларының мазмұны әдетте екі түрлі ерекшелікті ескерген уақытта ғана біршама толық түрде көрінеді.

Бұл топтастырудан шығыс септігінің етістіктермен ғана емес, сондай-ақ есім сөздермен де грамматикалық байланыста боатындығын анықтауға болады. Шығыс септігінің мағыналық сипатындағы тағы бір ерекшелігі,

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

жатыс септігі тәрізді, өзі жалғанатын сөздің семантикасына байланысты мағынаны да білдіреді.

Шығыс септігінің бір ерекшелігі – себеп-салдар үстеулері морфологиялық құрамы жағынан, негізінен, барыс септігімен қоса қабат шығыс септігі жалғауларының көнеленуінен де жасалған туынды түбірлі сөздерден тұрады. (Талданып жатқан мысалдарымыз Ахмет Байтұрсынұлының мысал өлең-дерінен алынады). Мысалы:

...(Қысылғаннан шықты тер):

"Қуарған шал! Сый алмай,  
Қыз сұрайсың ұялмай,  
Соққан сені захмет....

...Жас жеткен соң жабығып,  
Аттаныстан жалығып,  
Жай жатуға ойлапты....

А.Байтұрсынов

Келтірілген үзінділердегі *қысылғаннан*, *аттаныстан* деген шығыс жалғаулы сөздеріміз себеп-салдарлық мәнде қолданылып тұр.

Шығыс септігінің және бір ерекшелігі – қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, тәсілін, жасалу жолын, сынын білдіретін үстеулер – сын-бейне үстеулерін де қалыптастырады.[2, 339]

Мысалы:

...Етбетінен шал түсті,  
Тәннен безіп жан ұшты,  
Қыз: "Хи-хи-хи! Ха-ха-ха!...

А.Байтұрсынов

Мұндағы *етбетінен* деген шығыс жалғаулы сөзіміз қимылдың, іс-әрекеттің қалай жүзеге асқандығын білдіріп тұр.

Шығыс септігінің үшінші бір ерекшелігі – мезгіл (қимылдың жалпы мерзімін я дәлді мезгілін білдіреді) және мекен (қимылдың орнын, бағытын білдіреді) үстеулерін қалыптастырады. Мысалы:

...Қолбасылар қалғымас,  
Тұс-тұсынан шықты қас,...  
...Қайсысына жетісер?  
Оңнан күтсе, жау солда,  
Қырдан күтсе, жау суда,  
Сырттан десе, құбыладан.  
Жан-жағынан жау ұрды,  
Жылап-жылап жіберді....  
...Таянғанда қалаға,  
Дулап, шулап далаға,  
Хан алдынан ел шықты.  
Жұрт жүгірер артынан,  
Хан сағынған халқынан

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Алар сәлем, құлдықты...  
...**Сырығынан** түсіп кеп,  
Алтын әтеш ұшып кеп,  
Хан басына қонады...  
...**Арбасынан** хан ұшты,  
**Кеудесінен** жан ұшты,  
Қалды барша жұрт таңға....

А.Байтұрсынов

Үзінділерде берілген *тұс-тұсынан, оңнан, қырдан, сырттан, жан-жазынан, алдынан, артынан, сырығынан, арбасынан және кеудесінен* деген шығыс жалғаулы сөздеріміз қимылдың орны мен бағытын білдіріп тұр.

Қорыта айтқанда, шығыс септігінің басты мағынасы – қимыл, іс-әрекеттің неден, қайдан шыққанын, басталғанын білдіру. Сондай-ақ шығыс септігі қимылдың қандай объект төңірегінде болғанын; не арқылы, неден өткенін; сапалық-сындық сипаттағы сөздердің салыстырма мәнін; істің, заттың тегін; кейбір өлшем, мөлшер, мезгіл мәнін; жанама объект; бөліктің бірлік не тұтастығы сияқты да мағыналарды білдіреді. Шығыс септікті сөз сөйлемде пысықтауыш, толықтауыш қызметінен басқа жіктеліп келіп баяндауыш немесе бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқаруы мүмкін.

### Әдебиеттер:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл. ISBN 9965-409-88-9; Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Арын-Пайлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006, ISBN 9965-808-78-3; <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1991. Ана тілі, - 339-бет.
3. Аханов А. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 2010.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. Үшінші бөлім. Алматы, 1989.
5. Байтұрсынов А. Тілтағылымы. Ұлттық рухтың ұлы тілі / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы, 1992.
6. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы, 2006.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 20007.
8. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1981.

## А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҮНДЕСІМ ҚҰБЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Дуйсабаева Д.У. – доцент

Юнусова А.Н. – 4-курс студенті

Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация.** Мақалада түркі тілдеріндегі үндесім заңдылығы, соның ішінде қазақ тіліндегі сингармонизм заңдылығының зерттелуі туралы сөз болады. А.Байтұрсыновтың қазақ тілі үндесім заңдылығының өзіндік сипаты жайлы ғылыми көзқарастарына тоқталған.

**Тірек ұғымдар:** сингармонизм, лингвалдық сингармонизм, лабиалды сингармонизм, сингармониялық дыбыс, дауысты дыбыстар, буын.

**Аннотация.**Статья посвящена изучению закона гармонии в тюркских языках, в том числе закона сингармонизма в казахском языке. Обсуждаются научные взгляды А.Байтұрсынова на специфику ритмического закона казахского языка.



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

**Ключевые слова:** сингармонический, языковой сингармонический, губной сингармонический, сингармонический звук, гласные, слог.

**Abstract.** The article deals with the study of the law of harmony in Turkic languages, including the law of synharmonism in the Kazakh language. A. Baitursynov's scientific views on the specific character of the rhythmic law of the Kazakh language are discussed.

**Keywords:** synharmonic, lingual synharmonic, labial synharmonic, synharmonic sound, vowels, syllable.

Бүгінгі күнде жалпы түркі әлемінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде дыбыстардың үндесуі жан-жақты зерттелген, теориялық негізі қаланған мәселе болып саналады. Оның зерттелуіне ғалым А.Байтұрсынов та айтарлықтай үлес қосты. Ғалым өзінің алдындағы ғалымдардың үндестік заңына қатысты жекелеген пікірлерін, тұжырымдарын негізге ала отырып, тіліміздегі үндестік заңы құбылысының ғылыми-теориялық негізін жасаған.

Түркі тілдеріндегі сингармонизм табиғатын тануда зерттеушілер екіге жіктелген, яғни И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Байтұрсынұлы, Е.Д. Поливанов, Т. Шонанов зерттеушілер сингармонизмді дауыстылардың ғана үндесуі деп түсінсе, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, К.К.Юдахин тағы басқа зерттеушілер сингармонизмді сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндесуі деп түсінген [4, 21].

Қазақ тіл білімінде сингармонизм мәселесін ары қарай дамытқан – Қ.Жұбанов. Ол түбір мүшенің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшалар да жуан не жіңішке болып жалғанатынын айта келіп, сингармонизмге мынадай анықтама береді: «Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингармонизм дейміз» [3, 193].

А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ тілінің сингармонизмнің зерттеу жолдарын, өз пікірлерін қазақ ғалымдары жасырын түрде болса да, қазіргі кезде жеткізді. XX ғасырдың 90-шы жылдары сингармонизм мәселесі Ә.Жүнісбековтің, М.Джүсіповтың еңбектерінде әрі кең, әрі терең зерттелінді.

С.Мырзабековтың айтуы бойынша: «Сингармонизм (грек. *sun* – бірге және *harmonia* – байланыс, үндесу) – түркі тілдеріне тән аса күшті заң [5, 130]» – дейді.

Енді сингармонизм дегеніміз – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің таңбасы. Бұл құбылыс сөз құрамындағы барлық дыбыстарды қамтиды. Қазақ тіліне басқа тілден енген сөз қазақ тілінің сингармониялық заңдарына сәйкес дыбысталса, онда ол сөзді қазақ халқы ана тілінің төл сөзіндей қабылдайды. Егер сөзді дыбыстауда сингармонизм заңы бұзылса, онда ол сөздің тура, тез қабылдануы көп жағдайда баяу жүзеге асады. Сингармонизмнің тағы бір қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру.

Сонымен, сингармонизм – көп қызмет атқарушы құбылыс. Сингармонизм барлық дыбыстарды, буындарды, сөздерді, мәтіндерді орфографиялық нормаларды қамтиды. Оның атқаратын қызмет түрлері – сөз таныту, сөз жасау, сөз айыру болып табылады.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

«Сингармонизм» терминін тіл білімінде бірінші болып қолданған Х.Досмұхамедұлы. Сингармонизмді (әлем тіл білімінде) тұңғыш болып «дауыстылар гармониясы» ұғымында емес, жалпы «дыбыстар гармониясы» ұғымында түсініліп зерттеулер жүргізілген. Яғни, А.Байтұрсынов пен Х.Досмұхамедұлының сингармонизмді түсінулері, қазақ дыбыс жүйесін зерттеулері бір ғылыми теорияға негізделген.

А.Байтұрсынов «сингармонизм» терминін қолданбаған, себебі қазақ тілінің дыбыс қорын, сөйлесім процесін езулік жуан, езулік жіңішке категорияларында ұғып, ғылыми ізденістер жүргізіп, классификация жасаған. Яғни, А.Байтұрсыновтың фонетикаға, графикаға, орфоэпияға арналған еңбектері езу сингармонизмнің негізінде жасалған. А.Байтұрсынов ерін сингармонизмі негізінде ғылыми ізденістер жүргізбеген.

Фонетикада тілдегі дыбыстардың басын біріктіріп, бүтін бір сөз етіп тұратын тіл заңдылығы болады. Осыған орай, А.Байтұрсынұлы «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады» [1, 46] дейді. Ендеше «тілде қанша және қандай дыбыстар бар» деген өз алдына маңызды мәселе болып табылса, олар «өзара қалай байласады» деген мәселе одан да маңызды болып табылады.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі 19 дауыссыз дыбыстың «...һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады» дегенді қазақ сөзінің үндесім заңдылығына сүйеніп айтып отыр. Содан келіп қазақ тілінде «43 түрлі дыбыс» бар деген қорытындыға келеді. Қазақ тілінің (түркі) тілінің сөз просодикасы (сөз құрауышы) сингармонизм екенін алғаш айтқан да, дыбыс талданым сингармонизмнен басталатынын көрсеткен де А.Байтұрсынұлы.

А. Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде қосымшалар мен бүтін сөздердің үндесім әуезін тең қояды. Сондықтан бүтін сөздің үндесімі мен қосымшаның үндесімі тең фонетикалық құбылыстар болып табылады. Бүтін сөз үшін алынған үндесім сипаттама қосымша үшін жарап жатса, қосымша үшін алынған үндесім сипаттама бүтін сөз үшін жарап жатады. Бұдан А.Байтұрсынұлының өз заманында басталып, бүгінге дейін мызғымас ережеге айналған «түбір сөздің әуезіне қосымшаның әуезі бағынышты» дегенді мойындамағанының орынды дәлелі болып табылады.

Қазақ тіліндегі лық/лік, дық/дік, тық/тік жұрнақтары қосымшаның тек жуан/жіңішке әуезін ғана көрсетеді, А. Байтұрсынұлы көрсеткен үлгі: «...Жіңішке сөздерде «-лық» орнына «-лік», «-дық» орнына «-дік», «-тық» орнына «-тік» болып жалғасады, мәселен, ер – ерлік, ел – елдік, тең – теңдік, ерке – еркелік, кедей – кедейлік, көп – көптік...» әлі күнге дейін басым келіп, оның еріндік/езулік үлгілері қазақ тілтанымында (оқулық пен оқу-құралдары т.б.) ескерілмей келеді. [2, 18]

Кез-келген фонетикалық бірліктің өз артикуляциясы болады. Ендеше қосымшалардың (жұрнақтардың) әрқайсысының өзіне тән артикуляциясы бар. Өйткені сол артикуляция арқылы үндесім әуездің естілімі қалыптасады.

Фонетикалық бірліктердің (сөз, буын) үндесім артикуляциясының әмбебап сипаттамасы А.Байтұрсынұлының бір ғана -лық топтамасынан

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

көрінеді. Өзге үндесім сөздер мен қосымшаларды талдап жатудың қажеті жоқ, өйткені бір топтаманың үндесім сипаттамасы өзге де сөздер мен қосымшалардың үндесім әуезіне сай келеді. Қазақ тіліндегі А.Байтұрсынұлы аңғарған үндесім құбылысының басты ерекшелігі осында болып табылады. Ғалым қазақ сөзін жуан/жіңішке деп бөлгендегі әуез түрлерінің артикуляциялық сипаттамасы әзірге тек тілдің көлденең қалпына қатысты. Ал ерін әуезін А.Байтұрсынұлының ескермегендігі жоғарыда айтылды.

Жоғарыдағы фонетикалық талданымды А.Байтұрсынұлының дәйекшісінің артикуляциялық (жасалым) сипаттамасы ретінде қабылдау керек. Өйткені «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекші. Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріфтері жіңішке айтылады...». [2, 17] А. Байтұрсынұлының фонетикалық ұстанымы: сөз алдында дәйекші жоқ болса, онда ол сөздің жасалымы кейінді, естілімі жуан, ал сөз алдында дәйекші тұрса, онда ол сөздің жасалымы ілгерінді, естілімі жіңішке болып шығады.

А.Байтұрсынұлының «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді» деп, сөз құрамындағы дыбыстардың өзара байланысар «заңы» деп берген үндесім заңының артикуляциялық анықтамасын, бүгінгі фонетика жетістіктері тұрғысынан, «сөз құрамындағы біркелкі кейінде не ілгерінді болып жасалуы» деп түйіндеуге болады. Сонда сөз құрамындағы дыбыстарды өзара байланыстыратын артикуляциялық белгі анықталады, сөйтіп А.Байтұрсынұлының дәйекшісі артикуляциялық анықтамамен толықтырылады.

Қазіргі қазақ тілі фонологиясы А.Байтұрсынов пен Х.Досмұхамедұлының сингармониялық концепцияларынан мынадай ғылыми ұғымдарды қабылдап, дамытты. Сингармонизм – қазақша тілдесімнің негізгі қасиеті; тек дауыстылар гармониясы емес, сөздің құрамындағы барлық дыбыстардың гармониясы (дауыстылардың, дауыссыздардың); жуандық – жіңішкелік корреляция (қарама-қарсы), сингармониялық дыбыс – сөз мағынасын өзгертетін тіл құралы; поэзия түсінігі (дыбыстың сөз құрамындағы орны, өзінен ілгері және кейін тұрған дыбыстармен қарым-қатынасы).

Осы ұғымдар қазақ тіл білімінде сингармониялық ұғымдармен, категориялармен, принциптермен қоса зерттеліп, сингармониялық және акцентті-фонемалық теориялардың пайда болып, қалыптасуына ғылыми негіз болды.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А.Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 446 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, 2009 – 17-18 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2014. – 297 б.
4. Жұбаева О. С. Қ. Кеменгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. ф. ғ. к., дисс. – Алматы, 2002.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1999. – 200 б.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – АҒАРТУШЫ ҒАЛЫМ

**Бөлекбаева Ш.** - п. ф.ф.д. Ph.D

Науаи мемлекеттік педагогикалық институты

Өзбекстан, Науаи

**Мағзұмбекова Ә. Қ.** – аға оқытушы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Астана

**Түйін:** Бұл мақалада ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың қазақ балаларының сауатын ашу мақсатында жазылған еңбектеріне шолу жасалады. Мақала авторлары ғалымның еңбектері мен тіл үйрету әдістеріне жан-жақты тоқталады.

**Кілт сөздер:** Ахмет Байтұрсынов, ғалым-ағартушы, оқу құралы, әдістер, ана тілі, тілді дамыту.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются труды педагога Ахмета Байтурсынова, написанные с целью развития грамотности казахских детей. Авторы статьи акцентируют внимание на работах ученого и методах обучения языкам.

**Ключевые слова:** Ахмет Байтурсынов, ученый-просветитель, учебные пособия, методы, родной язык, развитие языка.

**Abstract:** This article discusses the works of the teacher Akhmet Baitursynov, written with the aim of developing the literacy of Kazakh children. The authors of the article focus on the works of the scientist and methods of teaching languages.

**Keywords:** A. Baitursynov, scientist and educator, diversified training manuals, methods of teaching, mother language.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің алғашқы ғылыми негіздері қазан революциясына дейінгі дәуірде, яғни ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталғаны белгілі.

Осы кезеңде қазақ халқының оқу ағарту ісін қолға алған тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин болатын. Туған халқын отаршылдық езгіден, білімсіздік пен сауатсыздықтан құтқарып, өркениетті елдердің қатарына қосудың бірден-бір жолы оқу-ағарту істерін жолға қою екендігін жақсы түсінген ғалым қазақ балалары үшін мектептер ашып, оқулықтар жазды.

Ұлы ағартушының бұл ісін дамыта жалғастырушы ғалым А. Байтұрсынов еді. Әдіскер – педагог жаңа оқу құралының алғашқы бетіндегі «Балаларға тарту» өлеңінде:

Балалар, бұл – жол басы даналыққа,  
Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!  
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?  
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та! – дейді.

А. Байтұрсыновтың бұл өлеңі Ы. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» өлеңімен үндес екендігін аңғарамыз. Өйткені жоғарыда айтылғандай, Ахмет те Ыбырай сияқты халықтың мәдениетін көтеруді, тұрмысын жақсартуды оқу ағарту ісінен, яғни балаларды оқытудан бастау жөн деп санаған. Мұны көреген ұстаздың «біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» [3.7] деген сөзінен де байқаймыз.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Елдің болашағы бала екендігін жақсы түсінді. Сондықтан қазақ балаларының көзін ашып, көкірегін оятуға білек сыбана кірісіп, аянбай еңбектенді. Оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу баланың ертең ел қамын ойлайтынына сенді. «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген сөзінде де халықтың болашағын ойласақ, балаларға көңіл бөлуіміз керек дегенді меңзейді.

Балалардың тез өсіп жетілуінің бір кілті – оларды ана тілінде оқыту, ол үшін ана тілінде оқу құралдарын жазу деп білді және бұл істерді өзі бірінші болып жүзеге асырды.

Сол кездегі қиындықтарға қарамастан, мектептер ашып, оқу құралдарын жазды. Шынында да, бұл құралдар сауат ашуға өте қажет еді. Ұлы ұстаз бұл жөнінде 1926 жылы Қызылордада басылған жаңа оқу құралының кіріспе сөзінде: «... бұл Әліп – би кітабы жаңа әдіске көшу жөніндегі көңіл тілегімен қол қысқалығын бір-біріне жамастырып, жақындату шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа прағырамма (Гуус прағырамынша) болуы көзделді. Аш адам астың бабы мен дәміне қарамайды. Қазақ оқуы жағынан ашығыб отырғанын топырлап мекеме алдын тоздырып, оқитын орын таба алмай жүрген қазақ балалары көрсетіп отыр. Сол ашығыб отырған қазаққа бабын-дәмін келтіріп, соңыра беретін асыңнан бабы, дәмі кем болса да әзір берген асың артық. Тамаққа қарны тойыңқырап, қанағаттанған кезде талғайды»[1.4] – деп жазды.

Мұнда білімге шөліккеп отырған қазақ балалары үшін жазылған бұл оқулық өте қажеттіліктен туып отыр, оның кемшілігі болуы мүмкін, бірақ аш адамның тамақ талғамайтыны сияқты, дәл қазір оқулық талғайтын уақыт емес, кемшілік жата-жастана түзеледі дегенді айтады.

Ғұлама ғалымның өзінің бар ғұмырын туған халқының жарқын болашағына арнағанын С.Сейфуллиннің 1923 жылы А.Байтұрсыновтың 50 жылдығында сөйлеген: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді», [3.16] деген сөзінен де аңғарамыз.

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын әрі аудармашы, ғұлама ғалым, ескі араб алфавиті негізінде ұлттық жазу жасаған реформатор, қазақ мектептеріне «төте оқуды» бірінші болып енгізген әдіскер-педагогтың бір ғана қыры – ағартушылық, ұстаздық еңбектері туралы ғана айтатын болсақ, А.Байтұрсынов «Баяншы», мұғалімдерге арналған «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы», «Жалқылау (айырыңқы) әдісі», «жалқылауды жалпылау әдісі» т.б. еңбектер жазды.

Ыбырай Алтынсарин сияқты Ахмет те балаларға арнап жазған оқу кітаптарында халық әдебиетінен, кейде аударма еңбектерден оқушылар ұғымына жеңіл, тағылымдық, тәрбиелік, танымдық мәні бар қысқа әңгімелер мен өлең-жырларды мол пайдаланды, өзі де жазды.



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

А. Байтұрсынұлының оқулық жазудағы бұл ұстанымдары арада бір ғасырдай уақыт өтсе де, өзінің бұл құндылықтарын жойған жоқ. Қазіргі кезде де оқулық жазуда лексикалық тақырыптардың, тіл дамыту материалдарының оқушы түсінігіне жеңіл, тәрбиелік мәнінің зор болуы көзделеді.

Сонымен қатар ғалым аталған еңбектерінде баланың тілін дамытуға ерекше көңіл бөлген. Тіл дамытудың, тілді оқытудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, оны ғылыми тұрғыдан дәлелдеген. Бұл жөнінде ғалым Қ. Ақбаева өзінің ғылыми еңбегінде: «А.Байтұрсынұлов еңбектерінің құндылығы, тіл оқыту әдістемесінің ғылыми негізін қалауында ғана емес, әдістеме теориясын оқулықтарында қолданып, оның дұрыстығын тәжірибе жүзінде көрсетіп, дәлелдеп берді», – дейді.[4.6]

Жоғарыда айтылғандай, А. Байтұрсынұлов тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де арнап әдістемелік құралдар жазды. Сөйтіп, мұғалімдерге үлкен жәрдем берген. Сол кездегі мұғалімдер А.Байтұрсынұлының әдіс-тәсілдерін қолданған.

Ұлы ұстаздың тіл үйретуде пайдаланған әдіс-тәсілдері қазір де қолданылады деуімізге толық негіз бар. А. Байтұрсынұлы оқулықтарында оқушының тілін дамыту үшін алдымен баланың күнделікті өмірінде жиі кездесетін сөздер үйретіледі. Мұны біз қазіргі оқулықтардан да байқаймыз. 1-сынып оқушыларының сауатын ашу немесе өзге тілді ұлттарға тіл үйретуде де алдымен күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер, күнделікті пайдаланылатын зат атаулары, отбасы мүшелері, туыстық атаулар, дене мүшелері, сандар немесе аса қажетті етістік сөздер үйретіледі.

Сонымен қатар А.Байтұрсынұлының тіл дамытуға байланысты алған лексикалық материалдарына үйретілген сөздердің жиі қайталанатынын және олардың жеңіл болуы қарастырылғанын байқаймыз. Бұл сөздің оқушының есінде жылдам, ұмытылмайтындай сақталуын және түсінуіне қиындық тудырмауын көздейді.

Тағы бір байқағанымыз, ұстаз «Әліп биі» құралында үйренуге жеңіл бір буынды сөздерді оқу, жазуға үйретуден бастаған. Бұл дидактиканың жеңілден ауырға деген ұстанымымен байланысты. Ал бұл ұстанымның екінші тілді үйрету үшін өте маңызды екендігін біз жақсы білеміз. Ғалым оқулықтарында үйретілген сөздің есте жақсы сақталуын қамтамасыз етуі үшін, сол сөздерге байланысты суреттер беріп отырған. Мұндай жағдайлар қазіргі екінші тілді үйретуге арналған оқулықтарда да жиі кездеседі.

А.Байтұрсынұлының тіл үйретудегі әдіс-тәсілдерінің өміршеңдігі оның ғылыми негізінің дұрыстығын көрсетеді.

«Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» [3.5] - деп, елінің сауатын ашып, оның егеменді, тәуелсіз мемлекет болуын, басқа елдің бодауында кетпеуін аңсады, сол үшін өзі де жан аямай күресе білді. Ұлы ұстаздың бұл арманы толығымен жүзеге асты. Қазақ халқы біртіндеп сауатын ашты, теңдікке қол жеткізді. Қазір өз тәуелсіздігін алып, егеменді ел болды.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Мәдениеті, өнері, ғылымы, экономикасы дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылды.

А.Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойында жазушы С.Мұқанов: «Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес», [3.12] – деген болатын.

Иә, қазақ тіл білімінің көшбасшысы, атасы, оның негізін қалап, қабырғасын тұрғызушы, шаңырағын көтеруші ұлы ғалым А. Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласындағы ұлы еңбегін қазақ халқы бағалады, бағалай да бермек.

### Әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынов. Новый букварь с рисунками. – Казиздат. Кзыл-Орда, 1928.
2. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.
3. Қазақстан мектебі. – 1998. - №6.
4. Қ. Ақбаева. Оқу орыс тілінде жүретін мектепте бастауыш сыныбында оқушының сөздік қорын байыту жолдары (әдістемелік құрал). Алматы, 1997.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЖӘНЕ КҮШЕЙТПЕЛІ ШЫРАЙЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Нисанбаева А.К. – п.ғ.к., доцент

Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

Байбулатова К. Ж. – 2-курс магистранты

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация:** Бұл мақалада сын есім және оның шырайлары туралы мәлімет беріледі. Сын есімнің жай, салыстырмалы, күшейтпелі және асырмалы шырайлары бар екендігі, күшейтпелі және асырмалы шырайлардың жасалу жолдары мен олардың Ахмет Байтұрсынов мысал өлеңдерінде қолданылуы туралы сөз қозғалады.

**Кілт сөздер:** сын есім, шырай категориясы, жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай, тек сыны, сыр сыны, талғаулы шырай, таңдаулы шырай, зат есім.

**Аннотация:** В этой статье представлена информация о степени сравнения качественных прилагательных. Обсуждается наличие у прилагательных положительная степень, сравнительная степень, превосходная степень и их употребление в стихотворениях-примерах Ахмета Байтұрсынова.

**Ключевые слова:** прилагательное, категория прилагательного, простое прилагательное, прилагательное в сравнительной степени, прилагательное в превосходной степени, прилагательное в превосходной степени, прилагательное, предпочтительное прилагательное, предпочтительное прилагательное, существительное.

**Abstract:** This article presents information on the degree of comparison of qualitative applications. The existence of positive degree, comparative degree, superlative degree and their use in poems-examples of Akhmet Baytursynov is discussed.

**Keywords:** adjective, adjective category, simple adjective, comparative adjective, superlative adjective, superlative adjective, only adjective, adjective adjective, preferred adjective, preferred adjective, noun.

Сын есімнің шырайлары – сын есімнің біртектес сапалық сынның бір-бірінен айырмашылығын анықтайтын категориясы. Шырай категориясы әр

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

түрлі сапаны емес, керісінше, ұқсас заттардың біркелкі сындық, сандық, сапалық дәрежесін салыстыруға қызмет етеді. Шырай жұрнақтары қатыстық сын есімдердің бәріне бірдей жалғана бермейді (түскі мезгіл немесе шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ дегендегі қатыстық сын есімдер шырай категориясын қабылдамайды), олар заттанған сөздерге (баларак), кейбір модаль сөздерге (көбірек, азырақ), үстеулерге (ілгерірек, өте, кейін) жалғанады.

Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл – құрал» атты еңбегінде төмендегіше баяндалады: Сөздің кейбіреулері нәрсенің сынын атайды. Мәселен: *жақсы, жаман, жұмсақ, қою, сұйық, бай, жарлы, жақын, алыс, аш, тоқ арзан, қымбат, қалың, жұқа, семіз, арық, қараңғы, ақылды, ақымақ, есті, есалаң, ескі, жаңа, ұсақ, тар, кең, бұзыр, тегіс..* т.б. Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есімдер деп аталады. Сын есімнің сұрауы: қандай? Мәселен, *жаман төре жан алар.*

Нәрселердің сынын көрсететін сөздерді сын есім дейміз. Сын екі түрлі: 1) Тек сыны, 2) Сыр сыны. Тек сыны нәрсенің тегін көрсетеді. Сыр сын нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін яғни, түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді. Сыр сынында үш шырай бар: 1) Жай шырай. 2) Талғаулы шырай. 3) Таңдаулы шырай.

Жай шырай артық-кем демей, нәрсенің сиқын жай көрсетеді, талғаулы шырай нәрсе сиқының бірінен-бірі артық-кемдігін көрсетеді; оны көрсету үшін жай сындағы сөзге «-рақ», «-рек» деген талғау қосымшалары тіркеледі. «-рақ» қосымша жуан сөзге, «-рек» қосымша жіңішке сөзге тіркеледі. Талғау шырайын күшейткенде, көптеген сөз қосылып айтылады. Таңдаулы шырай нәрсенің сиқы өте артық екенін көрсетеді. Оны көрсету үшін жай шырайдағы сөздің алдына ең, нақ, тап, тым, бек, хас деген сөздер қосылып айтылады.

Нәрсенің сыны қалыпты күйінен тысқары болса, яки, сыннан өтетін басқа нәрсе, я іс болса, сын есіміне һәр түрлі жұрнақтар жалғанады. «-лау» (-леу, -дау, -деу, -тау, -теу) жұрнақ сын есіміне жалғанады, анық сол сын еместігін көрсету үшін. «-шыл» жұрнақ сын есіміне жалғанады, сол сынға бейімдігін көрсету үшін. Кей сын есімдерде «-шыл» орнына «-ғыл», «-ғылт» жұрнақтар жалғанады. Кей сын есімдерде «-ғылт» орнына «-қылтым» жұрнақ жалғанады.

Қазіргі қазақ тілінде салыстырмалы шырай аналитикалық тәсілмен жасалады, заттың ұқсас сапаларының артық я кемдігін *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу; -ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -шылтым; -аң, -ғыш, -гіш* тағы басқа жұрнақтар арқылы салыстыра көрсетеді, ал күшейтпелі шырайды Ә.Төлеуов аналитикалық және синтетикалық жолмен жасалады десе, А.Ысқақов осы екі тәсілді шырайдың екі түріне бөліп тастайды, яғни күшейтпелі буын күшейтпелі шырайды, ал күшейткіш үстеулер асырмалы шырайды жасайды деп есептейді. Күшейтпелі шырайдың негізгі көрсеткіші күшейтпелі буынның тіркесуі болып табылады, ол сын есімнің бастапқы буынының қысқарып, оған *-н* дыбысының жалғануы арқылы жасалады.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Жоғарыдағы теориялық мағлұматтарды пысықтау мақсатында Ахмет Байтұрсыновтың мысал өлеңдеріндегі күшейтпелі және салыстырмалы шырайлардан мысалдар келтіруді жөн көрдік.

**Салыстырмалы шырай:** 1. *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек; Негұрлым сөз сүгіреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылып, шапшаң оқылмақшы; Қаламның бір сермеуімен жазылатұн әріп екі сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуінен жазылатұн әріп ұзын сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады.* («Байтұрсынұлы Ахметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы»); Ауылдан **оқшауырақ** тігілген кішкене қоста он шақты бала тыныштықтың сәнін бұзып, ың-жың шулап отыр; Бір жапырақ қағаздың кірден жылтыраған бетіндегі ірі жазуға қарап, сегіз жасар Байжан ілгері-кейін шұлғып, «пи-қаф», «қаф-пи» деп ызыңдайды, молданың көзі түсіп кеткенде, ұясынан кенеттен ұшқан торғай сияқтанып, **қаттырақ** шырылдайд; Байжанның көзі жасаурап, жанындағы **үлкенірек** серіктеріне жалт-жалт қарап, орнына қайта отырды. («Байжанның молдасы»); Сондықтан русша оқудан көрі жалпақ жұртқа **керегірек** һәм қолы жетерлік оқу жайын айтамын; Мұны алғаннан кемшілік келмейді, қайта **ұнамдырақ** болады. Мысалы: еңбекжі деп жазу еңбекше деп жазудан ұнамдырақ, қанжа деп жазу қанжа деп жазудан ұнамдырақ («Жазу тәртібі» А. Байтұрсынұлы. «Айқап», 1912, №4-5); Үлкен үй салуға да қанша жұмысшы керек, - жеті облыс қазақтың жұмысы үй жұмысынан **ұлырақ** емес пе?! («Орысша оқушылар»); 2. *-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу; Мектебіміз қалың ауылдың ортасында, қыраңдау биік жерде.* («Біздің мектеп»); Дұрыс емле менен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар деймін: тіл табиғатына қарай емлені **ыңғайлау** ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді **ыңғайлау** ма?; Ауыз көп ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады, ауыз тарылғанда шыққан дыбыс **тұйықтау** болады. («Қазақша сөз жазушыларға»); Көсе, **арықтау** қара кісі отыр («Байжанның молдасы»);

**Күшейтпелі шырай:** *Сөйтіп, екі әріпті салыстырғанда, сап-саз, ап-айқын көзге көрініп тұрған сындары әріп алмастыру мәселесін дәріптеп көтеруге орын жоқтығын көрсетеді* («Байтұрсынұлы Ахметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы»); *Мәселен: қып-қызыл, сап-сары, үп-үлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, біп-биік, сып-сида, шіп-шикі тағысын тағы сондайлар* («Алаш қайраткерлерінің тіл мәселесі туралы жинақтарынан алынған материалдары»); *Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар, Тамағын үлбіреген кір шалмайды.* («Көрнек өнерінің тараулары»).

Ескерте кететін бір жәйт Ахмет Байтұрсынов өз әңгімелерінде *-ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -шылтым; -аң, -ғыш, -гіш* қосымшалы шырайлар дерлік кездеспейді екен. Ахмет мұндай қосымшалы сөздерді кем пайдаланған.

### Әдебиеттер:

1. Аханов А. Тіл білімінің негіздері. Алматы. 2010.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Үшінші бөлім. Алматы. 1989.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Ұлттық рухтың ұлы тілі / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы. 1992.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Астана. 2006.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1991;
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 20007;
7. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы. 1981.
8. Төлеуов Ә. Сөз таптары. Алматы. 1982.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН САУАТ АШУ ӘДІСТЕРІ

**Байтенова Қ. Қ.** – п.ғ. магистрі  
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалы  
«Білім беру бағдарламалары орталығы»  
Астана, Қазақстан  
*baitenova\_k@cep.nis.edu.kz*

**Аңдатпа:** Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу әдістері, Әліппе оқулығының құрылымына қойған талаптары қарастырылады. Автор ұлт ұстазының сауаттау әдісінің өміршеңдігі мен қазіргі таңдағы қолданылуы туралы ой қозғайды. Мақалада сауат ашу әдістерін Әліппе оқулығын әзірлеу тәжірибесінде қолдану жолдарымен таныстырады.

**Кілт сөздер:** әліппе, сауаттау әдісі, дыбысты әдіс, оқу, жазу.

**Аннотация:** В статье рассматриваются труды Ахмета Байтурсынова методы обучения грамоте и требования к структуре учебника «Әліппе». Автор размышляет об актуальности и современном использовании методов, разработанных А. Байтурсыновым, приводя примеры способов применения методов обучения грамоте в практике разработки учебника «Әліппе».

**Ключевые слова:** «Әліппе», методы обучение грамоте, звуковой метод, чтение, письмо.

**Abstract:** The article discusses the methods of literacy training developed by Akhmet Baitursynov and the requirements for the structure of the textbook «Әліппе». The author reflects on the relevance and modern use of the methods developed by A. Baitursynov, giving examples of ways to apply literacy teaching methods in the practice of developing the textbook «Alippe».

**Keywords:** Alippe (ABC book), methods of teaching literacy, sound method, reading, writing.

Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы бастауыш мектепке арнап төте жазу негізінде «Оқу құралы. Қазақша әліпби» оқулығын жазып, қазақ тілінде сауат ашудың негізін қалады. «Төте жазу» деген атпен тарихта қалған қазақ тіліндегі дыбыстардың, дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбаларын белгілеп, араб қарпі негізді жаңа әліпбиді құрастырды. «Дыбысты әдіс» негізінде әзірленген бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып шыққан.

Ұлт ұстазы қазақ баласын оқу мен жазуға үйретудің төте жолын іздеді. Оқу мен жазуды баланың қиындықсыз әрі жылдам игеруі үшін сауаттау әдісін терең зерттеп, қазақ тілінің ерекшелігіне сай әдістемені ұсынды. Себебін «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады.» – деп түсіндіреді [1, 280].

«Сауаттау әдісі дегеніміз – балаға жазу мен оқуды үйретуге жұмсалатын түрлі әдістер жинағы. Яғни «Сауаттау әдісі арқылы «балаларға беретін сүйеніш арба секілді алғашқы көмек беру» [1, 332] деп түсіндірді. Сауаттау әдісінің бірі «Жалқылаулы-жалпылау әдісі». Бұл әдіс «Дыбысты



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

әдіс», «Шағын сөзді» әдіс және «Жазу-оқу» секілді бірнеше әдістен тұрады. Сауат ашуға арналған «Дыбысты әдісті» таңдау себебін ұлт ұстазы: «балалар сөздің ішінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін айыруды білсе, әріптерін қою қиын болмайды. Оқуы тәртіпті жұрттар балаларға әріп көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады» дейді [1, 287]. Сөз құрамына дыбыстық талдау жасату үшін «әуелі балаларға әртүрлі дыбыс бар екенін білдіру»; яғни қоршаған ортада кездесетін дыбыстар, соның ішінде табиғат құбылыстарының, жан-жануарлардың дыбыстарын зерттеуден бастаймыз. «Екінші балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айырту. Үшінші бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп сөз айтуды білдіру» қажеттігін атап көрсетеді [1, 287]. Аталған үш әрекет қазіргі таңда «Әліппеге дейінгі кезеңнің» аса маңызды міндеті болып табылады. Бұл әрекеттер сөйлеудің тыңдалым және айтылым түрлері арқылы жүзеге асырылады. Баланың сөздік қорын дамытумен қатар дыбыстық талдау жасау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан сауат ашудың «Әліппе кезеңінде» де жүйелі жұмысты жалғастыру маңызды. Өйткені дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп. «Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы» деп 1913 жылы «Қазақ» газетінің бас мақаласында жазады. Мұғалімдерге «Дыбысты әдіс» негізінде сауат ашу үдерісінің негізгі бес әрекетін нақтылап береді. Олар: 1. Балалармен әңгімелесу; 2. Оқу үйретуге даярлайтын жұмыстар; 3. Сөзден дыбыстарды айырып шығару; 4. Әріптермен таныстыру; 5. Берілген әріптерден сөз құрау, соны оқу [1, 340-341].

Балалармен әңгімелесу әрекетінің мақсаты: оқушылардың бойын үйрету. Әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір болады. Яғни мұғалім балалардың хал-жағдайын біліп, сабақта жүріп-тұру тәртібімен таныстырады. Қазіргі сабақ құрылымындағы оқушылардың білім алуына қолайлы психологиялық жағдай жасау кезеңін білдіреді.

Дыбысты әдістің «Оқуға даярлайтын істер» әрекеті балаға «сөз» деген ұғым мен «дыбыстың» не екенін білдіруге бағытталған. Екіншіден, сөз ішіндегі дыбыстарды талдауға дағдыландыруды көздейді. Ахмет Байтұрсынұлының осы әдісі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» әзірлеген Әліппе оқулығында басшылыққа алынды. Мұғалім оқушылармен әңгімелесуді балаға таныс тақырыптағы сурет негізінде жүзеге асырады. Әліппеге дейінгі кезеңге «Сәлем саған, мектебім!», «Кел, танысайық!», «Мен мектепке барамын», «Оқу құралдарым», «Менің мектебім», «Күн тәртібім», «Менің бос уақытым», «Мен әдепті баламын», «Мен қолғанат боламын», «Әжемнің ертегісі» тақырыптарын ұсындық [3, 6-25]. Әліппе кезеңінде де ұсынылған сюжетті суреттер мен заттық суреттердің тәрбиелік мәні болуы, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыруға мүмкіндік беретін әлеуеті ескерілді.

Сөйлеу барысында сөз легінен немесе сұрақ қою арқылы сөйлемді ажыратып, сөйлем сызбасымен таныстыру ұйымдастырылады. Сонан кейін

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

сөйлемнен сөзді айыруға, сөздерді буынға бөлуге, буыннан дыбыстарды айыруға дағдыландырады. Жеңілден күрделіге қарай қағидасы бойынша әуелі бір буынды, одан кейін екі буынды, сонан соң үш буынды сөздердің дыбыстық құрамын талдайды. Оқушылар графикалық жазуды: сөйлем, сөз, сөздің буындық құрамы, сөздің дыбыстық құрамының сызбасын салуды үйренеді. Оқушылардың графикалық жазуды игеруі осы кезеңде аса маңызды әрекет, өйткені сөйлем құрамындағы сөздерді, сөз ішінде буынды, буыннан дыбыстарды ажырату және оларды таңбалай білуі, оқытудың келесі кезеңінде әріптермен танысу барысында сауатты жазуына негіз болады.

Дыбысты әдістің келесі әрекеті: *әріптермен таныстыру*. Ахмет Байтұрсынұлы «Әліппеде» таныстыру үшін ең бірінші үйретуге оңай, жазуға жеңіл әріптерді таңдаған. Осы ұстанымды басшылыққа алып, қолданыстағы «Әліппе» оқу бағдарламасында а, р, л, у, н, с, о, т әріптерінен бастап оқытылады. Әріппен танысу барысында қоршаған ортадан ұқсас пішінді заттарды табу, түрлі материалдардан әріп таңбасын модельдеуді ұсынып, зерттеу және жаңаны жасап шығаруға ынталандыруды көздедік.

Дыбысты әдістің 5-ші әрекеті: берілген әріптерден сөз құрау, соны оқу. Оқушылар алдымен бір буынды сөздердің құрамындағы дыбыстарды айырып, өтілген әріп таңбаларын шырпыдан құрастырып, сөзді құрап жазуға жаттығады. Осы әрекет арқылы оқудың алдына жазуды шығарамыз. Оқушы буынды оқу тәсілін тәжірибе арқылы түсініп игерсе, онда әрі қарай буындарды қосып, сөз құрап оқу жеңіл болады. Әліппе оқулығын әзірлеу барысында жүйелі түрде әр сабақта сөз құрауға тапсырмалар ұсындық. Мысалы, сөз құрамындағы адасқан әріптердің орнын табу, берілген әріптерден сөз құрап жазу, буындардан сөз құрап жазу, кестеден сөздерді тауып жазу. Оқушылар осы тапсырмаларды қиындықсыз орындауы үшін сөздің дыбыстық құрамының сызбасы, үлгілер ұсынып қолдау ұйымдастырдық. Оқулықтың мазмұны күнделікті өмірмен байланысты, заман талабына сай, баланың үйренуге талабын ашуына бағытталуын жоспарладық. Сондықтан да АКТ дағдыларын қалыптастыру мақсатында сөздерді пернетақтада теру таңдауы ұсынылды.

Жалқылаулы-жалпылау әдісінің бір түрі – «Шағын сөзді» әдіс. Әдістің мақсаты әр сөздің оқуы мен жазуын білдіру. Ахмет Байтұрсынұлы «Шағын сөзді» әдісті оқулықта жүзеге асыру жолын белгіледі. Әліппе оқулығында суреттер, суреттің аты (баспа және жазба), сол сөздерге ұқсас сөздер, үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден құралған әңгімелер мен әліпби ұсынылуы керек. Өз тәжірибемізде «Шағын сөзді» әдісті басшылыққа алып, Әліппе оқулығының құрылымын жүйеледік. Сабақ тақырыбына сай өтілетін дыбыс пен әріпке сәйкес заттық сурет таңдалды. Алғашқы тапсырма ретінде «Дыбысты әдіс» негізінде ұйымдастыруға арналған сюжетті сурет ұсынылады. Сурет негізінде әңгімелесу барысында сөйлем, сөз ұғымдары пысықталып, құрамында өтілетін дыбыс бар сөздің буындық-дыбыстық құрамын ажырату ұсынылады. Өтілетін дыбыс пен әрпі бар сөздің дыбыстық құрамының

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

сызбасы беріледі. Сөз құрамында көзделген дыбыстың сөз басында, сөздің ортасында, сөздің соңында келуі қадағаланды. Дауыссыз дыбыстарды алдымен тұйық буында қарастыруды жоспарладық. Әріптің баспа және жазба түрімен таныстырудан кейін, дыбыстық талдау жасалған сөздерді модельдеу арқылы буын құрап, сөз оқу дағдысын жетілдіруге көңіл бөлінеді. Осыдан кейін ұсынылған сөздерді хормен, сосын жеке оқыту ұсынылады. Ұсынылған сөздер қатарының өзара ұқсас болуы, бір буынды сөздерден бастап 2-3 буынды сөздерге көшуге жағдай жасалды. Мысалы, *он, ол, ор; ру, ору, орау; ора, орал, оран; олар, солар, сонар; сол, солу, сору* [3, 40]. Келесі осы сөздерден сөйлем, шағын мәтіндер ұсынылды. Мысалы, *Сара, сан санар. Сара санаса, оннан аса санар. Орал Сарадан аса санар. Ол рас!* [3, 41]. Оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған сұрақтар мен тапсырма түрлері (Артығын тап, Сызба бойынша сөздерді топтастыр, Сөзжұмбақ шешу), жазу дағдысын дамытуға бағытталған «Тізбектен сөз тауып жаз», «Сөздерді салыстырып, құрамындағы ұқсастығы мен айырмашылығын табу» ұсынылды.

Ұлт ұстазы: «Сауаттылықтың негізі оқу емес, жазудан басталады. Сауатты адам деп оқи да, жаза да білетін адамды айтамыз. Оқи біліп, жаза білмейтін адамды шала сауатты дейміз. Жаза білетіндер, оқи да біледі. Сондықтан сауаттылықтың негізі жазу болады. Өйткені жазу жоқ кезде, оқу да жоқ. Оқу үйренгендегі басты мақсат: керек сөзді жаза білу, жазған сөзді оқи білу» – деп атап көрсетеді [2, 329-330]. Біз де Әліппе оқулығында жазу дағдысына ерекше көңіл бөлдік. Оқулық тапсырмаларына қосымша жазу дәптерінде сөздің дыбыстық құрамын пысықтауға, сөздерді қатесіз жазуға, сөйлемнің емлесін меңгеруге бағытталған түрлі тапсырмалар ұсынылды.

1926 жылы шыққан Әліппесінде баланың жазу-оқу дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаңа тапсырмалар ұсынылған. Мысалы, «Ермек-еңбек» айдарымен берілген тапсырмалар – тәжірибеге негізделген оқу әрекетінен тұрады. «Шыққанын шырпыдан жасау» тапсырмасы: кестеде берілген 6 сөзден (*ар, аз, ара, аза, араз, азар*) үлестірме қағаз дайындалады. Әр оқушы әуелі сөзді шырпыдан құрастырады. Сосын осы сөздерді қолданып, «Алғанын жазу» тапсырмасы ұсынылады [2, 37]. Осылай сөздерді оқып, дыбыстық құрамын пысықтайды. Әрпі көп сөзді дәптерге жазады. «Қисындау» тапсырмасында берілген 6 сөзден сөйлем құрастыру ұсынылады. Нәтижесінде түрлі оқу әрекеті негізінде алты сөзді бірнеше рет қайталау арқылы жазу-оқу дағдысы қалыптасады.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесінде «Жаңылтпаш жасату» тапсырмасы берілген. Жаңылтпаш жасату жүйесі: алдымен 2 сөзден онан кейін 3 сөзден, соңында 4 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады. 4 сөзден тұратын сөйлемді 3 рет қайталап айту арқылы жаңылтпаш құрастырылады. Мысалы, 2 сөзден тұратын сөйлемдер: *Ор, Ораз! Ораз Озар. Ораз, ор! Ораз ораp.* 3 сөзден тұратын сөйлемдер: *Ораз, аз ора! Аз ора, Ораз! Ораз аз ораp!* 4 сөзден тұратын сөйлемдер: *Зор Ораз, ор Ораз! Ора Ораз, зор Ораз!* [2, 43].

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Бұл тапсырманың мақсаты баланың тілін ұстартып, әр сөзді қатесіз оқуға, шапшаң айтуға дағдыландыру.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы оқушының оқу мен жазуды үйренудегі қиын жолын жеңілдетуді, ұзақ жолын қысқартуды көздеді. Баланың оқуға шабытын ашып, ықыласпен оқуына жол ашуға кеңес берді. Ендеше баланың табиғи болмысы мен қажеттілігін ескеріп, «білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуын» қамтамасыз ету, технологияның мүмкіндіктерін пайдаланып, ұлт ұстазы ұсынған сауат ашу әдісінің жүйесін сақтап қолдануды ұсынамыз [1, 295].

### Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. III том.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. IV том.
3. Байтенова К., Кажигалиева Ж., Әліппе. 1-сынып// Нұр-Сұлтан: «НЗМ», – 2021.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МӘТІНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Биғазина П. Қ.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

Қазақстан

*bigazina\_p@ser.nis.edu.kz*

**Андатпа:** Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық қызметі кезінде қолданған танымдық материалдарының қазіргі кезде оқушының ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамытудағы маңызына тоқталады. Автор А. Байтұрсынұлының күрделі ғылыми ұғымдарды баланың дүниетанымына сай, қарапайым мысалдар мен күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жағдаяттармен түсіндіруін әдістемелік шеберлік деп бағалайды. Мақалада тек ғылыми-әдістемелік тұжырыммен шектеліп қана қоймай, мұғалімнің нақты іс-тәжірибеде қолдану жолдарын ұсынылады.

**Кілт сөздер:** ғылыми жаратылыстану сауаттылығы, зерттеу, тәжірибе, ынталандыру, ұғыну.

**Аннотация:** В статье автор рассматривает возможности использования познавательных текстов Ахмета Байтурсынова, вошедших в его учебники, в развитии естественнонаучной грамотности учащихся в настоящее время. Автор подчеркивает важность методов, использованных А. Байтурсыновым при объяснении научных понятий простыми примерами из повседневной жизни. В статье предлагается не только научно-методическое изложение, но и способы практического применения текстов при изучении различных тем.

**Ключевые слова:** естественнонаучная грамотность, исследования, опыт, мотивация, осмысление.

**Abstract:** In the article, the author considers the possibilities of using the cognitive texts of Akhmet Baitursynov, included in his textbooks, in the development of natural science literacy of students at the present time. The author emphasizes the importance of the methods used by A. Baitursynov in explaining scientific concepts with simple examples from everyday life. The article offers not only a scientific and methodological presentation, but also ways of practical application of texts in the study of various topics.

**Keywords:** natural science literacy, research, experience, motivation, comprehension.

Ахмет Байтұрсынұлы бастауыш сыныптан бастап қазақ баласының ғылыми сауатын ашып, дүниетанымын кеңейтуге ұмтылған. Мұны ұлт ұстазының оқу құралдарына енгізілген қоршаған орта, жанды, жансыз

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

табиғат, құбылыстар, география туралы мәтіндерінен байқаймыз. Мәселен, шәкірті Телжан Шонанұлымен бірге құрастырған «Оқу құралының» кіріспесінде оқушыға: «Табиғат құбылыстарын қысқаша түсіндіру, түрлі ырым, ертегі, өтірік нәрселерге сенуді жою, табиғаттың керекті заңдарын түсіндіру, пайда, зиянын ұғындыру» - керегін атап көрсетеді [1, 5-б]. Ахмет өзі ұстаздық еткен кездегі оқушының түсінігіне барынша икемдеп, ұғынықты етіп ұсынған саналуан мәтіндері табиғаттың қыр сырымен таныстырып, сауатын ашуға бағытталса, қазіргі уақытта Ахмет Байтұрсынұлының осы мұрасының әлеуетін бастауыш сынып оқушысының ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруда қолдану мүмкіндігі де мол.

Мысалы, «Жер құйқасы» әңгімесін алайық. Мәтіннің тақырыбының өзін сабаққа ынталандыру құралы ретінде қолдануға болады. Ол үшін сабаққа кірісерде «Құйқа» деген не? Оны қайдан кездестірдің? Ал «Жер құйқасы» дегенде көз алдыңа не келеді?» деген сұрақтар қойып, оқушылардың тақырып төңірегіндегі білімінің шамасын байқап алуға да болады. Осы әңгімелесу нәтижесінде оқушылар бұл ұғымның «жердің беткі қабаты», «жер қыртысы», «топырақ» дегенді білдіретінін анықтайды.

Бастауыш сыныпта «Топырақтың құрамы» тақырыбы, әдетте, тәжірибе жүргізу жолымен оқып үйреніледі. Алдымен оқушылар «Топырақтың құрамына не кіреді?» деген зерттеу сұрағы бойынша гипотеза жасайды. Оқушылар «Суға салғанда көпіршік пайда болса, онда топырақтың құрамында ауа болғаны», «Егер ыдыстың түбінде құм шөксе, онда топырақтың құрамында құм бар» немесе «Қағаз майлық дымқылданса, онда топырақтың құрамында су бар болғаны» деген тәрізді болжамдарды тәжірибе арқылы тексеруді жоспарлайды. Олар қолжетімді ресурстарды: стақан, су, топырақ, қағаз майлық, қасықты пайдаланып, ұсынылған гипотезаларды мақұлдау немесе жоққа шығару үшін тәжірибе жүргізеді. Жасалған тәжірибенің нәтижесін тіркеп, «Топырақтың құрамында ауа, су, құм, саз, қарашірік болады» деп қорытындылайды [2, 9-б].

Міне осылайша, тақырып практикалық әрекет негізінде меңгеріледі.

Ахмет Байтұрсынұлының «Жер құйқасы» мәтінінен үзіндіні осы тақырыпты бекітуде, қайталауда немесе бағалауда қолдануға болады. Орындауға ұсынылатын тапсырма түрлері мынадай болмақ:

1. Мәтінде сипатталған тәжірибенің жүргізу жоспарын, нәтижесін, қорытындысын ажыратып алу, оны жоспар түрінде жазу.
2. Жоспар бойынша тәжірибені орындау.
3. Мәтінде сипатталған тәжірибелерді сыныпта оқушылар өздері орындаған тәжірибелермен салыстыру (мазмұны, нәтижесі, қорытындысы).
4. Мәтінде сипатталған тәжірибелер мен өздері орындаған тәжірибелерді бағалау (ұйымдастырылуы, тиімділігі, қолжетімділігі, нәтижелілігі, қауіпсіздігі).

Бұл тапсырмалар әрине, сыныптың деңгейіне, жас шамасына қарай ыңғайластырылып беріледі. Үзіндіде сипатталған тәжірибенің үшеуін бірдей



## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

талдау да міндетті емес, әркім өз мақсатына орай тиімдісін алады. Сондай-ақ мәтінді оқушылардың ұғымына ыңғайлап, бейімдеп ұсынуға болады.

Тапсырмалардың бірі – мәтінді оқып шығып, одан үш тәжірибенің жүргізу жоспарын, нәтижесін, қорытындысын ажыратып көрсету. Сонда оқушылар мұғалімнің көмегімен мынадай нәтижеге қол жеткізуі мүмкін.

### **1-тәжірибе.**

1. Қалайы сауытқа топырақ толтыралық.

2. Соны қолдан таразы жасап бір басына салалық, екінші жағын бір нәрсемен теңелік.

3. Сонан соң қалайыны ыссы жерге қойып, топырағын кептірелік.

4. Енді топырақты таразының басына қайта салсақ...

Нәтижесі: ...жеңіліп қалады, екінші жағы басып кетеді.

Қорытынды: Ол ішіндегі суы кеуіп кеткендіктен.

### **2-тәжірибе.**

1. Топырақты күшті оттың үстіне қойсақ, ...

Нәтиже: қалайының іші түтіндеп, қоңырси бастайды. Біраздан соң түтін басылып, қоңырсығаны қойылады. Топырағымыз енді бозарып қалды.

2. Қайта таразының басына салсақ, ...

Нәтиже: кепкеннінен де біраз жеңіліп қалғанын көреміз. Олай болса, топырақтың бірқатары жанып кеткен болды.

Қорытынды: Жанып кеткені өсімдіктер мен жәндіктердің шіріген денесінен болған нәрсе.

### **3-тәжірибе.**

1. Мұнан қалған топыраққа су құйып араластырсақ, ...

Нәтиже: су лайланады.

2. Сонан соң тұндырсақ, ...

Нәтиже: су түбіне лай жайлап шөге бастайды. Біраз тұрған соң, су әбден тұнып, мөлдірленеді.

3. Енді тұнған суды ептеп төксек, ...

Нәтиже: қалайының түбіне шөккен құм мен сазды көреміз.

Қорытынды: Олай болса, топырақ ішінде шірік көңнен басқа құм мен саз да болды [1, 203-б].

Мұндай жұмысты орындау оқушының тақырыпты терең түсінуін қамтамасыз етіп, істеген әрекетіне рефлексия жасауға итермелейді. Әрі бұл тапсырманың қазіргі уақыттағы оқытуға қойылатын талап – оқушының функционалды, оның ішінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамытудағы үлесін де атап өткен жөн.

А. Байтұрсынұлының оқулықтарында пәнаралық, деңгейаралық, бөлімішілік байланыстарды жүзеге асыруға қолайлы мәтіндер көп. Мысалы, «Жандықтар» мәтіні жаңа тақырыпты меңгеруге қажет білімді жаңғырту үшін таптырмас материал. Өйткені мәтін арқылы оқушы жабайы және үй жануарлары, жануар топтары, көбею жолдары, омыртқалы, омыртқасыздар тақырыптарын еске түсіреді [3, 38-39-б]. Мұндай мәтін негізінде қалыптастырушы бағалау тапсырмасын да құрастыруға мүмкіндігі бар.

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

Бұл мәтінді де сабақтың түрлі кезеңінде, түрлі мақсатта қолдануға болады. Мәселен, мәтіннен үзінді алып оқушыларға: «Ұғымдарды қазіргі уақытта қолданылатын ұғымдармен ауыстыр және қажетінше толықтыр» - деген тапсырма беріледі. Оқушы: «Дүниедегі жандықтардың бәрі тапқа бөлінеді: хайуан, құс, балық, бақа-шаян, құрт-құмырсқа» – деген мәтін үзіндісінеқарай отырып [1, 32-б], мынадай мәтін ұсынуы мүмкін: «Жануарлар топтарға бөлінеді: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер». Сөйлемді «бауырымен жорғалаушылар» сөзімен толықтырады. Келесі үзінді: «...құрт-құмырсқа дегеніміз – ұсақ мақлұқтар, олардың белгісі сол – бәрі сүйексіз болады, мәселен, көбелек, құрт, қоңыз сияқтылар» [1, 32-б]. Мұны оқушы: «Бунақденелілер, құрттар ұсақ – жануарлар. Олар омыртқасыздарға жатады» – деп алмастырып, мәтінді былай толықтыруы мүмкін: «Омыртқалы жануарлардың омыртқа жотасы болады». Сондай-ақ, балаларға «жандық» сөзінің мағынасын білу де өте қызық болатыны сөзсіз. «Жандық» сөзін қандай ұғыммен алмастыруға болады?» – деген сұраққа олар «жәндік», «жануар» деген нұсқаларды айтуы мүмкін. Тіпті пікірталас ұйымдастыруға болады.

Оқыту процесіндегі ең маңыздысы – оқушыны білімді ақылмен қабылдауға, санасымен қорытуға үйрету. Ахмет Байтұрсынұлының мәтіндері осы мәселені толығымен қамтиды. Ұлт ұстазының оқушының дүниетанымын кеңейтуге бағытталған мәтіндері мен тапсырмалары баланың оқылым және ғылыми сауаттылығының қалыптасуына ықпал етеді. Ғалымның мәтіндерінде күнделікті өмірден алынған мысалдар жиі кездеседі. Яғни ғылыми ұғымды, құбылысты, үдерісті баланың өмірлік тәжірибесін басшылыққа ала отырып, күнделікті тұрмыспен байланыстыра түсіндірген. Бұл қазіргі оқытуға қойылатын басты талаптардың бірі. Мұны А.Байтұрсынұлы өз заманында-ақ мәтіндерінде қолданып, оқытуға енгізуге тырысқанын көреміз. Ғалымның мәтіндері баланың тілін дамыту, сөздік қорын байыту, оқылым сауаттылығын қалыптастырумен қатар, оқушы бойында құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан ұлт ұстазының мәтіндерін жаратылыстану сабағында қолдану өте тиімді.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. . II том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013.
2. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық / Андриянова Т. А., Беркало В. Н., Жакупова Н. Ш. және басқалар. – 2-бөлім. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2018.
3. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық / Бигазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Э.А. және басқалар. – 2-бөлім. – Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2019.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ**

**Қажығалиева Ж. Б.**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы  
Қазақстан

*Kazhigaliyeva\_zh@cep.nis.edu.kz*

**Андатпа:** Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының Қазақстанның түпкір-түпкірінде ұстаздық еткен жылдарының хронологиялық картасы ұсынылады. Автор ұлт Ұстазының ұлттың санасын, дүниетанымын қалыптастыруда ана тілінде білім алуының маңызы жөнінде айтылған педагогикалық идеяларының осы күнге дейін маңызды екеніне тоқталып өтеді.

**Кілт сөздер:** ағартушылық, қызмет, идея, ұлттық дүниетаным, ұлттық мектеп.

**Аннотация:** В статье представлена хронологическая карта преподавательской деятельности Ахмета Байтурсынова, занимавшегося преподавательской должностью в разных уголках Казахстана. Педагогические идеи, высказанные А. Байтурсыновым, о важности обучения на родном языке для формирования сознания, мировоззрения нации, актуальны и по сей день.

**Ключевые слова:** просвещение, деятельность, идея, национальное мировоззрение, национальная школа.

**Abstract:** The article presents a chronological map of the teaching activity of Akhmet Baitursynov, who was engaged in a teaching position in different parts of Kazakhstan. The pedagogical ideas expressed by A. Baitursynov about the importance of teaching in the native language for the formation of consciousness, the worldview of the nation, are relevant to this day.

**Keywords:** enlightenment, activity, idea, national outlook, national school.

Саналы ғұмырын өз халқының сауатын ашып, өркениетті халықпен терезесі тең болуын көздеуге ұмтылған А. Байтұрсынұлының қазақ ғылымы мен мәдениетіне, ұлттық педагогика мен оқу-ағарту ісіне сіңірген еңбегі ерен. Ол елді тек оқу-білімге шақырып қана қойған жоқ, мектептің жайын, оқытудың қыр-сырын тікелей ұстаздық қызмет атқара жүріп бір жүйеге түсірді. Өзінің оқу-ағартушылық қызметінде оқытудың әдістемесін қалыптастырып, іс жүзінде мұғалімдерге жол сілтеді. Оның ғылыми-педагогикалық, дидактикалық тұжырымдары өзінің жеке іс-тәжірибесіне негізделуімен құнды. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлын «Ұлт ұстазы» деп дәріптейміз.

«Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды», – деп академик Р. Сыздақова айтқандай [1, 52-б.], Ахмет Байтұрсынұлы өзінің оқу-ағартушылық қызметін, педагогикалық идеяларын мектепте сабақ беріп жүріп зерделеп, зерттеумен және оқыту әдістерін ұстаздық қызметінде тікелей іс-тәжірибеден өткізумен ұштастырды.

Ұлт ұстазының өз қолымен жазған өмірбаянына және ғалымның өмір жолын зерттеп жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Әбсадықовтың әр кезде жарияланған еңбектеріне сүйене отырып, оның ұстаздық еткен жылдарын картаға түсірдік.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ



### *А. Байтұрсынұлының 1885-1909 жылдардағы ұстаздық қызметінің хронологиялық картасы*

А. Байтұрсынұлы 1882-1884 жылдары өзі дүниеге келген Қостанай облысы Жангелдин ауданы Ақкөл ауылының молдасынан сауатын ашады.

1886-1891 жылдары 14 жасында Торғайдағы орыс-қазақ училищесінде оқиды. 1891-1895 жылдары Орынбордағы төртжылдық мұғалімдер мектебінде оқып, ұстаздық қызметке жолдама алады. 1895-1897 жылдары Ақтөбе губерниясы Бестамақ болысындағы қазақ мектебінде сабақ береді. 1896 жылы «Тургайская газета» басылымында Ахметтің «Корреспонденция (от нашего корреспондента) Бестамакская волость, Актюбинского уезда» деген мақаласы жарық көреді. Бұл мақаланы ғалым А. Әбсадықов 2020 жылы Орынбор архивінен тауып, жариялады [2].

1897-1898 жылдары Әуликөлдегі 2 сыныптық мектепте ұстаздық етті. Өзінің өмірлік жары Бәдрисафамен (Александра) осы жерде кездеседі. Әуликөлдегі жеті көлдің бірі Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне «Мұғалім көлі» деп аталып кеткен. Осы көлдің жағалауында Ахмет жұмыс жасаған мектеп ғимараты әлі тұр деген мәлімет бар.

1898-1902 жылдары Меңдіқара болысындағы Орынбаев мектебінде ұстаздық етті. 1901 жылдың қорытындысы бойынша жасақталған Торғай облыстық статистикалық анықтамалығында А.Байтұрсынұлы Қостанай уезі Меңдіқара болысына қарасты Орынбаев (Урунбаев) мектебінде қызмет атқарғандығы тіркелген. 1897 жылы Ы. Алтынсарин ашқан ауылдық бастауыш мектептерге мұғалімдер дайындау мақсатында екі жылдық педагогикалық сынып ашылады. Сол сыныпта 1900-1902 жылдары А. Байтұрсынұлы сабақ береді. Қостанай педагогикалық сыныбына Меңдіқара ауданындағы Орынбаев мектебі әкімшілік тұрғыда бағынышты болған. Ағартушы сол кезеңдерде қос қызметті – бірі Орынбаев ауылдық мектебіндегі мұғалімдікті, екіншісі Қостанай педагогикалық сыныбындағы оқытушылықты қатар атқарады [3].

Осы қызметте жүріп ол 1902 жылдың мамыр айында Омбыға А.Алекторовпен бірге мемлекеттік қызметке аттанады. 1902-1904 жылдың Омбы қаласында іс жүргізуші болып қызмет етеді [4]. Омбыда



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Байтұрсыновтың өмірбаянында жаңа кезең басталды. Ол 1902 жылдың 1 мамырынан 1904 жылдың күзіне дейін сонда тұрып, қазақ зиялысы, Алаш қозғалысының болашақ көшбасшысы Әлихан Бөкейхановпен жақын араласа бастайды.

1904 жылдың 21 қыркүйегінде Бастыс-Сібір округының басшысының бұйрығымен Қарқаралыдағы уездік орыс-қазақ мектебіне мұғалім әрі басқарушы болып қызметке ауысты. Осы жылдары ұлт Ұстазы қазақ балаларын орыс тілінде оқытып жүріп, өзге тілде сауат ашудың ұлт болашағына төнген қауіпті терең сезінеді және оны бұқаралық басылымдарда ашып көрсетеді. Ол патша әкімдерінің оқу-ағарту ісіндегі бұл саясатының түпкі мақсатын одан әрі айқындай түсіп, «орыс мектептерінде тәртіп те бар, құрал да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікірі бүлдіріп отыр» деп, өз пікірін батыл білдіреді.

1909 жылы А.Байтұрсынұлы саяси көзқарасы үшін Қарқаралыдағы мектепте оқушыларының көзінше тұтқынға алынып, Семейдегі түрмеде 8 ай жатады да, 1910 жылдың 21 ақпанында Орынборға жер аударылады.

А. Байтұрсыновтың ауылдық мектептегі педагогикалық қызметі болашақ ғалым-ағартушының шығармашылық өмірбаянындағы маңызды кезең болып табылады. Оның хронологиялық шеңбері бұрынғы Торғай және Ақмола облыстарының аумағын қамтитын мұғалімдік қызметі 15 жылға созылады. Осы уақыт ішінде Ахмет қазақ даласында патшалық Ресейдің отарлау саясатының қалай іске асырылып жатқанын үнемі әшкерелеп, қазақтың ұлттық қодын сақтап қалу үшін аянбай күрес жүргізді. «Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі – өз дінін, тілін, жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек... Қазақты басқа дінге аударамын деу – құр әурешілік. Қазақты дінінен аударуға болмаса, жазуынан да аударуға болмайтын жұмыс», – дейді.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеялары мен дидактикалық құралдарының маңыздылығы осында: ол өз көтерген мәселенің барлығын тікелей ұстаздық етіп, өз тәжірибесінен өткерген. Ол жеке тәжірибесіне сүйене отырып, сол дәуірдегі озық педагогикалық идеялардың қазақ балаларын оқытуда жарамды-жарамсыздығына мониторинг жүргізді. Баланың өзге тілде сауат ашуының тұлғалық-рухани тұрғыдан дамуына кедергісін педагогикалық-психологиялық аспектіден түсіндіріп береді. «...әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс», – деп қазақ тілінде оқытудың мәні мен маңызын анықтап береді [5, 24].

Өз ұлтының болашағына тереңнен бойлай білген Ұстаздың 1914 жылы «Қазақ газетасына» жариялаған «Бастауыш мектеп» атты мақаласында ұлт мектебінің моделі туралы идеяларының негізі қаланды. Сол кездің өзінде



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

қудаланып жүргеніне қарамасман, ұлт болашағы үшін мәні терең, мағынасы мол мәселені көтереді. Ол шетелдің озық әдістемелері мен дидактикалық материалдарын қазақтың дүниетанымына, ділі мен дініне, ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес толықтырып, бейімдеп ұсынды.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларының қалыптасуына және ұлттық әдістемесінің негізін қалап, ұлттық мектептің моделін жасауда оның қазақ даласынан мектеп ашып, ұстаздық қызмет атқаруы, оқушының тығыз қарым-қатынас жасауының маңызы зор болды.

### **Әдебиеттер:**

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Қазақ ССР «Білім қоғамы», 1990.
2. Құлабаев Н. Бестамақта жазылған беймәлім мақала. 13.10.2020. «Егемен Қазақстан» газеті.
3. Әбсадықов А. Ахмет Байтұрсынұлы және беймәлім Орынбаев мектебі. 18.8.2022. <https://abai.kz/post/155884>.
4. Әбсадықов А. Түп бастауы һәм Байтұрсынұлы. 09.02.2022. <https://abai.kz/post/146881>.
5. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.
6. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. IV: –323 б.

## **ЕТІСТІКТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ВАРИАТИВТЕНУІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ)**

**Сабирбаева Феруза Эргалиевна**

М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті,

Тараз, Қазақстан

e-mail: feruza.sabirbaeva@mail.ru

**Аннотация:** Ғасырлар бойы ғалымдардың назарын аударған вариативтілік теориясы қазіргі тіл біліміндегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Түрлі тілдік құралдарға деген үлкен қызығушылық тек осы құбылысты толық, жан-жақты зерттеу ғана диахрондық даму принциптері мен заңдылықтарын және тілдің синхронды қызметін анықтауға мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі. Соңғы жылдары көптеген тілтанушылардың назарында болғандықтан, теориялық тұрғыда вариативтілік мәселесі әлі де толық зерттелмеген.

**Кілт сөздер:** вариативтілік теориясы, диахронды, синхронды.

**Аннотация:** Теория вариативности, которая давно привлекает внимание ученых, по праву является одной из важнейших в современной лингвистике. Большой интерес к различным языковым средствам объясняется тем фактом, что только полное и всестороннее изучение этого явления позволит нам понять принципы и законы диахронического развития и синхронного функционирования языка. Будучи предметом внимания многих лингвистов в последние годы, проблема вариативности в теоретическом отношении все еще недостаточно изучена.

**Ключевые слова:** теория изменчивости, диахроника, синхронность.

**Abstract:** The theory of variability, which has long attracted the attention of scientists, is rightfully one of the most important in modern linguistics. The great interest in varying language means is explained by the fact that only a full, comprehensive study of this phenomenon will allow us to understand the principles and laws of diachronic development and the synchronous functioning of the language. Being the subject of attention of many linguists in recent years, the problem of variability in theoretical terms is still not sufficiently studied.

**Key words:** the theory of variability, diachronic, synchronic.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Қазақ тіл біліміндегі синтаксистік ілімнің қалыптасып, даму жолдары ХХ ғ. 20-30 – жылдардан әрі қарай өрбіп, күні бүгінге дейін жетілу, айқындалу үстінде. Бұл ретте А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев т.б. зерттеулерін ерекше атай аламыз.

Әр тілде өзіндік заңдылықтарымен жіктелетін, синонимдік мағынада көптеп кездесетін немесе вариативтенетін етістіктер бар. Әсіресе, ауызекі тілде, сөйлеу мәдениетінде бір ғана етістік сан алуан түрлі болып вариативтеніп, қолданыста жүргенін байқай аламыз. Мәселен, *түсу* етістігін талдап көрелік.

Бұл етістіктің негізгі мағынасы «биіктен, жоғарыдан төмендеу, жерге түсу». Ағылшын тілінде көптеген етістіктердің семантикалық түрленуі предлогтардың көмегімен жүзеге асады. Әрине, предлогтардың жалғануынсыз да белгілі бір әрекетті көрсете алатын етістіктер табылады. Бірақ олар аса көп қолданыла бермейді. Түсу етістігіне ағылшын тіліндегі баламасы ретінде «*descent, slip down, sink*» етістіктері тұра келеді. Ал көп ағымда «*go down, come down*» фразалық етістіктері қолданылады. *Go* «бару», ал *come* «келу» бола тұра оларға төменгі бағытты білдіретін *down* предлогы жалғанса жалпы ұғымы *түсу* болып ауысады. Семантикалық варианты ретінде *fall* етістігі де қолданылады. Мысалы: *fall of a night* «ымырт түсу, қараңғы түн жамылу», *fall of a fog* «тұман түсу, тұман болу». Ендеше, оның (етістіктің) сан түрлі мағыналас нұсқалары негізгі мағынасынан алшақтамайды, яғни мұнда *түсу* етістігі қолданарда (кез-келген қалыпта) қимыл-әрекеттің жоғарыдан төмен қарай бағытталғанын білдіреді. Дегенмен, оған сай келмейтін жәйттар да табылады. Мәселен: *автобустан түсу* тіркесін көрелік. Қолданыстағы етістік автобустан басқа кез-келген транспортқа қолданылғанымен, мағынасы сол қалпы сақталады. Ата-бабамыз көне заманнан жылқыны қолға үйретіп, мінгендіктен, *аттан түсу* тіркесі бүгінгі қоғамда сақталып отыр. Аттың орнына темір тұлпар қолданысқа еніп, ел ішінде қалыптасты. Транспортқа қатысты ағылшын тілінде *түсу* емес *шығу* етістігі айтылады. Мысалы: *get out of the bus* «автобустан тысқа шығу». *Get* «алу» етістігіне сыртты бағыттайтын *out* предлогы жалғанып *шығу* ұғымын білдіреді. Тұра осы құрылыммен «*go out, come out*» фразалық етістіктері де *шығу* мағынасына келеді. *Шәкіртақы* ( *стипендия* ) *түсу* «*to be given the scholarship*» тіркесін көрейік. Бұл тіркес банктік қызметтің қалыптасуынан жуырда пайда болды. Бұл қызмет әр бір білімгердің белгілі бір өкіметтік банкте ашылған өзінің жеке есеп-шотына шәкіртақының уақыт бойымен аударылуын қамтамасыз етумен түсіндіріледі. Мұнда да сол бағыт (жоғарыдан төменге) межесі сақталады. Себебі білімгердің жеке есеп-шоты белгіленген банктің бір тармағы, бөлігі болғандығы.

*Күрделі өзгеріске түсу* «*to turn upside down*», *басына іс түсу* «*get into trouble*», *бір қалыпқа түсу* «*to be in stable*», *қайғыға түсу* «*to be sad*» етістікті тіркестері жеке бір кісіге қатысты жұмсалады. Мысалдардың біріншісі

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

белгілі өзгерістің бағытына түсуін, екіншісі басына қауіп төнгенін немесе бір жағдайға дұшар болуын, үшіншісі бір қалыпқа енгенін, тұрақтанғанын, ал төртінші тіркес мұңаюын, қайғыруын түсіндіреді. Сонсоң, *түсу* етістігі белгілі бір қызметтен босауды, айырылуды (мыс.: «*Ол зауыттың (АҚ, ЖШС, фирма, компания т.с.с.) атқарушы директор қызметінен түсті*»), жыл мезгілінің келуі (мыс.: «*Биыл жаз ерте түсті*») және келін болып келуі (*келін түсу*) сияқты тіркестерге мағыналас болып қызмет атқарады. Сонымен қатар, дәл сай келу (мыс.: «*мына көйлек саған өлшеп тігілгендей сай түсті*») мағынасымен де ұласады. *Қызметтен түсу* «get off the job, to be freed from job» болса, *жаздың ерте түсуі* «early coming or visiting of a summer» дегенге келеді. Ал *келін түсіру* тіркесіне нақты аударма жоқ. Себебі ағылшындарда біздегідей келін түсіру дәстүрі жоқ. Енді жоғарыда қысқаша айтылып кеткен, негізгі мағынасына сай түспейтін *құда түсу* «to be relative», *киноға түсу* «to shoot in films», *оқуға түсу* «to enter the university» етістікті тіркестерін талдап көрелік. Бірінші мысалда «құда болу, ағайын атану» ұғымын түйіндейді және ондай жаңғырту бізге ертеден белгілі. Екіншісі кино әлеміндегі актердің қызметін түсіндірсе, үшіншісі жоғары оқу орнына қабылдану, Университеттің білімгері атану секілді мағыналарымен ұштасады. Тағы да, етістіктің өзгелік етіс түрінде «ренжу» мағынасын беретін *көңіл-күйді түсіру* «to feel down one's mood» және «пайда келтіру» ұғымындағы *өнім түсіру* «to make income», айтсақ, «ұмытылған бір жәйтті елестету, ойға келтіру секілді» *еске түсіру* «to memorise, to remember», тағы да «ауызша таралған жыр-аңыздарды немесе белгілі бір тарихи оқиғаны жазбаша түрге өткізу (жазып қалдыру)» сияқты *қағазға түсіру* «to write down» және «фотокамераға алу» мағынасына синонимдес *суретке түсіру* «to take a picture» дейтіндей бүгінде қолданыста жүрген нұсқалары баршылық. Түсу етістігінің семантикалық әртүрлі варианттарын ағылшын тіліндегі «to be, to shoot, to enter, feel down, to make, to remember, to write down, take» секілді етістіктермен көмкердік. Әрқайсысының өзіндік мағыналары болғанымен, зат есім не предлогтарға жалғанып, бір ғана *түсу* етістігінің мағынасына тұра кеп тұр.

Ертеде ата-бабаларымыз атқа мініп, ел кезген бойда *аттан түсіп бір үйге қонақ болу* «having to get down from horse and to be guest in one's house» есесін қысқа қайырып *үйге түсу* деп қолданып кеткен. Соған мысал ретінде, Бұқар жырау:

*Байлар ұғлы шоралар,*

*Бас қосыпты десін де,*

*Маң-маң басып жүріңіз,*

*Байсалды үйге түсіңіз.* (М.М. «Қобыз сарыны», 100-бет).

**Түсу** етістігінің тағы бір ауқымды нұсқасы ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының айтқаны: «*Абылай ханның ең алғашқы аузына ілініп, көзге түскені ...*». Мұнда қолданылған нысанамыздағы етістікті тіркес *ерлігін көрсету, елге танылу* тіркестеріне синонимдес болып тұр. *To be told over the people about the proud of Abilay khan* дей, түсу етістігін ағылшынша

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

нұсқасымен салыстырсақ мағыналық сипаттары әрқилы екенін көреміз. Себебі кез-келген етістіктің тура мағынасының ағылшын тіліне аударылған нұсқасын сол етістіктің ауыспалы-семантикалық ұғымының аудармасымен салыстыруға еш сәйкес келмейді. Кей-кейде етістіктің жанама жақын мағынасы болған тұсында өзара ұқсастықтарын көре аламыз.

### **Әдебиеттер:**

1. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии / Э. Сепир / Пер. с англ. - М.: Прогресс, 2001. - 654 с.
2. Vinaza C. de la. Biblioteca Historica de la Filologia Castellana / C. Vinaza. - Madrid, 1893.
3. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении /А.М. Пешковский. - М.: Учпедгиз, 1956. – 511 с.
4. Трубецкой Н.С. Основы фонологии / И.С. Трубецкой И.С. - М.: Изд- во ин. лит., 1960. - 372 с
5. Виноградов В.В. О формах слова / В.В. Виноградов // Известия АН СССР. Серия ОЛЯ. - 1944. - Т. 3. - Вып. I. - С. 40-41
6. Solntsev, B.M. 1984. Variety as the peculiarity of the language system//The issues in linguistics. М.: №2.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНЖАСАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫСЫ**

**Бөлекбаева Ш.Б.** - п.ғ.ф.д. Ph.D

**Аманова А.** – 3 курс студенті

Науаи мемлекеттік педагогика институты

**Аннотация:** Мақалада қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы, ағартушы, мысалшы, ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, соның ішінде ғалымның терминжасам саласындағы ыомақты еңбектері және осы тақырыпқа тікелей байланысы бар «Тіл –құрал», «Әдебиеттанытқыш», «Оқу құралы еңбектерінің теориялық та тәжірибелік те маңызы төңірегінде пікір өрбиді. Әсіресе ғалым жасаған қазақ тілі мен әдебиет ғылымдарына оқатысты сан салалы терминдердің мәні мен мазмұнына, оның өміршеңдігіне айрықша тоқталып өтіледі.

**Кілт сөздер:** терминтану, терминжасам, терминология, терминделуші ұғым, ғылыми атау, терминжасам тәсілі, тілдік ұғым, төл термин.

Қазақ ғылымының терминтану саласы өткен ғасырдың бірінші жартысынан бастау алып, кеңес тұсында қарқынды дамыды. Тілтанушы ғалым Шерубай Құрманбайұлының “Алаш және терминтану”, “Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші” атты еңбектерінде қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы, оны қалыптастыруға үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Жұмахан Күдерин, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Мұхтар Әуезов сынды қазақ зиялыларының еңбектеріне тоқталып өтеді. [1;1] Олардың арасында Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлының есімі ерекше аталады. Себебі, бұл тұлға – халқымыздың “рухани көсемі”, қайраткер, ғалым,ұстаз, қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы [2,1]. Бұл оңай емес. Термин , яғни Ахаңша айтқанда Атау барынша ықшам, бір

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

мағыналы және тура мағыналы болып ұғым мазмұнын толық қамтуы тиіс. Қандай ғылым саласына қатысты болсын терминделуші ұғымның сыр-сипатына қарай оған ғылыми атау беру терең білімділікті талап етеді. Ғалымның 1912 жылы Орынборда жарық көрген “Оқу құралының” (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді бір кезде Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Одан кейін 1914, 1915, 1928 жылдары пән ретінде Ахаң жазған «Тіл құрал» еңбегі үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі фонетикаға арналған болса (1914 ж.), екінші бөлімі морфологияға (1914ж.), үшінші бөлімі синтаксиске (1916 ж.) арналды. Демек, бұл үш бөлімде тіл білімінің үш саласына қатысты сан салалы терминдер қамтылған. Морфология саласына қатысты оқулықтардан орын алып, бүгінгі дейін қолданыста келе жатқан зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты көптеген терминдері де Ахмет Байтұрсынұлынан қалған асыл мұра.

Ахмет Байтұрсынұлы төл терминдерді қалыптастыруда терминжасам тәжірибесіндегі анық ұстанымдарға сүйенді. Ең алдымен, пән сөзі (термин) ретінде тиісті ұғым мағынасын толық бере алатын қазақ сөзін алу ұстанымын басты қағида етіп алды. Екіншіден, сол кездің өзінде-ақ Ахаң кірме терминдерді жалғаусыз қабылдауға қарсы болды. Бұл жөнінде ғалымның өзі: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, өзге ұлттың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілді сөздерді араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуымыз ықтимал. Сондықтан өзге жұрттың тіліндегі сөздердің даярлығына қызықпай, оның ана тіліміздегі баламасын қарастырып, жоқ болса табуымыз керек», - деген болатын. Ғалымның «Тіл құрал» атты алғашқы оқулығының 1-кітабы фонетикаға арналып, фонетикаға қатысты алғашқы терминдердің қалыптасуына себеп болды. Мысалы, Ахаң жасаған «Дыбыс жүйесі» (фонетиканы) термині ғалым жасаған терминдердің басы десек те болады. Неізі «дыбыс» сөзінің жалпы әдеттегі мағынасы жалпы құлаққа естілетін үн, ол адамнан басқа да жанды-жансыздардан шығатын ауа тербелісі, физикалық құбылыс, яғни үн, дыбыс, сыбыс. Бір нәрсе жерге құлап түссе де дыбысы естіледі. Ал тілтану ғылымында дыбыс – өкпеден келе жатқан ауаның әсерінен пайда болатын әр түрлі дауыс үзіктері, ауыз, мұрын, таңдай, тамақ қуыстарында түрлі жолдарымен жасалатын құбылыс. «Тіл құрал» оқулығының кейінгі бөлімдерінде Ахмет Байтұрсынұлының қаламынан морфологияға, синтаксиске қатысты терминдер тізбегі дүниеге келе бастады. Бұған дейін қазақ тілінде сөзжасам үлгілері де, ғылыми жүйеге түспеген, терминология қалыптаспаған, жоғарыда аталған тілдік ұғымдардың төл терминдері жоқ болатын.

А.Байтұрсынұлов қалдырған терминологиялық мұраның маңызы өте кең, өте биік, себебі, ол мұра бір әлеуметтік саланы емес, бірнеше әлеуметтік салаларды қамтиды: тілтанымды, әдебиеттанымды, әдістемені, этнографияны, тарихи мәдениеттанымды, философияны, психологияны,



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

педагогиканы, т.б. бірталай ғылымдарды қамтиды. Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған *тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем* терминдері Е.Омарұлының геометрияға қатыстырып, *тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін* терминдерін жасауына себеп болғандығы мұның айқын дәлелі [4,6].

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы, әдебиет теориясын тұңғыш қалыптастырушы ретінде де танымал. екендігі мойындалған шындық. М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды»[3,3] – деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған»[4,13-14], – деп әділ көрсетеді.

Жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады».[5,54]

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы терминтану саласында терминжасам тәсілдерін тұңғыш анықтап, оны өз тәжірибесінде шебер қолданған ғалым. Олар мыналар: Семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл, калькалау тәсілі. Алғашқыда ғалым терминдерді басқа тілдерден калька жолымен алу арқылы, яғни сөзбе-сөз аудару арқылы термин жасаумен шұғылданды.

«Калькалау арқылы термин жасау – өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілден сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» [6,66] – дейді.

Жалпы алғанда, ғалым термин шығармашылығында морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді көбірек пайдаланған. (мысалы, *лептеу, ойламалдау* т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған. *Зауықтама, сарындама, салттама, гұрыптама, қалыптама* терминдерінде *зауық, сарын, салт, гұрып, қалып* зат есімдеріне -та, -да етістік жасаушы жұрнақ жалғанып, етістік жасалып, оған қайтадан – ма зат есім тудырушы жұрнақпен зат есім жасау арқылы осы терминдер қалыптастырылған. *Сөйлесім, тыңдалым, жазылым, оқылым* терминдеріне

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

етістікке етістің -с, -ыл,іл,-л жұрнақтарынан кейін -ым,-ім зат есімнен болған терминдер жасалған. Кезінде көпшілік үрке қарағанына қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін суықтама, зауықтама, сарындама, салттама, сұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» [4,13], – дейді.

А.Байтұрсынов терминжасамда заттық ұғымдар мен үдерістік ұғымды ұштастыру арқылы термин жасау тәсілін кең қолданды,яғни ғалым қалыптастырған терминдердің көпшілігі қазақ халқының байырғы тілінде бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған. Мысалы, ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен, яғни тұйық етістігінің -у жұрнағы жалғану арқылы келетін, *ауыстыру, әсірелеу, дамыту, кейінтеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиет тану терминдері мен *демеу, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерінің бәрі қазақтың байырғы тіліндегі осындай етістікке тән сөздер болып табылады.

Сонымен, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсете білді, қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға.

### Әдебиеттер:

- 1.Сүлеймен МӘМЕТ. Терминтанудың тарихы тереңде. \\\ мақала 3 бет 2017 ж.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш//А.Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. 192-б.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – АҒАРТУШЫ

Байқабылов У.А. – доцент м.а.

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация.** Ахмет Байтұрсынов – ғылым, ақын, түркітанушы, ағартушы, аудармашы, қоғам қайраткері, публицист, этнограф, фольклорист, сазгер әрі орындаушы.

**Кілтті сөздер:** демократ, ағартушы, алфавит, оқу-ағарту, емле, графика.

**Аннотация.** Ахмет Байтұрсынов – ученый, поэт, тюрколог, просветитель, переводчик, общественный деятель, публицист, этнограф, фольклорист, музыкант и исполнитель.

**Ключевые слова:** демократ, воспитатель, азбука, образование, правописание, графика.

**Annotation.** Akhmet Baitursynov is a scientist, poet, Turkologist, educator, translator, public figure, publicist, ethnographer, folklorist, musician and performer.

**Key words:** democrat, educator, alphabet, education, spelling, graphics.

Ахмет Байтұрсынов демократтық-ағартушылық қызметті өзінің азаматтық борышы және ұстаған жолының негізі деп санаған. Ол білім – ғылымнан кенже қалған, малын бағып, марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан, сол марғаулықтан маса болып ызыңдап оятып, алып шығуды

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

өмірінің мақсаты етіп қояды. Бұл мақсатын әсіресе өлеңдерінде ашық білдіреді. Бірде:

Баяғы қалпы,  
Баяғы салты  
Бұл некен жұрт ұйқышы?  
Болсын кедей, болсын бай  
Жатыр бейқам жым-жырт жай – деп күңіренсе, тағы бір тұста:  
Емшегін еміп,  
Анаға сеніп  
Бала ұйықтайды жастықпен.  
Қымызға қанып,  
Қызарып жанып,  
Бай ұйықтайды мастықпен.  
Шалап ішкен кедей мас,

Мына жұрттың түрі оңбас! – деп, бала мен байдың ұйқысы жастық пен мастықтан болсын, ал кедей жұртына не жоқ, шалапқа мас болып ұйықтау деген – қайнаған қалың сор дегенді айтады. Сондықтан:

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,  
Жол сілтедім жақын емес алысқа.  
Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,

Дедім сен де қатарыңнан қалыспа! – деп, қазақ халқын оқу-білімге шақырған өз ісінің дәлелін, себебін ашып көрсетеді. Ал публицистикалық мақалаларында бұл ойын бұдан өткірірек тілмен батыра айтады: «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Қазақ балаларының сауатын ашатын «Оқу құралы» деп атаған әліппе кітабының эпиграфы етіп, мына сөдерін ұсынады:

Балалар, бұ жол басы даналыққа,  
Келіңдер түсіп байқап қаралық та!  
Бұ жолмен бара жатқан өзіндей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?!  
Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріндер іздеп тауып алалық та!

Бұл жерде автордың «даналық» деп отырғаны – сауаттылық, білім-ғылымды игеру, ал «бұ жол» деп отырғаны – оқу.

А.Байтұрсыновтың қазақ үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп, оқулықтар жазуына да, тер төгіп, бай терминология жасауына да, тіпті қоғамдық-әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – негізінен өзі дйттеген ағартушылық идеясы.

А.Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқуға шақырумен тынбайды, ол сонымен қатар қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы сөз етеді. Әсіресе бұл реттегі Қазан төңкерісіне

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

дейінгі хал-жағдайды жақсы көрсетеді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 21 апрель күнгі нөмірінде «Оқу жайы» деген бас мақала жарияланады. Мұны жазған – Ахмет Байтұрсынов. Бұл арада бір ескере кететін жай «Қазақ» газетінің бас мақаласының көбін А.Байтұрсынов жазып отырған, оларға, әрине, қол қойылмаған, тек өзгелермен бірігіп жазған кейбіреулеріне ғана авторлардың инициалдары немесе бүркеншік аттары қойылған. Бұл мақалада оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік» дейді. «Надандық» деп отырғаны, әрине, қазақ халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Бұл қалыс қалуға үлкен себеп – қазақ жерінде мектептер аз дейді. Мысалы, Торғай уезінде 1912 жылдың 1 январында 570.109 қазақ тұрған болса, қазақ балалары оқитын мектептің саны 132; Қостанай уезіне 1909 жылы 112.657 қазақтан қазақша оқыған еркектер саны 6065, әйелдер саны 379, орысша оқып хат танығандар еркектен 690, әйелден 29 (барлығы 7163) деп санақ мәліметтерін келтіріп, тұрғындар санына шаққанда, мектептер санының аз екендігін жазады. Оның үстіне сол мектептерде бала оқытатын мамандардың да өте тапшы екендігін ашып айтады. Оның тапшы болу себебінің бірі – оқытушылар даярлайтын оқу орындарына, мысалы, Орынбордағы «Учительская школа»-ға қазына есебінен 7-8 орын ғана берілетіндігін, оның жартысы қазақ балаларына, жартысы орыс балаларына бөлінетіндігін айтып келіп, оқуға түскісі келген қалған балалар өз қаражатымен оқуға тиіс болатындығын жазады. Қаражаты бар ауқатты қазақтар баласын ақша жұмсап оқытуға ынталы еместіктен, кедейлердің шамасы келмегендіктен, сол школаға жылына оқуға түсуге 50-60 бала келсе, слардың тек төртеу-бесеуі ғана түсетіндігін баяндайды.

Қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктерің жоқтығында екендігін «алты миллион білім қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?» деп образды тілімен білдіреді.

Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп. Сондықтан А.Байтұрсынов осы білім көзінің алғашқы сатысына қатты назар аударады. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 майдағы нөмірінде «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мәз емес екендігін, оларда программа, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Қазақ жерінде ашылған бастауыш орыс мектептеріндегі (аулнай, волосной, екі классты школдардағы) оқыту ісі біршама ілгері болғанмен, оны бітіруші қазақ балалары әрі қарай оқи алмайтындықтан, бұл мектептердің де пайдасы аз екендігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік ниеттен (саясаттан) алыс болуға керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Оның үстіне ел сирек отырған жерлерде

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

балалар жатып оқитын интернаттар болсын дегенді де ұсынады. Бұл бастауыш мектептерде оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, география, шаруа-кәсіп, жаратылыс (тану) пәндері жүргізілсін деп нақты көрсетеді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 августегі тағы бір нөмірінде жарияланған «Земство» деп аталатын бас мақаласы біздер үшін өте құнды тағы бір мәлімет береді: «Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жүз адамнан 20 адам-ақ хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жүз кісіден 5 кісі-ақ хат біледі». Бұл – күні бүгінге дейін қазақ халқының төңкерістен бұрын 2%-ды сауатты болған деп келгенімізді жоққа шығарады. Жоғарыда келтірілген Қостанай уезіндегі цифрларға қарасақ, 1909 жылдың өзінде сауатты қазақтардың проценті 8-ден асып түседі, ал А.Байтұрсынов шамамен 5% деп келтіріп отыр.

Оқу-ағарту мәселесін А.Байтұрсынов жан-жақты сөз етеді. Бірде «қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы - кітап» деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне ат салысуға болатындығын айтады.

А.Байтұрсынов ағартушылық жолындағы қызметін Алашорда үкіметіне жұмыс істеген кезінде де, Қазан төңкерісінен кейін де ешбір тоқтатпаған. Алашорда кеңесінің (үкіметінің) оқу-ағарту жайындағы комиссиясының председателі болып қызмет еткенде, ең алдымен қазақ халқының жаппай сауатын ашудың, білім берудің бағдарламасын жасайды. Ал 1919 жылдан кейін, совет үкіметі тұсында, әсіресе алғашқы кезеңде қазақ даласында оқу-ағарту ісінің экономикалық жағынан әлде де қиыншылық кешіп отырғанын, ол үшін не істеу керек екендігін жазған әкірлерін «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» сияқты баспасөз беттерінен оқып-білуге болады. Мысалы, 1923 жылы жариялаған «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?» деген мақаласында: «Школдар ашуға үкіметтің шамасынан келмейтіндігі анықталып отыр, үкімет 2116 кісінің ғана росходын көтермекші, ал балаларды тегіс оқытуға 20.000 нан артық кісі керек. Сондықтан бір ауылнай не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салықты оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жағына (жұмсауға) міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдерімен договор жасап, школ ашу керек. Ол школдардың жанында интернаттар ашу керек» - деп жазады.

Міне, бұл айтылғандардың барлығы – А. Байтұрсыновтың ағартушылық жайындағы ой-пікірлері, көзқарасы, тілек-талаптарын танытады. Өткен ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәні зор үлкен проблема болса, оны іс жүзінде қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Одан кейінгі осы салада нақты іс істеген екінші ағартушы А.Байтұрсынов болды.

А.Байтұрсынов бұл ретте тек халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші ғана емес, қазақ арасында мектеп ісін



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

(жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жасау, қазақша сауатын ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А.Байтұрсынов қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінді.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың өмірі бойы айналысқан еңбектері арқасында қалыптасқан қазақ крилл әліпбиі кеңінен таралып, қазақ тілі оқытылатын мемлекеттерде қолданыста. Міне бір ғасыр өтсе де ғалымдарымыздың жазған еңбектері, өлең, шығармаларын қазірге дейін қолданудамыз. Біз жастарға тіліміз, ұлтымыздың көркейюіне үлес қосуымыз, дамытуымыз біз ұлт жастарының міндеті болып саналады.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. А., 2003.
2. Байтұрсынов А. Жазу тәртібі. Айқап журанлы. 1912.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тіл мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер) А., 1992.
4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. А., 1990.
5. Сейданов Қ. Ғұлама ғалым, кемеңгер ақын. «Нұрлы жол» газеті мақала. №88, 2022.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ- ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ МЕТОДИКАСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫ, ДЫБЫС НЕГІЗІНДЕ ТІЛДІ ОҚИТУ ӘДІСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

**Кумакбаева Гулбану Кунтуаровна** - аға оқытушы  
Науаи мемлекеттік педагогика институты

Қазақ елінде ХХ ғасырдың басында қазақ халқына ұлттық мәдениет пен әдебиеттің туын көтерген, жұртшылықтың санасында демократиялық көзқарастар туғызып, жарқын болашаққа ұмтылған зиялы ғалымдар көзге түсе бастайды. Халыққа рухани күш беріп, көзін ашып, санасын оятқан жан, зиялы топтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы болған. Алаш зиялыларының көсемі, тұңғыш қазақ тілтанушы ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы - ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым. Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол ұстаз, халықтың ұстазы, қазақтың ұстазы. Ахмет Байтұрсынұлы – қыры мен сыры мейлінше мол адам.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқын алдыңғы дамыған елдердің қатарына қосылып, өнер-білімге ұмтылу екендігін біліп, халық арасында ағартушылықты насихаттау жұмысына кіріседі.

А.Байтұрсынұлы мен ғалымдардың педагогикалық ой-пікірлерін салыстырып қарасақ, қазақтың тұңғыш педагогтерінің мақсаттары мен идеяларының өзара үндестігіне көз жеткізуге болады. А.Байтұрсынұлы –

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

қазақ даласында алғаш мектептер ашып және мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасай отырып, мамандар даярлауға ерекше қызмет еткен. Сонымен бірге ұлттық дінімізге негізделген оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазған.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде аянбай еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Қазақ тілін оқыту методикасының ірге тасын қалаушы, сауаттандыру; яғни дыбыс негізінде тілді оқыту әдісінің негізін салушы.

Қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаушы, ұлы реформатор – А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі орасан зор. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та, қазақ халқының сауатын ашып, тілдік құндылықтың сақталып, ел ертеңіне деген азаматтық жанашырлығына көз жеткіземіз.

А.Байтұрсынұлы: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деген [1]. Тілді оқытуда да, дамытуда да түрлі әдістерден кеңінен пайдаланып, сабақ барысында әдістерді түрлендіріп отыру керек. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзінің өзі барша ұстаздар қауымын ізденімпаздыққа, жаңашылдыққа үндегендей. Мұны әрбір тәрбиеші, оқытушы есінен шығармуы тиіс. Өйткені бүгінді күнде үздіксіз білім алып, біліктілікті арттырып отырған оқытушы ғана нәтижеге қол жеткізе алады. Ахмет Байтұрсынұлы – халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін, маңызын түсіндіріп ғана тұрмай, білім беру ісін жолға қоюға күш салған ғалым. Өз заманында орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін аңғарып былай дейді: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық», – деп [1], 1912 жылы қазақ тіліндегі тұңғыш әліппелердің бірі – «Оқу құралын» жазады. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан қайта өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылып шыққан. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» еңбегі қазіргі күнде де әдістемелік оқулық тұрғысынан қажетті, маңызды оқулық ретінде бағаланады. Қазақ тіл білімі ғылымының негізін салушы ғалымның реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі – өз заманында қазақ халқының мәдени дүниесінде зор жаңалық әкелген бағалы еңбек. Себебі бұл әліпби қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазбаша сауаттылықтың дамуына өз көмегін тигізді. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, халыққа қажетті әдістер ұсынып кеткен ғалым. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы ғалым. Ғалымның бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін көптеген құнды еңбектер жазған. Сонымен бірге 1927-1928

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген әдістеме мәселелерін сөз ететін бірнеше мақалалары жарық көрген. Ағартушы ғалымның 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Қай әдіс жақсы?» деген атпен жариялаған мақаласында тілді оқыту әдістерінің ғылыми маңыздылығын кеңінен сөз еткен.

А. Байтұрсынұлының ғасырға жуық уақыт алдын жазылған мақаласы бүгінгі қазақ тілі мамандары үшін де аса бір маңызды, күрделі мақалалар қатарында саналып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының әдіс туралы көпшілікке ой салған пікірі мен бүгінгі ғалымдардың пікірі арасында елеулі айырмашылықтар бар. Солай болса да, Ахмет Байтұрсынұлының әдіс және оның ерекшелігі туралы айтқандары барша әдіскер ғалымдарға, ұстаздарға тың ой салары анық.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенетіні бәрімізге аян. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті әдіскер мұғалімдердің қолында.

Өйткені, білім сапасы мұғалімдер қызметінің, әдісінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі». Шығармашылық қызметі дегеніміз – білім беру бағдарындағы әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, дұрыстап, орнымен қолдана білудегі тапқырылығы. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы анық. Тілші-ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдамаларын «қазақ тіл білімінің бастауы» деп танып, оны ғылыми тұрғыда жүйелеп, бүгінде білім беру бағдарында пайдалануда.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет.

Оқыту жайында Ахмет Байтұрсынұлы: «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзетуге көп нәрсе керек. Жұрт жұмысы да, беті түзу болса, аз-аздап ілгері басқызып, оған қозғаушылар

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

болса, көңілдегі жеріне жетеді. Сол жұрт ісінің бірі – оқу. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер ешнәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды. Оқудың тірегі – мұғалім. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оқыту жайын білетін мұғалімдерге тәртіпті құралдармен оқытқанда өзіне де, балаларға да оқу жұмысы оңай болады, екі жағы да қиналмайды» деген. [2].

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // «А. Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Арыс, 2004. - 15-18-б.
3. Қазақ прозасы: Хрестоматия. – А.: Ғылым, 2001. – Б. 509-512.
4. Тіл тағылымы. – Алматы. Ана тілі, 1992. – Б. 435-438.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ШЫНАЙЫ ШЫНДЫҚТАР МЕН КӨРКЕМ ТЕҢЕУЛЕР**

**Тотанов Н.К.** - аға оқытушы

Академик Әбдімұса Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті  
Шымкент, Қазақстан

**Аннотация:** Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығының басты міндеті - ұлттық сананы ояту болды. Оның ағарту, өнер – білімді ел азаттығы жолындағы күресте қару етіп пайдаланып, өз туындыларында еркіндік, азаттық, бостандық идеяларын көтергендегі қайраткерлік қуатын ашу басты міндетіміз.

**Аннотация:** Главной задачей творчества Ахмета Байтурсынова было пробуждение национального самосознания. Нашей главной задачей является раскрытие его художественной силы, которая использует образование, искусство - знание как оружие в борьбе за свободу страны, и поднимает в своих произведениях идеи свободы, свободы, свободы.

**Abstract:** The main task of Akhmet Baitursynov's creativity was to awaken national consciousness. It is our main task to reveal his artistic power, which uses education, art - knowledge as a weapon in the struggle for the country's freedom, and raises the ideas of freedom, freedom, and liberty in his works.

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың әдебиет саласындағы еңбектерінің өзіне тән ерекшеліктері мен көркемдік жағынан құндылықтарын ондағы орын алған шынайы шындықтардан көруге болады. Өз дәуіріндегі халықтың ауыр хәлін, арман тілегін, мұң-мұқтажын, патшалық ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шеділердің алдына құрғауылдай жорғалаған шенеуніктердің опасыздықтарын қатты сынға алған Ахмет Байтұрсыновты тек ақын ғана емес, ақиқат жолында басын имеген батыр тұлға деп айтсақта артықтық етпейді. Ақынның 1909 жылы басылып шыққан «Қырық мысал», 1911 жылы жарық көрген «Маса» атты кітаптарындағы өлеңдерінде шындықтың көптеген көріністеріне көз жеткізуге болады. Мысалы «Қазақ қалпы» атты өлеңіне үнілер болсақ мынадай шындықтарды ашық айтып, көркем теңеулерді қолданғандығының күәсі боламыз.

### **Қазақ қалпы**

**Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,  
Сахара көлге қонып салқындаған.**  
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,  
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!  
Алаштың адамының бәрі мәлім:  
Кім қалды таразыға тартылмаған?  
Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,  
Жақсылық өз басынан артылмаған.  
**Тақылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,  
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.  
Бос белбеу, босаң туған бозбала кеп  
Киіздей шала басып, қарпылмаған.**  
Еңкедеп ет аңдыған шалдар да көп,  
Телміріп, бір тойғанын ар қылмаған.  
Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар бар  
Есептеп азын көпке, аңқылдаған.  
**Қайырсыз, неше сараң байлар да бар  
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.  
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,  
Ұмтылып талап ойлап талпынбаған.  
Солардың қатарында біз де жүрміз  
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.  
Не пайда өнерің мен біліміңнен,  
Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?  
Бұл бір сөз қасірет етіп, хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
Байға мал, оқығанға шен мақсұт боп,  
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан. [1.211]**

Өлеңдегі асты сызылған қатарларға көңіл аударар болсақ ақынның сол кездегі қазақ өміріндегі бар шындықты бетке айтып, ұлты үшін өз басын бәйгеге тігіп отырған ұлтжанды ұлы тұлға екендігін көруімізге болады. Сондай-ақ өлең жолдарына арқау болған теңеулердің өткірлігі мен әсерлілігі әрбір оқырманың жүрегіне ерекше әсер ететін көркемділігін танытып отырғандығыда ақынның поэзия жанрындағы ерекше тұлға екендігін аңғартады.

Осы орайда Ахмет Байтұрсыновқа баға беріп, ол туралы айтқан Сәкен Сейфуллиннің мына пікірі еріксіз еске түседі: «...Өзге мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлаққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмаш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет етті. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін жалғыз басын бәйгеге тікті...». [6; 4]



## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

Ахмет Байтұрсынов туралы пікір білдірген ғалымдардан осы сарындағы көптеген ғылыми деректерді кездестіруімізге болады. Ахметтің «Көк есектерге» атты өлеңінде де батырлық пен ұлтжандылықтың көрінісі айқын көрініп тұрады:

### **Көк есектерге**

Не жазып ем,  
Құдай-ау, мен қазаққа,  
Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа?!  
Адамшылық есебіне кірісіп,  
Қолы жетсін дегендік пе азатқа?  
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,  
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.  
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, -  
Дедім, - сен де қатарыңнан қалыспа!»  
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?  
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?  
Аштан өлген аталарың бар ма еді,  
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.  
Көң тасыған көк есектер, бәріңе,  
Қалдырмастан жағалай жас-кәріңе,  
Үрім-бұтақ нәсіліңе қалғандай  
Нық басылар кетпейтін мөр тәніңе...[5.89]

Аханның осы өлеңіндегі шындық пен ұлтқа деген жанашырлық сезімдер, ақынның өз ұлтына деген нағыз жанкүйер жан екенінің дәлелі. Ахмет Байтұрсыновтың туындыларындағы филолсофиялық ойлардың тереңдігі соншалық, адам жанын тебірентіп, қазақ өмірінің сол ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдағы атақ құмар шенеуніктердің жағымсыз көріністерін көз алдына елестетіп еріксіз өкінішке қарай сүйрей кетеді.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов, А. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1989. 211 б.
2. Байтұрсынов, А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер.- Алматы: Жалын, 1991.165 б.
4. Байтұрсынұлы, А. Маса [Текст]: өлеңдер мен көсемсөздер / Байтұрсынұлы Ахмет. – Алматы: Раритет, 2005. – 208 б. - (Жыр жауһары).
5. Байтұрсынұлы, А. Бес томдық шығармалар жинағы. А.: Алаш мұрасы. 2005. 89 б.
- 6.Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ. – 1923. – 31 қаңтар.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ БАЛАЛАРҒА ОРТАҚ МҰРАЛАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ҰСТАНЫМЫ**

**Тотанов Н.К.** – аға оқытушы

**Айтенов Е.Е.** – магистр, аға оқытушы

Академик Әбдімұса Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент, Қазақстан

Totanovnurlan@gmail.com

**Аннотация:** Ахмет Байтұрсыновтың балалар әдебиетіне ортақ мұраларының бүгінгі күндегі құндылығы мен өзіне тән ерекшеліктері туралы тың деректерді жастарға жеткізу басты міндетіміз. Себебі Ахмет Байтұрсыновтың оқу-ағарту саласына байланысты туындыларының мазмұны мен мәні, бүгінгі жас буынға өте қажетті. Ондағы терең ойлар мен әрбір айтылған сөздердің астарында білім алу мен ғылым үйренудің маңызды тұжырымдары орын тапқан.

**Аннотация:** Наша главная задача – донести до молодежи новую информацию о актуальности и особенностях общего наследия Ахмета Байтурсынова для современной детской литературы. Потому что содержание и смысл произведений Ахмета Байтурсынова, связанных с образованием, очень нужны современному молодому поколению. За глубокими мыслями и каждым сказанным словом стоят важные выводы обучения и изучения науки.

**Abstract:** Our main task is to convey new information to young people about the relevance and characteristics of Ahmet Baitursynov's common heritage to children's literature today. Because the content and meaning of Ahmet Baitursynov's works related to education are very necessary for today's young generation. Behind deep thoughts and every spoken word there are important conclusions of learning and learning science.

Белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынов өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. “Әліпби”, “Тіл құралы”, “Әдебиет танытқыш” т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Ахаңның балаларды оқу-білімге шақырған өлеңдерінің мәні мен мазмұны өте ерекше. Әсіресе балаларға ортақ туындылары баланың жүрегіне қонымды, тілге жеңіл, ұғынуға оңай жақтарымен ерекшелініп тұрады. Мысалы «**Оқуға шақыру**» атты өлеңіне қысқаша талдау жасап көрелік:

#### **Оқуға шақыру**

Балалар!

Оқуға бар!

Жатпа қарап!

Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!

Шақырды тауық мына әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,

Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:

Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,

Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Оянып жан-мақұлық түнде қонған,  
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,  
Сайрағы сарғалдақтың сынғырлаған.  
Өзенде балықшылар ау қарап жүр,  
Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.  
Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!

Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.

Мұндағы асты сызылған тармақтардағы сөздердің балалардың ұғынуына жеңіл, және тіршіліктегі балаларға таныс тірліктерді бейнелей отырып, тірі жанның тіршілігін де терең түсіндіре білген.

А.Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. “Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек”, – деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі оның қабырғасына қатты батты. Бұл жөнінде: “Осы күнгі ауыл мектебінде оқуға керекті құрал жоқ. Оқыта білетін мұғалім аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары... Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі...” деп ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз ете келеді де, “орыс школдарында тәртіп те бар, құрал да сай, мөлшер, жоспар – бәрі де бар. Сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікірі (орыстану саясатын айтып отыр. – С.Қ.) бүлдіріп отыр” – деп қазақ даласында патшалық Ресейдің отарлау саясатының қалай іске асырылып жатқанын әшкерелейді. [1,128].

Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалардың тақырыбы, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үшінші санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылып,

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттерін ашып көрсеткен. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болмақ Байтұрсынұлы әдебиет тарихының теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарма психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы – көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды. [2, 302].

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы, А. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. 128 б.
2. Байтұрсынұлы, А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер.- Алматы: Жалын, 1991.302 б.
3. Байтұрсынұлы, А. Маса [Текст]: өлеңдер мен көсемсөздер / Байтұрсынұлы Ахмет. - Алматы: Раритет, 2005. – 208 б. - (Жыр жауһары).
4. Байтұрсынұлы, А. Бес томдық шығармалар жинағы. – А. :Алаш мұрасы. 2005. 89 б.
5. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ. – 1923. – 31 қаңтар.

## ШОҚТЫҒЫ БИІК ТҰЛҒА

Кулатова Ғ. Дж. – оқытушы  
Науаи мемлекеттік педагогика институты

**Аннотация:** Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов.

**Кілт сөздер:** Ахмет, Алаш, лингвист, ұлтжанды, партия, реформатор, демократ.

**Аннотация:** Ахмет Байтұрсынов – крупный ученый-журналист, литературовед, тюрколог, талантливый поэт-переводчик, продолжающий просвещенное, демократическое направление, построенное Абаем, Ыбыраем, Шоканом в прошлом.

**Ключевые слова:** Ахмет, Алаш, лингвист, националист, партийный, реформатор, демократ.

XX ғасыр басындағы саяси оқиғалар барысында, елді дүрліктірген төңкеріс жылдарында өз ұлтына тиімді болмақ бағытты дәл анықтап, ұлтты соңынан ерте білген де Алаш қайраткерлері болды. Солардың бірегейі қазақ халқының ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы өз ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері, лингвист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

Қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, ұлы түрлендіруші – реформаторы атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялы қауымның төлбасы болды. А.Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» – деген болатын.

Шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов десек, артық айтпағанымыз болар. Саналы ғұмырын сауат ашуға арнап, қарабайыр халықтың көзін ашуға ұмтылған жан, қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы екені мәлім. Өзінің өткір тілді өлеңдері, жыр-жинақтары арқылы халқының құлағына маса болып ызылдап, ұйықтап жатқан халықты оятуға талпынған, жанды жерінен шағып, болашаққа зер салуды насихаттайды.

XX ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айырылып, шаруашылығы күйзеліп, білім нәріне қанбай, санасын ұйқы басып, елдігінен айырылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады. Сол тұстағы қазақ қоғамында өткенді аңдап, алдын болжаған озық ойлы азаматтарды, жалпы «халқым, ұлтым» деген адамды ойландырған басты ой арнасы үш мәселеден бастау алады. Жер-ата-қоныс ғасырлар бойы сыртқы даудан қорғауда сан ұрпақтың қаны тамған, бүкіл тіршіліктің тірегі,



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

одан айырылу ел ретіндегі тарихтың сахынасынан кетумен тең еді. Оқу – ұлттық сананың ояну негізі болса, одан ана тілі нәр алмау халық ретіндегі сан ғасырлық салт-сананың жиынтық болмысынан айырылу, сөйтіп, ұлттық алтын тамырдан қол үзіп, оянудың жолын қараңғы түнекке апарып тіреу еді. Ал патшалық отаршылдық саясаттың қыспағынан бірліктен айырылған, өзін-өзі билеуден қалған ел ұлы дамудың өркениетті жолына ығысып, құлдықтың құрдымына қарай жол тартқан болатын. Міне, осынау жойылудың осынау құрбандықтың үш үлкен мәселесі қазақ азаматтарын бірігуге, күш біріктіруге, сөйтіп, саяси күрес жолына шығуға жұмылдырды.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Ол отаршылдық пен езгіге қарсы шыға отырып, отаншылдық, патриоттық ой-пікірлерді таратушы болды. Ахмет идеясы елді оятты.

Дана өз заманасынан озық туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесапаттарды өңменінен түйрейді. Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты оқыту керек екенін түсінді. Осы жолда газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз. Ахмет Байтұрсынов өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз еткен. Көсемсөзінде бірқатар орын алатын оқу, білім, өнер тақырыбы. 1911 жылы жазған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесапаты», – деп күйіне жазған Ақаң халқын оқу-білімге, мәдениетке тартуға көп еңбек етіп, халықтың көзін ашып, ұлттық санасын оятуға аса мән берген.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырған.

Ахмет Байтұрсынов өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз еткен. Талай жанның өміріне шуақ болып шашылып, талай жанның шамшырағын жағуға ықпал еткен азамат, тек білім саласында орасан тер төгіп қана қоймай, баспа саласының дамуына да үлкен көмегін тигізді. Тұңғыш, жалпыұлттық «Қазақ» газетінің жарыққа шығуына түрткі болған, дәл осы Ахмет Байтұрсынов болатын. Саясаттан хабар-ошар тарапын,

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

халықпен тікелей байланыс орнатқан басылым адамдарды үнемі ілім-білімге де үгіттеп отырды.

А.Байтұрсынұлы тілтану мен әдебиет зерттеу жөнінде де бірқатар еңбектер жазды. Қазақ жазуына реформа жүргізудің қағидаларын белгілеп, бірінші қазақ әліппесінің авторы атанды. Қазақ жазуына реформа жасаудың ол ұсынған жобасы прогресшіл зиялылардың арасында қолдау тауып, 1924 жылы ресми түрде қабылданды. 1929 жылы ешбір негізсіз тұтқындалып, түрмеде отырды, соңынан Архангельскіге жер аударылды. 1934 жылы М. Горький мен оның әйелі Е. П. Пешковалардың араласуымен, Халықаралық Қызыл Крест ұйымының көмегімен босатылды. Алаш қозғалысының көсемі ретінде «халық жауы» деп атылған А.Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1937 жылы тұтқындалып, ату жазасына бұйырылды. Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. 1988 жылы ақталды.

Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін А. Байтұрсынұлы шығармаларының жинағы (1989), «Ақ жол» кітабы (1991) жарық көрді. Шығармашылық мұрасы. Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды.

Ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік пен азаттықты алдық. Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа аманаттау біздің парызымыз. Қазіргі біздің осындай бейбітшілікте өмір сүріп, өзіміздің тілімізде сөйлеп, дінімізді ұстануымыз, басқа елге тәуелді болмай, еркін өмір сүруіміз, «ұлтым-арым, халқым-жаным» деп өткен осындай арыстарымыздың арқасында. Сондықтан әрқашан да ұлы тұлғаларымыздың аруағына тағзым етуіміз керек. Осындай ел игілігі үшін күрескен ірі тұлғаны тарих та, халқы да ешқашан ұмытпайды. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда.

Қорыта айттатын болсақ, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

Тіпті, отаршылықтың отты лебі оның отбасына да өз кесірін тигізіп, қазақтың текті ұлына жала да жабылды. Әрине, ұлттың ұранын ұлықтаған жанды Патша үкіметі аса жақтыра қоймағаны анық. Алайда, қазақ үшін, Ахмет Байтұрсынұлов қашан да, биік тұғырдағы, төбемізге көтеретін ұлт ұлы екенін қанша ғасыр өтсе де дәріптеп өтпек. Тілі таза, намысы өжет, текті тұлға қашан да ұрпақтардың ықыласына бөленіп жүре бермек. Тұңғыш ұстаз,

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

ағартушы, ұлт жанашыры, мемлекет қайраткері, ақын, аудармашы, нар тұлға. Осындай игі қасиеттердің бәрін бір бойына ғана сіңіре білген абзал азамат, шоқтығы биік тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы болды.

### **Әдебиеттер:**

1. Бөкейханов Ә. Таңдамалы (Избранное). / Бас. ред. Р.Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
2. Халқы қолдаған. «Қазақ» // №8, Ақиқат 1998. 123. – 101 б.
3. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. «Қазақ» газеті. Құрастырғандар Ү.Сұбханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
5. Кенжалин . Ұлт рухын ұлылайтын сөз-баспасөз // Ақиқат 1998 № 6.
6. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы, 1989. 297 бет.
7. Дулатов М. Тіл-құрал. – Алматы: Жазушы, 1991. – 267 б.
8. Не екен ойландырған арыстарды? // №7 Ақиқат 1998. – 125 б.
9. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім (ұлтшылдық, байшылық дәуірі). – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1932.
10. Әуезов М. Аханның елу жылдық тойы. // Ақ жол. – 1923. – 4-ақпан.
11. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды. // Еңбекші қазақ. – 1923. – 31-қаңтар.

## **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛҒАШ РЕТ АУДАРМА ЖИНАҚ БАСТЫРУ ІСІН БАСТАУШЫ**

**Кумакбаева Гулбану Кунтуаровна** - аға оқытушы  
Науаи мемлекеттік педагогика институты

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімді үйренуге үндеу – XX ғасырдың бас кезінде біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтарды елді ояту, азаттық аңсау мақсатында жетеледі. Осынау зиялылар арасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған қоғамдық өмір өрінде жаңа тұлғалар шоғыры таныла бастады. Солардың ең көрнектісі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол азаматтық пен бостандықтың жолындағы заманына лайық тауып, халқына жан аямай еңбек еткен бірегей тұлға.

Тұтас буынның төл басы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның бір саласы – оның көркем аударма дамуына үлесі.

А.Байтұрсынұлы алғаш рет аударма жинақ бастыру ісін бастаушы болды. Ахметтің ақын ретінде ең әуелі аударма арқылы танылды. Ол орыстың классикалық жазушысы И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен Санкт-Петербург 1909 жылы императорлық ғылыми академиясының баспаханасында жеке кітап етіп шығарды. Бұл И.А.Крылов шығармаларының қазақ тілінде, тіпті Орта Азияда десе де артық емес, тұңғыш жеке кітап болып бастырылуы еді. А.Байтұрсынұлы «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма»

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

деген кіріспесінде аударманың мән-мақсаты, дәуір дүбіріне ілесу ниеті, қиындық жағдайларда орындағаны туралы айта келіп, былай дейді:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Өзірге қолдан келген осы барым

Қанағат азға деген, жоққа сабыр,

Қомсанып қоңырайма, құрбыларым!

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,

Күй қайда үздік шығар топты жарып.

Ат тұрмас аяғында желі болса, Дүсірлеп шапса біреу қику салып.

Бар болса сондай жүйрік қуар деймін, Естілсе құлағында дүбір барып.

Әйтпесе арық шауып оңдырар ма, Жүргенде қамыт басып, қажып-

талып.

А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалын» Мұхтар Әуезов «қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағалаған еді.

Ызындаған масадай ұшып, қараңғылық тұңғиығынан көз ашпай тұрған, қазақ халқын оятқысы келген Ахмет өлеңдері өрісті ойды демократтық бағытты жалғастырады. Ахмет-Абай атамыз салған сара жолды жалғастырушы. Өзінің өлеңінде жеткізе алмаған мәселелерді абай қара сөзбен жеткізсе, Ахмет мысалдары арқылы жеткізгісі келеді. Мысал жанры арқылы – жан-жануар өмірінен алынған шығармаларымен әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А.Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургке бастырып шығарады. Бұл қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі болатын. 1911 жылы «Масаны» жазып, Орынборда бастырып шығарған. Бұл қазақ халқына естілген екінші елшілік ұран болатын.

Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі», – деп, ақынның жазу тәсілінің мазмұндылық түрін атап айтады. Орыс әдебиетімен етене таныс А.Байтұрсынұлының мысал жанрына көңіл бөлуі де тегін емес еді. Мысал жанрының шағын көлемді туындылары арқылы маңызды ойлар айта білудің, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін жете сезінген А.Байтұрсынұлы әлеуметтік ортаға ықпал ету үшін «Қырық мысал» жинағын жариялайды. Бұл кітапқа енген мысалдар көлемімен де, сюжеттік дамуымен де өзге сөз зергерлері туындыларынан дараланып тұрғаны айқын.

Жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеушілердің айтуы бойынша бұл мысал жанрындағы негізгі заңдылықтардың бірі: бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал сол автордың шеберлігінің арқасында төл туынды болып кете беруі түсінікті жай. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенің ортақтығы.

Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделінген, сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойлармен толықтырылып тұр. Крылов шығармаларындағы 10 тармақты «Шымшық пен көгершін» атты мысалды А.Байтұрсынұлы 32 жолға дейін ұлғайтып, мүлдем басқа туынды деңгейіне

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

көтереді. Ақын қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума рухани мұрасына айналдырды.

Мұндай ерекшелік «Өзен мен қара су» мысалына да тән:

...Меңзеймін қара суды, қазақ, саған,  
Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан.  
Барады қатар жұрттың бәрі озып,  
Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам.  
Оянып, жан-жағыңа сал көзіңді,  
Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан.  
Өткізіп уақытты өкінерсің,  
Пәледен, басқа келмей, деймін сақтан.  
Қазағым, сал құлағың нақылыма,  
Түсініп айтқан достық ақылыма.  
Сөз емес еріккенде ермек еткен,  
Айтамын жаным ашып жақыныма.  
Қозғалмай бұл күйіңмен жата берсең,  
Боларсың қара судай ақырында.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары мен жақсы-жайсаңдарының ел қамы үшін белсенді саяси әрекетке баруына түрткі жасау мақсатын «Малшы мен Маса» мысалында былайша нақтылай түседі:

...Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан,  
Жыланды пәле делік аңдып баққан.  
Пәленің түрін көретін мен – Сарымаса,  
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.  
Ойлаймын: «Осы сөз де жетеді, – деп,  
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді  
Қорқамын Сары масадай етеді деп.

ҚР ҰҒА-ның академигі, профессор Р.Нұрғалиевтің «Ақ жол» жинағының алғы сөзінде қазақ ақын-жазушылары мысалдарының ерекшеліктерін: «Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қара сөзбен баяндаған. Ал, А.Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанмен, жаңа ойлар айтылады... Крыловтың он жолдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы А.Байтұрсынұлы аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма, «Өгіз бен Бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен Тырна» орысшада 19, қазақшада - 76 жол, «Арыстан, Киік һәм Түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, «Қасқыр мен Қозы» орысшада – 37, қазақшада 68 – жол, «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеуірін, ишара, меңзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, нақты айтылады», – деп анықтай түседі.



## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы «Сөз иесінен» атты беташар өлеңінде «Маса» деп отырғаны өзі екенін ұқтыра келіп, шығармашылығының басты нысанасын:

...Ызындап ұшқан мынау біздің Маса,  
Сап-сары, аяқтары ұзын Маса.  
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен, қара яки қызыл Маса.  
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,  
Ұйқысын, аз да болса, бөлмес пе екен,  
Қоймастан құлағына ызыңдаса», – деп атап көрсетеді.

Бұл жинаққа «Маса», «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскеннің сөзі», «Адамдық диқаншысы», «Бақ», «Тарту», «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездеме хат», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Замандастарыма» сияқты төлтума өлеңдерімен қатар Вольтер, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ю.В.Жадовская, С.М.Надсон сияқты Ресей, Еуропаның ақындарының өлеңдерінен аудармалар мен автордың үш мысалы енген екен.

Қорыта келгенде, айтпағымыз – А.Байтұрсынұлының тәржімашылық тәжірибесінде ерлікті, еркіндікті, отаншылдықты сезіну, таза сүйіспеншілікті жырлайтын шығармаларды аударуға бейім болғанын аңғарту. А.Байтұрсынұлы – ағартушы, ғалым, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қандай ірі тұлға болса, ақындық өнерде де қайталанбас орны бар, туған әдебиетімізде тұтас бір дәуірде бейнелейтінт кесек бітімді дарын иесі. Өз өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолындағы күреске түгелдей бағышта-мүмкіндігінен іздестіреді. Ол өз таңдаушысының ұзын ырғалы қиссаға дағдыланған құлағына бейімдеп, әр хикаясын тәптіштеп, егжей-тегжейлі баяндау машығын ұсынды.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, айтушысы Крылов болғанда, жеткізушісі Байтұрсынұлы болғандықтан да «Қырық мысал», «Маса» сияқты жинақтардағы аудармалар қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді. Мысалдың арқауы – хикая, көздейтін нысанасы – соның ішіндегі мәні, ал қолданылатын қаруы әжуа мен мысқал. Ахмет те пайымды практикалық рухты дарыту үшін мысалдың мазмұнын Крыловтан алады да, уытты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің ішкі оқыған азамат ақын бойындағы табиғи талантын ең алдымен осы жолда қару етіп пайдаланды.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. «Ақ жол» Өлеңдер мен тәржімелер публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы, «Жалын», 1991. 340-425 б.
2. Әбдиманов Ө. «Қырық мысал» төл туынды // Алматы ақшамы. 1992. 4 наурыз.

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

3. Ұлттың ұлы ұстазы. (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Алматы – 2001. 68-82 б.
4. Әуезов М.О. Абайдан соңғы ақындар // Шығармаларының 50 томдық жинағы. I-т. – Алматы: Ғылым, 1997. 93-94 бб.
5. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. 7-б.

### **ТІЛДІҢ ҚАСИЕТІН ТҮЙСІНУ – ҰРПАҚҚА ПАРЫЗ**

**Дүйсембаева М. Е.** – магистр, аға оқытушы  
Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,  
Шымкент қаласы, Қазақстан  
meru\_179@mail.ru

Қазақ тілі – сан ғасырдан бері ата-бабадан мирас болып келе жатқан киелі дүние. Ол халықтың алтыннан да қымбат кені. Тіл – адам баласының әлем бейнесін тану жолындағы түсінігінің, ойының, сезімнің, идеясының, дүниетанымының көрінісі.

Тіл – халық тарихы. Тілде халық жасаған мәдениет пен өркениеттің даму жолы жатады. Қазақ халқының барлық құнарлы ойы, құнды қиялы көркем сөзбен кестеленген. Сондықтан да тілдің болашағын бағамдау үшін, оның кешегі өткен тарихын білу – қажеттілік. Тіл бар жерде ұлт бар. Ұлттың өзгеден ерекшеленетін ең негізгі де тұғырлы белгісі – тілі. Тілдің қасиетін түйсіну – ұрпаққа парыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы – ХХ ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің негізінде қалыптаса бастады да, кейін оқытудың негізгі теориялық және тәжірибелік мәселелерімен С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, Х.Басымов, Ш.Сарыбаев тағы басқа ғалымдар айналысты. Көп уақыт бойы қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы пән ретінде толық таныла алмай келгенімен, қазіргі таңда оның теориялық базасы тереңдеп, жан-жақты саралана түсті. Ұсынылып отырған жұмыс бағдарламасында біз бұл пәнді қалыптастырып, дамытқан ғалымдар еңбектерін саралап, жүйелі түрде беруге талпындық.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылым болып бірден қалыптасқан жоқ. Оның да өзінің тарихи даму жолдары бар. Қазақ халқының тарихында баланы ана тілінде оқыту және оқыту әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннен басталды десек, бүгінгі деңгейге жету жолында басқа да бірқатар ғалымдар бұған елеулі үлес қосты. Қазақ балаларына ана тілін оқытудың жолын, принциптерін, қағидасын, маңызын, жолдарын көрсеткен ұстаз еңбегін қысқаша баяндауды мақұл көрдік.

А. Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп күш жұмсады. 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептерде шәкірттер алдымен орыс тілінде сауат ашатын. Қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтанда әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялылары 1905 жылы 26 шілдеде Ресей Империялық Министрлер

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Советінің Председателі петиция жазады. Ондағы қойған талаптардың бастылары: «қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін» тағы басқа осы талаптарды жүзеге асыру үшін А. Байтұрсынов қазақша оқу құралы (1912) тұңғыш әліппе құралын жазды. Мысалы, 1892 жылы Қазанда басылған «Букварь для киргизов» деген құралы жеті рет қайта басылып, 1925 жылға дейін қазақ мектептерінің негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылып келген. А. Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгі суреттермен берілген Әліппе кітабын жазды. Ал бұл «Әліпбидің» 1928 жылы Қызылордада шыққан 3-басылымы қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткішінде төмендегіше бағаланды: «Жаңа құрал қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпбиі» («Оқу құралы») қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді... Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліпби» әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау жаңа «Әліпбиі» бұрынғысынан қай ретте болса да аса артық. Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай, мемлекет білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық «Әліпби» көңілдегідей болып шыққан».

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Осы кітаптың морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып пайдаланылып келді.

«Тіл құралы» - қазақ мәдениетінде бұрын болмаған құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықты қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген тағы басқа сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А. Байтұрсыновтікі.

Оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары – фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу тағы басқа деп саралап тұңғыш тыңнан ғылыми жол салуында болып отыр.

Ғалымның тіл үйретудегі сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазған болатын. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді кітап етіп, 1928 жылы Қызылордада шығарған еді.

А. Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістмесінің іргетасын қалаушы. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Қазанда «Баяншы» деген атпен методикалық кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол-жобасын көрсетіп берді.

Сөйтіп ғұлама ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші – сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды алып, «Баяншыны» жазды.

А. Байтұрсынов – қазақ тілінен оқулық, бағдарлама жазып, қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына зор үлес қосқан белгілі ғалым болды. А. Байтұрсынов – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы.

Жазудың шығу тарихы және даму кезеңдері. Қазірде біз жазба тілді ауызша тілдегі сөздердің жазбаша түрінде әріптердің тіркесімен белгіленуі деп түсінеміз. Жазудың тарихына көз жіберсек, әріппен таңбалаудың кейінірек пайда болғанын көреміз. Жазу өте ерте заманда жасалып, мыңдаған жылдар бойы өзгеріп, дамып келді. Жазуды мыңдаған жыл бойы дамып жетілуімен бірге, оның принциптері де өзгеріп отырды. Жазудың жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралады. Ол таңбалар бүтіндей сөзді не ызыңды, немесе дыбысты белгілейді. Әрбір жазбаша таңбалық графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады. Жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарлы, не жеке сөзді, не буынды, не дыбыстық белгілеуіне қарай бөлінеді. Жазу – адамның ой – пікірін, сөзін қашыққа және ұзақ замандарға жеткізетін материалдық сызба таңбалардың жүйесі. Жазудың алғашқы нұсқалары өте ерте заманда жасалды. Мыңдаған жылдар бойы дамып жетілумен қатар, оның принциптері де өзгеріп отырды. Жазу қатынас құралы ретінде пайдаланылған суреттер мен шартты белгілерден кейін пайда болған. Өз ойын жеткізу үшін адамдар әуелде заттың өзін пайдаланған. Алғашқы адамдар жазу құралы ретінде саз балшықтан жасалған тақтаны, ағаштың қабығын, тағы да басқаларын пайдаланған. Жазу жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралады. Ол таңбалар тұтас хабарды, не сөзді, не буынды, не дыбысты белгілейді. Әр жазбаша таңбаның графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін И.Ұйықбаев, Д.Әлімжанов, Б.Кәтенбаева, А.Ошқаров қарастырған тақырыптық немесе жеке талдау дыбыс жүйесінің (дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін, буын және дыбыс үндестігінің жүйесін өткенде қолданылады) белгілі бір тақырыбын өту үстінде қолданылады. Осы тақырыптар бойынша жаңа сабақты түсіндіру, оны бекіту, машықтандыру, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін ұйымдастыру және оқушылар білімін сынағанда да қолданылады.

Шамғали Сарыбаев – ХХ ғасырдың 20 жылдарында А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ тіл білімі корифейлерінің ізін баса келген ғалымдардың бірі.

Ш.Сарыбаевтың алғашқы еңбектерінің бірі Г.Қожантаевпен Е.Табынбаевпен бірігіп жазған «Үлкендер үшін әліппе» 1921 жылы Ташкент

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

қаласында жарыққа шығады. XX ғасырдың 20-жылдарындағы сауат ашу науқаны басталған тұста бұл әліппенің қазақ жастарының сауатын ашудағы маңызы ерекше болған.

### **Әдебиеттер:**

1. Арғынов Хасен Қуандықұлы Шығармалары: Қазақ тілінің күрделі сөйлем синтаксисін оқыту методикасы. АҚД., А., 1974 жыл.
2. Қазақ тілінің синтаксисі мен пунктуациясы әдістемесінің негіздері. ДДА., 1971 жыл.
3. Б.Әбілқасымов «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» А, 1971 жыл.
4. Ізденіс журналы №1 2005 жыл. 125 бет.
5. Қазақ тілі мен әдебиеті (журнал) 2001 жыл.

## **А.БАЙТҰРСЫНОВ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Копбаева Ж.Т.** – магистр, аға оқытушы  
Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті  
*Шымкент, Қазақстан*  
*zhuldyz.kopbaeva.1981@mail.ru*

**Аннотация:** Мақалада А.Байтұрсыновтың орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем әдебиеттің дамуына үлес қосқандығы және аудармаларының маңыздылығы, көркемдік ерекшелігі баяндалады.

**Аннотация:** Описан вклад А.Байтұрсынова в развитие художественной литературы путем перевода произведений русских классиков на казахский язык и значение и художественные особенности его переводов.

**Abstract:** The contribution of A. Baitursynov to the development of fiction by translating the works of Russian classics into the Kazakh language and the importance and artistic features of his translations are described.

Аханның қаламынан тамған әр тамшы сыяға қазақ тағдырының қилы кезеңдерінің мән-жайы сыйып жатады. Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, аудармашы Ахмет Байтұрсынов қалдырған бай мұраның бір саласы – оның көркем аударма дамуына қосқан үлесі.

XX ғасыр бас кезінде аудармада, әсіресе орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аудару ісі қолға алынды. Абай мен Ыбырай тәжірибелерінен басталған бұл дәстүр Шәкәрім Құдайбердиев, Ақылбай мен Мағауия Құнанбаевтар, М.Сералин, Б.Өтетілеуов аудармаларының журналдардағы тәржімаларымен толықты. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов Шығыс пен Батыс елдерінің әдебиеттер үлгілерін, орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем әдебиеттің дамуына көп үлес қосты. Аударма – ұлт пен ұлтты, мәдениет пен мәдениетті жақындастырудың рухани құралы [5,469].

Ахмет Байтұрсынов орыстың классикалық жазушысы И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен Санкт-Петербург қаласында 1909 жылы жеке кітап етіп шығарды. Бұл И.А.Крылов шығармаларының қазақ тілінде тұңғыш жеке кітап болып



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

бастырылуы еді. Ахмет «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген кіріспесінде аударманың мақсатына тоқтала келіп былай дейді:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Өзірге қолдан келген осы барым  
Қанағат азға деген, жоққа сабыр,  
Қомсанып қоңырайма, құрбыларым!

Мұхтар Әуезов Ахаңның «Қырық мысалын»: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағалаған еді [1,340].

Крылов шығармаларын Абай да, Ахмет те аударған. Екі ақынның өлең стилі, сөз өнері ерекше болған. Түпнұсқа мазмұнынан ауытқымай, шығарма мәтінін толық жеткізуге тырысқан екі ақын орысшасындағы көркемдеу құралдарды анық беруге ұмтылған. Мысалы, Крыловтың атақты «Қарға мен түлкі» атты мысалын Абай екі рет аударған. Екеуінің өлең өлшемі де, көлемі де бірдей. Бірі – жеті, бірі – сегіз буынды жыр үлгісінде. Ал, Ахмет Байтұрсынов он бір буын қара өлеңмен төрт жолдық шумақтар арқылы баяндайды.

*«Ну что за шейка, что за глазки,  
Рассказывать – так, право сказки!  
Какие перышки! Какой насок!  
И, верно, ангелский быть должен голосок!».*

Осы шумақ Абайдың екі нұсқасында төмендегідей көрсетілген:

1-нұсқада

*«Неткен сойын, неткен көз, Осыдан артық дейсің бе Ертегі қылып  
айтқан сөз Қалайша біткен япырмай. Мұрныңыз бен жүніңіз! Періштенің  
үніндей Деп ойлаймын үніңіз...»*

2-нұсқада

*«Есен-сау жүрсіз бе Ақынның төресі? Көп жерден белгілі Тегін құс  
емесі Жүніңіз, үніңіз Мұрныңыз, көзіңіз, Құлаққа дөп тиген Мақталған  
кеңесі...»*

А.Байтұрсынов аудармасына үңілейік:

*«Тамаша қарағанға түрің қандай,*

*Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай. Гауһардай қанаттарың  
жарқырайды, Келісті қалай біткен және маңдай»*

Крыловтан тәржімә жасау Абай шығармашылығының соңғы кезеңдеріне жатады. Абай аударма ісін аяқтаған болса, Байтұрсынов сол ізді жалғастырушы деуге болады.

Сонымен қатар, Ахмет мысал жанрын қалыптастырушылардың бірі И.И.Химинцердің «Ат пен есек» шығармасын қазақшаға аударған. Онда көтерілетін мәселелердің, айтылатын ойлардың салмақтылығына, қазақ ақыны қатты көңіл бөлген. Бір жағынан қызықты оқиға, екінші жағынан ұтымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттерді ұластыра келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберген.

Байтұрсынов мысалдарында көркемдеу құралдары толық берілген тек түпнұсқаның бас жағында жүретін кіріспе шумақты соңына шығарып

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

қорытынды етіп береді. «Маймыл», «Өгіз бен бақа», «Емен мен шілік», «Бұлбұл мен есек», «Қаптесер мен көртышқан», «Маймыл мен көзілдірік», «Шал мен ажал» секілді мысалдарда кіріспені қорытынды етіп көрсетеді. Мәселен, «Маймыл» атты мысалға тоқталсақ, төрт жолдық кіріспені шығарманың соңында береді де, қалған мазмұнын қазақтың қара өлең түрінде дәл және анық жеткізеді.

Түпнұсқада:

*Крестьянин на заре с сохой*

*Над полосой своей турдился* – деп басталса, Аудармада:

*Жер жырты ерте тұрып қара шекпен, Қашаннан кәсібі еді егін еккен,*  
- деп дәл сол күйінде қайталанады да әрі қарай оқиға өз ретімен баяндалып кете береді. Тағы бір таңғажайып тапқырлыққа осы тұста көз жеткіземіз. Диканшының еңбегін, оны көрген жұрттың сүйсінетінін жеткізерде Крылов түбі грек тілінен ауысқан, сөйтіп орыс тіліне кірігіп кеткен «исполать» дейтін бір ескі сөзді қолданады. Бұл орыстың байырғы тілінде «молодец» деген мағынаны береді. *Зато кто мимо ни проходит, От всех ему: спасибо, исполать.* Орыс тілін жетік білген тәржімашы осы сөздің қазақша дәл мағынасын былай деп сол қалпында жеткізеді. «*Жарайды, бәрекедді, сабаз-ай!-деп, Алғысты берді оған өткен-кеткен*». Осы жердегі «сабаз-ай» деген бір сөздің өзі Крылов мысалының бүкіл рухын, бүкіл ұлттық қасиетін түгел қазақшалап, қыр елінің қалың ортасына дәл сол қалпында алып келіп тұрғандай қабылданады.

Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанымен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Мысалы, «Шал мен ажал» атты мысалдағы әбден шаршап-шалдыққан зарыққандағы шалдың монологы:

*«Куда я беден, боже мой!*

*Нуждаюсь во всем; к тому же жена и дети,*

*А там подушное, боярщина, оборок,*

*И выдался и когда на свете*

*Хотя один мне радостный денек?»*

*«Мен сорлы, әрі кәрі, әрі жарлы,*

*Асырау қиын емес үйлі жанды.*

*Қартайдым, жалданарға қайратым жоқ,*

*Бермеді тұтынарлық құдай малды*

*Бұл маған не қылғаның, Жаратқаным,*

*Бір шалға үйлі жанды қаратқаның?*

Бұл жолдардағы «үйлі жан», «бермеді құдай малды», «жаратқаным» деген тіркестер тек қана қазақ психологиясына тән ұғымдар екенін дәлелдеп жатудың қажеті болмас.

Сонымен қатар түп негізі Федерден алынған Крыловтың он жылдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы ақын аудармасында 11 буынды, 8 шумақ, яғни отыз екі жолды жаңа шығарма. Түпнұсқаның негізгі мазмұны «Күлме досыңа, келер басыңа» деген мағынаны білдіреді. Ақын бұл жерде айтайын

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

деген ойының аясын кеңейтіп, түпнұсқадағы мысалдың жүгін әдейі ауырлатып отыр. Мұндай тәсіл барған сайын тереңдеп, кеңейе түседі. «Жарлы бай» деген мысалда қолында дәулет жоқ кезде жомартсынып, өзі сол байлыққа ие болған күнді тойымсыздыққа айналдырып суреттегенде, оның әсерін күшейте түсу үшін аудармашы оқиға желісін оқырман түйсігіне еркін жеткізе біледі.

Крылов кедей адамның бай болсам деген қиялын былай жеткізеді:

*«Нет, если мне далось богатство не удел,  
Не только бы рубля – я бы тысяч не жалел.*

*Чтоб жить раскошно, пышно,  
И о моих мерах далеко б было слышено»*

Ал, Байтұрсыновта ол былай болып келеді:

*«Дарига! Мен бай болсам жұрттан асқан, Үйлерді салдырар ем қандай тастан!*

*Сол түгіл мыңын бірден жұмсар едім, Аямай нелер киім, ішер астан.*

*Жылқымды, қымызымды, қойымменен, Жұмсар ем қонағым  
тойымменен.*

*Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып, Күнде той, қызық,  
ойынменен»*

Мұнда ақын нағыз қазақ ұғымындағы шалқыған тұрмысты малмен, қымызбен, ағыл-тегіл қонақасымен, той-томалақпен байланыстыра суреттейді. Аудармашы негізгі түпнұсқа мәтініне орайластырып, көркем ойға ой, суретке бейне қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын әуез қосып отырады.

Сонымен қатар 1911 жылы жарық көрген «Маса» жинағында Пушкиннен аударылған «Ат», «Данышпан Олегтің ажалы» атты өлеңдері, «Балықшы мен балық», «Алтын әтеи» ертегілері енгізілген. Бұлардың бәрі де жоғарыда айтылғандай, оның романтикалық сарында жазылған сюжетті өлеңдері мен аңыздары, ертегілері.

Аударма саласының үздіктеріне Пушкин: «Аудармашылар – ұлттық ағарту ісінің негізгі күретамырлары», – деп баға берген [3,15].

Қорыта келгенде, А.Байтұрсынов – ақындық өнерде қайталанбас орны бар, әдебиетімізде тұтас бір дәуірді бейнелейтін кесек бітімді дарын иесі. Ахмет еліне рухты дарыту үшін мысалдың мазмұнын Крыловтан алады да, уытты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің мұңын ақын бойындағы табиғи талантынан қару етіп пайдаланды.

### Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. “Ақ жол” Өлеңдер мен тәржімелер публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы, “Жалын”, 1991.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – А., 1992.
3. Ахмет Байтұрсынұлы туралы айшықты ойлар // Ұлт болмысы. 2012. №9.
4. Әбдиманов Ө. «Қырық мысал» төл туынды // Алматы ақшамы. 1992. 4 наурыз.
5. Юсуп К. «Көркем аударма: қыры мен сыры». -А. «Фолиант», 2011.

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

## ҰЛТЫН ОЙЛАҒАН – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Айтенов. Е.Е. – магистр, аға оқытушы  
Академик Әбдімұса Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті  
Шымкент, Қазақстан

**Аннотация:** Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеті мен тіл ғылымының негізін қалаушы ғалым. Оның ағартушылық саласы мен ұлттың ояну жолындағы елеулі еңбектері бүгінгі күннің жастарына отан сүйгіштік, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыратын ең озық дүниелердің бірі екендігін мақтанышпен тілге алып өскелең ұрпақтың санасына сіңдіру басты мақсатымыз.

**Аннотация:** Ахмет Байтұрсынов – основоположник казахской литературы и языкознания. Наша главная цель – внедрить в сознание подрастающего поколения, что его значительный труд в области образования и пробуждения нации является одним из самых передовых мировоззрений, формирующих патриотизм, человечность и добродетель у современной молодежи.

**Abstract:** Akhmet Baitursynov is the founder of Kazakh literature and language science. Our main goal is to inculcate in the minds of the younger generation that his significant work in the field of education and the awakening of the nation is one of the most advanced worlds that form patriotism, humanity, and virtue in today's youth.

Қазақ өмірінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басында елдің тұтас бір мәселесі қазақ мемлекеттілігіне жету әрекеті мен күресіне айналды. Осы күресті ірі қозғалысқа айналдырғандар Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлтшыл қайраткерлер екендігі де аян. Қазақ қоғамында ұлтшылдықтың тууы және өрістеуі осы қозғалыспен тікелей байланысты. Сонау түркі дәуірінен басталып хандық дәуірге ұласқан елдік, ХІХ ғасырдағы елдік, халықтық мәселелер ХХ ғасыр басында жаңа мазмұнмен толықты. Ол – ұлттық мазмұн. Сол себепті де біз қазақ ұлтшылдығының тарихын ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқиғалармен байланыстырамыз. Осы кезеңге дейінгі қоғамдық ойларға келсек, оларды таза мағынасындағы ұлтшылдық дей алмаймыз. Біріншіден, хандық дәуірдегі жыраулар, би-шешендер шығармаларында айтылған ойлар ұлттың мүддесінен гөрі сол кездегі хандық мемлекеттің, белгілі бір қоныстың, мекеннің мүддесімен тікелей байланысты болатын.

Қазақ тарихындағы ұлтшылдықтың қайнар бастауында Алаш қозғалысы қайраткерлері тұрды дедік. Осы саяси-рухани құбылыстың тууында Ахаңның өз тұлғасының да, шығармашылығының да, күресінің де орны ерекше екендігі ақиқат. Ахмет Байтұрсынұлының осы қайраткерлік ғұмырының өнегесі, шығармашылығының тағылымы бүгінгі қазақ баласына да шарапатын тигізбек. Саясат майданындағы қайраты да, қаламынан туған еңбектері де – Ахаңның ұлтына деген зор махаббатының көрінісі. Қазаққа деген осы ұлы құштарлық оны нағыз ұлтшыл етті. Халқына қам, еліне ем болған мұндай ұлтшылдық зор құрметке де, көрнекті үлгіге де лайық. Өйткені Ахаңның ұлтшылдығы – қазақ болып қалуға, қазақтың басын қосуға, қазақ болып өркендеуге, қазақтың мәдениет басқышына көтерілуіне, қазақтың дербес мемлекетін қалыптастыруға негізделген табиғи ұлтшылдық болатын. Осы ұлтшылдық барша қазақты оятты, намысын қайрап елдікке

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

шақырды. Ахаң бастаған зиялылардың біріге алатындығын, азаттық жолында күресе алатындығын Алаш қозғалысы паш етті. Дегенмен, Алаш қозғалысы тудырған ұлтшылдық дәуірі ол қазақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған орасан қуаттың жемісі болатын. Орыс отаршылдығына қарсы бағытталған әскери, мәдени күрес Ахаңдар заманында саяси күреске арналды. Алаш қайраткерлері қазақтың ұлттық мемлекеті орнатылмайынша, ұлттың мәселесі толық әрі түпкілікті шешілмейтіндігін терең түйсінді.

Алаш қайраткерлері жасаған Ұлы ұлтшылдық дәуірде өзге ұлттан кек алу, өзге халықты тұқырту немесе мұқату әрекеттері болған емес. Қазақ ұлтшылдары туған халқының теңдігі мен бостандығы үшін күресті. Ахаңдар ешқашан қазақтың өзгеден артықшылығын, ерекше болуын насихаттаған да емес, өзгелерге үстемдік етуді де мақсат етпеген. Ұлт көсемінің бір де бір еңбегінде қазақ халқы орыстан, я болмаса татардан, басқадан артық демейді. Ол қазақтың «қалпын» да, «салтын» да сынмен бағалап, халқын білімге, мәдениетке үндейді. Білімге, мәдениетке үндеу Ахаңда және басқа да алаштық қайраткерлер де ХІХ ғасырдың ағартушыларынан өзгереді сипатта. Өйткені Ахаң қазақты өзгелермен білім мен мәдениет теңестіретінін, олардың ұлттық қаруы мен қорғаны екендігін жақсы сезінген. [1.158]

Ахмет Байтұрсыновтың өзінің алдына қойған мақсаты мен ішкі ой дүниесі оның әрбір өлеңінде айдан анық байқалып тұрады. Сондықтан Ахмет Байтұрсыновты «Ұлтын ойлаған – ұлы тұлға» деп ауыз толтырып айтуымызға болады. Осы орайда ұлт жанашыры Ахаңның «Тілек батам» атты өлеңіне көңіл аударып көрелік:

Я, Құдайым аққа жақ,  
Өзіңе аян: мен нақақ.  
Аққа деген жолымның  
Абыройын ашпай, жап.  
Аят пенен хадисте  
Адал ниет, ақ іске,  
Жаңылмасам, жоқ еді  
Жаза тартсын деген бап.  
Мені ұстатып, айдатып,  
Зығырданды қайнатып,  
Масайрасып, маз болып,  
Қуанғанды өзің тап!  
Аз күндікке алданып,  
Аз нәрсеге жалданып,  
Адасқанын Алаштың  
Түзу жолға түсір, хақ!  
Жақын жерден жау шығып,  
Мақұл сөзден дау шығып,  
Дұшпан ұстап қолымнан,  
Иттер тістеп тонымнан,  
Маған тосу болған шақ.



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

Тұтқын болып тарығып,  
Жалғыз жатып зарығып,  
Ашу қысып, ойды алып,  
Өт жайылып, бойды алып,  
Дерт жүрекке толған шақ.  
Қатты айтты деп кектемей,  
Сыйынғанды тек демей,  
Он екі имам әулие,  
Жиырма сегіз әнбие,  
Қолда, өңшең аруақ!  
Қара балуан Жәнібек!  
Қаз дауысты Қазыбек!  
Жетім қалған халқыңа,  
Тұлға болып артыңа,  
Кім тиянақ қазық ед?  
Құнсыз болып еріміз,  
Жесір болып жеріміз,  
«Жан менікі» дей алмай,  
«Мал менікі» дей алмай,  
Ит пен құсқа азық ек.....[2.142]

Ахаңның осы өлеңінен-ақ оның ұлты үшін жанкүйер, қазақ халқының келешегі мен елдігінің тұтастығына деген жанашырлық сезімдерін анық байқауға болады. Ахаң өз дәуірінің әлеуметтік жағдай мен халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатты алаңдаумен өзі таңдаған жолдан қайтпайтын, қайталанбайтын ұлы тұлға екендігін өз ісімен дәлелдеп кеткендей.

### **Әдебиеттер:**

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары. 2013. – 158 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 142 б.
3. Мамыткеліні Амина. Көркем әдебиет туралы//Қызыл Қазақстан. – 1927. – №5-7. – 49-66 бб.
4. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ. – 1923. – 31 қаңтар.

## **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНЖАСАМ ПРИНЦИПТЕРІ**

**Дүйсен Г.Е.** – 1-курс докторанты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан  
*gulzadaduisen@mail.ru*

**Аннотация:** Мақалада А.Байтұрсынұлының терминжасам принциптері қарастырылған. Сонымен қатар, қазірде өзекті мәселе болып отырған терминдердің жасалу жолдары мен принциптерін ғылыми негіздеген ғалымның жүйелі ойлары талқыланады. Қазіргі таңда латынәліпбилі қазақ жазуына көшу кезеңінде А.Байтұрсынұлы жасаған терминжасам теориясы

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

үлкен ғылыми маңызға ие. Сондықтан ол жасаған төл тіліміздің терминжасам теориясын қайтадан терең зерделеу өзінің өзектілігін аңғартады.

**Кілтi сөздер:** терминжасам, А.Байтұрсынұлы, принциптер

**Аннотация:** В статье рассматриваются принципы терминообразования А. Байтұрсынұлы. Кроме того, будут рассмотрены системные мысли ученого, научно обосновавшего способы и принципы терминообразования, являющихся актуальным вопросом на сегодняшний день. В период перехода казахской графики на латиницу большое научное значение имеет теория терминообразования, разработанная А. Байтұрсынұлы. Поэтому изучение созданной им теории терминообразования казахского языка приобретает особую актуальность.

**Ключевые слова:** терминообразования, А.Байтұрсынұлы, принципы

**Abstract:** The article deals with the principles of term formation by A. Baitursynuly. In addition, the systemic thoughts of a scientist who scientifically substantiated the methods and principles of term formation, which are an urgent issue today, will be considered. During the transition of the Kazakh graphics to the Latin alphabet, the theory of term formation developed by A. Baitursynuly is of great scientific importance. Therefore, the study of the theory of term formation of the Kazakh language created by him shows its relevance.

**Keywords:** term formation, A. Baitursynuly, principles

Қазақ тілін талдап-тануда А.Байтұрсынұлының ерекше бағалау керек еңбегі: ол – термин жасаудағы іс-әрекеті. Термин дегеніміздің өзі «белгілі бір арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми лексика» [1]. Ғылым мен техника саласындағы терминдерді ұлт тілінде қалыптастыру – тіл білімі үшін, қазақ тілінің болашағы үшін, қысқасы ғылым тілін қазақша сөйлету үшін қажетті шаралардың бірі. Бұл үшін А. Байтұрсынұлының грамматологиялық ғылыми мұраларын тереңдей зерттеп, ондағы танымдық, тағылымдық мәнді анықтау, ойжасампаздықпен үңіліп, ғылыми тағылымын, терминжасам теориясын қазіргі латынәліпбилі қазақ жазуы мен жаңа жазу емшелерін түзуде қолданудың тиімді жолдары мен талаптарын, терминдердің жасалу жолдары мен принциптерін зерделеудің маңызы зор.

Терминдерді игерудің, тілге ендірудің, қабылдаудың, үш түрлі жолы бар. Ол, біріншіден, интертерминдердің мағынасын дәл беретін балама табу; екіншіден, оларды сөзбе-сөз аудару, калькалау; үшіншіден, мұның ешқайсысына көнбеген интертерминдердің тұлғасын өзгертпей, тұрпатын қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау.

А.Байтұрсынұлы термин – атаулардың теориялық анықтамасын айқындап, оларды нақты мысалдармен беріп, шетелдік кірме сөздерді қолданбай, олардың қазақша баламасын ұсынды. А.Байтұрсынұлы метатілі қалыптасты, алғашқы терминдер жасалып, олардың анықтамасы берілді. Ғалым термин-атауларды қазақшалау барысында теориялық терминдерді қазақша жатық тілмен оқушысына түсіндіреді. Осы күнгі қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз деген т.с.с сан алуан линвистикалық терминдердің баршасы А.Байтұрсынұлыныкі. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді [2, 33]. Ол жасаған терминдердің интертерминдерге ауыспағандығы – өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл атайтын терминдер екенін дәйектейді. А.Байтұрсынұлы

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

жасаған терминдік атаулар сол кездегі тіліміздің бір бөлігі боп енді де, сол күйінде күні бүгінгі дейін тұрақты түрде қолданылып келеді.

Кезінде «синоним» деп қолданылған терминнің, қазірде «мәндес», «антоним» деп қолданылған терминнің «қарсы мәндес», «омоним» терминінің «көп мағыналы сөздер» деп қолданысқа енуіне қарсы небір мықты тіл саласының мамандары мен ғалымдар бар. А.Байтұрсынұлы: «Мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, терминдердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады» [3, 350-351] – деген. Ол, комиссар деген сөзді, комюссер деп айтады дей келе, шет тілден енген кірме сөздердің қазақ тіліне енгенде сол қалпында қалуына қазақ артикуляциясындағы сөздер конструкциясы қолайлы келмейді деген. Басқа тілдер де шет тілдерден енген сөздерді сол қалпында қалдырмай, өз тілдеріне бейімдеп ыңғайлап алуы керек деген тоқтамға келеді [4, 418]. Олай болса, тіл мамандарының қазірде қазақ тіл біліміндегі терминдерді жаппай «қазақшаландырулары» орынды. Ғалым зерттеулері қазіргі таңда жаңадан бекітілген латынәліпбилі «Әліпби» мен «Емленің» басты теориялық тұғыры ретінде алынуы тиіс.

Егер әрбір құбылысты, әрбір іс-әрекетті өз кезеңіне қарай, сол кезеңдегі жағдайға қарай тану керектігін мойындасақ, А.Байтұрсынұлының термин жасаудағы «қазақшылығының» негізі бар екендігін, яғни бұл ретте ұстаған принциптері мен бағытының дұрыс екендігін көреміз. Ол принцип – жас ғылым салаларының терминдерін жасауда қазақ тілінің өз қорына иек артуы. А.Байтұрсынұлы терминдерінің күштілігі сөздің ішкі мағыналық құрылымына негізделген. Сол кезең үшін бұл принциптің ұтымды, қолайлылығы жаппай сауатын енді ашып, бұрын естіп білмеген ғылым салаларының ұғымдарын енді игеруге кіріскен қазақ оқушысы мен оқырманына сол ұғымдарды мейлінше түсінікті етіп жеткізу мақсатының көзделгендігі болса, терминжасам тәсілдерінде ана тіліміздің сөздік қазынасын мейлінше пайдалану – сол кезең түгіл, бүгінгі күні де, яғни дүние жүзі білім - ғылымына жанасып, сол арқылы интернационалдық лексика қорына бара алатын қазіргі кезде де өнімді, басты принциптердің бірі болу керек. Себебі, жасалған әрбір термин өзінің бастапқы лексикалық мағынасына жақын болған сайын, ол соғұрлым жеңіл игеріліп, тез қабылданады.

А.Байтұрсынұлы қолдануға, айтуға және түсінуге ыңғайлы болған сөздерді өзгеріссіз қалдырған. Қазіргі таңда қазақ тіліне енген кірме сөздердің көпшілігі қазақ тілінің ауызекі тіліне ыңғайланып, бейімделген. Мысалы: араб тілдерінен енген алиф, ба – әліппе, дуниа – дүние, кітаб-кітап, қалам - қалам, дафтар - дәптер, ильм – ілім, шам – ақшам, кеш батқан мезгіл, мадраса – медресе, муаллим – мұғалім, закат – зекет т.б.

Егер қазіргі тіл білімі саласындағы терминжасам тәсілдерінде көбінесе калькалау мен интернационалдық терминдер қабатын құрайтын кірмелер көбейіңкіреп тұрғандығын ескерсек, А.Байтұрсынұлы жалпы халықтық тіл

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

лексикасын терминдендіру үлгісін емін-еркін қолданған. Термин жасаудағы өнімді тәсілдің бірі сөз тіркестіру. Ол мұны да өте тиімді пайдаланады. Құрамы бір компонентті терминдер ойдан шықпай жатқан тұста, екі не үш компоненттен тұратын сөз тіркесіне көз тігеді. Осы тәсілмен жасалған терминдер саны едәуір.

А.Байтұрсынұлының жоғарыда ұсынған теориялары мен принциптеріне сүйене отырып мынадай ой түйеміз:

– қазақ тілінің табиғатына сай келмейтін барлық қазақ тілді емес сөздер қазақ говорына сәйкес өзгерістерге ұшырауы тиіс. Мысалы: Оренбург – Орынбор, Самара - Самар, пуховой – бөкебай және т.б. [3, 423]. Байтұрсынұлы айтқан ережені негізге ала отырып, ноль деген сөзді неге нөл демеске? Сонда осы сөздегі айыру белгісі қолданыстан алынар еді.

– қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс. Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек.

– күн сайын тіліміз жаңа сөзбен байып отыр. Озық ойлы ұлт өкілдерінің газеттерін, кітаптарын тілімізге аударудамыз. Тілімізге мәдениетімізде жоқ жаңа ұғымдар, жаңа сөздер кіруде. Мүмкіндігінше, барлық терминдердің баламасын тауып, қазақша сөздерден құраған жөн. Терминдерді «қазақшаландыру» арқылы ақырындап барлық қандастарымызға түсінікті тілге, ортақ тілімізге жақындауымыз керек екенін ұмытпауға тиіспіз.

Әр дәуірдің өзіндік ұғымынан тұратын қолданыстары бар және барлық тіл сонымен толығып отырады. Бірақ, қазір дамыған тілдермен бетпе-бет келгенде, олардан сөзбе-сөз көшірме жасалып жатқандай. Тарихқа жүгінсек, өзін және өз тілін құрметтейтін бірде-бір ел өзге тілдердің сөздерін сол күйінде өзгертпей қабылдағаны жоқ екен. Жас ғылым саласынан төл тілімізге еніп жатқан, мысалы: онлайн, офлайн, компьютер т.с.с терминдерді «қазақшаландырған» абзал. Діни ортақ елдердің діни терминдері мен дін арқылы таралған кейбір білімдері және мәдениеті ортақ болғандықтан, араб немесе парсы тіліндегі терминдерді аударып баламасын жасау, батыстан енген сөздерді қабылдамау – тек қазақ тіліне ғана қатысты ұстаным емес, барлық түркі мәдениетіндегі тілдерге тән заңдылық болу керек. Яғни, «батыстың терминдерін қабылдамау керек» деген принципті басшылыққа алғанымыз жөн. Себебі, батыс тілдерінен енген терминдер түркі тілдерінде әр түрлі формада игерілсе тілімізде ұқсастық қалмасы анық. Барлық мұсылман қауымына ортақ болмаса да, барлық түркілерге ортақ болғаны, яғни барлық түркілердің ортақ терминді әдебиеті және ортақ терминді тіл білімі болғаны дұрыс.

Қорыта келе, бүкіл түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау ісімен шұғылдану кезеңі келді.

**Әдебиеттер:**

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

1. Прохорова В.Н. Актуальные проблемы современной русской лексикологии: Учеб. пособие по спецкурсу / М-во высш. и сред. спец. образования СССР. Науч.-метод. кабинет по заоч. и вечер. обучению Моск. гос. ун-та им. М.В. Ломоносова. – Москва : Изд-во Моск. ун-та, 1973. С.74.
2. Сыздықова. Р. Ахмет Байтұрсынов -Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990. – 52 бет.
3. Байтұрсынов А.Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағыл ымы. Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б. – ISBN 5-630-00007-1.

### ТҮРІКТІҢ ТҰНЫҚ ТІЛ, ТҮЗУ ЕМЛЕСІ ҚАЗАҚТА

Айтбаева Г. Е. – аға оқытушы  
Гүлістан мемлекеттік университеті

**Аннотация:** Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми, әдіснамалық және ағартушылық саладағы еткен еңбектері баяндалады. Оның 1912 жылдан бастап жеті рет баспадан шыққан «Оқу – құрал» атты еңбегінің қазақ мәдениеті үшін қосар үлесі көп екендігі айтылады. Ахаң жаратқан қазақтың жаңа әліпбиі – ұлттық тіл біліміндегі, жалпы қазақ мәдениетіндегі өлшеусіз еңбек екендігі туралы мағлұматтар орын алған.

**Кілт сөздері:** ғалымдық, қайраткерлік, қаламгерлік, қазақ сөзі, оқулық, әдіснама, төл әліпби, тіл заңдылықтары, фонетика, лексика, сөз қолданым, грамматика, стилистика, тіл маңызы, жазу, емле, сөз құдіреті.

**Аннотация:** В данной статье описаны научные, методические и воспитательные работы Ахмета Байтұрсынұлы в области казахского языкознания. Говорят, что его работа под названием «Языковой инструмент» изданная семь раз с 1912 года, внесла значительный вклад в казахскую культуру. Есть информация, что новый казахский алфавит, созданный Аханом, является неизмеримым трудом в отечественном языкознании и казахской культуре.

**Ключевые слова:** наука, творчество, казахский язык, учебник, методика, родной алфавит, правила языка, фонетика, лексика, словоупотребление, грамматика, стилистика, языковое значение, письмо, орфография, лексика.

**Abstract:** This article describes the scientific, methodological and educational works of Akhmet Baitursynuly in the field of Kazakh language education. It is said that his work entitled "Learning is a tool", published seven times since 1912, has a significant contribution to Kazakh culture. There is information that the new Kazakh alphabet created by Akhan is an immeasurable work in national linguistics and Kazakh culture in general.

**Key words:** science, creativity, penmanship, Kazakh language, textbook, methodology, native alphabet, language laws, phonetics, vocabulary, vocabulary, grammar, stylistics, language significance, writing, spelling, vocabulary.

*... Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.*

*Ахмет Байтұрсынов*

Халқымыздың рухани-мәдени өресі мен тарихи жағдайы – Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасының басты үш қырлы қабілеттерін ашқан болатын: қайраткерлігі, ғалымдығы және қаламгерлігі. Белгілі бір тұтас дәуірдің көсемі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы өз халқына қалтықсыз қызмет ете отырып, өз тұрғыластарына да, өзінен соңғы ұрпаққа да зор ықпал еткен жан. Оның баға жетпес ұлы дәстүрі бүгінгі қазақтың да рухани қажетіне жарап келеді, қазақтың болашағымен бірге өмір сүріп те келеді, өмір сүре де бермек.



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Ахаң салған осы кемел дәстүрдің бір тарауы – қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытумен байланысты, сондықтан да біз оны қазақ тіл білімінің атасы дейміз. 1912 жылы жарық көрген «Оқу – құрал» атты еңбек Ахаңның ағартушылық саласындағы үлкен ізденістерінің басы болып саналады. Бұл оқулық бірнеше рет қайта-қайта баспадан шығып, 14-15 жыл ішінде қазақ балаларының бірнеше буындарын тәрбиелеп келді. 1912-1925 жылдар аралығында жеті рет қайта баспадан шыққан «Тіл – құрал» атты оқулығы қазақ мәдениетінде бұрын-соңды болмаған құбылыс десек артық айтқан болмаспыз, сондықтан бұл еңбек ана тілінің табиғатын танытқан қазақ тіліндегі басты әрі басқы оқулықтардың бірі.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегі тіліміздің дыбыстық жүйесін, лексикалық байлығын, сөз таптары мен сөз тұлғаларын, сөз қолдануы мен сөйлем құраудың ерекшеліктерін танытқан ана тіліміздің барлық негізгі заңдылықтарын қалыптастырды десек салғырттық емес. Сол сияқты қазақ тілінің зерттелінбеген, жүйеленбеген табиғатын ашып, оның фонетикалық, грамматикалық, сөз қолданыс жүйесі мен құрылымы дәйектелді әрі қазақ тілінің терминологиялық жүйесін жасаудағы ұлы лингвистикалық еңбек болды. Ахаңның жаратқан терминдері қазақ тіл білімі саласында да, әдебиеттану саласында да өміршеңдігін танытып, термин жасаудың тыңғылықты, кемел үлгісін көрсетіп, бүгіндері термин жасаудың әдіснамалық әрі теориялық негізіне айналып отыр. Сонымен бірге ол тілді игертудің, тіл табиғатын түсіндірудің амалдары мен әдістері жайына да ден қойып, ұлттық әдістеменің де негізін салды. Мұның дәлелі ретінде Ахаңның «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліп-би астары» деп аталатын кітаптары мен әдіснамалық мақалаларын атауға болады. Жаратылған бұл әдіснамалық еңбектер қазақ тіл білімінің атасы – Ахметтің бай тәжірибесін көрсете алды.

Біз білетіндей, қазақтың жазуы (әліпбиі) бірнеше рет ауысып отырды: 1929 жылға дейін араб жазуы, 1940 жылға дейін латын жазуы, 1940 жылдан бастап кирилл жазуы, ал қазірде қайта латын жазуына өтуге бет бұрып отырмыз. Рас, қайта латын жазуына негізделген қазақтың жаңа әліпбиін жаратар екенбіз, неге Ахаңның бізге мұра етіп қалдырған төл әліпбиін пайдаланбасқа?! Қазақ баласының білім мен ғылымды игеруде алғышарт бола алатын оның жасаған төл әліпбиі қазақ сөзін дәл бере алады ғой! Бұл әліпбиі 1929 жылға дейін қолданылып, сол тұстағы тұтас буынның сауатын ашқаны рас қой! Сондықтан қазақ елі, қазақ халқы жаңа әліпби қалпына көшу үшін, жеті өлшеп бір кесуге тура келетін сияқты.

Ахаң қазақтың жаңа әліпбиін жаратты, яғни араб әріптерін негіз ете отырып, қазақтың жаңа алфавитін дүниеге келтірді. Ахаң жаратқан қазақтың жаңа әліпбиі – ұлттық тіл біліміндегі, жалпы қазақ мәдениетіндегі өлшеусіз еңбегі бола алды.

Көп еңбектенген, артында мол мұра қалдырған, қазақ лингвистикасының атасы, ағартушылық саласының бастауында тұрған ғалым, жиырмамыншы ғасырдағы қазақ зиялыларының көш басында тұрған қайраткерлердің бірі – Ахмет Байтұрсынұлының жаратқан төл әліпбиімен

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

«Қазақ» газеті сияқты басылымдар дүниеге келді. Ондағы беріліп жатқан мақалалар Ахаң жаратқан әліпбиімен жазылды. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сияқты қаншама қаламгерлердің шығармалары сол Ахаң жаратқан төл әліпбиінде дүниеге келді. 1920 жылдардың ортасында әліпби, жазу, емле мәселелеріне байланысты жиындар мен айтыс-тартыстарда Ахаңның өз әліпбиінің жеңіл әрі оңтайлы екендігінің сан рет дәлелденгендігі де қазақ ағартушылық саласын-дағы баға жетпес бір құбылыс болғаны.

Ахмет Байтұрсынұлы қайраткер ретінде де, ғалым-ұстаз ретінде де, ағартушы ретінде де қазақ ұлтын тұтастырудағы, оның өмір сүруіндегі, рухани дүниесіндегі тілдің маңызы мен орнын ерекше бағалаған азамат. Қазақ тілін сақтау барысында, оның заңдылықтар терең тану үшін, қазақ тілін дамыту мәселелерін көтере отырып, ол «Қазақ» газетінде талай мақалалар жариялайды. Себебі ана тілінің ұлттың жан дүниесі екендігін, халықтың саяси-әлеуметтік өміріндегі пәрменді құралы екендігін түсініп жеткен еді. Сондықтан да Ахаң қазақ тілін сақтауға әрі дамытуға айрықша мән берген ұлы тұлға.

Мен өз ойымды Ахмет Байтұрсынұлының мынадай қанатты әрі нақыл сөздерімен соңына жеткізбекпін: Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап, тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз. Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби қолайсыз болады. Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, кәсіби, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір.

Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының ана тілі туралы терең тағылымдары бүгінгі заманымызбен үндесіп, ұрпақтың айта жүрер қанатты сөздеріне де айналып үлгірген.

### **Әдебиеттер:**

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Астана. «Сардар» баспасы. 2009, 348-бет;
2. Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б;
3. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғалым, 1999 268-281 б;
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Ана тілі; 1992 –448 б.
5. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999. 281-288 б.
6. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, Ғылым, 1998 – 216 б.
7. Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке – Алма-Ата: Наука, 1980 – С.78.

8. [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/42807/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/42807/)

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ

Уразов Б. Т. – оқытушы  
Гүлстан мемлекеттік университеті

**Аннотация:** Кезінде репрессияға ұшырап, мерт болған боздақтар қайта тірілді, сөнген жанып, жоғалған табылды. Алыптар қайта оралды. Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы - Ахмет Байтұрсынов.

**Аннотация:** Когда-то репрессированные и убитые боздаки были воскрешены, потухшие горели и были найдены пропавшими без вести. Гиганты вернулись. Глава целого поколения, величайший ученый-корреспондент, литературовед, тюрколог, талантливый поэт-переводчик - Ахмет Байтұрсынов, продолжающий просветительское, демократическое направление, построенное Абаем, Ибраем, Шоканом.

**Annotation:** The pale people who were once repressed and killed were resurrected, burned out and found lost. The Giants are back. The great scientist-correspondent, literary researcher, turkologist, talented poet-translator - Akhmet Baitursynov, the founder of a whole generation, the leader of the educational, democratic direction built by yesterday's Abai, Ibray, Shokan.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан сокпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады.

Ахаң қалдырған әдеби мұрасының бір саласы – орыс әдебиетінен жасаған көркем аудармалары. Қазақ әдебиетіндегі тәржіме тәжірибесі ХІХ ғасырға дейін шығыстық нәзира үлгісінде болып келсе, орыс мәдениетінің сахараға тең деп кіре бастауымен байланысты енді шын мәніндегі, әдеби аудармалар жасалынды. Қазақ оқырмандары И. А. Крыловтың, К. Д. Ушинскийдің, А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың т. б. шығармаларымен ана тілінде таныса бастады. Сөйтіп орыс әдебиеті Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ғ. Қарашев, М. Сералин аудармалары арқылы қазақ оқырмандарына жол тартты. Осы топтың ішінде 1909 жылы Петербургте *«Қырық мысал»* деген атпен И. А. Крылов мысалдарын тәржімалап кітап шығарған Ахметтің орны ерекше.

А. Байтұрсынов И. А. Крыловтың мысалдарының ішінен тандап, талғап аударған. Қазақ даласында да жиі кездесетін келеңсіз типтік құбыластарды сынаған, оқырманға әсер ететін, ұғымына түсінікті мысалдарды іріктеп алған. Сөйтіп, Ыбырай, Абай салып кеткен аудармашылық дәстүрді ары қарай дамыта түсті. Әдеби аударма еркін, балама ретінде келеді. Ахаң Крылов мысалдарын әдеби тұрғыдан дәл беруде емес, қазақ оқырмандарына ұғынылықты болу жағын көбірек мақсат тұтқан сияқты.

И. А. Крыловтың қырық мысалынан басқа Ахаң орыс әдебиетінен А. С. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан», «Аликтің ажалы» атты шығармаларын қазақшалаған. Сондай-ақ М. Ю.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Лермонтовтың поэмасынан үзінділер, С. И. Надсоннан, Жадовскаядан, Вальтерден, араб әдебиетінен бір-бір өлең аударған. Бұлардың ішінде Асан қайғынікі делініп жүрген «Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады» деген екі шумақ өлең Ахметтің «Қырық мысалында» «Мінсіз таза асыл тас су түбінде жатады» деген аз ғана өзгешелікпен Жадовскаядан аударма деп берілгендін де айта кеткен жөн.

Бұрынғы ескі – ертегі үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалары арқылы әлеуметтік ойға ықпал етті. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,  
Тартады аққу көкке, шаян кейін  
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.

Әуелі бірлік керек болса жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, – деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі.

Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі

Нашарды талай адам талап жеп жүр

Бөріден артық дейміз оның ісін.

Алуан-алуан ойға жетелейтін “Қайырымды түлкі”, “Ала қойлар”, “Үлес”, “Қартайған арыстан”, “Өгіз бен бақа”, “Қайыршы мен қыдыр”, “Ат пен есек” мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын - әуез қосып отырады. “Қартайған арыстан” мысалына:

Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,

Келе алмас жаман батып маңайыңа.

Басыңның бақыт құсы ұшқан күні

Құл-құтан басынады, малайың да, – деген жалғасты түйін жасайды. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы “Үлес” өлеңінің түйінінде ақын өз позициясын ашық көрсетіп:

Ойласақ оқиға емес болмайтұғын,

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Ел қайда өзін жаудан қорғайтұғын.  
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,  
Адам аз алдын қарап болжайтұғын.  
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман  
Байқасақ ел белгісі оңбайтұғын.  
Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан  
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.  
Алданып арқадағы дау-шарына

Кәтерден кәпері жоқ, келер сырттан, – деп терең маңызы бар әлеуметтік ой толғайды.

Крыловтан Абай – 14, Спандияр Көбеев – 37, Бекет Өтетілеуов – 12 мысал аударған. Бір мысалдың бірнеше рет аударылғаны да бар. Мәселен: “Аққу, шортан һәм шаян”, “Ат пен есек”, “Қасқыр мен тырна”, “Шал мен ажал (өлім)”, “Айна мен маймыл”, “Маймыл мен көзілдірік” мысалдарын Ахмет Байтұрсынов та, Спандияр Көбеев те аударған. “Ала қойлар”, “Есек пен қамыс (шілік)”, “Бақа мен өгіз” мысалдарының Абай нұсқасы да, Ахмет нұсқасы да бар.

Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді, Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі Федрдан алынған Крыловтың он жолдық “Шымшық пен көгершін” мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. “Өгіз бен бақа” орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, “Қасқыр мен тырна” орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, “Арыстан, киік һәм түлкі” орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, “Қасқыр мен қозы” орысшада – 37, қазақшада – 68 жол, “Ағаш” орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар “Маса” кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық, бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын.

Қорыта айтқанда, Ахмет қазақтың тілі мен әдебиетін дамытуға зор үлес қосады. Алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға, халықтың көркем сөз мұрасын жинауға белсене араласады. Көптеген мақалалар, өлең-жырлар жазып, аударма саласында да үлкен еңбек етеді. «Шымшық пен көгершін», «Маймыл», «Егіннің бастары», «Өгіз бен бақа», «Емен мен қамыс», «Қасқыр мен тырна», «Қасқыр мен қозы», «Қартайған арыстан», «Қара бұлт», тағы басқа мысал-өлеңдер жазды. Қысқасы, Мұхтар Әуезов айтпақшы: «*Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ», газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саяхат жолындағы*



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

*қажымаған қайраты, біз ұмытпасақ та, тарих ұмытпайтын істер. Ахаң - еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Онысы - Ахаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын. Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды».*

### **Әдебиеттер:**

1. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 2012.
2. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиеті. Алматы, 1993.
3. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1998.
4. Сейданов Қ. Қазақ әдебиетінің тарихы. Ташкент, 2008.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛТ ҰСТАЗЫ, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ**

**Өтегенов Ж. У.** – оқытушы  
Гүлстан мемлекеттік университеті

**Аннотация:** Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымы мен мәдениетіне, ұлттық педагогика мен оқу-ағарту ісіне сіңірген еңбегі орасан зор. Өзінің оқу-ағартушылық қызметінде оқытудың әдістемесін қалыптастырды.

**Аннотация:** Заслуги Ахмета Байтұрсынова в казахской науке и культуре, национальной педагогике и учебно-просветительском деле огромны. В своей учебно-просветительской деятельности сформировал методику обучения.

**Annotation:** Akhmet Baitursynov has a great contribution to Kazakh science and Culture, National pedagogy and education. In his educational and educational activities, he formed a teaching methodolog

А.Байтұрсынұлы 1882-1884 жылдары Қостанай облысы Жангелдин ауданы Ақкөл ауылының молдасынан сауатын ашады. 1886-1891 жылдары 14 жасында Торғайдағы орыс-қазақ училищесінде оқиды. 1891-1895 жылдары Орынбордағы төртжылдық мұғалімдер мектебінде оқып, ұстаздық қызметке жолдама алады.

Өзінің өмірлік жары Бәдрисафамен (Александра) 1897-1898 жылдары Әуликөлдегі 2 сыныптық мектепте ұстаздық ете жүріп кездеседі. Әуликөлдегі жеті көлдің бірі Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне «Мұғалім көлі» деп аталып кеткен. 1898-1902 жылдары Мендіқара мектебінде ұстаздық етті. Қосымша Қостанай қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде сабақ береді. 1902-1904 жылдың Омбы қаласында іс жүргізуші болып қызмет етеді.

Ахмет Байтұрсынұлының осы педагогикалық іс-тәжірибесі нәтижесінде кейіннен қазақ балаларын тиімді оқыту мәселелері бойынша «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Тілжұмсар» т.б. еңбектері жарық көрді. 1928-1929 жылдары Алматыда Қазақ педагогикалық институтының профессоры болып ұстаздық етті. 1921-1925 жылы Орынбордағы, 1926-1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысады. Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Кезінде қазақ халқын

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

сауатсыздықтан арылтқан «Жаңа Емле» төте жазуын бүгінде Қытай, Ауғанстан, Иран елдерінде тұратын қандастарымыз әлі күнге дейін пайдаланады.

Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Осы кітаптың өзінде отаршылдықтың зорлық-зомбылық, елдің ауыр халін тұспалдап болса да жеткізді. Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның «Оқу құралы» қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі болды. Ал «Тіл – құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы болды. Ол ұлтына, қазақ халқына тынбай қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ахмет Байтұрсынұлының ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы “Әдебиет танытқыш” деген атпен басылған.

Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылып шығады. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамалары мен ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш рет төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – ғалым-ағартушы. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған- ғалым.

А.Байтұрсынұлы М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 ж.ж. Орынборда “Қазақ” газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі мәселелерін сөз етті. Қазақ алфавиті бойынша оны жаңартып, араб әрпіне жаңа әліппе жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы оқыту әдістерін жетілдіріп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін жариялайды. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. Байтұрсынұлы осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап “Әліппе” кітабын жазды. Сондай-ақ оның “Тіл жұмсар” деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы жарыққа(1925) шықты.

А.Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгідей суреттерімен берілген Әлеппе кітабын жазды. 1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазған соң, көп ұзамай енді мектепті қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды тұлкі», «Ала қойлар»,

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

«Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алады. 1911 жылы Орынбор қаласында «Маса» жинағы жарыққа шығады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бір талай өлеңдерге арқау болады. Ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы басты сарын.«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Ахмет Байтұрсыновтың ғалым, публицист, қоғам қайраткері әрі ақын. Оның барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы туған халқы үшін қызмет етуге арналған. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы ретінде жақсы біледі. Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық қызметі сауат ашу әдістемесін ғана емес, ана тілін оқытудың толық жүйесін реттеп берді.

### Әдебиеттер:

1. «А.Байтұрсынов шығармалары».-Алматы:«Жазушы», 1989.
2. Ұ.О.Еркінбаев. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. – Алматы, 2008.
3. Р.С.Имаханбетова. Ғасыр саңлағы. – Астана:»Педагогика Пресс», 2010.
4. Ұ.О.Еркінбаев. «Әдебиет танытқышты» бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы орны».-Үркер-2010-№12.

## А. БАЙТҰРСЫНОВ – ПУБЛИЦИСТ

Жарасбаев Нұркелді – оқытушы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация.** Ахмет Байтұрсынов – публицист, ғылым, ақын, түркітанушы, ағартушы, аудармашы, қоғам қайраткері, этнограф, фольклорист, сазгер әрі орындаушы.

**Кілтті сөздер:** публицист, демократ, ағартушы, алфавит, оқу-ағарту, емле, графика.

**Аннотация.** Ахмет Байтұрсынов – публицист, ученый, поэт, тюрколог, просветитель, переводчик, общественный деятель, этнограф, фольклорист, музыкант и исполнитель.

**Ключевые слова:** публицист, демократ, воспитатель, азбука, образование, правописание, графика.

**Annotation.** Akhmet Baitursynov is a publicist, scientist, poet, Turkologist, educator, translator, public figure, publicist, ethnographer, folklorist, musician and performer.

**Key words:** publicist, democrat, educator, alphabet, education, spelling, graphics.

Өз кезеңі үшін орны зор, мәні үлкен ұлттық баспасөз органдары - «Қазақ» газетінің (1913-1918) редакторы болған, «Айқап» журналының (1911-1915) беттерінде ой-пікірлерін білдіріп отырған, қоғам тағдырына үңіле білген А. Байтұрсыновтың публицистикаға бармауы мүмкін емес еді. Өйткені публицистика дегеніміз әлеуметтік көкейкесті мәселелерді сөз етіп, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасайтын әдебиет жанры болса және ол көбіне-

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

көп мерзімді баспасөзде көрінетін болса, бұл екі шарттың екеуі де А. Байтұрсыновтың публицистикадағы орнын тауып береді.

А. Байтұрсыновтың публицистикасы көбінесе мақала түрінде көрінеді (очерк, фельетондар жоққа тән). 1911 жылы «Айқаптың» № 2 жарияланған «Қазақ өкпесі» деген мақаласынан бастап, 1912-1914 жылдары «Қазақта», «Айқапта» өз атымен немесе бас мақала етіп жариялаған «Оқу жайы», «Бастауыш мектеп», «Қазақ жерін алу тұрасындағы низам», «Қазақ һәм 4-дума», «Жауап хат (Жанша Сейдалин мырзаға)», «Шаруа жайынан», «Досмайыл хажыға ашық хат», «Бұл заманның соғысы», «Губернатор өзгерілуі», «Земство», «Бас қосу тұрасында» т.б. мақалалары мәселе қойылысы мен әлеуметтік үні жағынан нағыз публицистикалық дүниелер.

Ахмет Байтұрсыновтың ұлан-ғайыр еңбегі өз тұсында, репрессияларға дейін де айрықша аталды. 1923 жылы қазақ қоғамында бұрын-соңды болып көрмеген соны бір оқиға болды. Ол А. Байтұрсыновтың 50 жасқа толғанын атап өту еді. Әрине, тап тартысы деп аталған идеологиялық күрес әлі қызу жүріп жатқан бұл кезеңде А. Байтұрсыновтардың қарсыластары да аз емес болатын. Соған қарамастан, көз көргендердің айтуларына қарағанда, аталған юбилей Орынборда, қазақ мәдениетінің сол кездегі тағы бір орталығы Ташкентте өткізіледі (енді бірқатар мәліметтерге қарағанда қарсыластар юбилейді Орынборда өткіздірмей тастаған деседі). Осы тұстары қазақ баспасөзі түгелге жуық бұл мерекені атап етті. Түркістан республикасы Орталық Атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің органы – «Ақ жол» газеті өзінің 1923 жылғы 4 февральдағы санында «Ахаңның юбилейі туралы» деген мақаланы редакция атынан берді. Осы нөмірде «Ахаңның 50 жылдық тойы» деген атпен М. Әуезовтің көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда автор: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», Масанын» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылы қан жылы- ган қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болды» деп асқан бір көрегендік сөз айтты. Қазақ Советтік Атқару комитеті мен облыстық партия комитетінің органы - «Еңбекші қазақта» (осы күнгі «Социалистік Қазақстан») Сәкен Сейфуллиннің (Манап Шамил деген бүркеншік атпен) «Ахмет Байтұрсынов 50-ге толды» деген мақаласы жарияланды. Мұнда автор: «Ахаң байлардың құлдығында шіріген шаруалардың айқайшысы емес, олардың қолшоқпары емес, бірақ адал жүрек, байын, кедейін айырмай, қазақты сүйетін таза ұлтшыл. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу һәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай» деп шын көңілден құттықтайынын білдіреді.

Газет мақалаларымен қатар «Труды Общества изучения Киргизского края» атты жинақта оның өмірі мен қызметін, тіл зерттеудегі еңбегі мен табыстарын жақсы баяндаған М. Дулатов пен Е. Омаровтың мақалалары қалың ұсынылды. Қазірде айтылып жатқан А. Байтұрсынов өмірбаянының мәліметтері негізінен М. Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

(биографический очерк)» деген көлемді әрі көп деректері бар мақаласынан алынып, жазылып жүр. Сондай-ақ А. Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі туралы деректер А. В. Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясының I томында берілген. Және осы кітаптың V томында «Казахский алфавит» деген кесте беріліп, онда бұл алфавитті «Байтұрсыновский алфавит» деп көрсетеді.

Баспасөз бен жинақтарда және энциклопедияларда жарияланған бұл материалдардың барлығында да А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту, ғылым, әдебиет, мәдениет майданындағы орны ерекше екендігі, көп ретте тыңнан жол салған көш бастар болғандыры және қазақ қауымына беделі күшті, абыройы биік болып келе жатқандығы айтылады.

А. Байтұрсыновтың тіл білімі мен қазақ филологиясы саласындағы еңбегі репрессиялардан кейінгі кезеңдердің өзінде де кейде ашық, кейде тұспалдап жоғары бағаланып келді. Академик-жазушы Ғабит Мүсірепов: «Осы ғасырдың басында тұңғыш әліппеміз жасалды» деп («Социалистік Қазақстан», 1979 жыл 18 декабрь) жазғанда, ол айтып отырғаны А. Байтұрсыновтың еңбегі еді. Есімі дүниежүзіне мәлім аса беделді түрколог академик А. Н. Кононов Октябрь революциясына дейінгі отандық түркологтердің биобиблиографиялық сөздігін (көрсеткішін) жасағанда, А. Байтұрсыновты түркологтердің қатарында көрсетеді де, оны жетілдірілген қазақ алфавитін жасаушы, қазақ тілінің фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін зерттеп, оқулықтарын түзуші, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын зерттеуші» деп танытады. Демек, Совет Одағына, тіпті бүкіл дүние жүзіне тараған бұл құнды көрсеткішті пайдаланушылар Ахмет Байтұрсыновты революцияға дейінгі Россия түркологтерінің бірі деп біледі және бұл кітап шыққаннан бергі 15 жылғы уақыттың ішінде ондағы осы мәлімет пен таным-бағаны ешкім жоққа шығарған жоқ.

Сөйтіп, А. Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соныдан із салған жағашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдардан 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А. Байтұрсыновтың «Әліпбиімен ашып, ана тілін А. Байтұрсыновтың «Тіл – құралы арқылы оқып үйренді.

Екіншіден, А. Байтұрсынов – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап 20-жыл- дардың соңына дейін (латынға кешкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынов жасаған жаңа жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арнап, осы күндерде өзіміз шығаратын «Біздің Отан» атты газетіміз де А. Байтұрсынов реформалаған араб жазуын пайдаланады, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды.



## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

Үшіншіден, А. Байтұрсынов – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі.

Төртіншіден, А. Байтұрсынов – қазақ халқына, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі өоғам қайраткері.

Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ - демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі бір емес, екі рет заңсыз жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновты осылай танимыз.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. А., 2003.
2. Байтұрсынов А. Жазу тәртібі. Айқап журанлы. 1912.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тіл мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер) А., 1992.
4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. А., 1990.
5. Сейданов Қ. Ғұлама ғалым, кемеңгер ақын. «Нұрлы жол» газеті мақала.№88, 2022.

## **МИЛЛИЙ ТАЪЛИМГА ХОРИЖ ТАЖРИБАЛАРИ ИНТЕГРАЦИЯСИНИНГ ҚИЁСИЙ ТАҲЛИЛИ**

**Турумбетова З.** - ўкитувчи  
Педагогика ва психология кафедраси  
Қорақалпоқ давлат университети

**Аннотация.** Мақолада ривожланган мамлакатлар олий таълими тажрибаларининг илғор жиҳатлари қиёсий таҳлилга тортилиб, мамлакатимиз таълим тизимиға интеграцияси масалалари ўз ифодасини топган. Шунингдек, талабаларнинг мустақил ижодий ишларини ташкил этишда тьютер, эдвайзер, фасилататор ҳамда супервайзерлик фаолияти мазмуни таҳлилға тортилади.

**Калит сўзлар.** Олий таълим, интеграция, ўқув дафтари, тьютер, эдвайзер, фасилататор, супервайзер.

**Аннотация.** В статье предлагается сравнительный анализ лучших опытов высшего образования развитых стран и отражены вопросы интеграции в систему образования нашей страны. Также анализируется деятельность студентов, консультантов, фасилитаторов и супервайзеров по организации самостоятельной творческой работы студентов.

**Ключевые слова:** высшее образование, интеграция, учебная тетрадь, советник, тьютор, эдвайзер, фасилататор, супервайзер.

**Annotation.** The article provides a comparative analysis of the best practices of higher education in developed countries and reflects the issues of integration into the education system of our country. It also analyzes the activities of students, advisors, facilitators and supervisors in the organization of independent creative work of students.

**Keywords:** higher education, integration, textbook, adviser, tutor, facilitator, supervisor.

Фан-техника тараққиётининг таълим сифатига бевосита боғлиқлиги халқаро микёсдаги интеграция масаласини илғари суради. Бу эса, ўз навбатида, турли мамлакат олимлари ва мутахассисларининг ўзаро ҳамкорлигини, тажриба алмашиш, таълим мазмунини халқаро стандартлар талаблари даражасида такомиллаштиришни тақозо этади. Таҳлиллар асносида ривожланган мамлакатлар таълим тизимида уларнинг иқтисодий соҳадаги рақобатлари фан ва техника соҳасидаги ҳамда амалий муаммолар

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

ечими бўйича компетентли кадрларни тайёрлаш борасидаги рақобатга айланиб бораётганлиги аён бўлади.

Буюк Британияда олий таълим муассасалари билан биргаликда битирувчиларни ҳақиқий мутахассис даражасига етказишда касбга тайёрлаш жамиятлари томонидан алоҳида иш олиб борилади. Бакалаврларнинг амалий тайёргарлигини чуқурлаштириш жамиятнинг асосий мақсади саналади.

Тадқиқотчи С.А.Усмановнинг таъкидлашича, “Европа узлуксиз таълим тизимида асосий мўлжал, инновацион натижалар олишга қаратилган бўлиб, бунда асосан техника соҳасидаги касб таълими ва муҳандислик таълимига жиддий эътибор берилмоқда; лойиҳалашга йўналтирилган таълим технологиялари ишлаб чиқилмоқда ва жорий қилинмоқда; ўқитувчилар ва ўқувчиларнинг ҳаракатчанлигини ошириш орқали ғоялар алмашинувидаги самарадорликка, касбий малакаларини яхшилашга, барча босқичдаги ўқув юртлари орасидаги алоқаларни ривожлантиришга эришилмоқда; Европанинг энг яхши университетларида ишлаб чиқилган дастурлар бўйича амалга ошириладиган, сифатли, масофавий ва очиқ таълим тизими ривожлантирилмоқда”. [1, 118-127]

Юқоридаги жиҳатлар Ўзбекистонда ривожланган мамлакатлар узлуксиз таълимидаги инновациялар, таълимни бошқариш, олий таълим талабаларининг касбий тайёргарлигига доир қарашлар, амалий фаолиятни ўрганиш заруратини туғдирадики, мазкур муаммо монографик характердаги тадқиқотларга замин яратади. Мамлакатимизда хориж таълимидаги самарали ёндашувларни миллий таълимга интеграциялаш алоҳида тадқиқот объекти сифатида ўрганилмаган бўлса ҳам бу борада муайян даражадаги ишлар мавжуд. Жумладан, таълим-тарбияга ёндашув бўйича Англияда малака оширган А.Исимованинг кузатишларида мамлакат узлуксиз таълим босқичлари ўртасида тажриба алмашиш, сифатли билим беришнинг оптимал усуллари қўллаш масалаларига урғу қаратилган бўлиб, бўлажак педагог мутахассисларни тайёрлаш масаласи қуйидагича ҳал қилинганлиги ёритилган:

- педагогик йўналишдаги институт ёки университетларга кириб ўқиш учун камида 3 ойлик педагогик стаж бўлиши шартлиги;
- ўқишнинг 1 курсидан бошлаб, маълум вақт мобайнида талабадан педагогик амалиёт ўташ талаб этилиши;
- бакалаврлик даражасини олиш учун 3 курснинг охирида 3 йиллик педагогик фаолиятидан келиб чиқиб, илмий диссертация ёзиши кераклиги. [2, 108-109]

Англия олий таълимига қабул ҳамда ўқиш масалаларини таҳлил қилганимизда Ўзбекистон таълим тизимида бу борада самарали ёндашувларни кузатамиз. Жумладан, олий таълимга талабалikka ёки ўқитувчиликка махсус касб тайёргарлиги дипломига эга бўлгандан сўнг қабул қилинади. Педагогика олий таълим муассасаларида талабаларнинг амалиёти илгарилари, асосан, 4-курста ташкил этилган бўлса, ҳозирги кунга келиб 1-курсдан бошлаб йўлга қўйилган. Бунда ҳар бир ўқув йилида

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

мутахассислиги доирасида муайян соатлар тақсимланган. Битирув малакавий ишларини ёзиш масаласида ҳар икки давлат бакалаврларида муштарак имкониятлар мавжудлиги кузатилади.

Шу ўринда қиёслаш жоизки, Ўзбекистонда олий ўқув юртлари ва мактаб ҳамкорлиги ўқув, илмий ва мактаб амалиёти комплекси интеграцияси; олий ўқув юрти ва мактаб тизими интеграцияси; кафедралар ва мактаб ўқув-методик бирлашмалар интеграцияси; маълум йўналишларга индивидуал тайёрлаш интеграцияси; мутахассислар ва талабаларнинг ижодий жамоаси интеграцияси асосида тизимли йўлга қўйилганлиги билан ҳам ўзига хослик касб этади.

Германия давлатининг мактаб таълими тажрибалари ўрганилган М.Э.Мусаеванинг изланишларида мамлакат таълим тизимида, асосан, узлуксизлик ва узвийлик масаласига алоҳида эътибор қаратилиши ўз аксини топган. [3, 107-111] Кузатишларимизда Германия таълим тизимининг муҳим жиҳатларидан бири сифатида сиртки таълимнинг ташкил этилиши эътиборимизни тортди. Сиртки таълим масофавий тарзда йўлга қўйилган бўлиб, бу қонун билан белгиланган. Таълим сифати давлат томонидан қатъий тартиб асосида мунтазам таҳлил қилиб борилади. Курс мазмуни, материалларнинг сифати ва ёш хусусиятларига мослиги доимий назорат қилинади.

**Ўқув дафтари ёрдамида таълим олиш.** Таълимнинг мазкур шакли олий таълим муассасаси томонидан алоҳида тайёрланган ўқув дафтари асосида ташкил этилади. Махсус тошириқлар (матн, мисол, машқ) ҳамда якуний назорат ишлари акс этган дафтарлар талабаларга юборилади. Фан мазмунидан келиб чиққан ҳолда битта курс учун бир нечта дафтарлар жорий қилинади. Бажарилган ишларда талабаларнинг мустақил ва ижодий ёндашуви сезилиб туриши муҳим саналади. Иш вазифага масъул шахс – тьютер томонидан текширилиб натижаси тингловчига жўнатилади.

**Тьютер кўмагидаги таълим.** Сўнгги пайтларда интерфаол машғулотларни икки ёки ундан ортиқ ўқитувчи ва ёрдамчи билан биргаликда ташкил этиш этиш долзарблик касб этмоқда. Уларнинг номи бажарадиган вазифаларига кўра фарқланади. Масалан, таълим мазмунини яратувчи, тегишли модулларни ишлаб чиқувчи шахсга нисбатан модератор, масофадан ўқитиш дастурларини яратувчи ва бажарилишини таъминловчига эса тьютер атамалари қўлланилади.

Устоз, мураббий вазифасини бажарувчи тьютер (инглизча *tutorem*) маъруза ўқитувчиси билан тингловчи орасидаги кўприк вазифасини бажаради. Тьютер талабага маърузачи томонидан берилган билимларни ўзлаштиришда маслаҳатчи саналади.

Хориж тажрибаларидаги фасилататорлик, эдвайзерлик ёки супервайзерлик фаолиятини мамлакатимиз олий таълимига жорий этиш талабаларни илмий ижодга йўналтиришдаги индивидуал ёндашув ҳисобланади. Масалан, эдвайзерлик фаолиятини олайлик.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

Мустақил тайёрланадиган курс лойихаси ёки битирув малакавий ишларини бажаришда **эдвайзер** (advisor) – fransuzcha “avisen” “o‘ylamoq”) талабага маслаҳатчи сифатида тадқиқот ишининг моҳиятини амалий ва назарий жиҳатдан тушуниб етишига, изланиш олиб бораётган мавзу юзасидан илмий билишнинг қайси усулларида фойдаланиш зарурлиги юзасидан йўл-йўриқлар кўрсатади. Тадқиқот объектига доир илмий далиллар тўплаш, назарий ва амалий хулосаларга келишга йўналтиради.

**Фасилататор** (инглизча facilitator, лотинча facilis – енгил, қулай) гуруҳларнинг фаолияти натижасини баҳолаш, уларни бирор илмий муаммонинг ечимини топишга йўналтириш, гуруҳ аъзолари ўртасидаги мулоқотни фаоллаштириш вазифаларини бажаради. Фасилататорликнинг ўзига хослиги шундаки, у жараёнга жавоб бермайди, хулоса чиқармайди, балки дарс самарадорлигини ошириш мақсадида гуруҳлар ишини ташкил этади. Машғулот регламентини белгилайди, қулай шароит ва соғлом муҳит яратади.

Тадқиқотчи М.Абиджанованинг фикрича “Агар жараёни фасилататор бошқарса, гуруҳга янада самарали бўлган фасилитацияни тақдим этади. Бунда гуруҳ аъзолари ўзлари муҳокама ва қарорлар қабул қилиш жараёнини олиб боришади, фасилататор эса фақат коррекциялаб, яъни муаммони тез ва конструктив ечиш йўллари ажратиб туради”. [4, 18]

**Супервайзер** – (инглизча supervisor – кузатув, назорат) бирор иш ёки фаолиятни бошқарадиган шахс. Турли соҳаларда фаолият кўрсатувчи маъмурий лавозим. Ходимларга иш бўйича йўл-йўриқ кўрсатиш ёки буйруқ бериш, иш коэффицентини ошириш ва ходимлар учун масъуллик супервайзернинг вазифалардан ҳисобланади. Таълим жараёнида бу атама тадқиқот олиб бораётган докторант (аспирант)нинг ишига илмий раҳбарлик қиладиган шахсга нисбатан ишлатилади.

**Интернет орқали таълим.** Вазифаларни интернет орқали олган талабалар белгиланган ишларни бажариб марказга юборади.

Ўзбекистонда сиртқи ёки кечки таълим фаолиятини такомиллаштиришда Германия тажрибасининг қуйидаги шаклларида фойдаланиш мақсадга мувофиқ:

ўқув дарсликларининг муқобилларини яратиш. Бу дарсликлар мазмунини замон талаблари асосида ислоҳ қилиш баробарида муаллифлар ўртасидаги соғлом рақобатни юзага келтиради;

интернет тизимида талабалар билан тўғридан-тўғри мулоқотларни, баҳс-мунозараларни ташкиллаштириш;

кўрик-танловларни таълим йўналиши доирасида профессор-ўқитувчилар ва талабалар ҳамкорлигида онлине ўтказиш;

электрон дарсликлар, мультимедиа материалларини интернет сайтларига жойлаштириш ва ҳ.к.

Интернет тезлиги билан боғлиқ муаммоларни айтмаганда юқорида келтирилган айрим жиҳатлар пандемия шароитида мамлакатимиз таълим тизимига оммалашиб улгурди. Фақат талабаларнинг мустақил таълим олиш,

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

ўз устида ишлаш билан боғлиқ қарашларини тубдан ўзгартириш рақобатбардош кадрлар тайёрлашдаги долзарб масалалардан биридир.

Германия олий таълимида “илм-фан ва таълим бирлиги” тамойили асосида иш кўрилади. Мазкур тамойил Университет таълимнинг реформатори Вильгельм фон Гумбольдт томонидан жорий қилинган. Унга кўра, ўқитувчилар ҳам, талабалар ҳам илмий тадқиқот ишларига йўналтирилади. Тезкор ривожланиш бугунги кунга келиб мазкур қарашга ўз таъсирини ўтказмай қолмади. Эндиликда Германияда таълим олувчиларнинг тўғри касб танлашлари ва амалий кўникмаларини чуқурлаштириш масаласига алоҳида эътибор қаратилмоқда. Бу эса мамлакатда “олий махсус мактаблар” (Fachhochschulen) фаолиятининг оммалашшига олиб келди. Бундай мактабларда ўқиш муддати камлиги, ўқув дастурлари университетларга қараганда амалиётга яқинлиги билан фарқланади. [5, 6]

Германияда маъруза маълумотнома жадвалига ўқув юртларида ўтказиладиган барча ўқув тадбирлари киритилган. Университет томонидан китоб шаклида чоп этилган жадвал – маълумотнома китоб дўконларида сотилади.

Талаба маъруза ёки семинарларда қатнашишга ариза беришидан олдин тегишли фанлар юзасидан ўқиш ва имтиҳон талаблари ҳақидаги қоидалар билан танишиб чиқиши зарур. Унда семестр давомида қайси ўқув машғулоти мажбурийлиги ёки қайси бирида фақат иштирок этиш мумкинлиги белгиланади.

Хулоса сифатида айтиш жоизки, ривожланган мамлакатлар таълим тизимидаги илғор ёндашувларни миллий таълим тараққиётига давр талаблари асосида уйғунлаштириш ўқув-тарбия ишларини жаҳон стандартлари даражасига кўтариш, педагог кадрлар малакасини ошириш, ўқув дастурлари мазмунини такомиллаштириш, таълим тизимининг моддий-техник базасини модернизациялашни тақозо этади. Бу эса мамлакатимизнинг дунё цивилизациясига интеграциялашувини таъминлашга, ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришга ҳамда хорижлик етук мутахассислар билан рақобатлаша оладиган малакали кадрлар тайёрлаш ва уларнинг илмий салоҳиятини оширишга хизмат қилади.

### **Адабиётлар:**

1. Усманов С.А., Усманов У.С. Глобаллашув ва интеграция шароитларида узлуксиз таълим тизимларидаги инновация жараёнлари // Uzluksiz ta'lim. – Тошкент, 2015. № 5. – 118–127-б.
2. Исимова А. Англия ва биздаги таълим тизими // Uzluksiz ta'lim. – Тошкент, 2002. № 3. – 104–108-б.
3. Мусаева М.Э. Германия таълим тизимида фанлараро боғланишнинг узвийлиги // Uzluksiz ta'lim. – Тошкент, 2011. № 3. – 107–111-б.
4. Abidjanova M. Pedagogik fasilitatsiya asosida o'quvchilarning faoliyatini tashkil etishning imkoniyatlari // Xalq ta'limi. – Toshkent, 2017. № 2. – B. 16–19.
5. Studying in Germany. A Practical Guide for International Students. DAAD, 2014. – P. 6.



# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ӨРНЕГІ

Юсупов Б.Б.- оқытушы

Ескулова А.А. – 3-курс студенті

Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация:** Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері тақырыптық-идеялық тұрғыдан талданған. Ақын өлеңдерінде көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы сөз болады.

**Кілтгі сөздер:** әдебиет, ақын, өлең, тақырып, идея, проблема, ағартушылық, оқу-білім.

**Аннотация:** В данной статье стихи Ахмета Байтурсынулы анализируются с тематической и идеологической точки зрения. Стихи поэта о социальных проблемах проанализировано.

**Ключевые слова:** литература, поэт, стих, тема, идея, проблема, просветление, образование.

**Abstract.** In this article, the poems of Akhmet Baitursynov were analyzed thematically and ideologically. The poets will talk about the social and social issues raised in the poems.

**Keywords:** literature, poet, poem, theme, idea, problem, enlightenment, education.

Ұлттық әдебиет өзін жаратқан ұлттың арман-тілегін бейнелеп, ұлт қажеттіліктерін көркем сөзбен айқындап отырады. Тарихқа зер салсақ, әр дәуірдің қоғамы әр қилы факторларға байланысты жалпыұлтқа ортақ проблемалармен күресіп отырғанын білеміз. Мысалы, қазақ халқының тарихына жүгінсек, хандық дәуірде (XV-XIX ғғ.) жан-жақтан шапқан сыртқы жаудан қорғану мәселесі актуальды проблемаға айналса, XX ғасырдың басында Ресей империясының бодандығындағы қазақ халқына ұлттық тәуелсіздік, жергілікті басқару, жер тұтастығы, тіл мәселесі, білім беру, дін ұстану еркіндігі, баспасөз еркіндігі, баспахана ашу мәселесі, сот жүйесі т.б. мәселелер жаңа ғасыр басындағы ең негізгі проблемалар болғанын білеміз. Бұл тарихи шындық.

Әдеби үдерісте әр дәуірді ерекшелеп тұратын, сол қоғамның болмысынан хабар беріп тұратын тақырыптар болады. Әдебиеттегі тақырыптың тууына сол қоғамның проблемалары арқау болады. Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті батырлық рухты, жауынгерлік, ерлік істерді дәріптеді, XIX ғасырдағы әдебиет қазақ халқының бірлігін нығайтуға, иманын бүтіндеуге, білімін шыңдауға бағытталды. Ал, XX ғасырдың бірінші және екінші онжылдығында туған әдебиет оқу, өнер-білім, дін, руханият, адамгершілік, мәдениет, еңбек, қазақ қоғамының қалпы, бірлік, теңдік, еркіндік тақырыптарын арқалады. XX ғасырдың басында қазақ даласында мемлекетшілдік ұраны оянды. Отаршылдық бұғаудан босанудың қам-қарекеттері басталды. Осы баянды істің басында қазақ оқығандары тұрды. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлов еді

А.Байтұрсынұлы әдебиетке ақындық данққа бөлену үшін емес, туған ұлтының, халқының қамы үшін келді. Ақын «Жауап хаттан» атты өлеңінде:

*Мен жазған кеңес,*

*Мақтаныш емес.*

*Ат шығармас ақындық,*

*Ер батқанда жорғалық,*

*Молда жоқта – молдалық, –[1, 200] дейді.*

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Бұл сөзіне және өлең жазуды кейін кәсіп етпеуіне қарағанда, Ахмет өзін ақын санамаған. Оның ақындығы мұқтаждықтан, қажеттікті өтеу парызынан, жоқтың орнын толтыру талабынан туады. Ол өлең арқылы қазақ даласына желдей есіп, әр қазақтың санасын оятуды көздеді. Ұлттың ауыр халін жеңілдетуді мақсат етті. Сондықтан, ақын өлеңдеріндегі қазақ қоғамының көрінісін, ұлтқа ортақ проблемалардың көтерілуін айқындау қажет. А.Байтұрсынұлы өлеңдерінде сыншыл-реализм басым келеді. Ол өз заманының шындығын әшкерелейтін өткір де, сыншыл поэзияны ұстанды. Ақын әлемдік мәдениеттен кейін қалып бара жатқан, ғылымға, өнер-кәсіпке бет бұрмаған қазақ халқын қапыда қалмасын деп, қалың жұртшылықты «оятуды» мақсат етеді. Мысалы, «Сөз иесінен» деген өлеңінде ақын:

*Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,  
Қоймастан құлағына ызыңдаса?, [1, 182] – дейді.*

Ақын бұл өлең жолдарына терең ой, салмақты жүк артқан деуге болады. Өлеңдегі «маса» – астарлы бейне болып, сергектікке, қозғалысқа, серпіліс пен ізденеске шақырушы қызметін атқарады. Ол «ұйықтағанның» үстінде айнала ұшып, қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді.

Ақын «Туысыма» атты өлеңінде:

*Болармын неғып ырза туысыма,*

*Туыппын таршылықтың уысында –* дейді. Мұнда «туыс» сөзі доминанттық мағынасында емес, туылу, өмірге келу, жаратылу мағынасында қолданылып, ақын туғанынан-ақ таршылық көргенін, ондай өмірге жан-жақты қарсы екенін баса айтады. Сондай-ақ,

*Айта алмай шын сөзіңді қорғалайсың,*

*Тұғаның бүйтіп қор боп құрысын да!* - деп, шындықтың белі бүгілген, ақиқат жеңбейтін заманды «қорлық» деп біледі. Бұл ақынның шын мәнінде өр рухты, өжет мінезді, турашыл тұлғасын бейнелейді. Ахмет Байтұрсынұлы өз заманындағы ауыр экономикалық жағдайды әшкерелейді. Тапқаны күн көрістен артпайтын дәрежеде өмір сүріп жатқан халқына жан күйзелісін білдіреді.

*Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,*

*Мал гұрлы мағына жоқ тұрысыңда.*

Ақын әрбір адам баласының өмір сүруінің мәні «пайдалы іс» істеу деп түйеді. Өмірдің мағынасы өзгеге істеген жақсылығың деген тұжырым жасайды. Ешкімге пайдасы тимейтін адамның өмірін санасыз хайуанның өміріне ұқсатады.

Ахмет Байтұрсынұлының ақындығы туралы академик С.Қирабаев: «Ахмет ойшыл суреткер есебінде дәуірлік құбылыстарға ой көзімен қарай алды. Бұл оның «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиган-терген» сияқты өлеңдерінде айрықша танылады. Бұларда Ахмет, ең алдымен, өз заманының

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

тың сөзін айтқан, замандастарының жаңа бейнесін ашқан жаңашыл ақын боп көрінеді» - [4, 35-42] дейді.

«Қазақ салты» өлеңі 7 шумақтан тұрады. Өлеңде ХХ ғасыр басындағы қазақ өмірі суреттеледі. Ақын: Өлеңнің бірінші шумағында

*Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,*

*Сахара-көлге қонып салқындаған.*

*Бір өртке қаудан шыққан дұшар болып,*

*Не қалды тәнімізде шарпылмаған?* – деп, қазақ халқының өткен замандағы тәуелсіз, еркін өмірін еске түсіреді де, бодандықтағы халық өмірін отқа күйіп, өртеніп, күл болып құрдымға кетіп бара жатқан қалпын көрсетеді. Ақын екінші шумақта қоғамның рухани келбетіне:

*Дегендер: мен жақсымын, толып жатыр,*

*Жақсылық өз басынан артылмаған* – [1, 183] деп баға береді. Ақын қоғамға сын көзбен қарап, ешкімге жақсылығы тимейтін адамдар тобы қаптап жатыр деген ойды айтады. Өлең жолдарындағы әр түрлі мағынада қолданылып, бір мақсатқа қызмет етіп тұрған түбірлес сөздер де (*жақсымын, жақсылық*) айтылмақ ойға өз үлестерін қосып тұр. Үшінші шумақта ел арасында құр сөзбен іс бітіріп, тілмен есіп-желгіштерді сынға алады. Ақын қатып піспеген, ештеңеге ебі жоқ, болбыр жастарды «бос белбеу» деген тұрақты тіркеспен сипаттайды.

*Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,*

*Киіздей шала басып, қарпылмаған.*

Өлеңде құлқынның қамы үшін өмір сүретін, қарнының тойғанына қуанып күн көретін, ондай тірлектен арланбайтын адамдар тобына назаланады. Ақын өз замандастарын жек көрмейді, олардың іс-әрекеттерін сынға алады. Әл-ауқатты байлардың мінезі сараң, қайырсыз болып бара жатқаны, кедей-кепшікке қол ұшын созуға дәрменсіз қалпын бейнелейді.

*Қайырсыз неше сараң байлар да бар,*

*Қайықтай толқындағы қалтылдаған.*

Ақынның мақсаты бай топ өкілдеріне шағымдану емес, заманның тұрақсыздығы байларды да сырт айналып өтпегенін, баймын деген адамның да ертеңгі күніне кепілдік жоқ заман екенін әшкерелеу. «Қайықтай толқындағы қалтылдаған» деген өлең жолы сол тұстағы экономикалық жағдайды айқындайды. Мұндағы «қалтылдаған» деген сөз ауыспалы мағынада қолданылып, әрең-пәрең күн көру мағынасын үстеп тұр. Яғни байлардың да байлығы шамалы екенін түсінуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы қамсыз, қимылсыз өмір сүріп жатқан халықтың оянбауын, өнер-білім жолын қуып талпынбауын зарлана жырлайды. «Қазақ салты» өлеңіндегі «көп» деген кісілер «жақсылық өз басынан артылмайтындар», «құр пысықсып сөйлейтіндер», «бос белбеу бозбалалар», «ет аңдыған шалдар», «алаң-бұлаң адамдар», «қайырсыз байлар», «талап ойламай, ұйықтап жатқандар». Ақын ел ішінде мұндай адамдардың аз болуын, тіпті жоқ болуын көргісі келеді. Ахмет Байтұрсынұлы білімді, оқыған, өнерлі адамдар халыққа қызмет ету керек деп біледі.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

*Не пайда өнерің мен біліміңнен,  
Туісті жерлеріне сарп ұрмаған?!*

Ақынды ел ертеңіне алаңдайтын, ұлт тағдырына толғанатын адамдардың аздығы қасірет тарттырады. «Жұрттың қамын ойлайтын адам аз» – деп, көзі ашық, көкірегі ояу адамдарды ұлт үшін үлес қосуға шақырады.

Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері қазақ халқын даму мен өркениетке жетеледі. Ояңған, білімді жас таланттарды қалыптастырды. Прогресшіл идеялары қазақ мәдениетін жаңа заманмен үйлесіп, жаңғыруына түрткі болды. Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің маңыздылығын, мазмұндылығын жоғатпауы – жалпы ұлттық деңгейдегі проблемаларды көтергенінде деп білеміз. Оның өлеңдері ХХ ғасыр басындағы қазақ өмірін шынайылықпен, сыншылдықпен суреттеп тарихи маңызы бар поэзияға айналған.

### Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Алматы, «Атамұра» - 2003. 182-205 бб.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 320 бет.
3. А.Байтұрсынұлының шығармалары. – 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б
4. Жүз тұңғыш, 2-кітап. Алматы, «Жалын» - 2005. 35-42 бб.
5. Қирабаев С. Ахмет Байтұрсынұлы – Тәуелсіздік жыршысы // Қазақ. 2021. №4.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Сайфуллаев Б.Н. – оқытушы

Мошхалова Б.Н. - 4-курс студенті

Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация:** Қазіргі қазақ тілтануында Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы жан-жақты зерттеліп жатыр. Өйткені тілдің қай деңгейінің зерттелімін алсақ та оның бастау көзі А.Байтұрсынұлы еңбектерінде жатады. Ал ғалымның қазақ тілінің дыбыс жүйесіне арналған еңбектерінің маңызы өз алдына талдауды қажет етеді. Мақалада, қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі фонетикасына қосқан үлесі, қазақ тілі дыбыс құрылысының арнаулы жүйемен жан-жақты зерттеулері, ғалымның қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, тұжырымды талдаулары туралы баяндалады.

**Кілт сөздер:** лингвистика, фонетика, фонология, графика, орфография, грамматика.

**Аннотация:** Научно-педагогическое наследие Ахмета Байтұрсынова всесторонне изучается в современном казахском языкознании. Потому что какой бы уровень языка мы ни изучали, его отправная точка лежит в трудах А. Байтұрсынова. И значение трудов ученого по звуковой системе казахского языка само по себе требует анализа. В статье описывается вклад основоположника казахского языкознания Ахмета Байтұрсынова в фонетику казахского языка, комплексные исследования звукового строя казахского языка с особым строем, звуковой строй ученого казахского языка, его концептуальные анализ.

**Ключевые слова:** лингвистика, фонетика, фонология, графика, орфография, грамматика.

**Abstract:** The scientific and pedagogical heritage of Akhmet Baitursynov is being comprehensively studied in modern Kazakh linguistics. Because no matter what level of language we study, its starting point lies in the works of A. Baitursynov. And the significance of the scientist's works on the sound system of the Kazakh language requires analysis in itself. The article describes the contribution of Akhmet Baitursynov, the founder of Kazakh linguistics, to the phonetics of the Kazakh language, comprehensive studies of the sound structure of the Kazakh language with a special system, the scientist's sound system of the Kazakh language, and his conceptual analysis.

**Keywords:** linguistics, phonetics, phonology, graphics, orthography, grammar.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Қазақ ұлтының рухани көсемі болған Ахмет Байтұрсынұлының артына қалдырған мұрасы көл-көсір. Ұлт ұстазының сарқылмас қазынасы әлі талай ұрпаққа азық болары даусыз. Ғибратты құмырында бір өзі бірнеше институттың қызметін атқарып кеткен ғалымның еңбегі, шын мәнінде, теңдессіз деуге болады. Сегіз қырлы, бір сырлы тұлға, мемлекет қайраткері, ғалым, ақын, публицист, аудармашы, «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының бірі, ағартушы, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы – тізе берсеңіз, бұл тізбекті жалғастыра беруге болады. Солардың ішінде қазақ тіл білімінің атасы ретіндегі тұлғасы ерекше.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, яғни араб алфавитінің негізінде ұлттық әліпбиге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы зерттеулері, біріншіден – қазақ тіл біліміне қатысты негізгі мәселелерді жан-жақты қамтыған әмбебап сипатымен ерекшеленеді. Екіншіден, ғалымның жазба мұралары өз кезінде Орынбор, Қазан, Ташкент, Қызылорда сияқты ірі мәдениет орталықтарының баспаханаларында дүркін-дүркін басылып шығып отырған. Сондақтан, жоғарыдағы аталған еңбектер тек қалың қазақ арасында емес, кезінде өзге де түркі халықтарының тіл мамандары арасында жақсы танымал болған бірден-бір түркологиялық мұра болып табылады.

Енді, А.Байтұрсынұлының фонетикалық зерттеулеріне назар салсақ, сөздің мәндік, грамматикалық сырын, сипатын өте терең де нәзік біліп, зерттеген ғалым. Тілдің жалпы қасиеттері туралы ол: «Сөз өнерінде жұмсалатын зат – сөз», – дейді. Сөздің мағынасы өте күрделі, көп екенін былай баяндайды: «Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанымен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады», – деген пікірді айтады.

А.Байтұрсынұлы тілдің құрылымын зерттегенде «Дыбыс заңы», «Сөз жүйесі», «Сөйлем жүйесі» деп бөліп, тілге таң қаларлықтай жүйелі түрде қараған, қазіргі лингвистикалық түсініктерді алдын ала болжай білген. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымы, тіпті түркі ғылымы үшін аса бағалы еңбегі – «Тіл құрал». «Тіл құрал» деуде түзуші тілдің құралдық қызметін жоғары қойған. Мақсат – ана тілінде зерттеу керек екенін Ахмет Байтұрсынұлы жақсы білген. Сондықтан да, «Тіл құралдары» тек оқулық емес, ғылыми еңбек дәрежесінде жазылған, өз заманындағы теңдесі жоқ еңбектердің бірі болды [2, 135-136].

Ахмет Байтұрсынұлы тіл дамытарлық үш бағытта бірдей қалам тартты. Олар: тілдің таңбалануы, тілдің жаңаруы және тілдің қалыпқа түсуі, яғни нормалануы. Енді осы принциптерге қысқаша тоқталатын болсақ, тілді жазу



тіліне айналдыру, жазуды жетілдіру – адамдардың тілді саналы түрде дамытуының бірден-бір көрінісі. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінде жазудың маңызын былайша баяндайды: «Осы күні адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан уақытпен сөйлесуге болмайды: жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі, сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орынды қалай өзгеріп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [1, 142].

Ахмет Байтұрсынұлы лингвистикада бірінші болып тілдің дыбыс жүйесін зерттеп жазды, сөйтіп түркі әлемінде және жалпы тіл білімі тарихында жаңа ғылыми саланың негізін қалаушы болды.

Қазіргі заман тіл білімі тарихында фонетика және фонология, графика және орфография, лингводидактикалық салаларында Ахмет Байтұрсынұлы тұңғыш болып ірі ғылыми зерттеулер жүргізді деуге болады [3, 88].

Ахмет Байтұрсынұлы: «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байланысады» [1, 392] – дейді.

Оның тіл біліміндегі алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәлиев пікірінше «Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды. Олай болса, қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог – Ахмет Байтұрсынұлы». Ғалымның қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі бір төбе.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде «жеке фонемаға – жеке әріп» принципін ұстанғанын көреміз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының атауларын қолдануда, дыбыстарды топтастыруда Қ.Кемеңгерұлы басшылыққа алған.

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған дыбыстардың жіктелім белгілері нақты болып келеді. Ғалым дыбыс белгілерін бірінен-бірі туындатып отырады: Басқаша айтқанда, алдымен бас белгі (дауысты-дауыссыз) анықталады. Сонан соң бас белгінің ішіндегі орташа белгі (дауыс қатысы) анықталады. Әрі қарай орта белгінің ішіндегі орташа белгі (жасалу орны) табылады. Ең соңында орташа белгінің ішінен кіші белгі (жасалу тәсілі) шығады [6, 17-24].

Әбдуәли Қайдаров пен Рәбиға Сыздықованың айтуынша, «Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі саласында еңбектері үшін өз кезінде де, ішінара бүгінгі күндерде де жоғары бағаланып келді. Есімі дүние жүзі шығыстанушыларына мәлім, аса беделді түрколог академик А.Н.Кононов Қазан төңкерісіне дейінгі отандық түркологтардың библиографиялық сөздігін жасағанда, Ахмет Байтұрсынұлын белгілі түркологтардың қатарында көрсетеді де, оны жетілдірілген қазақ әліпбиін жасаушы, қазақ

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

тілінің фонетикасы мен грамматикасын зерттеп, оқулықтарын жасаушы, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын зерттеуші ғалым деп танытады» [6, 3].

Мәселен, Т.Қордабаев: «Қазақ тілі туралы ой пікірлердің Ахаңа дейін де айтылғаны, ондай пікірлердің ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, жүйелі сипатталғаны рас, оларды ешкім жоққа шығармайды. Бірақ ол еңбектердің барлығы да туған тілімізде емес, қазақтар үшін жат тілдерді жазылды. Екіншіден, оларда қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылымдары байырғы замандардан бері қарай жалғасып келе жатқан, үнді-европалық тіл білімінде орныққан дәстүрлі ұғымға, үлгіге негізделді. Сонда қазақ тіл білімінің бастаушысы да, негізін қалаушы да, кейінгілерге жол-жоба көрсетуші де тек Ахаң ғана. Өйткені, тіл барлық істің бастамасы екенін, онсыз ешқандай ғылым, білім дегендердің болуы мүмкін еместігін Ахаң жақсы түсінді. Бұл саладағы өзінің лингвистикалық қадамын ол тіліміздің дыбыстық жүйесін зерттеуден, оның әліппесін жасаудан бастады [7, 4].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі дыбыстарды таңбалауда 24 әріп жетеді деп есептейді. Олай дейтін себебі, дауысты дыбыстардың жіңішке айтылатын түрлері жеке таңбаланбаған, олардың мағынасын білдіру үшін дәйекше қолдану жеткілікті деп есептеген, екіншіден, *h*, *x* дыбыстарына жеке таңба бермеген. Осы себептерден Ахмет Байтұрсынұлы пікірінше, дыбыстар әрі айтылуына қарай, әрі сөз жүзінде бөлінуіне қарай жіктелуі керек, тілімізде бұл екеуі үйлес келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екі жарты дауысты. Дауысты дыбыстар: *А, О, Ұ, Ы, Е*. Дауыссыз дыбыстар мынау: *Б, П, Ж, Ш, Д, Р, З, С, Ғ, К, Қ, Г, Ң, Л, М, Н*. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ *У, Ы* [1, 24],» – деп көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі кезде «*У*» таңбасымен белгіленіп жүрген дауыссыз дыбысқа берген анықтамасының біз үшін маңызы зор. Ғалым бұл дыбысты дауыстылар тобына жатқызғанымен, жіктеу үстінде дауыстылардан бөліп алып, жарты дауыстылардың қатарына қосады. Дауыссызды айтқанда ауыз қуысында кедергі кездеспейтінін ескеріп қана дауысты тобына кіргізген. Ендеше, бұл дыбысты таза дауысты деп отырған жоқ. Сонан соң бұл дыбыс *Ы* дауыссызымен бірге «шолақ *У*» деп те аталады. Мінеки осы анықтамаларына қарап, *У* дыбысының дауыссыз дыбыстардың қатарына жататынын аңғарамыз.

Ахмет Байтұрсынұлы *к-к, ғ-ғ* дауыссыз дыбыстарын акустикалық жағынан да, артикуляциялық жағынан да өзгешеліктері болуына байланысты, жеке фонема ретінде танып, олардың әрқайсысына таңба арнайды.

Ұлттық тіл біліміне дейін В.В.Радлов пен П.М.Мелиоранский дауыстылардың 9 түрін көрсетсе, Н.Ильминский сегіз түрін («*а*» мен «*ә*»-ні бірге қарастырған), ал Н.Созантов он үш түрін көрсетеді («*я, е, ю*» әріптерін де дауыстыларға жатқызады). Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезінде де баспасөз бетінде дауыстылардың саны, құрамы туралы түрлі көзқарастар, пікірлер болды. Мысалы, Ж.Аймауытұлы, Б.Малдыбайұлы, С.Мұқанұлы «*и,*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

у» дыбыстарын да дауыстыға жатқызып, қазақ тілінде он бір дауысты бар дейді.

Тіліміздің сингармонизм заңдылығын ескере отырып, дауысты дыбыстардың құрамын дұрыс анықтаған Ахмет Байтұрсынұлынан бастап, кейін Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов сияқы ғалымдардың айтқандарына бүгінгі таңда Ә.Жүнісбеков, С.Мырзабеков, Н.Уәлиев, Н.Машқанова сияқты ғалымдардың еңбектері үндесіп жатыр.

Ахмет Байтұрсынұлы дауыстыларды жуан-жіңішке, еріндік-езулік деп топтастырғаны Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский пікірлерімен ұштас. «Дыбыстарды жіктеу туралы» деген мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы езулік дауыстыларды аңғал, еріндік дауыстыларды қымқырулы деп атап: «қымқырындысы бас буыннан басқасында келмейді»[8, 9], – деп көрсетеді. Дәл осындай тұжырымды Е.Д.Поливанов, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Т.Шонанов еңбектерінен байқауға болады.

П.М.Мелиоранский «е, о, ө» дыбыстарының ерекшеліктерін байқамады. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы дауыстыларды жақтың қатысуына қарай 3 деңгейде топтастырды. Сонда, А.Байтұрсынұлы дауыстыларды: «ауыздың ашылуына қарай бірінші дәрежелі ашық (а, ә); екінші дәрежелі ашық (е, о, ө); үшінші дәрежелі немесе тұйық дауыстылар (ы, і, и, ұ, ү, у)»[8, 395-399], – деп бөледі.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикасы туралы ой-тұжырымдарын жинақтай келе, ғалымның қазақ тілінің табиғатын, дыбыстық ерекшелігін дөп басып анықтағанын көреміз.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тіл ғылымын дамытқан ірі ғұлама. Сонымен қатар, ғалымның мұрасы – барлық түркі халықтарын байланыстыратын алтын өткел.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Байтұрсынов А. Дыбыстарды жіктеу // Қазақ тілі, 1922. № 22.
3. Джусупов М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.
4. Джусупов М. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. Алматы, «Әлем» баспасы, 2015. – 215 б.
5. Сыздықова Р. Сан қырлы саңлақ ақын // Социалистік Қазақстан, 1989. – 4-январ.
6. Жүнісбек Ә. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. ф.ғ.к., дисс. – Алматы, 2004.
7. Қордабаев Т. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі // Орталық Қазақстан, 1992. – 2 шілде.
8. Ұлттың ұлы ұстазы: “Ұлы тұлғалар” атты ғылыми-библиографиялық серия / Құрастырушы В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Қаз. Рес. Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғыл. кітапхана, 2001. – 305 б.
9. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1999. – 200 б.

**ТАЪЛИМ СОҲАСИГА ЗАМОНАВИЙ ЁНДАШУВДА  
ПЕДАГОГИК ТАЪЛИМ ИННОВАЦИЯЛАРНИНГ ЎРНИ**

**Нафасов А.К.** – катта ўқитувчи  
Чирчиқ давлат педагогика университети

**Аннотация.** Бугунги кунда таълимни модернизация қилишда инновацион ёндашув, таълимда нафақат ўқувчилар томонидан маълум бир билим ва кўникмаларни ўзлаштиришга, балки унинг шахсияти, билим ва ижодий қобилиятларини ривожлантиришга йўналтириш зарурлигини белгилайди. Олинган билим ва кўникмаларнинг сифати кўп йиллар давомида ўқувчининг моддий ва маънавий маданият соҳасидаги қобилиятини, унинг муваффақиятли ижтимоийлашишини белгилаб беради, шу сабабли ҳам жамиятда оила, маҳалла, мактаб, умуман олганда давлат таълим сифатини оширади ва ривожланишига катта ҳисса қўшади.

**Калит сўзлар:** глобаллашув, инновация, таълим, маънавият, илмий ёндашув, билим, таълим кластери, инноватор мураббий, мактаб лабораторияси.

**Abstract:** Today, an innovative approach to the modernization of education determines the need to direct students to acquire certain knowledge and skills, and to develop their personality, knowledge and creative abilities. The quality of the acquired knowledge and skills determines the student's ability in the field of material and spiritual culture and his successful socialization for many years. For this reason, the family, neighborhood, school, and the state in general increase the quality of education and make a great contribution to it's development.

**Keywords:** globalization, innovation, education, spirituality, scientific approach, knowledge, educational cluster, innovative coach, school laboratory.

Дунёда глобаллашув даврида яшар экан, таълим тизимини тубдан такомиллаштириш, олий маълумотли мутахассислар тайёрлашнинг мақсадли йўналишларини аниқлаш, айниқса, педагог кадрларнинг касбий малакалари ва билим савиясини узлуксиз юксалтириш, таълим тизимини тубдан, замонавий руҳда ислоҳ қилиш, таълим субъектлари ўртасида самарали ҳамкорлик тизимини шакллантириш, ота-оналарнинг субъектив ролини ошириш, уларнинг тарбиявий имкониятларини тан олиш, ўқитувчи ва мураббийларнинг фарзандларимиз маънавий-ахлоқий ривожланиши ва шахсини тарбиялашда маъсулиятини кучайтириш ва бу борада жаҳоннинг самарали илғор тажрибаларини ўрганиш ва тадбиқ қилиш масаласи давлатимиз томонидан асосий вазифаларидан бири сифатида қаралмоқда. Бу борада сўнгги йилларда Ўзбекистонда ўқув-педагогик жараёнга инновацион илғор ва халқаро таълим стандартларини жорий этиш, кадрлар салоҳиятини ошириш ва профессор ўқитувчилар меҳнатини муносиб рағбатлантириш, шунингдек таълим муассасаларининг моддий-техник базасини мустаҳкамлашни назарда тутадиган, юридик таълим тизимини такомиллаштириш бўйича бир қатор аниқ чора-тадбирлар амалга оширилиб келинмоқда.

Ўзбекистонда таълимни замон руҳига мос равишда модернизация қилиш, ижобий самара бериб келаётган жаҳон тажрибасидан ижодий фойдаланиш орқали жамиятимизга етук, ватанпарвар, маъсулиятли эл корига ярайдиган келажак авлодни тарбиялаш долзарб вазифаларимиздан биридир. Жумладан Чирчиқ давлат педагогика институтининг стратегик тадқиқот

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

объекти бўлган педагогик таълим инновацион кластери “Мактаб-лаборатория” лойиҳа гуруҳининг фаолияти такомиллаштиришга асосланган.

Мамлакатимизнинг ижтимоий-иқтисодий, маданий умуман олганда ҳар томонлама ривожланиши келажак авлод тарбиясининг нечоғлик тўғри ташкил қилинганлиги билан бевосита боғлиқ. Маънавий тарбияни яхшилаш ўз навбатида соҳага янги инновациони тадбиқ этиш, фарзанд тарбиясига маъсулият ҳиссини кучайтириш, ота-оналарнинг таълим салоҳиятини яхшилаш, педагоглар, синф мураббийларига ўз вазифасига сидқидилдан ёндашиш таълим-тарбия жараёнида замонавий усул ва методлардан фойдаланиши лозимлигини тақозо қилмоқда. Масалан, бола тарбиясини яхшилашда синф мураббийи имкониятларини ўрганиш, мураббий фаолияти самарадорлигини ошириш механизмларини ишлаб чиқиш бўйича илмий ёндашувларни таҳлил қилиш, ўрганиш муҳим ва долзарб масалалардан биридир.

Дунёда таълим соҳаси ривожланган мамлакатларга эътибор берадиган бўлсак, таълим соҳасига замонавий ёндашувлар, инновацияларнинг жалб қилинганлиги, самара бермаётган эски усуллардан воз кечиш орқали эришилаётганлигига гувоҳ бўламиз. Таълим соҳасидаги ана шундай инновациялардан бири “кластер модели” бўлиб Ўзбекистонда дастлаб қишлоқ хўжалиги соҳаси ва тўқимачилик соҳасига тадбиқ қилинди. Дунёнинг кўплаб мамлакатларида, жумладан, АҚШ, Сингапур, Ҳиндистон, Россия, Белоруссия каби мамлакатларда педагогик таълим кластери юқори самарадорлигини кўрсатиб келганлигига гувоҳ бўлмоқдамиз. Масалан “Инноватор мураббий” лойиҳасида жаҳон тажрибасида ижобий самара бераётган педагогик таълим кластери асосида мавжуд муоммоларга ечим топишни ва шу орқали таълим субъектлари ўртасидаги тарқоқликга барҳам бериш кўзда тутадиган лойиҳа сифатида намоён бўлмоқда. Мактаб таълим тизимидаги мураббий фаолияти самарадорлигини ошириш масаласида янги ёндашувларни ишлаб чиқиш, мактаб мураббийларининг шахс, жамият ва давлат манфаатларига мос равишда фаолият юритишини қўллаб-қувватлаш ва улар учун қулаш шароит яратиш, педагогик таълим кластери асосида мураббий фаолияти самарадорлигини оширувчи механизмларини аниқлаш ва бу борада ўтказилган тажриба-синов ишлари асосида тавсиялар ишлаб чиқиш, ўқувчиларнинг интеллектуал ва ижодий қобилиятларининг рўёбга чиқаришга кўмаклашиш, касбга йўналтириш ишларини тўғри ташкил қилинишини таъминлаш, умумтаълим мактабларидаги таълим-тарбия жараёнидаги ҳолатни тубдан яхшилаш бу лойиҳанинг асосий мақсадидир.

Таълим, ўқитиш ва шахсни ривожлантириш замонавий жамиятнинг асосий муоммоларидан бўлиб қолмоқда. Жамият ҳар қандай қийинчиликларга дош бера оладиган энг қийин муоммоларни ҳал қила оладиган, ўз иқтисод ва билимларини жамият ривожини учун қўллаш оладиган, яъни ҳамма нпрсада муваффақият қозона оладиган қобилиятли ва истеъдодли шахсларга муҳтож. Мактаб бола шахсини тарбиялаш ва ривожлантириш билан бевосита боғлиқ бўлган асосий таълим



## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

муассассаларидан биридир. Умумтаълим мактабларида боланинг ижтимоийлашуви, шахс сифатида шаклланиши, ҳар томонлама ривожланишини назорат қилувчи, ундаги салбий ва ижобий ўзгаришларни башорат қилувчи, тарбиявий жараённинг марказий кишиси синф раҳбари ҳисобланади. Мактаб тизимида бевосита бола ривожланиши ҳақида қайғурадиган синф раҳбарларининг ўз функционал вазифаларини тўғри англамаётганлиги, баъзи синф раҳбарларининг синф жамоаси билан ишлашида индивидуал хусусиятларининг тўғри келмаслиги, ота-оналар билан ҳамкорликнинг паст даражада эканлиги, яъни таълим субъектларининг сушт, тарқоқ ҳаракат қилаётганлиги, ўз фаолиятини тўғри ташкил қилиши учун услубий кўмакга муҳтожлиги каби муоммолар синф мураббийлари фаолияти самарадорлигининг пасайишига сабаб бўлмоқда. “Инноватор мураббий” лойиҳаси айнан мана шу муоммоларнинг олдини олиш, замонавий мураббий сиймосини яратишни асосий вазифа сифатида белгиланган ва амалга ошириб келинмоқда.

Ҳозирги кундаги таълим соҳасидаги асосий муоммоларимиздан бири таълим субъектларининг ўз вазифасини сидқидилдан бажармаётганлиги, ўз зиммасидаги вазифани тўлақонли анлаб етмаётганлиги, бола тарбиясида таълим субъектлари фаолиятида тарқоқликнинг мавжудлиги асосий муоммоларимиздан биридир. Таълимга кластер ёндашувининг жорий қилиниши мана шу тарқоқликга барҳам бера олади. Зеро кластернинг энг муҳим жиҳати фаол интегратив ҳаракатга, муносабатга асосланишидир. Албатта таълим субъектларининг бир мақсад доирасида ўзаро манфаатли фаолият юритишини таъминлаш осон иш эмас. Фикримизча таълим кластери субъектларининг биронтаси сушт ҳаракат қиладиган, ўз вазифасини бажармайдиган бўлса кўзланган натижани бермайди. Таълим кластерининг якуний натижаси сифатли таълим хизматини ташкил қилишга эришиш орқали жамиятда турли соҳаларга сифатли кадрларни етказиб бериш ва шу асосида давлатимизнинг ҳар томонлама ривожланишини таъминлаш ҳисобланади. “Инноватор мураббий” лойиҳаси ўз олдида қўйган мақсадига таълим кластери воситасида эришишни кўзлайди.

Сўнгги йилларда мамлакатимиз таълим тизимида изчил ва фаол ислоҳатлар тезкорлик билан амалга оширилмоқда. Сабаби таълим тизимининг сифатли ташкил қилиниши ўз-ўзидан бошқа соҳаларнинг ҳам ривожланишига сабаб бўлади. “Инноватор мураббий” лойиҳасининг бутун эътибори объект сифатида синф мураббийлари фаолиятига қаратилади. Асосий предмети синф раҳбарлари фаолиятини ривожланишини таъминловчи кластер усули ҳисобланади. Лойиҳа синф мураббийининг болалар билан ишлашда янги методлар ва механизмларини ўзлаштириш имконини беради. Бундан ташқари фаолият йўналишларини белгилаб олишда услубий кўмак беради, мураббийлик фаолиятидаги тажрибаси ва методикасида мавжуд бўшлиқларни аниқлаш асосида таълим субъектлари (олий таълим) билан ҳамкорликнинг ижобий томонларини англашга имкон

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

беради. Энг асосийси олий таълим билан ўрта мактабнинг ҳамкорлик қилиш иштиёқи пайдо бўлади.

Хуллас таълимни модернизация қилишда инновацион ёндашув, таълимда нафақат ўқувчилар томонидан маълум бир билим ва кўникмаларни ўзлаштиришга, балки унинг шахсияти, билим ва ижодий қобилиятларини ривожлантиришга йўналтириш зарурлигини белгилайди. Олинган билим ва кўникмаларнинг сифати кўп йиллар давомида ўқувчининг моддий ва маънавий маданият соҳасидаги қобилиятини, унинг муваффақиятли ижтимоийлашишини белгилаб беради, шу сабабли ҳам жамиятда оила, маҳалла, мактаб, умуман олганда давлат таълим сифатини оширади ва ривожланишига катта ҳисса қўшади.

### **Адабиётлар:**

1. Мирзиёев Ш.М. Қонун устуворлиги ва инсон маънафаатларини таъминлаш – юрт тараққиёти ва халқ фаровонлигининг гарови. Ўзбекистон Республикаси Конституцияси қабул қилинганининг 24-йилигига бағишланган тантанали маросимидаги маърузаси. Тошкент: Ўзбекистон, 2017.

2. Ўзбекистон Республикаси Президенти Ш. Мирзиёевнинг 2018 йил 5 июндаги "Олий таълим муассасаларида таълим сифатини ошириш ва уларнинг мамлакатда амалга оширилаётган кенг қамровли ислохотларда фаол иштирокини таъминлаш бўйича қўшимча чора-тадбирлари тўғрисида" ПҚ-3775-сонли қарори.

3. 2017-2021-йилларда Ўзбекистон Республикасини ривожлантиришнинг бешта устувор йўналиши бўйича Ҳаракатлар стратегияси. Тошкент: Маънавият, 2017.

4. Щуркова Н.Е. Педагогические технологии: учеб, пособие для академического бакалавриата / Н.Е.Щуркова. – 3-е изд., испр, и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2017. – С 12-55.

## **ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫН АРМАН ЕТКЕН ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ**

**Бейсебаева А.** – қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі  
Ташкент облысы, Қыбырай ауданы 9-мектеп

Ел тағдыры, өз халқының жарқын болашағы үшін бүкіл өмірін арнаған, қазақ халқының тағдырына қайғырып, қараңғылықтан оянуына септігін тигізген ірі қоғам қайраткері туралы, Ахмет Байтұрсынов туралы сөз бастамақпын. 1929 жылдан басталған зобалаң кезеңнің құрбаны болған ақын ағамыз 60 жыл бойы «халық жауы» атанып, қазақтың әдеби тарихында үнсіз жатты. 1988 жыл Қазақстан Республикасы Жоғары сотының шешімімен ақталып, аса дарынды ақын Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовпен бірге Ахмет Байтұрсынов та өз оқырмандарымен қауышты. Олардың қазақ халқының нағыз ұлы, халқын сүйер асыл перзенті екені баршаға мәлім болды. Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы, еңбегі мен шығармашылығы зерттеліп, өз халқына тарту етілді.

Ел билеушілері мен жергілікті әкімдердің зорлық-зомбылығын, қатыгездік, сұмдық әрекеттерін өз көзімен көрген Ахмет бір өлеңінде:

Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ.  
Үкімет қылған зорлыққа бар ма шараң?  
Оқ тиіп, он үшімде ой түсірген

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Бітпейтін жүрегімде бір жарам бар, - деп әкесі мен бірнеше жақын туыстарының итжеккенге жер аударылуы туралы шындықты ашып айтқан. Осы оқиға болашақ ақын жүрегіне бітпейтін жара, ұмытылмас дақ болып қалады. Әкесі Байтұрсынның «кәрі ояз» полковник Яковлевтің зәбірі арқасында абақтыға алынуы, арадан 23 жыл өткеннен кейін Ахметті де «патша режиміне қарсы пікірлер айтқан» деген айыппен түрмеге тығады. Түрмеде көп азап шегуі ақынның намысы мен ызасын, қайраты мен жігерін шындай түседі. Солай елінің, қазақ халқының келешегі үшін қайғыруына себеп болды деп ойлаймын.

1895-1909 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынов ауыл мектептерінде бала оқытады. 1909 жылы абақтыға алынып, бекерден-бекер 8 ай отырып шығады. Патшалық өкімет елден аластату үшін екі жылға жер аударды. Солай Орынборға келген ақын 1917 жылдың соңына дейін осында қызмет етеді.

Қазақтың оқып жүрген азаматтарының басын қосып, қазақ мәдени өмірі өмірі тарихындағы тұңғыш газет - «Қазақ» атты газетті шығарады. Газетте редакторлықпен бірге, «Алаш» партиясын құрады, тіл білімі саласы бойынша ғылыми ізденістер жасайды. Ақындық шабытпен, өз өлеңдерімен қазақ халқының көзін ашуды ойлайды. «Маса» болып, ұйықтап жатқан халықтың құлағына дамыл бермеуді, яғни халыққа ілім беруді көздейді. Жастарды өнерге, оқу-білімге шақырды. Халқының білікті де білімді болуын армандады. Сол мақсатпен 1911 жылы Орынборда «Маса» жинағын бастырып шығарды. Кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, жалқаулық сияқты халық арасында кеңінен тарап кеткен кемшіліктерді сынға алды. Қазақ халқының жасау қалпына көңілі толмай, «Қазақ салты», «Досыма хат», «Жиген-терген», «Қазақ қалпы», «Жауға түскен жан сөзі», т.б. өлеңдерінде соны көрсете білді.

Кезінде Сәкен Сейфуллин сияқты ел азаматтары да ағаның қасында жүріп: ... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар мен имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл, – деген болатын.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы мен қызмет жолдарын үйрене жүріп, оның ұлы тұлға екеніне көзіміз жетіп отыр. Қазақта Абай, Ыбырайдан кейінгі ағартушылық сананы Ахмет жалғастырғанына, оның қызметі тарихта ұмытылмайтын іс екені баршаға мәлім.

- Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды, - деген М.Әуезов.

Өзі жасаған кезде де зиялы қауымның қадір тұтқан асыл азаматты келешек ұрпақ балалары, біз оқытып жатқан оқушылар жете білуі керек деп есептеймін. Олардың өмір жолдарын үйрену арқылы оқушыларда

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік сезімдерін ұялатуға әсер етеді. Қазақ жастарының оянуына, қазақтың оянуына атсалысқан, зиялы, саналы, білімді қазақты арман еткен, сол жолда құрбан болған ел ағасын тану керек. Қазақ тарихында осындай тұлғалар жасап өткенін айта жүріп, мақтан тұтатын білім берілу керек. Ондай білімдерді беруде ақын-жазушылардың шығармашылығына, туған жылына арнап атап өтілетін мәдени шаралар үлкен роль атқарады.

Мектепте қазақ әдебиеті сабағы сағаттары қысқаруына орай, әдебиет оқулығына шетел әдебиеті мен өзбек әдебиеті кіріп келуі төл әдебиетіміздің өкілдері ысылып, бірінен кейін бірі сабақ бағдарламаларынан алынып жатыр. Биылғы шыққан жаңа оқулықтарға қарап отырсам, Ахмет Байтұрсынов шығармалары да соның қалпын киген. (Енді ақын ағамыз туралы мәліметтерді кейінгі оқушылар үйренбей қалады деген қауіп бар ғой)

2022 жыл Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толып отыр. Ақынның мерейтойын атап өту қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне үлкен міндет жүктейді. Біз мектептегі оқытушы қауымы оқушылар санасына ұлтжанды азаматтар жайлы терең білімді ұялату парыз. Мектеп бағдарламасында өтілмейтін Ахмет туралы мәліметтерді оқушыларға айтқыза отырып, әдеби-көркем шығармаларды сахнаға алып шығуға болады. Ылғи да адалдықты, адамдықты, биік парасат пен білімді жоғары қойған қайсар ағаның зобалаң тарихи-саяси кезеңнің құрбаны болғаны аянышты. Соны оқушыларға түсіндіріп, содан өздеріне сабақ алсын. Оқушыларымыз ұлтжанды азамат болып тарихта қалмаса да, қазақтығымыздан намыстанбайтын, қазақша еркін сөйлей алатын, өз ойын қазақша айта алатын парасатты қауым болсын.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «АЛТЫН ӘТЕШ» МЫСАЛ ӨЛЕҢІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢЫНА БАҒЫНБАЙТЫН СӨЗДЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Темірбаев Б.М.** – 2-курс магистранты  
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті  
**Айтбаев Д.Т.** – ф.ғ.к., доцент  
Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация:** Бұл мақалада қазақ тілінің сингармонизмі туралы мәліметтер берілген. Сингармонизм заңдылығына бағынбайтын сөздер мен қосымшалардың Ахмет Байтұрсынов мысалдарында қалай қолданылғандығы орын алған. «Алтын әтеш» мысал өлеңіндегі сингармонизмге бағынбайтын сөздер мен қосымшалар талданған.

**Аннотация:** В данной статье представлена информация о сингармоничности казахского языка. Как употребляются слова и дополнения, не подчиняющиеся закону сингармонизма, в примерах Ахмета Байтурсынова. Анализируются слова и дополнения, не подчиняющиеся сингармонии в примере стихотворения «Золотой петух».

**Abstract:** This article provides information about the synharmonicity of the Kazakh language. How words and additions that do not obey the law of synharmonism are used in the examples of Ahmet Baitursynov. The words and additions that do not obey synharmony in the example poem "Golden Rooster" are analyzed.

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

Сингармонизм (грек. *syn* – *бірге* және *harmonia* – *байланыс, үндесу*) – түркі тілдеріне тән аса күшті заң. Осы уақытқа дейін сингармонизм дауысты дыбыстардың үндесуі немесе буын үндестігі делініп келді: «түбірдегі дауысты жуан болуына қарай оған тікелей көршілес қосымшадағы дауысты да тиісінше жуан болуы алдындағы өзімен тетелес қосымшамен байланысты; біртіндеп, сатылып барып бір буын екінші буынды ілестірумен барабар, сөздегі барлық буындарға арқау дауыстысы». Яғни қосымшадағы дауыстының сипаты түбірдегі дауыстыға байланысты, бірімен бірі үндесіп тұрады.

Сингармонизмнің басты фонологиялық қызметі – қазақ (түрік) сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында. Бұлай болмаған жағдайда сөз құлаққа жағымсыз естіліп, қабылдауды, түсінуді қиындатады.

Қазақ тіл біліміндегі (фонетика) сингармонизм дауысты дыбыстармен байланысты екендігі ғылыми-зерттеу жұмыстарда берілген, яғни сөздердің ішіндегі дауысты дыбыстардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып үндеседі. Түркі тілдеріндегі байырғы сөздерде сингармонизм екі түрде ұшырасады: лингвалдық сингармонизм және лабиальдық сингармонизм.

Лингвальдық сингармонизм дегеніміз тілдің қатысы жағынан сөз ішінде дауыстылар не бірөңкей жуан дауыстылар, не бірөңкей жіңішке дауыстылар болып үндесуі. Бастапқы буындағы ерін дауыстының ыңғайына қарай, соңғы буындарда да ерін дауыстылардың келуі дауысты дыбыстардың ерін қатысы жағынан үндесуі нәтижесінде болады. Мұндай үндесудің түрін ерін үндестігі немесе лабиальдық сингармонизм дейміз. Сөз құрамында соңғы буындардағы дауыстылар алдыңғы буындағы дауыстының әуеніне қарай ыңғайланып айтылады. Дауыстылардың бұлайша үндесуі лингвальдық сингармонизм деп аталады.

Ахмет Байтұрсынұлын қазақ тіліндегі дыбыс жүйесінің сингармониясын ғылыми бағытта алғаш зерттеген лингвист ретінде танимыз. Ахаң «сингармонизм» терминін қолданбаған, дегенмен сингармонизм ұғымын өз еңбектерінде толық қамтыған, яғни қазақ тілінің дыбыс қорын, сөйлесім үдерісін езулік жуан, езулік жіңішке категорияларын да ұғып, ғылыми ізденістер жүргізіп, классификация жасаған. Демек, Ахмет Байтұрсынұвтың фонетикаға, графикаға, орфоэпияға арналған еңбектері езу сингармонизмінің негізінде жасалған, дегенмен ерін сингармонизмі бойынша ғылыми ізденістер жүргізбеген. Ол ерін сингармонизмінің қазақша сөйлесім процесінің мәні мен қызметінің әлсіздігінде, сондықтан қазақ индивидінің есту қабілетінің (фонологиялық елегінің) айқын қабылдамауында деп білген.

«Сингармонизм» терминін тіл білімінде бірінші болып қолданған Халел Досмұхамедұлы. Сингармонизмді (әлем тіл білімінде) тұңғыш болып «дауыстылар гармониясы» ұғымында емес, жалпы «дыбыстар гармонисы» ұғымында түсініліп зерттеулер жүргізілген. Сондықтан қазіргі қазақ тілі фонологиясы Ахмет Байтұрсынұв пен Халел Досмұхамедұлының сингармо-



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

ниялық концепцияларынан мынадай ғылыми ұғымдарды қабылдап, дамытты:

1. Сингармонизм – қазақша тілдесудің негізгі қасиеті;
2. Сингармонизм тек дауыстылар гармониясы емес, сөздің құрамындағы барлық дыбыстардың гармониясы (дауыстылардың, дауыссыздардың);
3. Жуандық-жіңішкелік корреляция (қарама-қарсы);
4. Сингармониялық дыбыс – сөз мағынасын өзгертетін тіл құралы;
5. Поэзия түсінігі (дыбыстың сөз құрамындағы орны, өзінен ілгері және кейін тұрған дыбыстармен қарым-қатынасы).

Осы фонологиялық ұғымдар қазақ тіл білімінде күрделі ғылыми интерпретацияға ие болып, тағы басқа сингармониялық ұғымдармен, категориялар-мен, принциптермен қоса зерттеліп, сингармониялық және акцентті – фонема-лық теориялардың пайда болып, қалыптасуына ғылыми негіз болды. Дегенмен қазіргі қазақ тіліндегі ерін үндестігі жайында пікір айтушылар академик Ісмет Кеңесбаевтың тұжырымын негізге алып жүр.

Ескерте кететін жәйт:

1. Төмендегі қосымшалар өздерінен бұрынғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарамай осы күйінде жалғанады: -мен (-бен, -пен), -паз, -қор, -қой, -кер, -дік (-нікі, -дікі, -тікі), -кеш, , -хана, -күнем;

2. Басқа тілден енген сөздер қазақ тілінің сингармонизм заңына бағынбайды.

Енді, біз теориялық мәліметтерімізді пысықтау мақсатында «Ахмет Байтұрсыновтың «Алтын этеш» мысал өлеңіндегі қолданылған сингармонизм заңдылығына бағынбайтын сөздер мен қосымшаларға талдау жасасақ. Мысалы:

...Талай көріп **қауіпті**,

Талай жұртты шауыпты,

Жасында боп бек мазаң...

...Жаудан Дадан жерлерін,

Қорғамаққа елдерін,

**һәман** тұтты көп әскер...

...Қатты күйді, қайғырды,

Хан ұйқыдан айрылды,

**һәман қауіп-қатерде**...

(Қысылғаннан шықты тер):

"Қуарған шал! Сый алмай,

Қыз сұрайсың ұялмай,

Соққан сені **захмет**.

Жоғарыда келтірілген үзінділердегі қарамен жазылып, асты сызылған сөздер – *қауіпті*, *Һәман*, *қауіп-қатер*, *захмет* – қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына бағынбаған, себебі олар басқа тілден (араб-парсы) енген сөз. Сондықтан олардағы дауысты дыбыстар аралас (әрі жуан, әрі жіңішке) келіп отыр.

...Әскерден жоқ **хабар-үн**:

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

Ашықты ма? Тоқ па әлі?...

Хан қараса әйнектен,

Әтеш отыр әндеткен,

**Күншығысқа** қарапты.

Ал, бұл үзінділердегі қарамен жазылып, асты сызылған сөздер күрделі сөз (қос және біріккен сөздер) әрі басқа тілден енген сөз болғандықтан мұндағы дауысты дыбыстарда жуанды-жіңішкелі аралас келіп отыр.

...**Тұмсығымен** қақты да,

Ханның миын шақты да,

Әтеш кетті аспанға...

Бұл үзіндідегі асты сызылып, қарамен жазылған сөзімізде қосымша түбірге жіңішке жалғанып тұр. Себебі көмектес септігінің жалғауы жуан әрі жіңішкелі буынды сөздерге әр уақытта жіңішке жалғанады, яғни көмектес септігінің көрсеткіштері сингармонизм заңдылығына бағынбайды.

Мұндай құбылыс тек қана Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларында ғана емес, бәлкім қазақ тілінің барша көркем мәтіндерінде де сингармонизм заңына бағынбайтын сөздер мен қосымшалар көптеп кездесіп отырады. Бұл құбылыс сөйлеуге де, сөздердің үнділігіне де, буын мен дыбыстардың үндесулеріне де кері әсер етпейді.

### Әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - А.,1973,1977,1993, 2002, 2010.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Үшінші бөлім. – А.,1989.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: «Ана тілі», 1992 –448 б.
4. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, «Ғылым», 1998 – 216 б.
5. [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/42807/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/42807/)

## МЕКЕМБАЙ ОМАРҰЛЫ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТИ

Есенкулова А. А. –2-курс магистранты  
Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Андатпа:** Бұл мақалада әдебиетіміздің өскелең бір саласы болған балалар әдебиеті сондай-ақ, сол әдебиетке қомақты дүниелер қалдырған ақын-жазушы Мекембай Омарұлының балалар әдебиетінен алған орны және ақынның балаларға арналған тәрбиелік-тәлімдік мәні мол болған туындылары жайлы сөз етіледі.

**Кілтті сөздер:** логика, философия, патриот, типтік образ, орпоэзия, поэзия.

**Аннотация:** В данной статье детская литература, которая является растущей отраслью нашей литературы, и место поэта-писателя Мекембая Омарулы, оставившего значительный вклад в эту литературу, в детской литературе, и произведения поэта, которые имеют большое воспитательное значение для детей, обсуждаются.

**Ключевые слова:** логика, философия, патриот, типический образ, орпоэзия, поэзия.

**Abstract:** In this article, children's literature, which is a growing branch of our literature, and the place of the poet-writer Mekembay Omaruly, who left a significant contribution to that literature, in children's literature, and the works of the poet, which have a lot of educational value for children, are discussed.

**Keywords:** logic, philosophy, patriot, typical image, orpoepy, poetry.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

«Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген сөзге ден қойған дана халық бала дегенде ет жүрегі елжіремей қоймас. Адам баласының өмірге деген көзқарасы мен талғамыда балалар әдебиетімен қалыптасады. Демек, балалар әдебиеті – ұрпақ тәрбиесінің тал бесігі, тағылым, тәлім ордасы. Ең негізгі мәселе – балаларға арналған кітаптарды тауып, оны оқушыларға жеткізуде. Өзбекстанда мұндай кітаптар саусақпен санарлықтай. Балалар әдебиетінде қалам тербетіп кеткен қаламгерлердің бірі – Мекембай Омарұлы. Ақынның балаларға арналған өлең-жырлары, жұмбақ-жаңылпаштары, әңгіме-киссалары, ертегі-аңыздары, танымдылық белсенділігін арттыратын сөзжұмбақтары «Атамекен», «Махаббат», «Таудай бол», «Қазақтың 1001 мақал-мәтелі», «Ең тәтті алмалар» атты кітаптарында орын алды. Ең қуаныштысы, ақынның 2017 жылы жарық көрген «Ай астындағы айналайындар» атты кітабы тікелей балалар әдебиетіне арналған қомақты дүние болды. Ақынның балаларға арналған шығармалары бұл жинаққа дейін де мектеп оқулықтарына еніп, баспа бетін көріп жүрді. Ақынның «Ай астындағы айналайындар» кітабына балаларға арналған алуан тақырыптардағы өлеңдері, мысалдары, поэмалары аңыз-ертегілері және өмірдің қыр-сырынан сыр шертетін мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар енген. Кітап жас бүлдіршіндерге, мектеп жасындағы балаларға және мектеп мұғалімдеріне де арналған жинақ. Мысалы, «Ана» атты өлеңінде ақын ананың қасиетін шеберлікпен жеткізеді. Бұл өлең жас оқырманның да, ересек адамның да жүрегіне жылы тиіп, ең ұлы махаббат – «анаға деген махаббатқа» бөлейді. Ақын «Ана» өлеңінде:

Шуақты күнді көп көрген,  
Жүрегі терең көк көлден.  
Перзенті үшін шырылдап,  
Түн ұйқысын төрт бөлген

Анадан артық жан бар ма? – деп, балаларға бұл өмірде анадан артық жан жоқ екенін ұқтырады. Перзенті үшін отқа да, суға да түсе алатын адам тек қана «Ана» деген тұжырым жасайды. Перзентінің қамын жейтін жан ана екенін айтып, бала бойында анаға деген сүйіспеншілік сезімін асыра түседі.

Мекембай Омарұлы – нағыз отаншыл ақын. Өйткені ол өз өлеңдерімен бүкіл халықты туған жерді сүйуге, Отанды қорғап, аялауға баулиды. М.Омарұлының «Отан» тақырыбындағы өлеңдерінің идеялық қуаты күшті, сыршылдығы мол, патриоттық сезімге толы.

Ақын, «Отан» атты өлеңінде:  
Отан деген – Желбіретіп туларын,  
Белін мықты буғаным.  
Құрыштай бір бірігіп,

Ата жолын қуғаным, – дейді. Өлеңде Отанға деген мақтаньш, сүйіспеншілік лебі аңқып тұр. Сондай-ақ, патриоттық сезім, өз елінің бірлігін, ерлігін мақтан тұтқан ертеңгі ер азаматтың рухы сезіледі. Жас оқырмандарын ғибратты ойларға жетелей отырып, солардан белгілі бір

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

қорытынды шығарады. Балаларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, бала санасына Отан қасиетін ұқтыра түседі.

Ақынның «Арманың не?», «Мойнақ», «Құмырсқа», «Балара», «Инелік», «Балық», «Көбелектер» т.б. атты бір топ туындылары да – тартымды мазмұнға құрылып, құнды ойларымен оқшаулана алатын өлеңдер. Балалардың жан-жануарларға деген қамқорлығын, мейірімділігін, албырт сезімін оятатынына шүбә жоқ. Ақын «Көбелектер» өлеңінде: «Қуған ұят болады таяқпенен», – деп барлығын іштей де аяп келем. Айтқандай, көбелектер қанаттарын Қай суретші ағайға боятты екен, - деп, балаларды тіршілік иелеріне деген құрмет, бүкіл табиғатқа деген сүйіспеншілік, жәндіктерге деген қамқорлық секілді ізгі адамгершілік ойларға жетелейді.

Сондай-ақ, «Мойнақ» атты өлеңінде:

Мектепке ақ таң атқанда,

Шығарып салып, «жар салар».

Мектептен келе жатқанда,

Алдымнан шығып қарсы алар, – деп, балаларды жануарлардың достық қасиеттерімен таныстырады. Міне осындай идеялық мазмұны күшті өлеңдерді оқып өскен балаларда табиғатты аялау, абайлау, қорғау, қолдау сияқты мінез-құлық қалыптасады. Мекембай Омарұлының түрлі тақырыптардағы өлеңдерін айта отырып, оның жас балалардың психологиясын, ой-өріс деңгейін, балалардың ішкі жан дүниесін жетік меңгерген туындыгер екенін айта кеткен жөн. Сонымен қатар, Мекембай Омарұлы – кез келген оқиғадан философиялық мән-мағынасын шығарып, баланы ойлауға, пайымдауға, өз бетінше қорытынды жасауға баулитын, соған «мәжбүрлей алатын» ақын-ұстаз деп атасақ қателеспейміз.

Ақынның балаларға арналған өлеңдерінің бір тобы – санамақтар. Санамақ – қазақ халқының жас балаларға арналған ұлттық ойыны. Зеректікті, ептілік пен икемділікті дамытатын ойын болып табылады. Сандарды қайталап айтқызу арқылы балаға алғашқы математикалық білім – санауды үйретеді. Ақынның «Ноль, бір, екі үш деймін», «Бірінші», «Бес саусақ» т.б. өлеңдері санамақ жанры үлгісінде жазылған. Мысалы, «Бірінші» деген өлеңінде ақын:

Әтеш неден бірінші?

Шақырудан бірінші.

Есек неден бірінші?

Ақырудан бірінші.

Құмырсқа неден бірінші?

Ақ бидайды жердегі

Тасудан ғана бірінші – деп, оқырманға сұрақ қойып, әрі баланың танымдық білімін арттырады, әрі балаға реттік санды үйретеді. Мұндай өлеңдер сандар мен сөздерді қайталап айтқызу арқылы баланың ойлау қабілетін арттырып, сөздерді анық айтуды үйретеді.

М.Омарұлының жұмбақтары балаларды табиғат құбылыстарымен, жан-жануарлар әлемімен, күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатын құрал-

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

саймандармен және адам өміріне қажетті болған азық-түлік заттары, оқу-білім, әріптер сияқты тақырыптармен таныстырады. Ақын қазақ әліппесіндегі әрбір әріпке арнап «Әріп жұмбақтар» жазды. Мысалы, Ағада бар, Жеңгеде жоқ. Тағада бар, Теңгеде жоқ? (А) Мұндай жұмбақтар баланың ой-өрісін, алғырлығын, тапқырлығын дамытады. Сонымен қатар әріптерді де үйретеді. Жас ұрпақты тереңірек ойлауға, кең пікірлеуге дағдыландырады.

Тағы да:

Қызу бір тірлік қайнаған,

Таудағы үлкен айнадан.

Таралып алтын жіп шықты,

Ықтасын жерді жіпсітті. (Күншуақ)

Бір ғана табиғаттың сырлы құбылысын, кең қырынан танытып, оның қасиеттері мен тылсым сырын сипаттау арқылы оның бейнесін ашып, балаға логикалық ой тастайды. Сол арқылы баланың ой-өрісін кеңейтіп, өзіне еріксіз жетелей түседі және балада табиғатқа деген, оның тылсым сырларына болған қызығушылығын арттыра түседі. Сонымен қатар,

Жылы деп жұрт мақтаған

Қабылады мақтадан.

Ішіне кіріп жатасың,

Тәтті ұйқыға батасың. (Көрпе) Бұл түрдегі тілі жеңіл әрі түсінікті жұмбақтар баланың сана-сезімін оятып, дүниеге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуына да өз септігін тигізеді. Мұндай жұмбақтарды жиі қайталау баланың есте сақтау қабілетін арттырып, өз ойын дұрыс жеткізуге машықтандырады және жан-жақты жетілген, дұрыс қалыптасқан жас ұрпақты тәрбиелеудің көркем құралы болып табылады. Жаңылтпаштарды жатқа айтқан баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады, сөзді шапшаң айтып, дыбыстарды жаңылмай дұрыс айтуға жаттығады, алғырлығы артып, сөздік қоры толығады. Мекембай ақынның жаңылпаштары өте тартымды, айтуға жеңіл. Мысалы, Асасы бар, Асасы Аса шұбар Асалы шал құшағын Асадан аша шығар. Айтуға оңай сөздер мен айтылуы күрделі болған әріптерден шебер пайдалана отырып, бала тілінің төселуіне, оның тілдегі орфоэпиялық қағидаларды сақтай отыра сөздерді дұрыс айта білуге үйретеді.

Қорыта айтсақ, бүгінгі таңда ұлтының болашағын ойлаған халықтың өз алдына қойған ең өзекті мәселесі – бала тәрбиесі. Балалардың сана сезімін улап алмас үшін, бала тәрбиесіне ерекше ден қою – дәуір талабы. Баланың қиялымен, арманымен астастыра жыр жаза білген Мекембай Омарұлы сияқты көрнекті ақын-жазушыларымыздың шығармаларын оқыту балалар тәрбиесінде ерекше маңызға ие. Ақынның қалдырған құнды еңбектері балалардың әдебиетке деген қызығушылығы мен құштарлығын арттыра түсері сөзсіз. Бұл құнды да, құнарлы еңбектерден ақынның балалар әдебиеті саласында ойып орын қалдырғанына күмәнсізбіз.



## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

### **Әдебиеттер:**

1. Омаров М. Махаббат. – Т.: Шарқ, 1999. – 79 б.
2. Омаров М. Атамекен. – Алматы: Нұрлы бейне, 2008. – 182 б.
3. Омарұлы М. Таудай бол. – Т.: Чўлпон, 2009. – 112 б.
4. Омарұлы М. Ай астындағы айналайындар. Жинақ. – Алматы: Немцова Н.С., 2017. – 420 б.
5. Қалдыбекова А.С. Сегіз қырлы, бір сырлы азамат // Нұрлы жол. – Т., 2019. – 16-февраль.

### **С.МҰҚАНОВТЫҢ “БОТАГӨЗ” РОМАНЫН БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ БОЙЫНША МЕНҒЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ**

**Садиллаева Ш.И.** – 2-курс магистранты  
Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді.

-ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау;  
-пәнге деген қызығушылығын арттыру;

-жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану;

- тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, оқушылардың оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру. Соның бірі, әрі сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді Блум таксономиясы.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні – оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп күтілді.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

Блум жүйесі арқылы уақытты тиімді пайдалана отырып қолдануға және сапалы білім мен оқушылардың өзін-өзі бағалауға қол жеткізуіне мүмкіндік туады. Блум таксономиясы алты ойлау деңгейлері мен көрсетіледі. 1. Білу. 2. Түсіну. 3. Қолдану. 4. Талдау. 5. Жинақтау. 6. Бағалау.

Мұғалім сабақ бастамас өтілетін сабақтың мақсатын айтып өтеді соң оқушыларды 3 топқа бөліп алады.

Блум таксономиясының бірінші қадамы **«Білу»** яғни мұнда мұғалім жазушының өмірбаяны мен шығармаларымен презентация арқылы таныстырып алады. Презентациядағы мәліметтерден 3 топқа үш-үштен сұрақтар береді.

Екінші қадам **«Түсіну»** енді мұғалім романды жан-жақты ашып беруге кіріседі. «Ботагөз» романы композициялық құрылысы жағынан үлкен үш бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлім – «Тұңғыықта» ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ қауымын суреттеуге арналған. Екінші бөлімі – «Таң атарда» қазақ арасындағы бай мен кедейдің наразылығы үдей түсуі, әсіресе 1916 жыл оқиғасына байланысты таптық күрестің өршуі, патшаның Июнь жарлығы салдарынан ұлт-азаттық қозғалысының тууы сөз болады. Үшінші бөлімі – «Күн күлімдегенде» қазан төңкерісі кезеңін, одан соң азамат соғысы жылдарын, қазақ даласында жаңа өмірдің алғашқы ұшқындары ене бастаған кезеңді қамтиды.

Таксономиядағы келесі қадам **«Қолдану»**. Мұнда бірінші топ оқушылары романның **«Тұңғыықта»** бөлімінен өздеріне ұнаған бір эпизодты кішігірім сахналық көрініс дайындайды. Екінші және үшінші топ оқушылары романның **«Таң атарда», «Күн күлімдегенде»** бөлімдерін сахналық көрініс жасайды. Бұл арқылы оқушының өз бойына сахнада өздерін қалай ұстауды, сахна мәдениетін қалыптастырады.

Келесі кезең **«Талдау»**. Бұл кезеңде оқушылар романның өздеріне тиесілі бөлімдерінен тілдік амал-тәсілдерді тауып, сол амал-тәсілдердің анықтамасын жатқа айтады. Масалы, *Үкідей желкілдеп, гүлдей нұрланып келе жатқан Ботагөзге, Асқардың көзі қадалмауы Айбалаға тамаша көрінді* немесе *Қою қара бұлттай боп аспанға көтерілген шаңнан адам көрінбейді*. Бұл сөйлемдерде теңеу қолданылған.

**«Жинақтау»** бұл кезеңде оқушылар үлестірмелі қағазды толтырып романнан алған әсерлерін жазып, өз ойларын білдіреді.

	<b>Роман бөлімдері</b>	<b>Елеулі оқиғалар</b>	<b>Болған оқиғадан менің түсінгенім</b>
1	Тұңғыықта		
2	Таң атарда		
3	Күн күлімдегенде		

Блум таксономиясының соңғы басқышы **«Бағалау»**. Мұғалім оқушыларға тиесілі бағасын қойып, үйге тапсырма етіп «Темірбек Итбайды өлтіргені дұрыс па?» деген тақырыпта эссе жазып келуді беруге болады.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Мұғалім бұл арқылы студенттерді сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытып отырады.

Қорыта келгенде, әдебиет пәнінде көркем мәтінді табиғатына сай талдауды Блум таксономиясына негіздеп құрудың тұлға құзыреттілігін қалыптастыруда зор маңызға ие екенін ерекше атап өтуге болады. Бұл оқу тапсырмалары оқу үрдісін, жұмыс түрлерін тиімді басқаруды, сонымен қатар өз оқуын табандылықпен жалғастыруды, оқудың ұзақ кезеңінде ықыласты болуды және оқудың мақсаттары мен міндеттерін сын тұрғысынан ойлауды қамтамасыз етеді.

### **Әдебиеттер:**

1. Ергөбек Қ. Жазушы шеберханасы. Алматы, “Қазақпарат”, 2002.
2. Мұқанов С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы, “Жазушы”, 2002.
3. Мұқанов С. Ботагөз. Алматы, “Жазушы”, 2008.

## **ОСКАР УАЙЛЬДТЫҢ «БАҚЫТТЫ ХАНЗАДА» ЕРТЕГІСІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Базарбаева Р.** – 2-курс магистранты  
Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация:** Мақалада әлем әдебиеті жайлы кеңінен қамтылған түсініктер мен шетелдік әдеби туындыларға деген көзқарас қамтылған. Сондай-ақ, қазіргі таңдағы жалпы орта білім беретін мектептерде әлем әдебиетінен оқытылатын автор мен оның шығармаларына талдау жасалған.

**Кіліг сөздер:** әлем әдебиеті, процесс, ақпараттық технология, этика, психика, субъект.

**Аннотация:** статья охватывает широкий спектр представлений о мировой литературе и взгляд на зарубежные литературные произведения. Также проведен анализ автора и его произведений, изучаемых по мировой литературе в современных общеобразовательных школах.

**Ключевые слова:** мировая литература, процесс, информационные технологии, этика, психика, субъект.

**Abstract:** the article covers a wide range of concepts about world literature and views on foreign literary works. Also, an analysis of the author and his works, which are taught in modern secondary schools in world literature, is carried out.

**Key words:** World Literature, process, information technology, ethics, psyche, subject.

Бүгінгі ақпараттық технология қоғамда әлем әдебиетінің ажыралмас бөлшегі саналатын шығыс және батыс әдеби дәстүрлерін өзінде жинақтаған көркем туындыларды салыстыра отырып үйрену, түрлі заман мен мекенге қатысты ақын-жазушылардың өзіндік жаңа көзқарастары, әдеби-эстетикалық танымдарының мазмұны мен мәнін жас ұрпаққа жеткізу әдістемесін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбында төмендегі әлем әдебиетінің көрнекті жазушылары мен олардың атақты шығармалары оқытылады.

Лэнгстон Хьюз – «Рақмет, сізге анашым», Артур Конан Дойл – «Жирен шаштылар» қауымдастығы, Оскар Уайльд – «Бақытты ханзада». Осы үштіктің ішінен Оскар Уайльдтың «Бақытты ханзада» шығармасын оқытудың әдістемесін беруді жөн көрді.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Автор мен оның шығармасына жалпы үш сағат бөлінген. Бірінші сағатта Оскар Уайльдтың өмірі және шығармашылығымен танысамыз. Болашақ прозашы, драматург және Виктория дәуірінің соңғы кезеңіндегі ақын Оскар Фингал о' Флахерти Уиллс Уайльдтың балалық шағы Ирландияның астанасы Дублин қаласында өтті. Ол 1854 жылы 16 қазанда дүниеге келген. Оның ата-анасы жоғары қоғамда танымал болған. Әкесі Уильям Уайлд медицинамен айналысқан, оның кәсіби қызмет саласына ото-офтальмология кірді. 1864 жылы оған рыцарь атағы берілді. Болашақ жазушының анасы Джейн Франческа Уайлд. Екі ата-ана да әдебиетке құмар болды: әкесі тарихи және археологиялық еңбектер жазды, ал анасы поэзия жазды.

Ол бала кезінен өте жанашыр және осал болды. Бала кезінде оқуды жақсы көрді. Жас жігіт өзінің ең бай қиялымен және байқағыштығымен ерекшеленді, оның нәзік жаны мен осал табиғаты болды. Ол барлық азап шеккендер мен ренжігендердің қайғысынан зардап шекті. Сондықтан жазушы әрдайым кедейлер мен реніштердің жағында болып, мейірімсіз, қатыгез, әңгімешіл, мақтаншақ, надан, айлакер және қатыгез адамдарды айыптады. Кішкентай Оскар оқуға және тапқыр сөздерге деген талантымен ерекшеленді. 17 жасында оқу орнын бітіргеннен кейін Уайлд алтын медаль алып, Тринити колледжіне жіберілді. Мектеп кезінде пайда болған Оскардың ежелгі грек мәдениетіне деген сүйіспеншілігі колледжде дамыды. Ол ежелгі тарихты, эстетиканы, ежелгі тілдерді егжей-тегжейлі зерттеумен айналысады. Бірте-бірте Уайлд алған барлық білімдерін жүзеге асыра бастайды. Үш жылдан кейін перспективалы студент Оксфордқа жіберіледі, Оксфорд университетінде болашақ жазушының сұлулыққа деген көзқарасы да қалыптасады. Уайльдтың дүниетанымына әсер еткен тәрбиеші ағылшын жазушысы және теоретигі Джон Рускин болды. Оқу жылдарында Оскар алғаш рет өзі жақсы көретін Италия мен Грецияға саяхат жасайды. Жаңа әсерлерден шабыттанды Уайлд өзінің алғашқы өлеңдерін жазады. Әдеби шығармашылығының алғашқы жылдарында Оскар Уайлд тек поэзиямен айналысып, еуропаға оралғаннан кейін ғана Уайлд бірден Францияға сапар шегеді, онда ол француз әдебиетінің түсімен танысады. Отанына оралып, отбасын құра отырып, Оскар Уайлд өзін өз балалары шабыттандырған ертегілер жазуға арнайды. Бұл «Бақытты ханзада» және «Анар үйі» жинақтары еді. Ең танымал туындылары – «Жұлдыз бала», «Адал дос», «Бұлбұл және раушан», «Балықшы және оның жаны».

Оқулықта көрініс тапқан «Бақытты ханзада» ертегісін оқып, танысуға бір сағат, мазмұнын талдауға бір сағат ажыратылған. Бұл Оскар Уайльдтың әдеби мұрасында ерекше орын алған ертегісі. Ертегіде этикалық екпіндер анық көрсетіледі, оларда автордың өз кейіпкерлеріне деген жанашырлығы айқын көрінеді, олардың мейірімділігі мен жанқиярлығы оларды құптайды. "Бақытты ханзада" ертегісінде ханзада шынайы өмірдің әдеттегі шеңберінен шығып, өнер туындысына айнала отырып, махаббат пен жанқиярлық бейнесі ретінде суреттеледі. Тірі кезінде сән-салтанат пен байлықта өскен ханзада қайғы-қасіреттің не екенін білмейді. Өлгеннен кейін ғана, өз қаласында

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

мүсінге айналған соң ханзада өзінің сарайының қабырғасының артында не болып жатқанын көреді. Адамдардың қайғы-қасіретін, кедейлігін және азабын көріп, жансыз қалайы жүрегі болса да, көз жасын ұстай алмайды. Ертегі қайғылы аяқталады. Бақытты ханзада тұғырдан лақтырылады, Қарлығаш өледі. Бірақ жанашыр жүрегі бар, өз халқына шынайы және адал қызмет етуге, оған жақсылық жасауға шақырылған нағыз кейіпкерлерге жазушы Құдайдың есімімен батасын береді. Шығармамен танысып болған соң төмендегідей сұрақтар қою арқылы талдау жұмыстарын жүргізуге болады:

<b>№</b>	<b>Сұрақ</b>	<b>Жауап</b>
<b>1.</b>	Ертегідегі кейіпкерлерді ата.	Бақытты ханзада мүсіні, қарлығаш, қала басшысы және оның кеңесшілері, бақытты ханзада көмек көрсеткен кедей адамдар.
<b>2.</b>	Бақытты ханзада қайда тұрады?	Бақытты ханзада биік бағанда, қаланың үстінде тұрады.
<b>3.</b>	Бақытты ханзаданың бейнесін сипатта.	"Ханзада жоғарыдан төменге дейін таза алтын жапырақтарымен жабылған. Оның көзінің орнына сапфирлер болды, ал оның қылышының тұтқасында үлкен қызыл рубин жарқырады". Оның жүрегі қалайы болды.
<b>4.</b>	Бақытты ханзаданың досы кім?	Бақытты ханзаданың досы қыста жылы елдерге ұшпаған Қарлығаш болады, өйткені ол қамысқа ғашық болды.
<b>5.</b>	Бақытты ханзада өзінің өткен өмірі туралы қалай әңгімелейді?	Бақытты ханзада өзінің өткен өмірі туралы былай дейді: "Мен Сан-Сучи сарайында тұрдым, онда қайғыға кіруге тыйым салынады. Түстен кейін мен бақшада серіктеріммен көңіл көтердім, ал кешке басты залда биледім". Ханзада бақша қабырғасынан тыс өмірді білмеді, өйткені ол тек ләззат бар деп ойлады. Осы сеніммен ол қайтыс болды. Енді бағанның биіктігінен оған бүкіл қала көрінетіндіктен, ол әлемде қайғы мен кедейлік бар екенін біледі, енді ол әлемді шынымен таныды.
<b>6.</b>	Бақытты ханзада қарлығаштың көмегімен кімдерге көмек көрсетеді?	Қарлығаштың арқасында Бақытты ханзада келесі адамдарға көмек көрсетеді: қызбамен ашуланған балаға (кедей тігіншінің ұлы) Бақытты ханзада Рубинді қылышынан береді; камин мен тамақ үшін отын сатып алуға ақшасы жоқ жас жазушыға Бақытты ханзада сирек кездесетін Үнді сапфирінен жасалған бір көзін береді; кішкентай қызға, өз тауарларын шұңқырға тастаған сіріңке сатушы ханзада екінші көзін береді.
<b>7.</b>	Қарлығаш бақытты ханзадаға қалай қарайды?	Қарлығаш бақытты ханзадаға жабысып қалды, ол одан басқа асыл тасты жұлып алуды сұрағанда, оны аяйды. Жоғалған Рубин мен сапфирдің орнына ол оған Египеттен екі асыл



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

		тас әкелуге уәде береді. Ханзада соқыр болған кезде, Қарлығаш онымен мәңгі бірге болуға уәде берді.
8.	Бақытты ханзада мен Қарлығаштың достығы қалай аяқталды?	Қыс келіп, қарлығаш суық пен аштықтан қайтыс болды. Қайғыдан ханзаданың қалайы жүрегі жарылып кетті.
9.	Ертегіде кім ақымақ, өзімшіл, мақтаншақ және түкке тұрғысыз болып бейнеленген?	Ақымақ, өзімшіл, өзін-өзі сүйетін және түкке тұрғысыз адамдар қала басшысы мен оның кеңесшілерін бейнелейді. Олар үшін практика, ішкі сұлулық емес, сыртқы сұлулық маңызды; олар өз адамының мағынасын асыра көрсетеді.
10.	Оскар Уайльдтың «Бақытты ханзада» ертегісі нені үйретеді?	О. Уайльдтың «Бақытты ханзада» ертегісі өмірде қиындықтарға тап болған адам бар екенін ұмытпауға үйретеді ал басқалары оңай және көңілді; ертегі біреудің қайғысына мейірімді және жанашыр болуға үйретеді, ертегі құрбандықты басқаның атынан үйретеді.

Қорыта айтқанда, әлем әдебиетінен ерекше орын алатын шығарма жақсылық пен зұлымдық, достық пен адалдық, сүйіспеншілік пен жанашырлық туралы қайғылы, әсерлі әңгімелер қоршаған әлемге таңдануды және қуануды ұмытпаған ересек оқушыларға арналған. Қарапайым ертегі сюжеттерінің астында терең мағына бар: автор адамның іс-әрекетінің сұлулығын жырлайды, кедейлерге жанашырлық танытады және әділеттілікке сенеді. Жазушы пессимист емес, керісінше ол оптимистік рухты оқырман қауымның жүрегіне ұялатуды арман еткен. Оның шығармалары өмірді сүйеге, сұлулықты байқауға, мейірімділік пен қайырымдылықты бағалауға, зұлымдық пен өтірікті жек көруге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

### **Әдебиеттер:**

1. Губская О.Н., И.И.Шматкова. Мировая литература, «Минск» РИВШ, 2016.
2. Соколянский М. Г. Оскар Уайлд, Очерк творчества, «Киев», Одесса, 1990.
3. Абдувалитов Н. Умумий ўрта таълим мактабларида жaxon адабиёти намуналарини ўқитиш методикаси, Методик қўлланма. Тошкент, “Nodirabegim”, 2021.
4. Әдебиет. (Жалпы орта білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық). Ташкент, «Өзбекстан», 2022.

## **СЫН ЕСІМНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ШОЛУ**

**Байбулатова К.Ж.** – 2-курс магистранты  
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті  
**Дуйсабаева Д.У.** – ғылыми жетекші, доцент  
Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті

**Аннотация.** Бұл мақалада А.Байтұрсынұвтың сөздерді топтар мен таптарға бөлу мәселесі туралы сөз қозғалған. Соның ішінде сын есім және оның шырай категориясының өзіндік сипаты жайлы ғалымның ой-тұжырымдары талқыланды.

**Тірек ұғымдар:** грамматика, сөз табы, атауыш сөздер, сын есім, жай шырай, талғаулы шырай, тандаулы шырай.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

**Аннотация.** В этой статье рассматривается проблемы принципов деления слов на группы и классы А. Байтұрсынов. Так же обсуждаются мысли ученого о прилагательном и его изначальном характере категории.

**Ключевые слова:** грамматика, порядок слов, существительные, прилагательные, простая форма, предпочтительная форма, форма прилагательных.

**Abstract.** In this article, the problems of the principles of dividing words into groups and class A are considered. Baitursynov. Also, the thoughts of the scientist about the adjective and its original character category are discussed.

**Keywords:** grammar, word order, nouns, adjectives, simple form, preferred form, form adjectives.

Ахмет Байтұрсынұлының бай шығармашылық мұрасының басым бөлігі тіл біліміне тиісті еңбектер болып табылады. Оның лингвистикалық ізденулері қазақ тілінің фонологиялық жүйесі, грамматикалық құрылысы жөніндегі негізгі зерттеулерін былай қойғанда, оның назарынан әдеби тіл, тіл мәдениеті, этнолингвистика, прагматикалық (функционалды) грамматика, «оқыту ғылымы» (методика) мәселелері де еш уақыт тыс қалған емес, ол артына бұлар жөнінде де бірсыпыра құнды мұра қалдырды [1, 6].

Ғалымның қазақ тілі заңдылығына икемдеп реформалаған араб жазуы, қазақ балаларына арнап жазған сауат ашу әліппесі, қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулығы қазақ халқының сауатты болуы, мәдениеті үшін маңызды дүниелер еді. А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» аталған 3 бөлімнен тұратын оқулығының морфологияға арналған бөлімі алғаш рет 1914 жылы, фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, синтаксиске арналған бөлімі 1916 жылы жарық көріп, кейіннен әрқайсысы толықтырып қайта басылып отырған.

А.Байтұрсыновтың лингвистикалық ой-пікірлері «Тіл – құралдарының» қайқайсысында болса да бар. Солардың ішіндегі ең толығырақ түрі – 1918 жылы Ташкентте жарық көрген екі жылдық «Тіл – құрал» мен осының 1920 жылы Қызылордада қайталанып басылғандары.

Қазақ тілі грамматикасына арнап ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ориенталист ғалымдардың жеке кітаптар шығара бастағаны белгілі. Дегенмен бұл ғалымдар жазған еңбектердің қазақ тілі туралы ғылымның дамуына белгілі мөлшерде болса да бастама, үлес болғанын атап өту керек. А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алған қазақ тіл білімінің сөз құрамы, сөздерді таптастыру, сөз таптарының лексика-грамматикалық табиғаты секілді мәселелерінің ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеле басталуы қазақтың ұлттық мамандарының өсіп-жетілуімен тікелей байланысты болды [2, 95].

Грамматиканың морфология саласында қарастырылатын ең өзекті мәселелердің бірі – сөз таптары мәселесі. А. Байтұрсынұлы сөз таптарының табиғатын айқындауда қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін ескеріп, сөз таптарының жалпы теориясына сүйенгенін байқаймыз. Ол «Тіл – құралдың» Сөз басында былай дейді: «Араб һәм орысша наху, сарфларында (грамматика) оқылатын заттан мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа» [4,40].

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Ғалым аталған еңбегінде сөздерді топқа бөлудің жалпы тіл біліміндегі сонау Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алатын дәстүрлі қалпы көрінеді. Тіл бөлшектерін логикалық ілім негізінде топтастырушы Платон сөздерді есім және етістік деп бөлсе, осы бағытты жалғастырушы Аристотель өзінің «Риторикасында» сөздерді есім, етістік, жалғаулық деп үш топқа бөледі. А.Байтұрсынұлы да қазақ тіліндегі сөздерді әуелі атауыш сөздер, шылау сөздер, одағай [3, 199-263] деп үлкен үш топқа бөледі.

Сөздерді сөз таптарына топтастыруда ұстанатын принциптердің (семантикалық, морфологиялық, синтаксистік) негізінде А. Байтұрсынұлы атауыш сөздерді мынадай сөз таптарына бөледі: нәрсенің атын көрсететін – зат есім, нәрселердің сынын көрсететін – сын есім, нәрселердің есебін һәм ретін көрсететін – сан есім, есімдердің орнына жүретін – есімдік, заттардың еткенетпеген істерін көрсететін сөздер – етістік сөз таптары. Ал шылау сөздерді үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз таптарына саралайды. Одағай сөздер еліктеуіш және лептеуші деп екіге жіктелгенімен, әрқайсысы жеке сөз табы ретінде танылмаған.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы «Сөздер мағынасына қарай 9 тапқа бөлінеді» [4, 24-33] деп ескертеді. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай.

«Сөздің кейбіреулері нәрсенің сынын атайды. Мәселен, жақсы, жаман... Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есім деп аталады. Сын есімнің сұрауы қандай?» [4, 25]. Ғалымның әр сөз табын сипаттаудағы бұл тәсілі де қазақ тілі грамматикасына арналған мектеп оқулықтарында күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Сын есімді автор тек сыны (ағаш аяқ, күміс аяқ, киіз қалпақ) және сыр сыны (биік, шебер, аңқау) деп жіктейді [4, 60]

Тілдегі негізгі грамматикалық ұғымның бірі грамматикалық категория болып табылады. Грамматикалық категория сөз таптарына қарай топталып жіктеледі. Грамматикалық категория түрлері күні бүгінге дейін А. Байтұрсынұлы еңбектерінің негізінде өзгеріссіз сақталып келеді. Кейбір сөз табында грамматикалық категория болмайды (мысалы, сан есім, есімдік); ал грамматикалық категориялары бар сөз таптарызат есім, сын есім, етістік.

Сын есімнің шырай категориясы (сыр сынында үш шырай бар: 1) жай шырай; 2) талғаулы шырай); 3) таңдаулы шырай); отырып, сыр сынында үш шырай түрін атайды: 1) жай шырай (жақсы атан, тентек бала, жуас ат); 2) талғаулы шырай (жақсырақ, берегірек); 3) таңдаулы шырай (ең жақсы, тым қорқақ, хас батыр) [4, 61]

Ғалымның «Есімдер заттың сынын де, істің сынын да көрсетеді. Мәселен, жақсы: жақсы кісі деп те, жақсы еткен деп те айтамыз; Жаман ат деп те, жаман жүреді деп те айтамыз; Оңай жұмыс деп те айтамыз, оңай істедім деп те айтамыз; Шапшаң адам деп те, шабан жүреді деп те айтамыз уа ғайри сондай. Бұлар үстеу сөздердің орнына жүргендіктен, сын есім болмай, үстеу болады» дей отырып, үстеуді сөз табы ретінде тануында қазақ

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

тіл білімінің кейінгі даму барысында бірқатар тілші ғалымдардың пікіріне әсер еткен жаңсақ пікірі де болды.

«Бір мал тек сиыр ғана, немесе тек жылқы ғана бола алады да, әрі сиыр, әрі жылқы бола алмайды. Сол сияқты жақсы деген бір сөз әрі сын есім, әрі үстеу бола алмайды, не сын есім ғана, не үстеу ғана немесе басқа бір сөз табы ғана бола алады. Жақсының сын есім екендігі даусыз ғой деймін», деген пікірін білдіреді. Бұл көзқарас кейінгі С.Жиенбаевта, С.Аманжоловта, І.Кеңесбаевта кездеседі [5,16]. Ал сөйлемдегі қызметіне қарап, бір сөзді бірнеше сөз табына телудің қателігі туралы Қ.Жұбанов кезінде кесімді пікір айтқан болатын. [6,213]. Ғалым әлі бір-бірінен енші алысып болмаған сөз таптары бар екенін ескере отырып (бала, жас, жарық, сұлу, бай, батыр, жарлы, кедей сөздері) «Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді. Мәселен: «Арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас» деп айтылады. «Арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді зат-сын дейміз. Жалғыз сынды ғана көрсететін сөзді жай-сын дейміз. Зат-сынның жалғаулары да, зат есім жалғаулары да бірдей. Жай-сынның жалғауы өзіне жалғанбай, соңындағы зат есімге жалғанады» деп есептеді.

Міне, А. Байтұрсынұлының тіліміздегі сөздерді таптарға бөлуі, әр сөз табын іштей мағыналық топтарға, категорияларға жіктеуі бүгінгі таңда өзіміз көріп отырғандай, көп өзгеріссіз қазақ тіл білімінде орнығып қалды. Ғалымның сөз таптарына, сөз таптарының түрлі мағыналық топ, категорияларына қатысты кейбір пікірлеріне жоғарыдағы салыстырулар көрсеткендей қазақ тіл білімінің кейінгі дамуы өз өзгерістерін, түзетулерін енгізді. Сондықтан А.Байтұрсынұлын тіліміздегі сөздерді таптастыру ісінде берік іргетас қалаушы ретінде тануымыз керек.

### **Әдебиеттер:**

1. Мұхтаров С. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру проблемасы. // Ахметтану тағылымдары. – Алматы: Ғылым, 1998. – 294 б.
2. Қордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Рауан, 1995. – 174 б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.– Алматы, 1992. – 446 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, 2009 – 347 б.
5. Қордабаев Т. Сөздерді тапқа бөлу тарихынан. // Қазақстан мектебі, 1984. №7.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2014. – 297 б.

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

## ТАМДЫДАН ШЫҚҚАН ЖЫР ДҮЛДІЛІ

Нурматова А. М. – 2-курс магистранты  
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті  
Абдувалитов Н. – ғылыми жетекші, Ph.D

**Аннотация:** Бұл мақалада Өзбекстандағы қазақ ақындары ішіндегі дарындыларының бірі – Өмірзақ Қожамұратовтың жыр шумақтары тақырыптық және мазмұндық тұрғыдан талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** ақын, өлең, Отан, поэзия, әдеби мұра.

Қазақ халқы қай жер, қай елде ғұмыр сүрсе де, сол мекенде жасаған дәуірлерінде туған әдебиетінен көз жазып қалмай, өзі өскен ортасын, көркем сөз арқылы адамдық тарихи тағдырын тебірене жырлады. Сөйтіп қазақ әдебиеті аталатын әдебиетті тақырыптық, мазмұндық тұрғыдан толықтырып келді. Бүгінгі күнде көп жанрлы қазақ әдебиетінің шарықтап дамуында қазақ даласындағы сөз зергерлерімен бірқатар Өзбекстандағы қазақ ақын-жазушыларының үлесі мол. Атап айтсақ, аға буын өкілдері Құтбай Дүрбайұлы, Тұрап Айдаров, Өмірзақ Қожамұратов, Төлеген Айбергенов, Әбдіғаппар Шөлбайұлы, Шүкірбай Ақназарұлы т.б. осылардың ізін басып, қазақ әдебиетінің жүгін арқаласқандар Айтуар Сабыров, Сәуірхан Ахметов, Мекембай Омарұлы, Боран Қыдыров, Үсен Өмірзақов, Ақшагүл Төлегенова, Лала Жүнісқызы, соңғы буын өкілдері Сапарбек Иманбеков, Қошқарбай Байжігітов, Қайрат Ахметов, Мейрамбек Әбдіқалиев т.б. қазақ әдебиетінде өзі сөздерін айтып келуде.

Ата аталған сөз зергерлерінің ішінде шоқтығы биік, Өзбекстандағы қазақ поэзиясының алдыңғы қатарында тұратын ақындардың бірі – Өмірзақ Қожамұратов.

Ақын 1936 жылы Науаи облысы, Тамды ауданында туған. Әдебиетке жастайынан тым бала шағында, мектеп қабырғасында жүріп өзінің шәкірттік дүниелерін жаза бастаған. Ақын алғашқы еңбек жолын 1954 жылы мұғалімдік қызметтен бастаған. Алғашқы жыр-туындылары өткен ғасырдың елуінші жылдары баспа бетін көре бастады. Алпысыншы жырлардан бастап, оның бүкіл ғұмыры Тамды аудандық газетімен тығыз байланыста өтті. Бастапқыда әдеби қызметкер, одан соң бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Ақынның газет-журнал беттерінде жарық көрген мақала-жырлары, әңгіме-очерктері Әйтiмзада Әйтiмдi деген әдеби бүркеншік атпен жарияланған. Ақынның әдеби мұрасы мол. Ақынның бұрын-соңды жарық көрген «Жиделібайсын», «Таңғы дауыс», «Санамақ», «Жол аяқталмайды», «Ой кешу», «Күн астында күдірет» атты өлеңдер жинағы бар.

Бүгінде Тамды елі Өмірзақ ақынды мақтан етеді.

Елемейді... қайран қалам,  
Жанарымның жалтылдарын.  
Болатын ғой қайралмаған



## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Мен де бір күн жарқылдармын – деп, ақын өзі айтқандай, поэзияны жан-тәнімен сүйіп, алдынғы толқын ағаларын қадірлеп, жақсысына сүйсінген, жаманына күйінген.

Ақынның жыр шумақтары нәзіктігімен, сыршылдығымен, шыншылдығымен адам жанын баурап, түрлі сезімдерге баулиды. Өйткені ақын поэзияны өзімен егіз санап, сонымен бірге жасайды.

Көзін көргендердің айтуынша қарағанда, ақын жас кезінде өр мінезді, қоладан құйғандай шымыр, екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, қара торылау өр жігіт болған екен. Қай уақыт болсын, қай жер болсын, ақын поэзия десе ішкен асын жерге қояр екен.

Ақын өмірі қалай кешті, өмірдің соқтықпалы соқпақты жолын қалай басып өтті. Бұл жайлы ақынның өзіне жүгінсек:

Жалаңтөс кіріп тасқынға,  
Нөсердің бұлтын ойнаттым.  
Осынау аспан астында  
Отыз бес рет тойлаппын.  
Отыз бес күздың басында,  
Отыз бес гүл-гүл жайнаппын.  
Отыз бес қыздың қасында,  
Отыз бес бұлбұл сайраттым.  
Отыз бес оқты қабылдап,  
Отыз бес оққа қарылдым.  
Жүрегі жүрген жалындап,  
Отыз бес,  
Сенің арыңмын! – дейді.

Ақын өлеңдерінің тақырыбы сан алуадығымен, сезімге байлығымен, әрі ой кеңестігі кең болумен ерекшеленіп тұрады.

Ақынның шығармашылығы жайлы сөз еткенде ақынның туған жеріне арнаған өлеңдерінен бастамасақ, Тамды ақыны туралы әңгімеміз толымды болмас.

Ақын «Туған жер» өлеңінде:

Маған Мекке Мәдине,  
Венеция, Париж не?  
Туған жердің шөліндей ыстық емес әрине.  
Жан анамдай қадірлі  
Менің туған байтағым,  
Жердің жәннат-жұмағы  
Қызылқұм деп атаймын, – деп жырлады.

Ақын туған жерді жырлағанда өз сезімін, жүрегінің лүпілін, сүйініші мен күйінішін жасыра алмайды. Ақынның пайымдауы бойынша туған жер деген сөздің мағынасы терең. Ақын үшін туған жер – өзі үй, өлең төсегі.

Ақын: «Тамдыбұлақ» атты өлеңінде:

Ашып тастап қазына жиған сандығын,  
Әр тасына тіл бітіп тұр Тамдының.

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

Ақ лағыл мен ақ мәрмардың аймағы,  
Тамдыбұлақ – таңдай қағар ән бүгін, – дейді.  
Ақын туған жер туралы ойын жалғастыра келе былай дейді:  
Менделеев кестесіне сыймаған,  
Мен Тамдыға теңеу таппай қиналам.  
Мүмкін емес,  
Мұратына жетпеуі...  
Туған жердің топырағын сыйлаған.

Ақын өмірде көңілі таза, қолы ашық, қонақжай кісі болған. Үлкен демей, кіші демей, таныса да, танымаса да, әрдайым үйінің төрінен жай беріп, құрметпен күтіп алған. Ақын «Дастархан жыры» атты өлеңі жоғарыдағы пікіріміздің айғағы.

Ақын бұл өлеңде былай дейді:

Жөнің қалай, жолаушым, жолың болғыр!  
Сабылғаным бар еді менің де бір.  
Ат маңдайын тірепсің ауылыма,  
Танымайын,  
Таныын  
Кел, үйге кір!

...Қайыршы деп жанымнан ысырмаймын,  
Төре екен деп бағыңнан қысылмаймын.  
Қонақ болсаң,  
Қош келдің,  
Төрлете бер,  
Басыңнан кеткенше құс ұшырмаймын.

Қазақта «Қонақ келгенше ұялады, келгенен кейін үй иесі ұялады», дейді. Расында, қазақ халқы қонақжай халық. Кім келсе де, барын беріп, қой сойып, төрін берген.

Қонағына қой сойып, төрін берген,  
Күте алмаса мейманды өлім көрген.  
Атам қазақ ешкімге тарынбаған,  
Еншісі әлі ешкімнен бөлінбеген.

Ақын бұл өлеңінде қонақ күтіп, шапан жауып, сый-сипат беріп, мәз-мереке болумен қатар, дастарқан басындағы қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне ерекше көңіл аударады.

Емес маған ат қайғы, киім қайғы,  
Ас қайырмай дастарқан жиылмайды.  
Атажұрттың алмасаң ақ батасын,  
Ешқашан да, еш бақыт бұйырмайды.

Осы өлең жолдарын оқи отырып, еріксіз есімізге «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер» деген қанатты сөз еске түседі.

Қорыта айтқанда, ақын өлеңдерінің нәзіктілігі, сыршылдығы, шыншылдығы мен ойшылдығы қазақ поэзиясы тарихында көрнекті орнын

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

белгілейді. Ақын есімі өткен ғасырдың орта ширегінде қазақ поэзиясының алыптары атанған Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шахановтармен т.б. қатар тұрады.

### **Әдебиеттер:**

1. Алтын алқа: Өзбекстандағы қазақ ақындарының жыр кітабы. Алматы, «Көркем», 2004. – 224 б.
2. Өзбекстандағы қазақ ақындарының өлеңдер жинағы: Құрас. Марат Үкібаев. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2014. – 168 б.
3. Өзбекстандық қазақ ақындары жырларының антологиясы. Құраст. Мекембай Омарұлы. Ташкент, «Адабиет учқунлари», 2017. – 504 б.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМ**

**Пернебаев Е.** – 4-курс студенті  
**Дуйсабаева Д.У.** – доцент, ғылыми жетекші

**Аннотация.** Мақалада қазақ тіліндегі терминжасам заңдылығының зерттелу жайы туралы сөз болады. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлының қазақ тілі терминжасам заңдылығының өзіндік ерекшелігі, термин жасауда ұлттық мәдени сипат пен ғылыми қағидаттар жайлы көзқарастарына тоқталған.

**Тірек ұғымдар:** ұлттық тіл, термин, терминология, мағына, ұғым, атау.

**Аннотация.** Статья посвящена изучению правомерности терминологии в казахском языке. А так же рассматриваются изгляды А. Байтурсынова на своеобразие закона терминообразования казахского языка, национально-культурный характер и научные принципы терминообразования.

**Ключевые слова:** национальный язык, термин, терминология, значение, понятие, название.

**Abstract.** The article deals with the study of the legality of terminology in the Kazakh language. A. Baitursynov's views on the peculiarity of the law of the term formation of the Kazakh language, the national cultural character and scientific principles in the formation of terms.

**Keywords:** national language, term, terminology, meaning, concept, name.

Қазақ халқының тарихында ағартушылық саласында өлшеусіз еңбек еткен, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірінен айрықша орын ала білген ірі тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, кемеңгер ұстаз, ғалым, қаламгер, бір сөзбен атасақ – энциклопедист ғалым. Бүгінгі күнде ғалымның өмірі мен еңбектерін жан-жақты зерттеп үйрену мәселелеріне ерекше көңіл аударылып, нәтижелі жұмыстар атқарылып отыр.

Солардың ішінде А.Байтұрсынұлының термин шығармашылығы туралы белгілі ғалымдар Р.Сыздықова, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Жалмаханов, М.Жүсіпұлы, Қ.Ыбрайымов т.б. көптеген ғалымдар өз еңбектерінде молынан сөз етті. Себебі ғалым қазақ тілтаным, әдебиеттаным және әдістеме ғылымдарының терминдерін жасауға үлкен үлес қосқан, қазақ салалық терминологиясының негізін салушысы ретінде мол еңбек еткен тұлға.

Әсіресе ахметтануға ерекше атсалысып, ғалымның жаңашыл ағартушы, тіл білімі, әдебиеттану ғылымдары мен оларды оқыту әдістемесінің негізін қалаушысы, ірі публицист, дарынды ақын екендігі қысқа қайырылған түйін

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

деп есептеген тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі» атты еңбегінде термин, оның түрлері, ғалымның терминжасамдық мұрасын үйрену мен зерттеудің маңызы жайлы мәліметтерді саралап көрсеткен.[1, 250-261] Сонымен бірге қазақ тілтаным саласындағы терминдерді жүйеге келтіруде А.Байтұрсынұлының рөлін статистикалық тұрғыдан талдап көрсете алған Ш.Жалмаханов пен Ж.Ысмағұловтың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.[2, 55-60]

А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы ұстанымының негізі – ұлттық сананы оятып, халықты өнер-ғылымға шақырып, өркениетті елдер қатарына қосу. Сондықтан ұлттық термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу қажет деп есептеп, ғылыми стильді бірінші орынға қойған жоқ.

А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуі ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз. Біраз жылдар бойы сол үрдіс үзіліп қалса, қазіргі қоғамдық сана деңгейі мен қоғамдағы тіл мәртебесіне сәйкес ол қайта жаңғыруда.

А.Байтұрсынұлы қалыптастырған жүздеген терминдер белгілі. Терминдердің қазақыландыру ұстанымын берік ұстанып, сол жолда аянбай еңбек етті. Ал солардың қалың көпшілікке етене жақын болып кетуін, табиғатының феноменін, біздіңше, осы танымдық негізде түсіндіруге болады. Басқаша айтқанда, қазіргі қазақ тіл білімінде ұлттық мәдени сипат сол тілде сөйлеушінің танымынан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік негіз ретінде терминжасам теориясына да қолдануды қажет етеді.

Мысалы, А.Байтұрсынұлы қалыптастырған *көсемше* термині. *Көсем* сөзінің қазақ танымындағы мәні белгілі. Ал оны лингвистикалық, грамматикалық қызметіне сай мәндік сабақтастығы, дәлдігі дау тудырмайды.

Демек, мағыналық дамудың нәтижесінде терминденген сөздердің табиғатын талқылау және қабылдау танымға қатысты кейбір маңызды мәселелерге тоқталуды қажет етеді. Осымен байланысты лингвистиканың тілде атау не термин қалыптастырудағы психолингвистикалық, философиялық, әлеуметтік, логикалық қырларының бір сабақтастықта зерттеудің маңыздылығы ерекше.

Ғалым: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар» [4, 291-297], – деп терминжасауда қазақ баласы ұғарлықтай атау болуы тиіс екендігін алға тартып, жат сөздерді өзгертпей қабылдауға қарсы екенін ашық білдірді.

А.Байтұрсынұлының термин жасау ғылыми бағдарламасында мынадай ұстанымдарға сүйенген:

- а) термин оқушыға түсінікті болу керек;
- ә) термин қазақ (түркі) сөздерінен жасалуы керек;
- б) көпшілік түсінбейтін араб, парсы терминдерінен құтылу керек;
- в) қажеті мол жағдайда үндіевропа тілдеріндегі қалыптасқан интернационалдық терминдерді алу керек. [3, 30].

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

А.Байтұрсынұлы қазақ ғылымының терминологиясына қатты назар аударған. Оның термин жасаудағы ұмтылыстарынан байқайтынымыз – ұлттық тілдің мүмкіншіліктерін молынан пайдалану болған. Сонымен қатар ғалымның тек қазақ тілінің сөздерін ғана емес, кейбір халықаралық терминдерді де орынды пайдалану қажеттігін ескертетінін 1912 жылы «Айқап» басылымының беттеріндегі грамматика, фонетика, морфология секілді терминдерді қолданғанынан байқауға болатынын айта кеткен жөн. Демек, тек қазақ сөздерін ғана емес, халықаралық терминдерден де бас тартпайды. А.Байтұрсынұлының бұл көзқарасы ғылым дамуының барлық кезеңдерінде де негізгі ұстаным болған.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын реттеумен айналысқан кезде қазақ тіліндегі сөзжасам үлгілері ғылыми жүйеге келтірілмеген еді, терминологиялық сөздіктер жоқ еді, оқу құралдары өте аз еді. Ахмет Байтұрсынұлы барлық жағдайда ең алдымен жеке өзінің тәжірибесіне, содан соң орыс және басқа үнді еуропа мамандарының тәжірибелерінің, солардың тіл білімінің жетістіктеріне, араб, парсы сөзжасам үлгілеріне сүйенді. Осы күні қолданылып жүрген дыбыс жүйесі, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, зат есім, сын есім, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз т.б. осы сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы ұлттық тілдің мүмкіншіліктерін пайдалана отырып қазақ тілінің сөздерінен жасалған терминдер.

А.Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегін азды-көпті арнайы не жол-жолай сөз еткендердің барлығы да оның термин жасауда қазақ тілінің өз қазынасына иек артқанын баяндайды. А.Байтұрсынұлы қалдырған терминологиялық мұраның маңызы өте кең, өте биік, себебі, ол мұра бір әлеуметтік саланы емес, бірнеше әлеуметтік салаларды қамтиды: тілтаным, әдебиеттаным, әдістеме, этнография, тарихи мәдениеттаным, философия, психология, педагогика, т.б. Сол терминдер осы әлеуметтік салалардың әрқайсысына енетін бірнеше ғылыми ағымдарды да, тармақтарды да қамтиды.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы тіл және әдебиет саласы ғалымдары тарапынан жан-жақты зерттеліп, іздену нәтижесін мақала, монография т.б. ғылыми дүние формасында жарық көріп келеді.

### **Әдебиеттер:**

1. Сыздықова Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі. – Алматы: Ғылым, 1999. – 250-261-бб.
2. Жалмаханов Ш., Ысмағұлов Ж. А.Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды: Болашақ - баспа, 1997. – 55-60-бб.
3. Джусупов М., Ибрайымов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным. Терминжасам. Стилистика. – Алматы: «Әлем». – 2015. – 30 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал. – Алматы: «Сардар», 2009. – 348 б.



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

### **«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» – БҮГІНГІ ӘДЕБИЕТТАНУҒА ЖОЛ АШҚАН ҚҰНДЫ ЕҢБЕК**

**Тәжібаева Б. Ж.** – 4 курс студенті  
**Кушкарбекова М.** – ғылыми жетекшісі, аға оқытушы  
Науаи мемлекеттік педагогика институты  
Kushkarbekova 73@gmail.com

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – әр буын қайта оралып рухани нәр алатын, ұлт өнерін дәстүрлі таныммен, білікке суарылған парасатпен байытатын еңбек. Мұны тек әдебиетші ғана емес, әлеуметтік ғылымдардың барша саласы өкілдері оқып, зерделей алады.

Ахмет Байтұрсынұлының ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы “Әдебиет танытқыш” деген еңбегі. Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылып отыр. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалынған.

Ахмет Байтұрсынұлы – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан тұлға екендігін көрсетті. “Әдебиет танытқыштағы” қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалыми мағызы өте зор. Эпосты – әуезе, лириканы – толғау, драманы – айтыс деп бір қайтарып алып, сала-салаға жіктеп береді; шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме, саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, білімір шешен сөз, уағыз, көсемсөз (публицистика). Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш – бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, толғау, терме – бұлар екінші топ. Мысал, ділмар сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел – бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата – бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыр – бұлар бесінші топ. Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сәйкес келіп тұр.

Қазақ әдебиетін дәуірлерге бөлуде де толып жатқан жаңалық бар. Хисса, хикаят, насихат, мінажат, мақтау, даттау, шығармаларды діндар дәуір әдебиетіне жатқызса, сындар дәуір әдебиетіне ұлы әңгіме (роман), ұзақ әңгіме (повесть), әңгіме кірмек. Лирика түрлерін саф толғау, марқайыс толғау, налыс (мұңайыс) толғау, намыс-таныс толғау, сұқтаным толғау, (даттау, қаралау, наз) деп жіктеу, мазақ, мысқыл, қулық, сықақ, әзіл деп саралау, тартыс түрлерін әлектеніс, әуреленіс, азаптаныс деп таратып әкетуге де қайран қаласыз.

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

Өнер тарауларын сәулет (архитектура), сымбат (скульптура), кескін(живопись), әуез (музыка), сөз (әдебиет) өнері деп даралап, әрқайсысына дәлді анықтама беруінен, сөз жоқ, неміс ғалымы Лессингтің әйгілі “Лаокон” трактатымен таныстықты байқауға болады. Сол сияқты әдебиет тектерін таратқанда, ішкі ғалам (субъективті әлем), тиіс ғалам, түйіс ғалам (объективті әлем) ұғымдарын пайдалану ескідегі Аристотель, кейінгі Гегель, бергідегі Белинский, Веселовский концепцияларын еске түсіреді. Ал ауыз әдебиетін жалпылай топтау тәсілдерінен орыстың дәстүрлі фольклоршыларының сабағы аңғарылады. Бір ерекше жәйт, А.Байтұрсынов ұзақ-ұзақ цитата алып, өзгелерден бәтуа іздеп, басқаның пікіріне жығыла салатын әдеттен мүлде аулақ. Дәлірек айтқанда, “Әдебиет танытқышта” мына кісі айтты деген бірде-бір пікір, тұжырымға сілтеме кездеспейді.

“Әдебиет танытқыштың” бірінші бөлімі “Сөз өнерінің ғылымы” деп аталып, бірнеше шағын бөлімшелерге, баптарға бөлініп, олардың әрқайсысында нақты мәселе қаралады. Ең алдымен тіл, сөз өнері, шығарма дегеніміз не деген сұрауларға, ғылыми дәлді, ықшам, толық анықтама беріледі. Автор сөз өнері ғылымын: 1) шығарманың тілінің ғылымы; 2) шығарманың түрінің ғылымы деп екіге бөліп қарайды. Тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны деп, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі деп екіге бөледі.

Автор сөз өнерін үй қалау өнерімен өте қисынды салыстыра көрсетеді де, сөз талғау орайында шығарма тілі екі түрлі болатындығын айтады, олар – біріншісі – ақын тілі, екіншісі әншейін тіл. Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылатын сөз; әншейін тіл ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Тіл тазалығына анықтама беріп, ол үшін орыстың жақсы жазушылары қойған талаптарды үлгі етіп алған. Олар:

- Ескірген сөздерге жоламау;
- Жаңадан шыққан сөздерден қашу;
- Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашу;
- Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламау.

Ахмет Байтұрсынов “Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек”, – деген ұлы талабын өзі нақты іске асыра білді

“Әдебиет танытқышта” қойылған күрделі мәселенің бірі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынов қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады, қиын проблемаларды ұғынықты түсіндіріп береді. Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, “Әдебиет танытқышта” Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейін көтеріп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді Әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр. “Әдебиет танытқыш” кітабындағы бірқыдыру термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралымға кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз керек. Сонымен Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым.

### **Әдебиеттер:**

- 1.«Әдебиет танытқыш» Алматы «Атамұра» 2003.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1- том. – Алматы, «Алаш», 2003.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары/ Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2013.
4. Ахмет Байтұрсынов. Алты томдық шығармалар жинағы «Ер-сайын», «23-жоқтау» ауыз әдебиеті мұрасы. Көсемсөздері, табылған туындылары-Алматы «Ел-шежіре», 2013.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ**

**Қошқарбаев Ернар** – 2 курс студенті

**Байкабилов Усербай** - ғылыми жетекші, доцент м.а.

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

**Қошқарбаев Ернар** – 2 курс студенті

**Байкабилов Усербай** - ғылыми жетекші, доцент м.а.

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

**Аннотация.** Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал.

**Кілтті сөздер:** алфавит, жазу, әліпби, сингорманизм, орфография, фонология.

**Аннотация.** Алфавит и письмо имеют особое значение в истории человеческой культуры. Письменность – это инструмент, позволяющий людям широко общаться во всех сферах общественной жизни, не привязываясь к пространству и времени.

**Ключевые слова:** алфавит, письмо, алфавит, сингорманизм, орфография, фонология.

**Abstract:** The alphabet and writing are of particular importance in the history of human culture. Writing is a tool that allows people to communicate widely in all spheres of public life, without being tied to space and time.

**Key words:** alphabet, writing, alphabet, synhormanism, spelling, phonology.

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу – өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Сол кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынов еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады. Н.И.Ильминскийдің пікірінше, алфавитті қай халық болса да, дінмен байланысты қабылдаған, мысалға, европа халықтары латын алфавитін – латын шіркеуі, орыстардың алфавиті – славян шіркеуі, ал мұсылман елдерінің араб жазуы ислам дінінің таралуымен байланысты қабылданған. Араб жазуы – мұсылман халықтарын ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, Ильминский бастаған патша өкіметінің миссионерлері, түркі халықтары жазуына орыс алфавитін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады»: біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға болады, екіншіден, орыс графикасы арқылы оларды біртіндеп тілінен, дінінен айырып, православие дініне көшіруге болады деп есептеп, бұл әлеуметтік мәселеге ерекше мән беріп, тіпті, осы мақсатқа өз қандастарымызды да араластырып, біреудің қолымен күл көсеу саясатын қызу қолға алған еді [1.3].

Ал бұл көзқарастардың әлеуметтік саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынов «қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс... Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмайды», – деп жазды [3.437]. Ол тек өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, «1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды» [4.283]. Сөйтіп, А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынов алфавиті», «Байтұрсыновтың төте жазуы» деп атады. Сонымен, А. Байтұрсыновты араб алфавитін тұңғыш реформалаушы және соған

## *АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ*

сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп білеміз. А.Байтұрсынов жасаған алфавиттің әлеуметтік лингвистикалық жетістігі қандай десек, төмендегі мәселелерді атап көрсету қажеттігі туындайды.

Ғалым қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ» – ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», – дейді [3.324]. А.Байтұрсынов қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан;

А.Байтұрсыновтың қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ерекше деп білеміз. Ол терминдерді қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі арқылы жасау жағына ерекше көңіл бөлген (бастауыш, баяндауыш, басқарма, хабарлама, т.б.). Өкінішке орай, А.Байтұрсыновтың идеяларын 1937-1938 жылдары әкімшілік-әміршілік жүйе тұншықтырып, 1990 жылдарға дейін тілімізді, жазуымызды орыстандыру бағыты толық үстемдік құрып келді.

Ғалым басқа тілден енген сөздер тіліміздің табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын айтып, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен еді. Мысалы: орыста «h» дыбысы жоқ, сондықтан оны олар «г» дыбысымен айтатынын білеміз. Сондықтан өз тіліміздің табиғатына назар аударған жөн. Осы орайда ғалым: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалды» деп тұжырым жасаған еді.

А. Байтұрсынов сауатты жазуды бізге өсиет еткен. Алайда кейбір жағдайда сауатты жазу мәселесіне әлі де көңіл бөліне бермейтін тұстарды көріп, қынжылуға тура келеді. Мысалы, көшедегі жарнама, адамдардың аты-жөні, жер-су аттары т.б.

А.Байтұрсыновтың еңбектері арқылы қазақ тілінің табиғаты сингармонизмге негізделген танитын болсақ, оның еңбектері жарияланғаннан соң 70 жыл өткенде ғалым Ә.Жүнісбековтің докторлық диссертациясында А.Байтұрсынов ұстанған принциптің дұрыстығы, яғни қазақ тілінде фонологиялық қызметті сингармонизм атқаратындығы дәлелденді [7].

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып,



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді [3.142]. Сондықтан «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», - деп білеміз [3.399]. Осы орайда, А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынов ұстанған принциптерді басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.

### **Әдебиеттер:**

1. Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б.
2. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / – Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999 268-281 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / – Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Ана тілі; 1992 – 448 б.
4. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы - Алматы, Ғылым, 1999. 281-288 б.
5. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, Ғылым, 1998 – 216 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
7. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке – Алма-Ата: Наука, 1980 – 78 б.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӨМІРІ МҰРАҒАТТАҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ**

**Ералиева А. Е.** – 2 курс студенті  
**Уразов Б.Т.** – ғылыми жетекші  
Гүлістан мемлекеттік университеті

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5-қыркүйек күні Қостанай округі, Торғай уезі, Тосан болысының 5-ауылына қарасты Сарытүбек елді мекенінде дүниеге келген. Кейбір деректерде 1873 жылы 28-қаңтарда дүниеге келген деседі. Бұған айғақ ретінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрайжай-үйінің директоры Райхан Имаханбеттің зерттеулері шешімін көрсететін сияқты. Тұлғаның туған мерзімін «5-қыркүйек 1872, мешін жылы» деп, нақтылы пікірді айтуымызға нақтылы бір себеп болып отырған жайттар бар, ғұламаның 1929 жылы өз қолымен орыс тілінде жазған «Өмірдерегінде» (Жизнеописание) деген сауалнамада көрсетуінше: мешін жылы, 1872 жылы туған №5 ауыл Тосын болысы, Торғай уезі (ол қазіргі Қостанай облысы, Жангелді аудан Ақкөл ауылы) делінген және әр жылдары мемлекеттік мекемелердегі ресми сауалнамаларға берген нақты жауаптары айғақ беріп отыр. Атап айтсақ, Орынбор Мұғалімдер мектебін бітіргені тұралы күәлікте, оның оның туылған мерзімі «5- қыркүйек, 1872» деп көрсетілген, бұл бірінші дерек. Сонлай-ақ, «Анама хат» атты өлеңі де Ахметтің 1872 жылы дүниеге келгеніне дәлел бере алады.

*Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,*

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

*Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң!...*

*Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,*

*Бітпеген жүрегімде бар бір жарам...* – деген өлең жолы, әулет басына «1885 жылғы оқиғаны» меңзейді. Мұрағаттағы деректерге қарасақ, бұл Ахметтің әкесі Байтұрсын, үлкен әкесі ақтастың бірнеше ағайын-тұғандарымен қосылып 25 жылға итжеккенге жер аударылып кеткен тұсы. Ахметтің әкесі Байтұрсын намысқой, сергек, еті тірі адам болған деседі. Сол себепті Байтұрсын мен оның ағайындары патша өкіметінің өкілі – уезд бастығын оққыға жығып, түрмеге қамалады. Бұл оқиға жас ақынның санасына өте ауыр соққы болып әсер етеді. Мәселенің түп негізін толық ұқпағанмен, ол өмірдегі әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік теңсіздікті көзімен өріп, көңілене ой мен күшті ұялатады. Осы дерекке қарасақ 1885-тен бала Ахметтің 13 жасын айырсақ туған жылы 1872 жыл болып тұр. Тарих жылнамасына зер салып қарасақ Ахаң балалықпен қоштасар кезде туылған өлкесі Торғай түгелдей орыс отаршылдығының қолына өткен уақытқа тұспа-тұс келеді. Өз елінде отырып еркіндікті сезіне алмаса, елін, жерін қорғай алмай іш-етін жеген көрінеді. Қорғансыз әулеттің басына түскен қаралы уақиға, бүтін қазақтың өмірі, келешегі үшін жасалған қастандық іспеттес еді. Қысастық бір отау үйдің емес бүкіл Үмбетай руының дәулетті отбасыларын түгелдей шарпыған көрінеді. Бұл тағы бір дерек.

Ахмет Байтұрсынұлының отбасы туралы жазылған мәліметтерге жақсылап, зейін қойып қарап шыққанымыз дұрыс. Себебі, көптеп жазушылар түрлі пікірлерді алдыға сүреді. Жазушы Дүкенбай Досжанов «Абақты» (1992) атты кітабында: «Туылған жылы әр түрлі – 1870, 1872, 1873 айтылып жүр, дұрысы: 1872 жылы 28 қаңтарда туған, қалғанын қаперге алмау керек, ал Ахметтің заңды мұрагерлері мыналар... », деп тағы теріс түйін жасайды. Райхан Имаханбеттің пікірі бұл түйінді дерекке қарама-қарсы. Қазақтың нағашы мен жиен арасындағы туыстықтың ара-жігін ажыра алмайтын «қала меңгеруін» айналуымыз, әрине үлкен әбестік. Әрине, әр жазушы әр түрлі деректерге сүйеніп зерттеген зерттеулеріндегі мәліметтер қаншама тың деректер болсада қайшылай кесіп өтетін пікірлер де сонша көп алдынан шыға береді. Осы сияқты деректерді беріп отырған пікірлері өзін де адастырумен қатар, өзге оқырмандарды да адастырып, шалыстырып қате пікір беріп отыр.

Ахмет Байтұрсынұлының туылған күнінен бастап әулеттік шежіресі де дұрыс таратылмай келеді. Ал жеке отбасын құруға қатысты тіпті аңызға айналған нұсқалар басым. Заманында Ахаң атанған Ахмет тарихта есімі машһур тұңғыш тархан Жәнібекпен түбі бір, текті атаның балалары. Қошқар ұлы Жәнібектің атасы – Көшей, бабасы – Шақшақ. Жәнібек батыр Шақшақтың шөбересі болса, Ахмет – Шақшақтың тоғызыншы тармақтағы үрім-бұтағы [1.304]. Ахметтің әкесі Байтұрсын бес ағайынды. Олар: Ақтас, Байтұрсын, Данияр (кейбір деректерде Сабалақ, мұны салт бойынша жеңгелері қойған), Ерғазы, Ермағанбет. Атасы Шошақ он ағайынды болса бабасы Таңбай жеті ағайынды екен.

## ***АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ***

Тағы бір деректерге сүйенер болсақ Ахаңның анасының есімі – «Күнші, Күнші, Күнгі» деп кездеседі екен. Қазақта мақал бар емес пе «Алып – анадан туады». Ахметтей тұлғаны төмірге алып келген Күнші анамызға алғыс. Тағыда бір қазақтың мақалын айт кетсем «Таяқтың жақсысы – ағашынан, баланың жақсысы нағашыдан» демекші, Күнші анамыз – Қостанайға қарасты, Аманқарағай деген жердегі Сүгір руының ауқытты отбасынан шыққан Құлыбек Шерұлының қызы. Көз көргендердің айтуына қарағанда, Күнші өте ақылды, әрі байсалды, кесек мінезді, қолы жомарт жан екен. Күншінің қолында шеберлігімен қатар, сөзге жүйрік ақындық қасиетіде бар деседі. Соның арқасында шығар Ахаңның әдебиет сүйгіштігі.

Иә, ақын Ахмет атаның өзі қызық, өзінен бұрын өмірі қызық. Қызық көрген әрбір қалам иесі мың түрлі пікірде болады. Ішіне кірген адам кім екенін таниды. Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында қазақ халқының аса ірі қоғамдық -саяси өзгерістерімен қатар ауқымды рухани жаңғыруларын да басынан кешірді. Сол уақытта ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіндіріліп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет ата болған. Қазақ тіл білімінің көсемі, ұлы түрлендіруші реформаторы атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық жолын жалғастырды.

### **Әдебиеттер:**

1. Имаханбетова Р. Ғасыр саңғалы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмыр баяны. Астана: Педагогика Пресс ИД, 2010.
2. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. Алматы: Арда 2007.
3. Байділдин Ш. Азаттық үшін алысқан. Алаш. 2011.

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ

## МАЗМҰНЫ

<b>1 Қирғизбоев А.К.</b> <i>Құттықтау сөз.....</i>	<b>3</b>
<b>2. Рақымжан Тұрысбек</b> <i>Ұлт руханияты һәм Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы.....</i>	<b>4</b>
<b>3 Сагидолда Г.</b> <i>Түркі терминологиясы және А.байтұрсынұлының терминжасамдық қағидаттары.....</i>	<b>13</b>
<b>4 Қасым Балқия Қасымқызы</b> <i>А.Байтұрсынұлы және қазақ сөзжасамы.....</i>	<b>21</b>
<b>5 Абдувалитов Е.Б.</b> <i>Жол сілтедім, жақынға емес, алысқа немесе Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай.....</i>	<b>28</b>
<b>6 Молдасанов Е.М.</b> <i>Ақыметті тану – түркі әлемін тану.....</i>	<b>31</b>
<b>7 Матчанов С.М., Абдувалитов Н.Б.</b> <i>Қазақ поэзиясында Ахмет Байтұрсынов бейнесі.....</i>	<b>35</b>
<b>8 Тұрсын Е.Қ., Мақсат К., Қайрат А.А.</b> <i>Ақымет байтұрсынұлы һәм түркі жазуының реформасы.....</i>	<b>39</b>
<b>9 Бақбергенова Р. Қ.</b> <i>Ахмет Байтұрсынұлы – лингвист ғалым.....</i>	<b>46</b>
<b>10 Жылқыбай Г. Қ., Жанзакова М.</b> <i>Ұлттың ұлы ұстазы.....</i>	<b>52</b>
<b>11 Джолчибекова К. Ж.</b> <i>Современный анализ переводческих трансформаций, использованных Ахметом Байтурсыновым при творческом переводе басни И.Крылова «Лебедь, рак и щука».....</i>	<b>58</b>
<b>12 Алкебаева Д.А.</b> <i>А. Байтұрсынұлының публицистикасы.....</i>	<b>61</b>
<b>13 Жұбай О.</b> <i>А.Байтұрсынұлының сан есімді топтастыруға қатысты ұстанымдары.....</i>	<b>68</b>
<b>14 Әділбек А.М.</b> <i>Ахмет Байтұрсынұлы бірыңғай сөйлем мүшелері туралы.....</i>	<b>71</b>
<b>15 Әміров Ә.Ж., Дәрменқұлова Р.Н.</b> <i>А.Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы.....</i>	<b>75</b>
<b>16 Бекбаева Т.А., Муратказин М.М.</b> <i>А. Байтұрсынұлы мұрасындағы тәуелсіздік идеясы.....</i>	<b>79</b>
<b>17 Қодирова Б.И.</b> <i>Ахмет Байтурсынов ва қозоқ тилишунослик терминологияси.....</i>	<b>83</b>
<b>18 Құттымұратова Ы. А.</b> <i>А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қарақалпақ тіл біліміне әсері мәселесі.....</i>	<b>85</b>

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

- 19 Торткүлбаева Т. А.**  
*Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің қарақалпақ әдебиеттануына ықпалы.....* 88
- 20 Ауганбаева М.А., Анафинова М.Л.**  
*А. Байтұрсынов мұрасы: бұқаралық ақпарат құралдар – тілдік универсалийлерді зерттеудің негізі.....* 92
- 21 Айтбаев Д. Т.**  
*Ахмет Байтұрсыновтың кейбір мысал өлеңдеріндегі шығыс септік жалғаулы сөздердің лингвистикалық ерекшеліктері.....* 95
- 22 Дуйсабаева Д.У., Юнусова А.Н.**  
*А.Байтұрсыновтың үндесім құбылысы туралы көзқарастары.....* 98
- 23 Бөлекбаева Ш., Мағзұмбекова Ә. Қ.**  
*Ахмет Байтұрсынов – ағартушы ғалым.....* 102
- 24 Нисанбаева А.К., Байбулатова К. Ж.**  
*Ахмет Байтұрсынов әңгімелерінде салыстырмалы және күшейтпелі шырайлардың қолданылуы.....* 105
- 25 Байтенова Қ. Қ.**  
*Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған сауат ашу әдістері.....* 108
- 26 Биғазина П. Қ.**  
*Ахмет Байтұрсынұлының мәтіндері негізінде оқушының ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру.....* 112
- 27 Қажығалиева Ж. Б.**  
*Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық қызметі және ағартушылық идеялары.....* 116
- 28 Сабирбаева Ф. Э.**  
*Етістіктердің семантикалық вариативтенуі (қазақ және ағылшын тілінде).....* 119
- 29 Бөлекбаева Ш.Б., Аманова А.**  
*Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ терминжасамының қалыптастырушысы.....* 122
- 30 Байқабылов У. А.**  
*Ахмет Байтұрсынов – ағартушы.....* 125
- 31 Кумакбаева Г. К.**  
*Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту методикасының іргетасын қалаушы, дыбыс негізінде тілді оқыту әдісінің негізін салушы.....* 129
- 32 Тотанов Н.К.**  
*Ахмет Байтұрсынов туындыларындағы шынайы шындықтар мен көркем теңеулер.....* 132
- 33 Тотанов Н.К., Айтенов Е.Е.**  
*Ахмет Байтұрсыновтың балаларға ортақ мұралары мен ағартушылық бағыттағы ұстанымы.....* 135
- 34 Кулатова Ғ. Дж.**  
*Шоқтығы биік тұлға.....* 138



## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

<b>35</b>	<b>Кумакбаева Г. К.</b> <i>А.Байтұрсынұлы – алғаш рет аударма жинақ бастыру ісін бастаушы.....</i>	<b>141</b>
<b>36</b>	<b>Дүйсембаева М.Е.</b> <i>Тілдің қасиетін түйсіну – ұрпаққа парыз.....</i>	<b>145</b>
<b>37</b>	<b>Копбаева Ж.Т.</b> <i>А.Байтұрсынов аудармаларының көркемдік ерекшелігі.....</i>	<b>148</b>
<b>38</b>	<b>Айтенов. Е.Е.</b> <i>Ұлтын ойлаған – ұлы тұлға.....</i>	<b>152</b>
<b>39</b>	<b>Дүйсен Г.Е.</b> <i>А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі терминжасам принциптері.....</i>	<b>154</b>
<b>40</b>	<b>Айтбаева Г. Е.</b> <i>Түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта.....</i>	<b>158</b>
<b>41</b>	<b>Уразов Б. Т.</b> <i>Ахмет Байтұрсыновтың аудармашылық шеберханасы.....</i>	<b>161</b>
<b>42</b>	<b>Өтегенов Ж. У.</b> <i>Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі..</i>	<b>164</b>
<b>43</b>	<b>Жарасбаев Н.</b> <i>А. Байтұрсынов – публицист.....</i>	<b>166</b>
<b>44</b>	<b>Турумбетова З.</b> <i>Миллий таълимга хориж таърибалари интеграциясининг қиёсий таҳлили.....</i>	<b>169</b>
<b>45</b>	<b>Юсупов Б.Б., Ескулова А.А.</b> <i>Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің өрнегі.....</i>	<b>174</b>
<b>46</b>	<b>Сайфуллаев Б.Н., Мошхалова Б.Н.</b> <i>Ахмет Байтұрсынұлының фонетикалық ұстанымдары.....</i>	<b>177</b>
<b>47</b>	<b>Нафасов А.К.</b> <i>Таълим соҳасига замонавий ёндашувда педагогик таълим инновацияларнинг ўрни.....</i>	<b>182</b>
<b>48</b>	<b>Бейсебаева А.</b> <i>Тәуелсіздік таңын арман еткен ұлт жанашыры.....</i>	<b>185</b>
<b>49</b>	<b>Темірбаев Б.М., Айтбаев Д.Т.</b> <i>Ахмет Байтұрсыновтың «Алтын әтеш» мысал өлеңіндегі сингармонизм заңына бағынбайтын сөздер мен қосымшалардың өзіндік ерекшеліктері.....</i>	<b>187</b>
<b>50</b>	<b>Есенкулова А. А.</b> <i>Мекембай омарұлы және балалар әдебиеті.....</i>	<b>190</b>
<b>51</b>	<b>Садиллаева Ш.И.</b> <i>С.Мұқановтың “Ботагөз” романын Блум таксономиясы бойынша меңгертудің жолдары.....</i>	<b>194</b>
<b>52</b>	<b>Базарбаева Р.</b> <i>Оскар Уайльдтың «Бақытты ханзада» ертегісін оқытудың жолдары.....</i>	<b>196</b>

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150 ЖЫЛ**

- 53 Байбулатова К.Ж., Дуйсабаева Д.У.**  
*Сын есімнің зерттелу тарихына шолу.....* 200
- 54 Нурматова А. М., Абдувалитов Н.**  
*Тамдыдан шыққан жыр дүлділі.....* 203
- 55 Пернебаев Е., Дуйсабаева Д.У.**  
*Ахмет Байтұрсынұлы және терминжасам.....* 206
- 56 Тәжібаева Б. Ж., Кушкарбекова М.**  
*«Әдебиет танытқыш» – бүгінгі әдебиеттануға жол ашқан құнды еңбек.....* 209
- 57 Қошқарбаев Е., Байкабилов У.**  
*Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуы туралы.....* 211
- 58 Ералиева А. Е., Уразов Б.Т.**  
*Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мұрағаттағы деректер негізінде....* 214